

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ



«Рухани жаңғыру» бағдарламасының
3 жылдығы аясында
Қыздар университетінің
құрметті профессоры, доцент
Р.Сәтімбековтың туғанына 80 жыл
толуына орай ұйымдастырылған
**«Білім, ғылым, инновация:
Рухани жаңғыру дiңгегi»** атты
халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
28 мамыр 2020 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно- практической конференции
«Образование, наука, инновация: основы духовного возрождения»,
посвященной 80-летию со дня рождения почетного профессора,
доцента Казахского национального женского педагогического
университета Р. Сатимбекова в рамках 3-летия программы
«Рухани жаңғыру»

MATERIALS

International scientific-practical conference "Education, science,
innovation: the basics of spiritual revival", dedicated to the 80th birthday
of honorary professor, associate professor of the Kazakh National Women's
Pedagogical University R. Satimbekov in the framework of the
3rd anniversary of the program "Rukhani zhangyru"



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдығы аясында
Қыздар университетінің құрметті профессоры, доцент Р.Сәтімбековтың
туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылған
«Білім, ғылым, инновация: Рухани жаңғыру діңгегі» атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
2020 жыл, 28 мамыр




СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно- практической конференции
«Образование, наука, инновация: основы духовного возрождения»,
посвященной 80-летию со дня рождения почетного профессора, доцента
Казakhского национального женского педагогического
университета Р.Сатимбекова в рамках 3-летия программы
«Рухани жаңғыру»
2020 год, 28-мая

MATERIALS

International scientific-practical conference "Education, science, innovation: the
basics of spiritual revival", dedicated to the 80th birthday of honorary
professor, associate professor of the Kazakh National Women's Pedagogical
University Satimbekov R. in the framework of the
3rd anniversary of the program "Rukhani zhangyru"
2020 year, 28-may



ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58
Б 94

Жалпы редакцияны басқарған:
К.О.Кишибаев

Жауапты редакторлар
Батаева Д.С., Байташева Г.Ө.

Б94 «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдығы аясында Қыздар университетінің құрметті профессоры, доцент Р.Сәтімбековтың туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Білім, ғылым, инновация: Рухани жаңғыру діндегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции «Образование, наука, инновация: основы духовного возрождения», посвященной 80-летию со дня рождения почетного профессора, доцента Казахского национального женского педагогического университета Р.Сатимбекова в рамках 3-летия программы «Рухани жаңғыру». – Алматы, 2020. – 296 бет.

ISBN 978-601-346-030-7

Жинаққа белгілі педагогтардың, ғалымдардың және мамандардың педагогика, химия, биология және география ғылымын дамыту мәселелері саласындағы материалдары енген. Сонымен қатар, Қазақстан, Өзбекстан, АҚШ, Қырғызстанның ғалымдарының теориялық және эксперименттік зерттеулерінің нәтижелері топтастырылған.

Сборник содержит материалы докладов педагогов, ученых и специалистов, большое место уделено актуальным вопросам развития науки и образования в области педагогических, химических, биологических, географических дисциплин, приведены теоритические и экспериментальные результаты исследований ученых из Казахстана, Узбекистана, США и Киргизии.

The collection contains materials from lectures by teachers, scientists and specialists, a large place is devoted to topical issues in the development of science and education in the field of pedagogical, chemical, biological, geographical disciplines, theoretical and experimental results of research by scientists from Kazakhstan, Uzbekistan, the USA and Kyrgyzstan are presented.


ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-346-030-7

© Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2020.




Өмірдің ұмытылмас сәттері




Рысбай Сәтімбекұлының жастық шағы




Рысбай Сәтімбекұлы отбасымен



Рысбай Сәтімбекұлы шөбересімен



Рысбай Сәтімбекұлы немересімен



Рысбай Сәтімбекұлы студенттермен



Рысбай Сәтімбекұлы Қыдыр Ата кейпінде



Ұстаздың бейнесі мәңгі жадымызда.



Рысбай Сәтімбекұлы ұжымымен



Рысбай Сәтімбекұлы жары Малипа Сансызбайқызымен

Рысбай Сәтімбекұлының марапаттары

Казакстан Республикасы
Министрлер Кабинеті жанындағы
Жоғары аттестациялық комиссияның
19 93 жылғы 15 шілдедегі шешімімен /№ 19 хаттама/
Сәтімбеков
В Рысбайға
биология
мамандығы бойынша
ДОЦЕНТ
ғылыми атағы берілді

Жоғары аттестациялық комиссияның төрағасы
Зас ғылыми хатшы
ЦХ № 0000322

Жаас Жұмағалиев
387/-
С. Нұрғабасов
В. Нұрғашева

Алматы

Решением Высшей аттестационной комиссии
при Кабинете Министров Республики Казахстан
от 15 июля 19 93 года
Сәтімбекұлы Рысбайға
присвоено ученое звание
ДОЦЕНТА
биология

по специальности

By decision of the Supreme Certifying Commission
of the Council of Ministers of the Republic of Kazakhstan
the scientific title of
DOCENT
of Biology

is conferred upon
Rysbai Salimbekov
as of July, 15 19 93

Председатель ВАК
Главный ученый секретарь

Chairman
Principal academic secretary

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ

КУӘЛІК
УДОСТОВЕРЕНИЕ
№ 00111

Сәтімбеков
(ата-тегі - фамилия)
Рысбай
(ата-нама)
(өзектіне аты - отчество)

Осы куәлік жас ұрпақты оқыту және тәрбиелену аясындағы елеулі табыстары үшін "Ы. АЛТЫНСАРИН" белгісімен марапатталғандығы туралы беріледі.

Настоящее удостоверение выдано в том, что он(а) за замечательные успехи в деле обучения и воспитания подрастающего поколения награжден(а) государственной медалью "И. АЛТЫНСАРИН".

Бергенді вице -
Министр Г. Гамазин

21 қазан 2004 жыл



Кишибаев Кажмухан Оразұлы
химия ғылымдарының кандидаты
Жаратылыстану факультетінің деканы

ҰСТАЗ-ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ

Сәтімбеков Рысбай 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт (бұрынғы Қаратас) ауданы Жұма елді мекенінде дүниеге келген.

1958 жылы Ташкенттегі республикалық педучилищені үздік бітіріп, 1958-1959 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан облысы Келес (қазіргі Сарыағаш) ауданындағы Жамбыл ауылында бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істеді.

Р.Сәтімбеков 1959-1964 жылдары Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының география-биология мамандығын үздік бітірген. 1965 жылы жауынгерлік борышын атқарып, 1965-1968 жылдарда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасында оқыды.

Р.Сәтімбеков 1968 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ұстаздық қызмет атқарып келеді. Осы уақыттар аралығында Р.Сәтімбеков сапалы білім мен саналы тәрбие беру саласында ерен еңбегімен көпшіліктің құрметіне бөленіп жүрген ұлағатты ұстаз.

Р.Сәтімбеков өзінің ғылыми, ғылыми – әдістемелік мақалаларын 1968 жылдан бастап Одақтық және Республикалық ғылыми журналдарда жарияланып келеді. Мысалы: **«Көне тарих қалдырған таңбалы шежірелер»**(«Қазақстан мектебі» журналы 1968 жыл № 11), **«Древние заповедники Казакстана и Средней Азии»** (Изв.Всесоюзн.географ.о-ва.Л.,1981-выпуск 3), **«Топомимические свидетельства изменения ареалов некоторых млекопитающих Казахстана»** (Изв.АН СССР сер.география.М.,1982 №3,79-84 стр.(0,4 п.л), **Piece-name evidence on the pact dictrbution of Some mammalision Kazakstan (на англ.языке).** geography.1984№ 8,Р.59;(Бостон,США);(0,4 п.л) New date of the dynamics moose range in the historical time.Third international moose symposium,Sykyokaz,USSR,1990,Р.20

Р.Сәтімбековтың **Москва, Ленинград, Сыктывкар, Саратов, Иркутск , Бишкек** т.б. қалаларда жарық көрген мақалаларының бәрінде де Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұстазы екендігі атап көрсетіліп, ол қызмет істеп жүрген оқу ордасының атын шартарапқа танытып жүргендігін мақтан етуге тұрады.

Р.Сәтімбеков ұстаздық қызмет атқарып жүрген 49 жыл ішінде республикалық деңгейдегі қоғамдық және мәдени іс-шараларға белсене қатысып, жастарға патриоттық, эстетикалық және адамгершілік тәрбие беруде ел сүйсінерлік сүбелі үлесін қосып жүр деп атап айтуға болады. Р.Сәтімбековке 1993 жылы 15 шілдеде Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы **Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен биология мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді (ДЦ №0000322)**.

Ол **ҚазССР оқу ағарту ісінің үздігі (3 маусым 1992), Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен (21 қазан 2004), Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері (13 қыркүйек 2010), «Ұлағат» алтын медалі (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан айрықша үлесі үшін, 2 қыркүйек 2014) және Мемлекеттік дәрежедегі «Ерен еңбегі үшін» медалімен** марапатталған (5 желтоқсан 2014) және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің **Құрметті профессоры (2015)** атағы берілді.

Ол Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық университеті Ардагерлер кеңесінің төрағасы (2008-2016).

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Ғылыми кеңесінің 7 сәуір 2010 жылғы шешімімен (№8 хаттама) Сәтімбеков Рысбайға **профессор академиялық ғылыми атағы берілді**.

Р.Сәтімбеков республикамызда тұңғыш рет жарық көрген 10 томдық «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясының» (1997-2007) редколлегия мүшесі әрі 204 мақала жазған автор.

Р.Сәтімбеков республикамызда алғаш рет мектептерге арналған биология пәндері бойынша (7, 8, 9-11 сыныптарына арналған) төл және жаңа буын оқулықтарының авторларының бірі.

Р.Сәтімбековтың 700-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалалары ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде халықаралық және республикалық журнал беттерінде жарияланған.

Ол республикалық бұқаралық ақпараттар құралдарында (БАҚ) жүйелі түрде жыл сайын танымдық әрі тәрбиелік мәні бар құнды мақалалар жариялап келеді.

Р.Сәтімбеков «Биология және салауаттылық негізі», «Биолог анықтамалығы», «Биология Қазақстан мектебінде» және т.б. журналдардың ақылдасар алқасының кеңесшісі, әрі мүшесі.

Р.Сәтімбековтың басты ғылыми еңбектері:

1. **Су хайуанаттары** Алматы: Қайнар 1988.-200 бет (қосалқы авторлар: Қыдырбаев Х., Махмутов С)
2. **Табиғат қорғау** (кластан тыс жұмыстарға арналған методикалық нұсқаулар) Алматы: «Рауан» 1992.-94 бет
3. **Биология бағдарламасы.** Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-11 сыныптарына арналған Алматы, 2000,-103 бет
4. **Хордалылар (желілілер) зоологиясы.** Алматы: «Шартарап», 1999.-47 бет
5. **Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Биология Т-14.** Алматы, «Рауан» 2000,-302 бет
6. **Тәрбие тағылымдары (Табиғат аялауға арналған тәрбие сағаттарының үлгі-нұсқалары)** Алматы: «Нұрлы жол» 2002,-109 бет
7. **Хордалылар зоологиясы бойынша тест сұрақтары** (жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған) Алматы: «Қазақ университеті» 2002,-82 бет
8. **Биология:қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі** Алматы: «Мектеп» 2002,-332 бет
9. **Табиғатты ұлы ана деп сана да, жүрегіңмен ұл-қызыңдай аяла! (тәрбие сағаттарының үлгі нұсқалары)** Алматы: «Полиграфия сервис и К» 2004,-110 бет
10. **Қызықты биология.1-бөлім.Өсімдіктер әлемі** Алматы: «Таймас» баспа үйі 2006.2010.-72 бет
11. **Қызықты биология.Жануарлар дүниесі.Омыртқасыздар.** Алматы: «Таймас» баспа үйі 2007,2010.-128 бет
12. **Алматы мемлекеттік табиғи қорығы-Алатаудың ажары,** Алматы: «Қағанат» 2007.-280 бет
13. **Қызықты биология.Жануарлар әлемі.Омыртқалылар.** Алматы: «Таймас» баспа үйі 2010,-128 бет
14. **Қызықты биология.Жануарлар әлемі.Төрт түлік** Алматы: «Таймас» баспа үйі 2011.-128 бет
15. **Қызықты биология.Өсімдіктер әлемі.Жүйелік топтары.** Алматы: «Таймас» баспа үйі 2011.-180 бет
- 16.**Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Биология 13 том.-** Алматы: «Қазақпарт» 2014 және т.б.
17. **Омыртқалылар зоологиясының зертханалық сабақтары (әдістемелік нұсқаулар).** Алматы: «Қыздар университеті» баспасы 2015. – 120 бет

Мектептердің 7-8-9 және 11-сыныптарына арналған төл және жаңа буын «Биология» оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің және жоғары оқу орындарына арналған «Адам анатомиясы» (2008), «Қазақстандағы табиғи қорықтар және биоалуантүрлілік» (2012), «Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлілік» (2012), «Экология және Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» (2013) оқу құралдарының авторы.

Р.Сәтімбековтың «Асыл сөзді ағайынға арнадым» (1999), «Халқым менің-қазынам» (2000) жыр жинақтары және 2010 жылы Батыр ана, әрі ғалым-ұстаз Мәрзия Айтбайқызы Тұрлыханованың өткен өмір жолы туралы «**Шаңырақ шапағаты**» (Алматыкітап) және өзін бастауыш сыныпта оқытқан ұстазы Салыбек Бегманов ағаның 90 жасқа толуына орай, «**Ұстаз ұлағаты**» туралы ғұмырнамалық ой толғауларын кітап етіп жариялады.

Р.Сәтімбеков студенттер мен мұғалімдерге арналған 10-нан астам кітапты орыс тілінен қазақ тіліне аударды. 700-ге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалары қазақ, орыс және кейбірі ағылшын тілдерінде жарық көрді. Бұл арада ерекше атап өтетін 1988-2007 жылдар аралығында елімізде жарық көрген 10 томдық «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясының» «Биология және экология» ғылымдары бойынша кеңесшілер құрамында болып, осы энциклопедия үшін 204 ғылыми мақалалар жазды.

Р.Сәтімбеков отандық биология ғылымында танымал әрі тәжірибелі ұстаз ретінде өзіндік қолтаңбасы бар, шығармашылық қабілеті мен еңбекқорлығының, кәсіби шеберлігінің, іскерлік пен адами қасиеттерінің арқасында беделге, үлкен құрметке ие болған тұлға ретінде есте қалады!

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
«Құрмет» орденінің иегері,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ПРОФЕССОР РЫСБАЙ СӘТІМБЕКҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Рысбай Сәтімбекұлы - бар өмірін жастарға білім мен тәрбие беруге арнаған ұлағатты, білікті, білімді әрі үлкен парасат иеленген қайталанбас ірі тұлға. Рекеңнің еңбегін бағандап қарасақ, оның өн бойы тұнып тұрған туған өлкесінің табиғат әлемі. Оны білім алушыларға, көпшілікке ана тілімен, сәби тілімен, оқушы, студент, білім, ғылым тілімен зерделеп жеткізе білген шебер-әдіскер үлкен жүректі адам. Оның бойында туа біткен ақыл-парасат, ақындық, сазгер, қарасөз шебері, заманауи мақал-мәтелді өрнектеген көзі ашық көкірегі сергек, ұрпақтарға өшпестей із қалдырған, білім бұлағы болып саналатын қасиетті кітаптан қазақ деген ұлтының балаларына арнап ақ сарай тұрғызған білікті тұлға, көрнекті педагог, үздік ұстаз дер едім.

Р.Сәтімбекұлының еңбектеріне талдау жасап қарап отырсам, марқұм білімінің сан түрлі бағытына қалам сілтеген ой-өрісі кең азамат екен. Ұлағатты педагогтың жазған еңбектерін мен бір шама жеткізуге тырыстым. Педагог-биолог, әдіскер ретіне Қазақстанның орта мектептеріне арнаған биология оқулықтарының бірі емес-бірегейі. Рекеңнің биология оқулықтарының мазмұнын жаңаша құрастыруға, оны Қазақстанның әдебиетімен байытуға, мәтінді аударма емес қазақша ана тілінде жазуға бар күш жігерін жұмсаған ғалым. Оның белсенділігімен жазылған оқулықтар бүгінгі күнге дейін маңызын жойған емес. Ал, әдіскер ретіндегі еңбегі ерекше дер едім. Әсіресе биология пәнінің тәрбиелілік мәні бар тақырыптарды өлеңмен, жырмен әнмен өрнектеуі оқушылардың санасына дөп түсетін еді. Мен, Рекеңнің сөз қорына, тіл байлығына, мәтінді – мазмұнды ашатын материалдарды таңдау, іріктеу шеберлігіне таң қалатынмын. Оның басшылығымен жазылған биология пәнінің “Әдістемелік нұсқау”, “Дидактикалық материалдар”, “Жұмыс дәптері”, “Хрестоматия”, «Қызықты биология» және т.б. Бұл әдістемелік кешендер белгілі оқырмандарға оқушыларға 7,8,9,11 сыныптарына арналған.

Р. Сәтімбекұлы - табиғат зерттеуші және шығармашыл биолог, ғалым, педагог. Рекең Қазақстанның табиғат ресурстарын, оның інжу маржанын халыққа, көпшілікке кеңінен насихаттаған өлкетанушы ғалым. Рекеңнің Қазақстанның насихаттап зерттеуші ғалым ретінде мен магистрант пен доктаранттарға айтып отырамын. Бұл бағытта Рекең Қазақстан территориясындағы барлық қорықтарға, ұлттық саябақтарға, табиғаттың сұлу жерлері, өзен-көлдерін, жануарлар әлемін маржандай зерделеп, әсерлеп, ақындық, сазгерлік өң беріп әдеби тілмен көпшілікке жеткізе білген. Атап айтатын болсақ, «Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен биоалуантүрлілік», «Қызықты биология», «Қазақстан ғажайыптар елі», «Қызыл кітап –Қырағылық кітабы» және т.б.

Р.Сәтімбекұлы - табиғат жыршысы, олай дейтінім Рекең биолог ретінде жануарлар болсын, өсімдіктер әлемі болсын оның ашылу тарихына, қасиеттеріне терең мән беріп, оны әдемі, әсерлі жыр шумағымен көпшілікке жеткізе білген. Мәселен, қызғалдақ туралы:

Қырда өскен қызғалдақтар қызыл гүлім,
Арнадық өздеріңе жүрек жырын.
Шартарапқа шашылып кетіп еңдер,
Төркіндеп кеп жүрсіндер енді бүгін.

Р.Сәтімбекұлы Қазақстан және қоғам қайраткері, оның бар өткізген іс- шаралары жастарға патриоттық, эстетикалық және адамгершілік тәрбие беруге жас мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне үлгілік тәрбие сағаты десек те болады.

Марқұмның әдістемелік мақалаларын жастарға тәрбие сағатын қалай өткізу керек екендігі туралы Республикалық газет-журналдардың әрбір нөмірінен көруге болады.

Р.Сәтімбекұлы орта мектептен жоғарғы оқу орындар арасындағы пәндік байланысты дамытуға көп еңбек сіңірген. Барлық оқулықтардың өн бойында қазақ жерінің байтақ жері, фаунасы мен флорасын таныстыру, насихаттау оларды қорғау шаралары көтерілді. Сондықтан болар соңғы жылдары мектепке ұсынылған биология пәнінің жаңартылған мазмұнды оқулығы бұрынғы әніне басып алғашқы нұсқасы орыс тілінде жазылды, одан ана тілімізге аударылып, оның мазмұны Қазақстандық материалдардың берілуін шұбарлатып жібергені туралы республикалық семинарларда мұғалімдердің жан аяқайынан-ақ көрініп тұр. Мәселен,

Р.Сәтімбекұлымен бірлесе жазған биология оқулығының 2003-2015жылдары аралығында жазылған мәтінде табиғат мәселесіне 28 сағат бөлінсе, қазіргі оқулықта небәрі 9 сағат беріліп отыр. Осыдан- ақ төл оқулықтың қаншалықты жастарды туған өлкенің табиғатына деген көз қарасын бәсеңдегенін көруге болады.

Р.Сәтімбекұлы көпшілік мойындаған суырып - салма талант иесі. Кезінде шағын мерекелерді басқарған шебер асаба. Кез келген адамға қолма - қол ән шығарып, балқытып билетіп, ән салқызып жіберген, өзіде биге жаны құмар биші жігіт еді. Оның басқарған мәдени іс-шараларында ән-жырға толы қазақтың салт-дәстүрін насихаттайтын тәлім-тәрбиеге толы болатын. Мен Рекеңнің лауазымы үлкен тұлғалардың мерекелік шараларын басқарып, алғысқа, сияпатқа ие болғанын талай көрдім.

Р.Сәтімбекұлы үлгілі асыл әке, мейірімді, жүрегі ашық отағасы деп білемін. Аталған қыруар еңбекті жазуына жеңгеміз Мәлипа Сансызбайқызының үлесі өте зор. Ғылым кандидаты Мәлипа Сансызбайқызы Рекеңді мәпелеп, жағдайын жасап, осындай дәрежеге жеткізгенін мақтанышпен айтқым келеді. Алтындай ұл-қыз, немере, шөбере сүйіп отыр.

Батаева Дариға Серікқызы

PhD

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ҰСТАЗДЫ ҰЛАҒАТТАУ – ҰЛЫ ПАРЫЗ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Достастық елдер аймағында ғана емес, әлемдегі өзіндік дара бітімі, жетпіс бес жылдық ерекше даму тарихы бар беделді оқу орны. Қазақ қыздарының жоғары білімді педагог даярлауға арналған білім отауының тұсауы Ұлы Отан соғысының шешуші кезеңінде, 1944 жылы кесілген болатын. 1944 жылдың тамыз айында республика басшылары Ж.Шаяхметов пен Н.Оңдасыновтың сұрауының арқасында әсем Алматыда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты шаңырақ көтерді. Сондай қиын уақытта осы институттың ашылуын халқымыздың өнер-білім саласындағы қайраткер перзенттері Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, І.Омаров қолдады. Сонда Мұқтар Әуезов: «Тәңір жазса, бұл институт қазіргі және болашақтағы қазақ қыздарының шамшырағына айналады. Осы шамшырақтың жарық сәулесі ешқашан сөнбесін дейік», -деп ақ тілегін білдірген екен [1].

Міне, сол шамшырақтың жарық сәулесінің сөнбеуіне бірден-бір үлес қосқан қазақ қыздарының парасат мектебінде тапжылмай **50 жылға жуық** ұстаздық еткен менің асыл ұстазым –Рысбай Сәтімбекұлы болатын. Уақыт –ешқашан, ешкімге, ешнәрсеге бағынбайтын категория. Ұстазым егер тірі болса 20 мамыр күні 80 жасқа келер еді.....

«Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында *жақсы сақтайтын*, еш нәрсені *ұмытпайтын*, алғыр да *аңғарымпаз* ақыл иесі, мейлінше *шешен*, өнер – *білімге құштар*, аса *қанағатшыл*, жаны *асқақ және ар – намысын ардақтайтын*, жақындарына да, жат адамдарына да *әділ*, жұрттың бәріне *жақсылық пен ізгілік* көрсетіп, *қорқыныш пен жасқану* дегенді білмейтін батыл , ержүрек болуы керек», – деген Әл – Фараби бабамыздың сөзі менің *аяулы да, ардақты* ұстазым Рысбай Сәтімбекұлын меңзегендей.

Арада қаншама жылдар өтсе де алғашқы таныстығым әлі көз алдымда. Сонау мектеп партасынан білім алып, биология саласына оқуға құштарлығымды оятқан оқулық авторынан білім алу мен үшін үлкен мәртебе болды. Мен алғаш студент болып келгенімде Рысбай Сәтімбекұлы ағалық ардақты асуға жетіп, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер шағында еді. Бір басында тектілік, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиеттер тоғысқан, сонысымен де елінің көшелі бір азаматы болып, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып жүрген кезі. Сол тұстан бастап шәкірт-тәжірибелі ұстаз, жас маман-тәлімгер сипатында кәсіби және рухани қалыптасуыма себепші болды.



Р.Сәтімбекұлы өмірінің соңғы сәттеріне дейін университеттегі жұмысынан қол үзген жоқ. 48 жыл елі үшін елеулі істер атқарған педагог, әдіскер, ғалымның шығармашылығы университетіміздің тарихымен сабақтас, осы парасат мектебімен біте қайнасып кеткен мұралары жеткілікті. Қыздар университетін қайда жүрсе де дәріптеп, қазақ қыздарының білікті маман болып қалыптасуына сүбелі үлесін қосып келген. Сол ниеті мына өлең шумақтарында айшықты көрініс тапқан [2]:

Дарытып шәкірттерге білім нәрін,
Шуаққа бөлеп жүрсің қыздар жанын.
Қырмызы қызыл гүлдей қызбалаға,
Ұқтырдың өнегелі өмір мәнін

Ежелден қызды сыйлау ата-салтым,
Қызды Қыдыр санаған дана халқым.
Мерейін қызбаланың асқақтатып,
Арта берсін ақ орда атақ-даңқың.

Ұлттық дәстүр, салтымызды сақтаған,
Ел сенімін аброймен ақтаған.
Арулардың парасатты мектебінде,
Ұстаз болып жүргеніме мақтанам!

(Рысбай Сәтімбекұлы)

Ұстаз!... осы бір жүрекке жылы да, жағымды естілетін сөзде қаншама мағына жатыр. Біреудің табиғаты - ұстаз, біреудің кәсібі ұстаздық. Алғашқысы туа бітті ұстаз. Соңғысы жүре келе қалыптасатын ұстаз. Рысбай ағай туа бітті мейірімнен жаралғандай шынайы ұстаз еді. Ұстаздықтың бір өлшемі-жүрек гүлі - мейірім болса, екінші өлшемі - адалдық. Адалдығы жоқ адам ұстаз емес, ұстаз атын жамылған әлдекім. Ал біздің ұстаз – Рысбай Сәтімбекұлы шәкірт алдында адал, өзіне де, өзгеге де әділ бола білген ұстаз еді.....

Ұстаз деген-ұйытқысы ұлылықтың,
Шәкірттіңнің пәк жүрек сырын ұқтың.
Адамды даналыққа жетелейтін
Жүрегінде оты бар жылылықтың

(Рысбай Сәтімбекұлы)

[3] -деп жырлағандай, бастысы ұстаз шәкіртіне жүрек жылуы мен мейірімін, аялы алақанын арнаған, ұстаз шәкірттері есінде мәңгі қалады.

Асыл ұстазыма арнауымды Шәкәрім Құдайбердіұлының сөзімен түйіндесем деймін:

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса,
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,

Керектісін ескеріп ұмытпаса, – демекші, Рысбай Сәтімбекұлының биологиялық, әдістемелік, танымдық еңбектері мен ғұмырнамалық ой толғаулары болашақ ұрпаққа қалдырған өшпейтін ізі. Ұстазымның жеке тұлға ретіндегі өнегелі өмірі, жарқын бейнесі, ғибарты, ғылыми еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатынына сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ қыздарының парасат мектебі. Өнер баспасы, Алматы, 2004
2. Ата-ана және мектеп. Республикалық оқу-әдістемелік, педагогикалық журнал. 2014, №6-7.
3. Тәрбие құралы. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. 2014, №5

Ануарова Ляйля Ермекхановна
биология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ПАРАСАТ МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗЫ

Сәтімбекұлы Рысбай 1968 жылдан бері Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде үздіксіз ұстаздық қызмет атқарған. Ол ұзақ жылғы ұстаздық және ғылыми жұмыстарының нәтижесінде ҚР «Оқу ағарту ісінің үздігі», Ы.Алтынсарин атындағы және ҚР «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының профессоры деген атақтармен марапатталған.

Р. Сәтімбекұлы мектептердің 7-9 және 11-сыныптарға арналған биология оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендердің авторларының бірі болған. Сонымен қатар, ол мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қызықты биология» (жеке 5 кітап), «Адам анатомиясы» (2008), «Қазақстанда табиғи қорықтар және биоалуантүрлілік» (2012), «Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» (2013) және т.б 700-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалалар авторы.

«БИОЛОГ анықтамалығы» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі, журнал жарыққа шыққан күннен бастап ыстық ықыласымен, шын жүрегімен қолдау көрсетіп, жанашыр болып келе жатқан ұстаз-ғалым – Рысбай Сәтімбекұлы ұзақ жылғы еңбектері ескеріліп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылы 5 желтоқсанындағы жарлығы бойынша мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Елімізде білім саласының дамуына ерекше үлес қосып, биологиядан тұңғыш отандық төл оқулықтардың авторы болған ардагер ғалым шын мәнінде бұл атаққа лайықты еді. Еліміздің мектептерін биолог, химик, географ мамандармен қамтамасыз етіп отырған республикадағы бірден бір жоғары оқу орны Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті болса, саналы ғұмырын осы оқу орнында еңбек етіп, тек қана ұстаз мамандарды тәрбиелеуге, даярлауға арнаған Рысбай Сәтімбекұлы ұстаздық мамандықтың қыр-сырын ерекше білген.

Р.Сәтімбекұлы оқушыларға, студенттерге, мұғалімдерге, ата-аналарға және көпшілік оқырманға арналған «Қызықты биология» атты қосымша оқу құралдары жарық көрген.

«Қызықты биология» кітабының 1-ші бөлімі өсімдіктер әлеміне арналған. Кітапта өсімдіктің тамыры, сабағы, гүлі, жемісі және тұқымының құрылысы мен атқаратын қызметтері жайлы қызықты деректер тартымды түрде берілген. Сонымен қатар, өсімдіктер туралы жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ғылыми мәліметтер тақырып мазмұнын аша түседі.

«Қызықты биология» кітабының 2-ші бөлімі жануарлар дүниесінің бір тобы-омыртқасыздар туралы жазылған. Оқу құралында омыртқасыздардың жеке жүйелік топтары, құрылысы мен тіршілік әрекеттері жайлы қызық деректер қысқа әрі тартымды берілген.

«Қызықты биология» кітабының 3-ші бөлімі жануарлар әлемінің бір тобы-омыртқалылар жайлы көптеген қызық мәліметтер жеңіл әрі түсінікті жазылған. Оқушылардың білімдерін тереңдете түсетін сөзжұмбақтар, басқатырғылар, жұмбақтар және сұрақтар берілген.

Р.Сәтімбекұлының жыр жолдары нақтылы тұлғаға бағытталған, оның бойына тән ең абзал қасиетін, ұлық мінез-құлқын жарқырата паш етіп, жан дүниесін тебіренгіп арнаулары «ұрпағына ұлағатын дарытқан-бабаларға», «ұлылықтың ұйытқысы-ұстаздарға», «арын биік ұстайтын-азаматқа», «заманын алға қозғаған-ғұлама-ғалымға», «жаныңа жақсы қасиет сыйлайтын нағашыға», «күдәй қосқан құдаға», «арқа сүйер болатын жиенге», «өмірде орны бөлек бауырға», «ақжарқын апкеге», «жарқын жүзді жеңгелерге», «өмір көркі-қыздарға» т.б. осы тәріздес бейнелі теңеу түрдегі нақтылы бағыштаулар арнаған.

Ақ көңіл адам көрсен ақын деңдер,

Жүрегі жақсылыққа жақын деңдер.

Сөз маржанын нақыштап жырға қосқан,

Айтқандарын ақынның мақұл деңдер,- деп Р.Сәтімбекұлы ана тілін сүйегін, тіл жанашыры, тіл өнерін өркендетуге өзіндік өрнегімен атсалысқан. Сөз құдыретін көп алдында асқақтатып, көркем ойды көрікті сөздерімен көмкеріп көпшілікке жеткізген. Өзіндік таным-тұжырымын ширатып, ақыл-нақыл өрнегіне түсіріп, мақал-мәтел етіп де ұсынады. Сөз қадірін білетін зерделі жандар үшін бұлардың бәрі-ұстаз аузынан шыққан ұлағатты да дуалы сөздер.

Сондықтан, өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз!

Жетпіс бес жылдық тарихы бар университетіміз осы аралықта 70 мыңнан аса түлектерді ұшырды десек, сол түлектер жүрегінде қалған аяулы ұлағатты ұстаздар бейнесі бар. Бұл ретте, жарты ғасырға жуық қыздардың парасат мектебінде жұмыс жасаған Рысбай ағаның бейнесі көз алдымызға келері сөзсіз. Тауфих Сарбақанов, Абдолла Мырзабаев, Рысбай Сәтімбеков сынды ұстаз ағаларымыз, ортамызда, үлкен ұжымның берекесі, жасы үлкен данагөйі болып, әрі жастарға дәріс беруден қол үзбей жүріп, өмірден озғаны белгілі. Рысбай аға арамызда жүрсе, биыл 80 жасқа келер еді-ау. 70-тен астам оқулық, 700-ден астам ғылыми-әдістемелік мақаланың авторы, «ҚР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері Рысбай Сәтімбекұлы [1] есімі мен өмір жолы қандай құрметке де лайық.

Қолыма ағаның 2012 жылы өз қолымен сыйлаған «Ұстаз ұлағаты» [2] деп аталатын кітабын ала отырып, (кітап Ұлы Отан соғысының ардагері, бүкіл ғұмырын ағартушылықпен өткерген ардагер ұстаз Салыбек Бегманұлының 90 жасқа толу торқалы тойына арналған) «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дейтін, «өзінің уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын» ұстаздық ұлық қызметке арнау әрі өнегелі нақыл сөздер мен түйінді тұжырымдардың бай сандығы дерсің. Ағаны 2017 жылдың қаңтар айында ректордың қабылдау бөлмесінде кездестірген едім, соңғы рет көріп тұрмын деп кім ойлаған?! Киелі қазақ тілінің қасиеті қонған, данагөй, батагөй, ізгі тілекті, жылы жүректі ұстаз-ғалым ағамыз әлі де арамызда біраз жүретін сияқты еді... «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демей ме халық даналығы. Ағаның аты да, хаты да өзі еңбек еткен қара шаңырақ тарихында, әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінде, білім, ғылым іздеген ұрпақ санасында қашан да құрметпен аталары ақиқат.

«Білім, ғылым, инновация: рухани жаңғыру дінгегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның «Рухани жаңғыру жағдайында жоо-дағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбындағы секция жұмысына 2010 жылы жарық көрген Рысбай Сәтімбекұлының «Ұстаз ұлағаты. Ғұмырнамалық ой толғау» кітабындағы тағылымдық, тәрбиелік ойларға қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдім.

Алғашқы беттен туып өскен, кіндік қаны тамған, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктен туған жыр жолдары оқырман назарына ілігеді.

Құт мекен, береке ырыс Қазығұрттым,
Кіндік кесіп, туған жер ата жұрттым.
Кеме қалып басында Қазығұрттың,
Бар әлемге паш еткен қазақ ұлтын [2,10]-

деп өзі жыр арнағанындай, киелі мекен Қазығұрттың түлегі Рысбай аға халық арасына кең тараған аңыз-әңгімелердің біразына тоқтала отырып, ақын Әбілда Аймақ жырларынан да үзінді беруді жөн көреді.

Ұлы Түрік елінің, ұлы Түрік жерінің,
Кіндігі осы Қазығұрт, Көктәңірі бөрінің.
Жандандырып қайтадан, тіршіліктің көрігін,
Адам Ата екінші, Нұх Пайғамбар өзі еді,
Қазығұртта көктеген, тіршіліктің өзегі... [2,11]

Әлбетте, туған өлке бар, туған өлкеден ұшып, өмір атты үлкен дариямен жүзу бар. «Өмір өзен бір орында тұрмайды, қымбатың мен қимасыңды ұрлайды...» - сынды жыр жолдары ет пен сүйектен жаралған ұстаз жүрегінің өмірдің соқтықпалы-соқпақсыз ауыртпашылықтарын да, нар көтермес жүктерін де тәубешілікпен арқалағанын аңғартса керек. Тәубешілдік, қанағатшылдық, рақымшылдық – Абай айтқан асыл қасиеттерден емес пе еді? Ұстаз кітапта әл Фарабидің «бақыт не?» деген сұраққа «қанағат» деп жауап бергендігін еске сала отырып, үнді халқының рухани кемелденудің жоғары сатысын «Махатма» деп атайтын тұғын, қазақтың «кемел адамы» да осыған келетінтігін ойға салады. Өмірдің мәні мен сәні болып табылатын ұрпақ, перзент туралы: «Перзент деген өмірдің бар асылы, Перзент болса өмірің жарасымды. Перзент деген өшпеген ізің екен, Перзент деген көзіңнің ағы менен қарашығы» [2,116] сынды жыр жолдарынан автордың әкелік жүрегін сезінесің. Кітапта туған жер, ел, білім, адамгершілік, ұстаздық тақырыптарындағы өлеңдермен бірге, әлеуметтік-қоғамдық ортадағы әрбіріміз дерлік араласатын жақын-туыс, жолдас-жораларға арналған арнау өлеңдер молынан кездеседі. Кітап поэзиялық жинақ ретінде қарастырылмағанмен де, автор өзінің және белгілі қазақ ақындарының өлең-жырларынан мысалдар келтіріп отыруды жөн көрген. Мысалы, арнау өлеңдер тақырыптары төмендегідей:

Әке
Ана
Аға
Бауыр
Нағашы

Ұрпақ
Перзент
Қарындас
Әйел
Жеңге

Ақсақалдар
Туысқандар
Құда
Күйеу
Келін

Әр сөзі, әр шумақ өлеңі қаймағы бұзылмаған, қасиетке толы алғыс, бата, ақ тілек сөздерден құралған Рысбек ағаның ақ пейіл арнау өлеңдері қазақтың қара өлең үлгісімен жазылып, кімге арналса да, әке жүрек, аға жүрек, ұлағатты ұстаз жүрегі ізгілік пен мейірімге толы көңілден төгілген. Көркем шығармадағы негізгі кейіпкер автордың өзі болатындығын ескерсек, ағаның «Қандай халықпыз?» деген сұраққа берген жауабынан сол дана көңіл, дала көңіл, ана көңіл, бала көңіл ағамыздың бейнесін көргендейміз.


Асыл сөзге мән берген дана көңіл халықпыз,
Құшағы ашық кең жайлау дала көңіл халықпыз.
Шуақ шашқан мейірі ана көңіл халықпыз,
Жәй сөзге де сенетін бала көңіл халықпыз.

Автор аталған «Ұстаз ұлағаты» кітабында «Намыс пен абырой болса, бақыт, береке, нәсіп бірге жүреді» деп келетін балқар халқының даналық әңгімесін келтіреді. «Өмірдегі сенгенім, өзімнің адал еңбегім» кредосын бойына берік ұстаған ұстаз ғалым ғұлама Абайдың: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден ерек» сөзін талдай отырып, түсіндіре отырып, қашан да әр ісінде ұрпақ тәрбиесі алдындағы жауапкершілікті мойнына алған, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған әріптестерін «Қарыздар ұстазға адамзат баласы» деп, жан-дүниесін ақтара жыр арнаған.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» - деп құлагер ақын Илияс Жансүгіров айтқандай, бүгінгі биология кафедрасының, факультет ұжымының, көз көрген әріптестері мен ғалымдардың ұлағатты ұстаз рухына бағыштап ұйымдастырған игілікті ісіне сәттілік тілеймін. Оқу мен тәрбие қатар жүретін қасиетті қара шаңырағымызда өтіп отырған халықаралық конференция жұмысының рухани жаңғыру тұрғысынан өскелең ұрпақ тәрбиесі мен салалық ғылымның өзекті мәселелерін шешуде де жемісін берері анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне 65 - жыл. Алматы: Университет баспасы, -2010. 73-бетте
2. Сәтімбекұлы Рысбай Ұстаз ұлағаты. Ғұмырнамалық ой толғау. Алматы – 2010. 155 б.



1-СЕКЦИЯ.

**ӨЗГЕРМЕЛІ
ЗАМАҢДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ БІЛІМ
САЛАСЫҢДАҒЫ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

MODULATION OF PLASMA AND URINE METABOLOME IN COLORECTAL CANCER SURVIVORS CONSUMING RICE BRAN

Iman Zarei¹, Renee C Oppel¹, Erica C Borresen¹, Regina J Brown², Elizabeth P Ryan¹

¹Department of Environmental and Radiological Health Sciences, College of Veterinary Medicine and Biomedical Sciences, Colorado State University, Fort Collins, CO, 80523, USA

²University of Colorado School of Medicine, Aurora, CO 80045, USA

Ключевые слова: рисовые отруби, метаболомика, колоректальный рак, плазма, моча, пищевые метаболиты.

Рисовые отруби содержат биоактивные фитохимические вещества с защитным действием против рака, которые включают метаболизм хозяина и кишечного микробиома. Во всем мире колоректальный рак (CRC) является третьей по значимости причиной смерти, связанной с раком, и повышенная заболеваемость в значительной степени объясняется плохим рационом питания, включая низкое ежедневное потребление клетчатки. Было проведено исследование с диетическим вмешательством для изучения влияния потребления рисовых отрубей на плазму и метаболизм мочи выживших CRC. Девятнадцать выживших CRC приняли участие в рандомизированном контролируемом исследовании, которое включало потребление термостабилизированных рисовых отрубей (30 г / день) или контрольную диету без рисовых отрубей в течение 4 недель. Плазма натощак и первая проба утренней мочи были проанализированы с помощью нецелевой метаболомики с использованием высокопроизводительной жидкостной хроматографии и тандемной масс-спектрометрии (UHPLC-MS / MS). После 4 недель рисовых отрубей или контрольной диеты 12 метаболитов плазмы и 16 мочи значительно различались между группами ($p \leq 0,05$). Потребление рисовых отрубей увеличило относительное содержание маннозы в плазме (в 1,337 раза) и бета-цитрилглутамата (БЦЖ) (в 1,593 раза), а также увеличило содержание N-формилфенилаланина в моче (в 2,191 раза) и сульфата дегидроизоандростерона (DHEA-S) (4,488-кратно). Метаболиты, затронутые диетой, такие как бензоат, манноза, эйкозапентаеноат (20: 5n3) (EPA) и N-формилфенилаланин, ранее сообщались для защиты от рака и были идентифицированы по пищевому метабому рисовых отрубей. Изменения в пищевом метаболизме после увеличения потребления цельных зерен, таких как рисовые отруби, требуют продолжения исследований по контролю и профилактике рака толстой кишки, поскольку для снижения высокого риска рецидива колоректального рака необходимы диетические биомаркеры для положительного эффекта

Rice bran has bioactive phytochemicals with cancer protective actions that involve metabolism by the host and the gut microbiome. Globally, colorectal cancer (CRC) is the third leading cause of cancer-related death and the increased incidence is largely attributed to poor dietary patterns, including low daily fiber intake. A dietary intervention trial was performed to investigate the impact of rice bran consumption on the plasma and urine metabolome of CRC survivors. Nineteen CRC survivors participated in a randomized-controlled trial that included consumption of heat-stabilized rice bran (30 g/day) or a control diet without rice bran for 4 weeks. A fasting plasma and first void of the morning urine sample were analyzed by non-targeted metabolomics using ultrahigh-performance liquid chromatography-tandem mass spectrometry (UHPLC-MS/MS). After 4 weeks of either rice bran or control diets, 12 plasma and 16 urine metabolites were significantly different between the groups ($p \leq 0.05$). Rice bran intake increased relative abundance of plasma mannose (1.373-fold) and beta-citrylglutamate (BCG) (1.593-fold), as well as increased urine N-formylphenylalanine (2.191-fold) and dehydroisoandrosterone sulfate (DHEA-S) (4.488-fold). Diet affected metabolites, such as benzoate, mannose, eicosapentaenoate (20:5n3) (EPA), and N-formylphenylalanine have been previously reported for cancer protection and were identified from the rice bran food metabolome. Nutritional metabolome changes following increased consumption of whole grains such as rice bran warrants continued investigation for colon cancer control and prevention attributes as dietary biomarkers for positive effects are needed to reduce high risk for colorectal cancer recurrence.

References:

1. WCRF (2012) Colorectal cancer statistics.
2. Siegel RL, Miller KD, Jemal A (2017) Cancer statistics, 2017. *CA Cancer J Clin* 67: 7–30. [PubMed: 28055103]
3. Slavin JL (2005) Dietary fiber and body weight. *Nutrition* 21: 411–418. [PubMed: 15797686]
4. Howarth NC, Saltzman E, Roberts SB (2001) Dietary fiber and weight regulation. *Nutr Rev* 59: 129–139. [PubMed: 11396693]
5. Bazzano LA, He J, Ogden LG, Loria CM, Whelton PK, et al. (2003) Dietary fiber intake and reduced risk of coronary heart disease in US men and women: The national health and nutrition examination survey 1 epidemiologic follow-up study. *Arch Intern Med* 163: 1897–904. [PubMed: 12963562]
6. Mozaffarian D, Kumanyika SK, Lemaitre RN, Olson JL, Burke GL, et al. (2003) Cereal, fruit, and vegetable fiber intake and the risk of cardiovascular disease in elderly individuals. *JAMA* 289: 1659–1666. [PubMed: 12672734]
7. Anderson JW, Allgood LD, Turner J, Oeltgen PR, Daggy BP (1999) Effects of psyllium on glucose and serum lipid responses in men with type 2 diabetes and hypercholesterolemia. *Am J Clin Nutr* 70: 466–473. [PubMed: 10500014]
8. Chandalia M, Garg A, Lutjohann D, von Bergmann K, Grundy SM, et al. (2000) Beneficial effects of high dietary fiber intake in patients with type 2 diabetes mellitus. *N Engl J Med* 342: 1392–1398. [PubMed: 10805824]
9. Giacco R, Parillo M, Rivellese AA, Lasorella G, Giacco A, et al. (2000) Long-term dietary treatment with increased amounts of fiber-rich low-glycemic index natural foods improves blood glucose control and reduces the number of hypoglycemic events in type 1 diabetic patients. *Diabetes Care* 23: 1461–1466. [PubMed: 11023137]
10. Cummings JH, Bingham SA, Heaton KW, Eastwood MA (1992) Fecal weight, colon cancer risk, and dietary intake of nonstarch polysaccharides (dietary fiber). *Gastroenterology* 103: 1783–1789. [PubMed: 1333426]
11. Howe GR, Benito E, Castelleto R, Cornée J, Estève J, et al. (1992) Dietary intake of fiber and decreased risk of cancers of the colon and rectum: evidence from the combined analysis of 13 case-control studies. *J Natl Cancer Inst* 84: 1887–1896. [PubMed: 1334153]
12. Kim YI (2000) AGA technical review: impact of dietary fiber on colon cancer occurrence. *Gastroenterology* 118: 1235–1257. [PubMed: 10833499]
13. Bingham SA, Day NE, Luben R, Ferrari P, Slimani N, et al. (2003) Dietary fibre in food and protection against colorectal cancer in the European Prospective Investigation into Cancer and Nutrition (EPIC): An observational study. *Lancet* 361: 1496–1501. [PubMed: 12737858]
14. World Cancer Research Fund, AICR (2011) Food, nutrition, physical activity, and the prevention of cancer: A global perspective. Washington DC: AICR.

ТУРИСТІК КЛАСТЕР ДАМУЫНЫҢ АҒЫМДЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ (МЕРКІ АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА)

Е.Р. Абикбаев

М.Х.Дулата атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан

В статье рассматривается современное состояние развития туристического кластера в Меркенском районе.

Ключевые слова: Меркенский район, туризм, кластер, экономика, внутренний туризм.

The article discusses the current state of development of the tourism cluster in the Merke district.

Keywords: Merken district, tourism, cluster, economy, domestic tourism.

Қазіргі уақытта Меркі ауданындағы туристік қызметтер нарығы қарқынды дамып келе жатыр. Меркі ауданы үшін соңғы жылдары туризмнің барлық түрлері бойынша тұрақты өсу байқалады. Оны Қазақстандағы экономикалық өсумен, республика халқының әл-ауқатының жақсаруымен және Меркі ауданының өзінде экономикалық қызметтің барлық сфераларының біршама дамуымен, сонымен бірге аудандағы туризмді дамыту бағдарламасы бойынша жоспарлы іс-шаралардың жүзеге асырылуымен түсіндіруге болады. Аудан тұрғындары әл-ауқатының жақсаруы демалыс пен туризмнің барлық түрлеріне деген сұраныстың артуына, ал артып келе жатқан сұраныс өз кезегінде туристік фирмалардың дамуы мен олардың табыстылығын ынталандырады.

Меркі ауданында демалыс пен туризм түрлерінің нарығында ұсыныстың өсу тенденциясы байқалауда. 2019 жылдың соңына турфирмалардың саны 26-ға жетті. Бұл кәсіпорындарда жыл бойы 350-ден астам штаттық қызметкер және жазғы кезеңде 450-ге жуық қызметкер жұмыс істейді.

Туризмнің барлық түрлері бойынша ауданның турагенттіктері қызмет көрсеткен туристер саны да біршама артып келеді. 2017 жылы 47,4 мың адамға қызмет көрсетілген болса, 2018 жылы 50,3 мың адам, ал 2019 жылы 65,5 мың адам, бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 33%-ға артық. Сәйкесінше туристік қызметтің табыстары да өсуде.

Ауданның туристік қызметтің негізгі субъектілерінің көп бөлігін, 2019 жылғы мәліметтер бойынша, туристік фирмалар иеленеді. Туристік ағымдарды қалыптастыру мен оларға қызмет көрсетуде басым жұмысты ауданның туристік кәсіпорындары – заңға сәйкес функционалды түрде турагенттер мен туроператорларға бөлінетін турфирмалар, атқарады [4].

Туристік ағымдардың дамуында орналастыру орындары маңызды рөл атқарады, атап айтар болсақ, қонақ-үйлердің жалпы саны, олардың қызмет көрсету сапасы мен деңгейі, және ең бастысы – бағалар.

Туристік өнімдердің негізгі түрлері туристік ағымдардың үш түрі бойынша қарастырылады – ішкі, келу, шығу туризмдері. Меркі ауданы шығу туризмі бойынша туристер саны басым болып келеді. Бір жағынан бұл халықтың әл-ауқатының артқанын білдірсе, екінші жағынан – бұл басқа елдердегі демалыс пен саяхат үшін аудан мен елден шығатын ақша. Сондықтан туристердің бұл ағымын азайту үшін аудан мен облыста қазіргі күні тартымды демалыс пен туризмнің бағыттарын дамыту, сұранысы бар балама қызметтерді құру қажет [1].

Біздің елімізде туризм экономика саласының басым секторы екендігі баршамазға белгілі және оның құрылымдануы ел экономикасының индустриалды-инновациялық дамуына септігін тигізеді. Осы стратегиялық бағытты ұстана отырып, Жамбыл облысы Туризм басқармасының қызметі ауданда бәсекелестікке қабілетті туристік индустрияның қалыптастырылуына бағытталады.

Келу туризміндегі технологиялық тізбек мынандай құрамдастардан тұрады, шетелде: клиент – туроператор – авиакомпания, ал Меркі ауданында: турфирма – қонақ-үй, көлік пен тамақтану – экскурсиялық қызмет көрсету – туристік сұраныс тауарлары. Осындай технологиялық тізбек тек қана нақты туристік бағдарларға келетін келушілер үшін ғана шынайы. Статистикалық мәліметтер Меркіде іскер туристердің басымдылығын көрсетеді, ал олардың технологиялық тізбегінде турфирмалардың қатысуы мен экскурсияларды ұйымдастыру міндетті емес [2].

Даму қарқыны жағынан ішкі туризм неғұрлым тұрақты, себебі ол республикадан тыс әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың ауытқуларына тәуелді емес. Оның технологиялық тізбегі келесідей құрамдастардан тұрады: клиент – туроператор – көлік, орналастыру, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсетулерді қамтитын бағдар (тур). Ішкі туризм үшін шығындардың жұмсалуы мүлдем басқа. Бұл жерде туристік бағдарға деген шығындар басым, сол себептен турфирмалар шығу және келу туризмдерімен салыстырғанда табыстың біршама бөлігін иеленеді және басқа қызмет көрсету сфераларына одан да көп пайда әкеледі.

Меркі ауданындағы ішкі және келу туризмдері туристердің келу мақсаттары бойынша ортақ ұқсастықтарға ие, екеуінде де іскерлік мақсатта келу басым. Бұл тенденция, бір жағынан, іскерлік туризмнің перспективасын, екінші жағынан аудандағы қызмет көрсету секторының қымбаттығын білдіреді. Себебі іскерлік мақсаттарда келген шетелдік және өз еліміздің туристерінің шығындарын көбіне кәсіпорындар жауып тұрады. Ал басқа мақсатта келетін туристер үшін жергілікті бағалар деңгейі жоғары болғандықтан олардың келуге ынтасы төмендейді.

Меркі ауданындағы туристік кластердің қазіргі уақыттағы құрылымы қонақжайлық пен қызмет көрсету сфералары құрамдастарының көптеген жылдар бойы дамуы арқасында қалыптасты (сурет 1).



Сурет 1. - Меркі ауданындағы туризм кластерінің құрылымы

Ал енді осы кластер қатысушыларының қазіргі жағдайына талдау жүргізейік. Меркі ауданындағы туризм дамуына мемлекеттік бақылауды әкімшіліктің Кәсіпкерлік пен өнеркәсіп департаменті жүзеге асырады.

Сонымен, Меркі ауданындағы туристік кластердің әрбір секторы үшін даму бағыттары келесідей болуы мүмкін.

Мемлекеттік реттеу секторы бойынша – ауданда бар экономика, коммуналдық қызмет көрсетулер мен кәсіпкерлік секторлардан туризм кластерін қалыптастыру. Туризм кластерінің Үйлестіруші Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету. Туризм мен қонақжайлықтың басқа да сфераларының нормативті-құқықтық базасы мен заңнама негізінде әкімшілік ресурстармен кластер дамуының сатыларын бақылау мен реттеу.

Туризмнің дамуы үшін маңыздылығы бойынша бірінші болып автокөлік табылады. Қазіргі күні оған туристік ауданаралық және қалалық автобустар паркінің сандық және сапалық кеңейту керек болып тұр. Сонымен қатар қажетті техникалық жабдықталу (микрофон, телевизор, желдеткіш) мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аудан мен оның маңы бойынша автобуспен экскурсиялық бағдарларды жүргізуге жағдай жасауға көңіл бөлген жөн. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен сапалы қызмет көрсетудің маңызды факторы болып жүргізушілер құрамы мен гид-жолсеріктерді арнайы даярлау табылады. Туризм сферасындағы көлік қызметімен айналысатын жеке тұлғалар үшін де мамандар даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды жоғарлату қажет [3].

Қауіпсіздік секторы бойынша тегін ауданішілік телефон байланысы мен шет тілдерді білетін жұмысшылары бар туристік полицияның бөлімшесін не бөлімін ашу қажеттілігі туды. Көлік түйіндері болып табылатын автокөлік вокзалдарын туризм полициясының байланыс телефондары бар ақпараттық тақталармен қамтамасыз ету керек.

Туризм мен демалыстың барлық түрлерін кадрлық қамтамасыз ету секторы бойынша көлік қызметін көрсететін компаниялар, қонақ-үйлер мен турфирмалардан бастап олардың қызметкерлерінің мамандық деңгейін біршама көтеру керек. Квалификацияны арттырудың ең жедел әдісі маманданған қысқа мерзімді семинар-курстарды өткізу болып табылады. Туризм мен демалыс сферасында персоналды жыл сайынғы міндетті аттестациялауды енгізу қызмет көрсетудің сапасын біршама жоғарлатуға мүмкіндік береді. Жоғарғы және орташа маманданған оқу орындарындағы туризм мен сервис факультеттерінде туризм мамандықтарының тізімін кеңейту қажет.

Экскурсиялық объектілер секторы бойынша маңызды бағдар жаңа объектілер мен қазірде бар объектілерді жаңарту арқылы аудан мен аудан маңының экскурсиялық әлеуетін кеңейту болып табылады. Табиғи және тарихи ресурстар секторы бойынша бағдарлар мен автокөлік тұрақтарын, демалыс алаңдарын, туристердің жаппай ағындары байқалатын жерлерде көру алаңдарын жайғастыруды өткізу. Ақпараттық қамтамасыз етуде тақталар, бекітілген бағдарлар сызбалар, бағдарларды ұйымдастырушылар мен ауданның анықтама қызметтерінің байланыс мәліметтері болу

керек. Бұл мәселелерді шешу үшін облыс әкімшілігі мен ұлттық парктер әкімшіліктерімен келісілген іс-әрекеттер қажет. Осы сектор объектілерді қорғауды қажет етеді, сонымен бірге демалушылардың максималды мүмкін тәуліктік көлемін анықтап бақылау керек.

Меркі ауданының туристік кластері мәселелері ең алдымен мемлекет пен бизнес тарапынан шешілуі керек. Туризмді экономиканың бір сферасы ретінде дамытуда осы екі сектор арасындағы міндеттерді бөліп көрсетуге болады.

Жергілікті және аудандық деңгейде туризм дамуының келесі мәселелері бойынша мемлекеттің белсенді араласуы қажет:

– туристік қызметтердің альтернативті нарықтарын үнемі бақылау мен ауданның келу және ішкі туризм дамуының перспективті бағыттарын анықтау;

– Меркі ауданындағы туристік кластердің Үйлестіруші Кеңесінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету;

– жаңа объектілер құрылысы мен ескілерді реконструкциялау, қызмет көрсету сапасын жақсарту мен бағаларды төмендету есебінен кең туристік-рекреациондық ортаны қалыптастыру;

– шетелдердегі мемлекеттік органдар құрылымын пайдалана отырып, ауданның туристік әлеуетін барлық мүмкін бағыттар мен деңгейлерде жарнамалау, жәрмеңкелер мен көрмелерді, саммиттер мен спорттық шараларды ұйымдастыру;

– шетел тілдерінде аудан мен оның маңы бойынша жол сілтеуіштерді, карталарды әзірлеу мен басып шығару;

– шетелдік туроператорлар мен БАҚ үшін Меркі ауданы мен оның маңы бойымен ақпараттық турларды ұйымдастыру;

– туризмді салауатты өмір салтының ең жақсы түрі ретінде насихаттау;

– аудан шеңберінде туризм инфрақұрылымы сферасындағы жобалар үшін жеңілдіктер мен артықшылықтарды бекіту.

– Бизнес үшін Меркі ауданындағы туристік кластерді дамытуға қатысуы қызметтің осы бағытына деген сенімінен білінеді және келесілерден байқалады:

– туристік қызметтердің ішкі және сыртқы туризм нарығындағы туризм мен демалыс қызметтеріне сұраныстың өсуі салдарынан ауданда туристік кәсіпорындар санын одан әрі арттыру;

– шетел туристерін тарту мен Меркі ауданы маңында жаңа бағдарлар мен туризм түрлерін меңгеру бойынша туроператорлар қызметінің географиясын кеңейту;

– шағын және орта деңгейлі жеке қонақ-үйлердің құрылысын инвестициялау;

– Меркі ауданының әкімшілігімен бірге туристік өнімді ілгерлету бойынша бірегей маркетингтік саясатты қолдау.

Осы туризм кластері дамуының шебер-жоспарында аудандағы туризмнің барлық түрлерінің тұрақты дамуына сүйене отырып алдыңғы жылдарға деген көрсеткіштер болжанған.

Меркі ауданы мен Жамбыл облысындағы туристік кластерді дамыту жоспарының перспективтілері болып мыналар табылады:

1) маңызды жалпыжүйелік мәселелерді шешу (әкімшілік кедергілер, қаржыландыру, кадрлық ресурстар, маркетинг, қауіпсіздікті қамтамасыз ету);

2) инфрақұрылымды туризм сегменттері бойынша дамыту;

Облыстық және республикалық маңызы бар, туристік объектілерге апаратын жол торабына жөндеу жұмыстарын жүргізу, шағын және ірі авиацияны дамыту (экологиялық және мәдени-танымдық туризм).

3) Меркі ауданы мен Жамбыл облысында туризм дамуына әсер ететін туристер үшін тартымды маршруттарды жетілдіру;

4) қорғалатын аймақтар жүйесін одан әрі дамыту.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бельгибаева А. Кластер как инструмент повышения конкурентоспособности // Материалы международной научно-практической конференции «Национальная конкурентоспособность Казахстана: теория, практика, перспективы». – Алматы: КазНУ, 2010. – Ч. 1.

2. Есмаханова А.С. Влияние индустрии туризма на экономику страны // Материалы VI-й научно-теоретической конференции студентов и молодых ученых факультета экономики и бизнеса КазНУ им. Аль-Фараби. Алматы, 2006. – С. 171-176.

3. Статистика туризма. Агентство по статистике. Алматы: Статистика, 2016г.

4. <http://merke.zhambyl.kz/> Меркі ауданы әкімдігінің сайты

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ (Мақтарал ауданы мысалында)

Е.Р.Абикбаев¹, Ш.Ұ.Лайсханов²

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті¹, Қазақстан, Тараз қ.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті², Қазақстан, Алматы қ.

В статье рассмотрено современное состояние сельскохозяйственных культур Махтаральского района Южно-Казахстанской области и рекомендуемые меры по эффективному использованию сельскохозяйственных земель.


Ключевые слова: Мақтааральский район, уговье, сельское хозяйство, орошаемые земли

The article discusses the the current state of agricultural crops in the Makhtaral district of the South Kazakhstan oblast and recommended measures for the effective use of agricultural land.

Keywords: Maktaaral district, arable land, agriculture, irrigated land

Мақтарал ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлы аудандарының бірі. Ауыл шаруашылық жерлерінің басым бөлігін егістік жерлер құрайтын ауданда егін шаруашылығын тұрақты түрде дамыту өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, Мақтарал ауданы мақта шикізатымен және азық-түлікпен елімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, шет елдерге экспорттайтын әлеуетке ие. Елбасымыз Н. Назарбаевтың 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек» деген міндетті алға қоя отырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға арттыру керектігін көрсеткен болатын [1]. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін, ең алдымен, ауылшаруашылық жерлердің қазіргі жағдайына аса мән беріп, оларды оңтайлы пайдаланудың маңызы зор болып отыр.

Мақтарал ауданы еліміздің ең оңтүстігінде орналасқан аудан. Климаты жағынан аридті климат үстемдік ететін бетпақдала аймағында жатыр. Жазының өте ыстықтығымен және ылғалдың өте аз мөлшерде түсуімен ерекшеленеді. Бұл мезгілде температураның жоғарылығы мен ауаның құрғақтығы топырақтың беткі қабатын кептіріп жібереді. Жер бедері жазықты болып, ашық-сұрғыл топырақтар кең тараған. Олар механикалық құрамы бойынша орташа саздақ топырақтарға жатады. Өсімдік жамылғысы жусанды-эфемерлі, соранды-жусанды қауымдастықтардан тұрады. Ал, мәдени өсімдіктерден: дәнді және бұршақты дақылдар (бидай, арпа, жүгері (маис), күріш), картоп, күнбағыс, мал азықтық дақылдар (азықтық жүгері, біржылдық шөптер, көпжылдық шөптер) мақта, көкөністер, бақша дақылдары, жүзімдік және дәнекті жемістер өсіріледі (сурет 1).



Сурет 1. Отырар ауданының егістік алқабында өсірілетін дақылдардың пайыздық үлесі [2]

Статистикалық мәліметтер бойынша, 2018 жылы ауданның егістік алқабы 142134 га жерді құраған. 1-ші суреттен көрсетілгендей, дақылдардың ішінде мақтаның үлесі басым болып, жалпы егістіктің 56%-ын алып жатты. Ал, бүкіл егістік алқабының 20%-ын бақша дақылдары, 11%-ын дәнді және бұршақты дақылдар, 9%-ын мал азықтық дақылдар, 3%-ын көкөніс, 1%-ын картоп егістіктері алып жатса, қалған дақылдардың жеке үлестері 1%-ға да жетпеген. Кез-келген дақылдың егістік көлемі өнімнің нарықтағы бағасына, өнімді өсірудегі шығын көлеміне және мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия мөлшеріне тығыз байланысты құбылып отыратыны сөзсіз. Мысалы, мақта, көкөніс сияқты дақылдардың егістік көлемі соңғы жылдары айтарлықтай азайса, керісінше, жүгері мен күріштің есебінен дәнді дақылдардың көлемі ұлғайған. Бақша дақылдарына берілетін субсидияның жоғары болуының ықпалынан соңғы 10 жылдықта олардың егістік көлемінің ұлғаюына себеп болды деп есептейміз.

Аудандағы егістік жерлердің құнарлылығын сақтау және өнім көлемін тұрақты түрде жоғарылату үшін ресурстарды оңтайлы пайдаланған жөн. Табиғат ресурстарын оңтайлы пайдалану деп – тек қана табиғатты пайдаланудан ең жоғары ақшалай табыс табу емес, ресурстарды аз шығындай отырып, ең жақсы әлеуметтік-экономикалық нәтижеге жетуді айтамыз.

Адамның табиғатты пайдалануы тарихи қалыптасқан жүйе, алайда, соңғы ғасырда табиғат ресурстарын пайдалану күрт өсті. Оның басты себебі адамзаттың өсуі болып отыр. Егер б.з.д. 7000-4500 жылдары аралығында халықтың саны екі еселенді, яғни, бұл 2500 жылда жүзеге асты. Ал қазіргі кезде, бұл 40 жылда екі еселеніп отыр. Осы көрсеткіштерге байланысты XXII ғасырда 12-13 млрд-қа жетеді деген болжам бар [3]. Сондықтан, нарықтық реформаларды тереңдету, ұлттық және аймақтық деңгейде тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен, сондай-ақ, табиғат ресурстарын сарқылмастай тиімді пайдалану үшін ғылыми негізде расталған әдістерді пайдалану кезек күттірмейтін мәселе.

Табиғатта 6 түрлі ресурс бар. Олар: минералды, су, өсімдіктер, жер қыртысы, жан-жануарлар және ауа [4]. Олардың ішіндегі жер ресурсы (топырақ) маңызды компонент болып, құндылығы құрамындағы қарашіріктің мөлшеріне байланысты болып келеді [5]. Сондықтан, оны қауіпсіз әдістердің негізінде пайдалану қашан да өте маңызды мәселелердің бірі болған. Ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін арттыру арқылы қоғам қажеттілігін өтеуде өндірісті экологиялау принципін ұстанған жөн. Өндірісті экологиялау – табиғат қорына нұқсан келтірмейтін технология арқылы өндірісті ұйымдастыру, экологиялық еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Біздің тұжырымдауымыз бойынша, осы принципке негізделі отырып, жер ресурстарын оңтайлы пайдалану үшін егін шаруашылығында мынадай шараларды жүргізу шарт:

1. *Мелиорациялық өңдеу.* Ертеректе ғалымдар мелиорацияны XX ғасырдың резерві деп болжаған. Топырақ құнарлылығын көтеріп, жоғары және мол өнім алу үшін агротехникалық шараларды ұтымды қолдану және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру сияқты жұмыстарды жүргізу қажет. Көпжылдық зерттеулерге қарағанда, егін егу үшін қолайлы температуралық уақыт сәуір айының екінші жартысы болып табылады. Алайда, бұл мезгілде топырақтың ылғалдылығы, жер асты суының көтерілуі салдарынан тұқым кеш себіліп, өнімділіктің төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан, топырақтың ылғалдылығын реттейтін тік дренаждарды пайдаланудың маңызы зор. Дренаж жер асты су деңгейін 3-5 метрге дейін төмендетеді. Мәліметтерге сүйенсек, Мақтарал ауданында 1990-1992 жылға дейін 884 тік дренаж скважиналары жұмыс істеп, минералданған топарақтағы суларды 2-3 метрге дейін төмендеткен. Нәтижесінде орташа және қатты сорланған топырақтар жойылып, мақта дақылдарының өнімділігі гектарына 6-8 центнерге дейін артып отырған [6].

2. *Ауыспалы егістікті пайдалану.* Сармалы егіншілік ауданындағы дақылдардың өнімін арттырудың ұтымды жолдарының бірі – ауыспалы егістікті пайдалану.

Ауыл шаруашылығы саласында зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар О.Т.Төрешов, Ж.І.Қожабаев [7] зерттеген «Суармалы жерлерде жасыл тыңайтқыш ретінде аралық дақылдарды өсіру» тұжырымының маңызы зор. Топырақ құнарлылығын түзуде бұршақты, дәнді бұршақты, әсіресе жоңышқаның орны ерекше. Өйткені, ауыспалы егістікті пайдалану – топырақ қабатында оң өзгерістердің болуына алып келеді.

Көпжылдық тәжірибе деректері көрсеткендей үш жылдық жоңышқа топырақтың 0-30 см қабатында құрамында 280 кг-дейін азотты, 75 кг-ға дейін фосфорды және 80 кг-ға дейін 17 т/га тамыр қалдығын түзеді. Сонымен қатар, топырақтың құрамындағы қарашіріктің ұлғаюы мен өнімділіктің артуына септігін тигізеді.

3. *Суды тиімді пайдалану.* Қазіргі кезде, Мақтарал ауданының барлық егістіктері сумен толық қамтамасыз етілмей отыр. Осы тұрғыдан алғанда, су мәселесін шешудің жалғыз жолы – су

ресурстарын ысырапсыз тиімді пайдалану қажеттілігі туады. Ол үшін су шаруашылық жүйесін тиімді ұйымдастыру қажет. Бұл тамшылатып суару технологиясы арқылы жүзеге асады деп есептейміз.

Біз тамшылатып суару технологиясын нәтижелері баяндалған ғылыми жұмыстарды зерделеу барысында осы технологияның мынандай артықшылықтардың бар екеніне көз жеткіздік:

- агротехникалық шараларды тиімді жүргізуге қолайлы;
- топырақтағы ылғал шығынды 50%-ға, тыңайтқышты 2 есе, агротехника жұмыстары мен жанар жағармайды 1,5-2 есеге азайтып, өнімділікті 30%-ға арттырады. Осының есебінен өнімнің өзіндік құны арзандайды;
- тұздану мен батпақтану процесін тежеуге көмектеседі;
- экологиялық жағдайды жақсартады;
- агроинновациялық тәсілдерді қолдану [8].

Ауыл шаруашылығын жүргізу барысында басқа да ресурстармен қатар, жер ресурстарын тиімді пайдаланып, қалпына келтіру және құнарлылығын арттыру бағытында жұмыс жүргізіліп отыруы қажет. Өйткені, сол арқылы ғана азық-түлік өндірісін тұрақты түрде арттыра аламыз деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 2017 жылғы 31 қаңдар. Электрондық ресурс: www.akorda.kz

2. Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы / статистикалық жинақ. – Шымкент, 2016. – 134 б.

3. Лебединский Ю.П., Склянкин Ю.В., Попов П.И. Ресурсосбережение и экология. - Киев: Полит-издат, 1990. – С. 223.

4. Тілегенов Н.Д. Табиғи ресурстарды пайдаланудың қоршаған ортаға әсері // М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясының хабаршысы. – 2008. - №2. - Б. 47.

5. Қанаева З. Қ. Табиғатты пайдалану экономикасы. – Алматы, 2006. - Б. 39.

6. Үмбетаев И.И. Мақтаның отандық жаңа мақтаарал сорттары. – Алматы: Комплекс, 2004. – 52 б.

7. Төрешов О.Т., Қожабаев Ж.І. Суармалы жерлерде жасыл тыңайтқыш ретінде аралық дақылдарды өсіру // Жаршы. – 2009. - №9. – Б. 14-16.

8. Е. М. Шекербеков, Г. Ж. Сыпабекова, Н. Б. Бадыраков, А. А. Налтаев Оңтүстік Қазақстан жеріндегі суармалы сулардың тапшылығы // Наука и вызовы времени Матер. межд. науч. прак. конф. 2 т. / под. ред. Е.З. Сулейменова – Алматы, 2008. - Т. 2. - Б. 102-106.

МЕРКІ АУДАНЫНДА ТУРИСТТІК КЛАСТЕРДІ ДАМУ

Е.Р. Абикбаев

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан

В статье рассматриваются актуальные вопросы развития туристического кластера в процветании экономики региона Мерке.

Ключевые слова: Меркенский район, туризм, кластер, экономика, регион, туристическая фирма.

The article discusses current issues of the development of the tourism cluster in the prosperity of the economy of the Merke region.

Keywords: Merken district, tourism, cluster, economy, region, travel company.

Туристтік кластерді дамыту бойынша шараларды жүзеге асыру мен жобалаудың негізгі міндеті-туристік қызметтің аймақтың кірісін қалыптастырудың маңызды механизмі және аймақтың туристік әлуетінің басты құрылымдық элементі болып есептелетін жоғары дамыған аймақтық туризм индустриясын жасау [1].

Меркі - Қазақстан Республикасының оңтүстік шығысында, Алатаудың бөктерінде орналасқан. Шығысында Қырғызстан Республикасының Шу облысының Жайыл ауданымен, солтүстік-шығысында облыстың Шу, солтүстігінде Мойынқұм, оңтүстік-батысында Рысқұлов (бұрынғы Луговой) аудандарымен шектеседі. Облыстың оңтүстіндегі әкімшілік бөлік. 1928 ж. 26 қазанда құрылған. Ауданның аумағы 7,1 мың км²[4].

Меркі шипажайы Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы санаторий. 1958 жылы "Меркенка" демалыс үйі болып құрылды. 1960 жылдан бастап шефтік қамқорлыққа алған "Қазсоветкурорт" сауықтыру орнының аяғынан тік тұруына, әрі жұмысын жандандыруға көп көмегін тигізді. 1981 жылы "Меркенка" демалыс үйі "Меркі шипажайы" болып қайта құрылды. Мұндай өзгеріске осынау таулы өңірдің ерекшеліктері, табиғи емдік қасиеттері себепші болды. Мәселен, географиялық және климаттық жағдайы емдеу-сауықтыру мақсатына қолайлы, аудан орталығынан 12 шақырым асфальтты жол қатынасының болуы. Ең бастысы, мұнда радонға байминералды су көзі бар. Жер астынан төрт жерден ұңғыма арқылы шығып жатқан шипалы судың температурасы 21-23 градус. Судың құрамындағы радон газы (1400-1800 эман), оның емдік қасиеті өте жоғары, суы тұщы, минералдылығы 300 мг/л. Құрамында натрий, хлор, сульфат, фтор, кремний қышқылы бар. Шипалы судың сапасы мұқият зерттеліп, оны еліміздегі өте жоғары шипалы судың қатарына жатқызады. Шипажайда жылдың қай мезгілінде болмасын емдеу қалыпты өтеді. Мұнда көктем ерте шығады. Қар тез еріп, тау бөктерлері жасыл барқыт жамылады. Жиі-жиі нөсерлі жаңбыр жауады. Жазда жауын-шашын сирек. Шілденің аптапты күндерінде де мұнда ыстық болмайды. Ағып жатқан өзен мен тау самалы ауа райын салқындатып тұрады. Күз құрғақ, ұзақ. Суық кеш түседі. Қыста қар қалың түседі, бірақ аса суық болмайды.

Туристтік саланың даму серпіні туризм индустриясы көрсеткіштерінің орнықсыз өсуімен сипатталады. Айталық, 2018 жылдың қорытындылары бойынша келушілер саны 2017 жылмен салыстырғанда 3,4% - ға өсті, сыртқа шығушылар туризмі 3,5% -ға өсті, алайда ішкі туризм көлемі 4,6 % -ға артты. Салыстыра қарасақ, 2017 жылғы тиісті көрсеткіштің төмендеуі 2016 жылға қарағанда 18 % -ды құраған.

Негізгі көрсеткіштердің төмендеп - көтерілуі әлемдік экономикадағы жағдаймен түсіндіріледі.

Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2018 жылы жүргізілген статистикалық зерттеулер қорытындысымен, жалпы республикада туристік индустрияның дамуының позитивті үрдісін келесі мәліметтерден көруге болады.

Бұдан байқауымызша, 2018 жылы шығу туризмі – 29,5 адамды құрап, 2017 жылғымен салыстырғанда шығушы туристтер саны айтарлықтай көбейген. Отандық ішкі туризмнің де дамып келе жатқанын статистикадан көреміз. Дегенмен де бұл туризмнің басым бөлігін Қазақстандықтар үшін Түркия, Қытай, Германия, Біріккен Арап Әмірліктеріне сұраныс жоғары болған. Қазақстандық туристтердің шығуының негізгі мақсаттары: бос уақытты өткізу немесе демалыс, іскерлік, коммерциялық (шоп-турлар), таныстармен туысқандарға бару, емдік, діни қажылық және өзге де мақсаттар төңірегінде.

Экономиканың тиімді дамуының маңызды индикаторы кіру туризміне тоқталсақ, есептік жылда Қазақстанның туристік фирмалар қызметін әлемнің 90 елінен 36096 туристтер тұтынып, келушілердің басым бөлігін алыс шетелдердің азаматтары Қытай - 128312 адам, Германия – 67725 адам, Түркия – 60728 адам, АҚШ – 21463 адам, Ұлыбритания – 26330 адамды құраған және мақсаттары бойынша талдау туристтердің Қазақстан Республикасында жиі өткізілетін түрлі

конгрестер мен конференцияларға қатысуға, демалыс мақсатымен, оның ішінде: аңшылық және балық аулау үшін, таныстары мен туысқандарының шақыруымен, коммерциялық мақсатпен келетінін көрсетті.

Туризм индустриясы кәсіпорындарының шаруашылық қызметтеріндегі оңды өзгерістерге карамастан, кіру туризмі көрсеткішінің төмендігі, шетелдіктерді қызықтыра алатындай табиғаты мен тарихи-мәдени орталықтарына бай Қазақстанда заманға сай туристік қызмет инфрақұрылымын құру және істі жоғары дәрежеде ұйымдастыруды қолға алу қажеттілігін көрсетеді [2].


2018 жылы қызмет көрсеткен туристік фирмалар саны 2017 жылғымен салыстырғанда 2,8 есе өстіп 26 құрады, қонақ үйлер және басқа да орналастыру орындарының саны 3,2% - ға өсті, 36-ден 51-ге дейін өсті.

Бұл мәліметтер осы салаға инвестиция жасауға, технологияны жетілдіруге және қызмет ету сапасын жақсартуға деген мотивациялық механизмдерді қалыптастыруға септігін тигізетін бәсеке ортасы ретінде байқалатын, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын көрсетеді.

Облыстарымыз бойынша мәліметтерге сүйенсек, туристерге қызмет көрсету бойынша көрсеткіштер Алматы облысы, Астана, Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан қалаларында басым [3].

Туризм мен туристік нарықтың дамуы көптеген мәселелерді шешуге бейімділігін сипаттай келе, кез келген елдің экономикасының қатысуына қарай туристік нарық екі циклдік сипатқа ие болады (сурет 1).


Суретте көрсетілген А- бай мемлекет циклі бойынша талдау жүргізсек, туристік индустрияға қажет инвестицияның болуы, сұранымның жоғары деңгейі, жоғары сапалы туристік өнімдерге сұраным осы нарықта бәсекеге қабілетті өнімді өндіру қажеттігін туындатады.



Сурет 1. – Туристік нарықтың екі циклі.


Кластерлік талдауда «мақсаттар ағашы» әдісін туристік кластерде қолдану арқылы саланың мақсаттарын дәлірек айқындап, жүйелендіру мүмкіндігі туындайды (сурет 2).

Мақсаттарды анықтау оларға жетудің шешімдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сурет бойынша мақсаттарды айқындау және оларға жету жолдарын табу тарқатылуда өзекті мәселелерін шешу мен бәсекеге қабілетті өнімді жасау мүмкіндіктерін байланыстыра алатын маркетингтік стратегияларға бағытталуы макродеңгейлік әлеуметтік және экономикалық аспектілерді қозғауы тиіс.



Сурет 2. – Туристік кластердің «қысқартылған мақсаттар ағашы»

Жүргізіліп жатқан шаралар нәтижесінде туризм саласындағы кластерлік келістің артықшылықтарын көре аламыз, туризмнің өзіне тікелей және жанама әсер ететін экономиканың 32 саласының дамуына байланысты болуын кластерлеудің оңтайлы жағынан сипаттаймыз (сурет 3):



Сурет 3 – Туристтік кластер кескіні

Суреттен көріп отырғанымыздай мемлекеттік басқару әлеуметтік–экономикалық әсерді жүзеге асыруда туристік объектілерге қатысты экологиялық тазалық пен қауіпсіздік, туристердің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету, тарихи мұраларды өз қалпынша сақтау бойынша жүргізетін шаралары әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларында міндетті түрде өз шешімдерін табуы тиіс.

Себебі бұл жағдайларға осы уақытта дейін дұрыс көңіл бөлінбей келеді. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етпеудің жағымсыз мысалына Қырғызстан, Кавказ, Ауғанстан, Африка мен Азияның кейбір елдерін, оның ішінде Таиланд, Индонезия, сонымен бірге АҚШ, Латын Америкасы және басқа да елдер мен аймақтарды жатқызуға болады. Таиланд пен Индонезия табиғат катаклизмі мен туристердің кетуі нәтижесінде үлкен шығындарға ұшырады. Бұл жағдайда мемлекет рөлі тайфунның болу қаупін болжау мен тек туристер ғана емес, тұрғын халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болатын.

Елімізде туристік саланы кластерлік келіспен дамыту үшін мемлекет тарапынан қабылданған нақты бағдарламаларды жүзеге асыру біршама жағдайларға байланысты. Туризм саласындағы жағдайларды талдай келе, оларды кластердің пайда болуын ынталандырушы мен кедергі келтіруші алғышарттар деп екі топқа бөліп қарастырылды (кесте 1):

Кесте 1. - Туризм саласында кластерді қалыптастыруды ынталандырушы және кедергі келтіретін алғы шарттары.

Кластердің пайда болуын ынталандырушы алғы шарттар	Кедергі келтіруші шарттар
<ul style="list-style-type: none"> - республикада туристік әлуаттің жоғары болуы; - туристік өнімдерге жоғары сұранымның қалыптасуы; - туристік саланы дамыту келешегінің анықталуы; - мемлекет тарапынан саланы қолдау шаралары; - саланың бәсекеге қабілеттілікке тұрақтылық таныта алуы; - табиғи ресурстар байлығы - өзара байланысты кәсіпорындардың жеткілікті саны. 	<ul style="list-style-type: none"> - әкімшілік (виза алу процедурасының ұзақтығы, шетел туристерін тіркеу мерзімінің ұзақтығы); - қаржыландыру; - туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша салааралық қызметтер үйлесімінің болмауы; - кадрлық ресурстардың аздығы немесе біліктіліктің төмендігі; - туристік ресурстарға кіру мүмкіндігі.

Сонымен, туризм саласының елдің экономикалық жүйесінде тиімділігінің артуы осы аядағы алғы шарттардың болуы мен олардың қалыптасу мүмкіндігіне негізделетіне және мемлекеттің мүддесі туристік саясатты дамытуда басты орын алатынына көз жеткізе аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бельгибаева А. Кластер как инструмент повышения конкурентоспособности // Материалы международной научно-практической конференции «Национальная конкурентоспособность Казахстана: теория, практика, перспективы». – Алматы: КазНУ, 2010. – Ч. 1.
2. Есмаханова А.С. Влияние индустрии туризма на экономику страны // Материалы VI-й научно-теоретической конференции студентов и молодых ученых факультета экономики и бизнеса КазНУ им. Аль-Фараби. Алматы, 2006. – С. 171-176.
3. Статистика туризма. Агентство по статистике. Алматы: Статистика, 2016г.
4. <http://merke.zhambyl.kz/> Меркі ауданы әкімдігінің сайты

ИСТОЧНИКИ РАСПРОСТРАНЕНИЯ НОДУЛЯРНОГО ДЕРМАТИТА И МЕРЫ БОРЬБЫ

С.А. Абылкасымова, С.К. Абдрахманов

Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г.Нур-Султан

Ветеринарлық медицина саласындағы өзекті және негізгі проблемалардың бірі - жануарлардың денсаулығын қамтамасыз ету, жануарлардың жұқпалы аурулардан және олардың өлімін азайту. ND ауруы көбінесе фермалар, аймақтар немесе тіпті елдер арасындағы мал қозғалысымен байланысты. Жәндіктердің ұшу ұзындығына (әдетте <50 км) тең болатын вирустың қысқа қашықтыққа қозғалуы көбіне бір жануардан екіншісіне жиі ұшып, барлығын қатарынан ұрып тұратын көптеген жергілікті қан соратын жәндіктердің векторларына байланысты. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы нодулярлық дерматиттің таралуы, жұқпалы ауру көздерін зерттеу және анықтау, нодулярлық дерматитпен күресу үшін кешенді ветеринариялық және ұйымдастырушылық шаралар жүргізу, түйіндік дерматитке қарсы вакциналардың барлық түрлерін қолдану және зерттеу туралы зерттеулердің мәліметтері келтірілген.

Кілттік сөздер: сүйелді дерматит, вакцина, ІҚМ, инфекциялық ауру, мониторинг, ХЭБ, вирус.

One of the current topical and key problems in the field of veterinary medicine is ensuring animal health, reducing the incidence of animals and their mortality from infectious diseases. ND disease is often associated with livestock movement between farms, regions, or even countries. The short-distance movement of the virus, equivalent to insect flight lengths (usually <50 km), is due to the numerous local blood-sucking insect vectors that often fly from one animal to another, biting everyone in a row. This article presents data from research studies on the spread of nodular dermatitis in the Republic of Kazakhstan, research and identification of sources of infectious disease, the conduct of complex veterinary and organizational measures to combat nodular dermatitis, the use and study of all types of vaccines against nodular dermatitis.

Keywords: nodular dermatitis, vaccine, cattle, infectious disease, monitoring, OIE, virus.

Введение. Вспышки НД вызывают значительные потери, от которых страдают все сельхозтоваропроизводители, занимающиеся разведением КРС, а также мелкие фермерские хозяйства и частные подворья.

Заболевание влияет на производство, связанное с КРС, удои молока и состояние здоровья животных. Оно вызывает повреждение шкуры, аборт. К прямым потерям добавляются еще и расходы на полный или частичный санитарный убой животных. Косвенные потери вытекают из ограничений на передвижение скота и торговлю [1].

Основными причинами быстрого распространения заболевания является векторность заболевания. Болезнь передается посредством механического переноса вируса членистоногими различных видов (клещами, москитами, мухами и др.), в том числе и кровососущими насекомыми, которые могут перевозиться на значительные расстояния автомобильным транспортом, судами и т.д.

Заболевание НД часто связано с перемещением скота между фермами, регионами или даже странами. Передвижение вируса на короткие расстояния, эквивалентные длине полета насекомых (обычно < 50 км), обусловлено многочисленными местными кровососущими насекомыми-переносчиками, которые часто перелетают с одного животного на другое, кусая всех подряд. Не существует доказательств размножения вируса в насекомых-векторах, но и этого нельзя исключать. Основным переносчиком может меняться в зависимости от географического региона и экосистемы. Обыкновенная муха-жигалка (*Stomoxys calcitrans*), комары *Aedes aegypti* и некоторые африканские виды клещей *Rhipicephalus* и *Amblyomma* spp. продемонстрировали способность распространения НД. Передача вируса от зараженных туш мертвых животных к восприимчивым живым животным через насекомых является возможной, но этот путь передачи не был достаточно изучен. Прямые контакты не считаются эффективным путем передачи инфекции, но этого нельзя исключить. Зараженные животные могут оставаться заразными только несколько дней, но в тяжелых случаях вирусемии это может длиться до двух недель. Зараженные животные с поражениями кожи и слизистых оболочек полости рта и носа, выделяют вирус со слюной, а также с выделениями из носа и глаз, которые могут контаминировать общий корм и питьевую воду. Вирус НД был обнаружен в слюне и выделениях из носа через 18 дней после инфекции. Необходимы дополнительные исследования для выяснения того, как долго инфекционный вирус может находиться в таких выделениях. Вирус НД хорошо сохраняется внутри корок, в частности, когда они отпадают от язвенных поражений на коже. Практический опыт показывает, что когда восприимчивые животные попадают в хозяйство, прежде инфицированное НД и после санитарного убоя, они заражаются в течение недели или двух, что указывает на то, что вирус сохраняется или в векторах, или в

окружающей среде. Вирус сохраняется в сперме зараженных быков, так что естественное спаривание или искусственное осеменение может стать источником инфекции для коров. Известно, что у инфицированных коров рождаются телята с повреждениями кожи. Вирус может быть передан подсосным телятам через зараженное молоко или поражениями кожи на сосках вымени коровы. Передача как внутри стада, так и между стадами может произойти через зараженные иглы во время вакцинации или других инъекций, если не меняются иглы между манипуляциями. В конце концов, инфицированные животные освобождаются от инфекции, и носительство вируса НД прекращается [2]. Циркуляция вируса отражено схематично на рисунке 1.



Рисунок-1. Схема передачи вируса НД

Эффективный контроль насекомых на фермах может снизить скорость механической передачи заболевания, но не может предотвратить его полностью, особенно там, где скот находится на свободном выпасе или содержится на огороженных пастбищах. Противомоскитные сетки применимы в тех случаях, когда скот постоянно находится в помещении. Применение репеллентов может защитить скот от насекомых и клещей в течение коротких периодов времени. При применении инсектицидов необходимо учитывать время отдачи молока и мяса. Широкомасштабное использование инсектицидов в окружающей среде не рекомендуется, так как это может быть вредным для экологического баланса и полезных насекомых, таких, например, как пчелы. Кроме того, вопрос о том, какую угрозу представляют инсектициды для окружающей среды, полностью еще не изучен. Ограничение мест размножения насекомых-переносчиков вируса, таких, как постоянные источники воды, навозная жижа и навоз, а также улучшение дренажа в хозяйствах, являются устойчивыми, доступными и экологически чистыми способами сокращения числа насекомых вокруг КРС.

Материалы и методы исследований. Проведение комплекса ветеринарных и организационных мероприятий позволят предотвратить появление и распространение болезни в той или иной стране.

Для этого необходимо своевременно проводить лабораторно-диагностические исследования, своевременная профилактическая вакцинация крупного рогатого скота против нодулярного дерматита де лета кровососущих насекомых, постоянное проведение разъяснительной работы среди владельцев животных, анализ и мониторинг эпизоотической ситуации и путей распространения нодулярного дерматита

Согласно Практического руководства для ветеринарных врачей при нодулярном дерматите, изданной под эгидой Службы животноводства и здоровья животных Продовольственной и

сельскохозяйственной организации объединённых нации (ФАО), крупномасштабная вакцинация является наиболее эффективным способом ограничения распространения этого заболевания. Так, по данным Практического руководства в настоящее время доступны только живые вакцины против НД [3].

В ходе проведения регионального семинара МЭБ по нодулярному дерматиту для стран Центральной Азии в период с 26-27 апреля 2018 г. представитель ЕС Др. Димитриос Дилавериос представил опыт стран Юго-Восточной Европы по борьбе с НД. Вакцинация против НД была приоритетной задачей, но основным источником препятствий была поставка вакцин, которая первоначально было решено путем создания впервые банка вакцины НД ЕС. В конце кампании по вакцинации прогрессирование заболевания прекратилось. Хорватия стала первой страной, которая провела профилактическую вакцинацию против НД.

Др. Димитриос Дилавериос показал, как НД демонстрирует резистентность и постоянную сезонность. Вакцинация, проведенная в Юго-Восточной Европе в 2016-2017 годах, является ключом к успешному контролю. Ситуация значительно улучшилась благодаря скоординированным и единообразным кампаниям массовой вакцинации с использованием эффективных вакцин (живых гомологичных) с региональным подходом. Это показало, что профилактическая вакцинация по-прежнему является наиболее эффективным методом борьбы с распространением НД [4,5].

Таблица-1. Вакцины против НД КРС

№	Название вакцины	Производитель	Штамм/субтип	Лицензированные страны
1	LUMPYDOLL	Dolivet Турция	KSGPV 0240	Ирак, Турция
2	LSD-NDOLL	Dolivet Турция	Neethling	Ирак
3	Культуральная сушка вирусвакцина против оспы овец и нодулярного дерматита	ФГБУ «ВНИИЗЖ» Россия	НИСЖИ вируса оспы овец	Белоруссия, Россия
4	LUMPIVAX™	Кенийский институт производства ветеринарных препаратов. Кения	Neethling	Кения
5	LUMPYVAX™	Merck Animal Health (MSD Animal Health) United States	SIS	Африка
6	Lumpy Skin Disease Vaccine	Национальный ветеринарный институт (NVI) Эфиопия	Не известно	Эфиопия
7	Вакцина против НД для КРС	Onderstepoort Biological Products Южная Африка	Neethling	Южная Африка
8	Lumpyvac™	Vetal Animal Health Products S.A. Турция	Аттенуированный Neethling	Турция
9	Вакцина против нодулярного дерматита из штамма «Neethling-RIB&P»	РГП НИИПББ	Аттенуированный Neethling	Казахстан

На территории Российской Федерации в качестве специфической профилактики применяется гетерологичная живая аттенуированная вакцина из штаммов каприпоксвирусов (МЭБ). ВФГБУ «Всероссийский научно-исследовательский институт здоровья животных» ранее были проведены серии опытов по иммунизации КРС вакциной из аттенуированного штамма «ВНИИЗЖ» вируса оспы овец. Вирусвакцина вызывает формирование иммунного ответа против нодулярного дерматита через 21 сутки после однократного применения, продолжительностью не менее 6 месяцев. По данным РФ эффективность вакцины против оспы овец менее 70%. В неблагополучном пункте и хозяйствах угрожаемой зоны вакцинируют животных всех возрастных групп, не имеющих признаков заболевания нодулярным дерматитом, независимо от срока предыдущей вакцинации. При этом молодняк в возрасте до 6 месяцев прививают двукратно с интервалом 14 суток [6].

Применение вакцины против НД в РК. Согласно статьи 24 Закона Республики Казахстан «О ветеринарии» на территории Республики Казахстан производство, ввоз (импорт), реализация и применение (использование) ветеринарных препаратов, кормовых добавок разрешаются только после их государственной регистрации [7].

Вместе с тем, согласно пункта 3.13 Решение Комиссии Таможенного союза от 18 июня 2010 г. № 317 "О применении ветеринарно-санитарных мер в таможенном союзе" - Ввоз, перевозка и использование лекарственных средств и кормовых добавок для применения в ветеринарии на таможенной территории Союза осуществляется при условии их регистрации уполномоченными органами государств-членов. Государства-члены взаимно признают результаты регистрации лекарственных средств и кормовых добавок для применения в ветеринарии.

Ввоз, перевозка лекарственных средств, а также кормовых добавок химического и микробиологического синтеза осуществляются без ветеринарного сертификата в сопровождении документа, подтверждающего их качество и безопасность, выдаваемого предприятием-изготовителем [8].

Проведенный комплекс ветеринарно-санитарных и хозяйственных мероприятий в 2017 году включающий вакцинацию животных позволил стабилизировать обстановку. В 2017 году была закуплена вакцина против нодулярного дерматита крупного рогатого скота (LumpriVax), производство Кении.

Данная вакцина была зарегистрирована 10 января 2017 года на территории Республики Армения и выдано регистрационное удостоверение за № 00200 и включена в Список зарегистрированных в Республике Армении вакцин, сывороток и диагностических препаратов используемых в ветеринарии. Регистрационное удостоверение вакцины против нодулярного дерматита крупного рогатого скота «LumpriVax», производство Кении.

Так, согласно Плана ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных в 2017 году вакцинировано 1 000 457 голов КРС (Атырауская область – 192 223 голов КРС, Актюбинская область – 244 136 голов КРС, Западно-Казахстанская область – 547 898 голов КРС, Мангистауская область – 16 200 голов КРС).

Республика Казахстан строго придерживается рекомендации МЭБ по применению вакцины против нодулярного дерматита, которая соответствует вакцинам рекомендованных МЭБ. Эффективность данной вакцины составляет 87,5%.

МЭБ (Руководство МЭБ по диагностическому испытанию и вакцинам для наземных животных Глава 2.4.13. (обновленный в мае 2017 г.) рекомендует использовать живые аттенуированные штаммы каприпоксвируса в качестве вакцин для профилактики нодулярного дерматита. Т.е. применение гомологичных вакцин. Вместе с тем, живые аттенуированные вакцины НД обеспечивают хорошую защиту поголовья, если вакцинация охватывает более 80% животных.

В начале января 2018 года руководству МЭБ была презентована Стратегия борьбы с нодулярным дерматитом, которая одобрена МЭБ и на основании которого были внесены изменения в План ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных [9,10].

Результаты исследований. Согласно Плана ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных в 2018 году вакцинировано 2 400 299 голов КРС (Акмолинская область – 166 800 голов КРС, Атырауская область – 178 000 голов КРС, Актюбинская область – 442 000 голов КРС, Западно-Казахстанская область – 527 200 голов КРС, Карагандинская область – 220 995 голов КРС, Кызылординская область – 217 100 голов КРС, Костанайская область – 400 000 голов КРС, Мангистауская область – 15 500 голов КРС, Северо-Казахстанская область – 232 704 голов КРС) и в 2019 году – 3 704 380 голов КРС (Акмолинская область – 415 800 голов КРС, Атырауская область – 180 000 голов КРС, Актюбинская область – 444 250 голов КРС, Западно-Казахстанская область – 549 130 голов КРС, Карагандинская область – 550 100 голов КРС, Кызылординская область – 317 800 голов КРС, Костанайская область – 411 400 голов КРС, Мангистауская область – 16 500 голов КРС, Северо-Казахстанская область – 338 600 голов КРС, Павлодарская область – 480 800 голов КРС).

Учитывая течение и распространение болезни в приграничной территории Российской Федерации в Стратегию борьбы с нодулярным дерматитом Республики Казахстан в 2018-2019 гг были внесены изменения в части проведения профилактической вакцинации с расширением защитной зоны с целью недопущения распространения болезни.

Внесение изменений в действующую Стратегию строго основывается на заключении (увеличение охвата проведения диагностических исследований, применение вакцины, расширение зон вакцинации, перемещение животных и др.) членов Научно-технический совет по вопросам ветеринарной безопасности Министерства сельского хозяйства РК. В состав которого вошли, ведущие ученые научных исследовательских институтов, представители общественных объединений, НПП «Атамекен», лабораторий, международных организаций, владельцы животных и др.

Вместе с тем, кенийская вакцина на протяжении многих лет применяется в странах Ближнего Востока и Европы, обеспечивает надежную защиту КРС от НД.

Необходимо отметить, что при проведении массовой профилактической вакцинации до периода лета кровососущих насекомых после зимовки в отдельных случаях среди крупного рогатого скота были единичные случаи поствакцинального осложнения, так как при вакцинации использовалась живая аттенуированная вакцина. Согласно данным ученых-ветеринаров у 10% вакцинированных животных наблюдают местные реакции, выражающиеся в образовании узелков и припухлостей, которые исчезают в течение 2-3 недель [11,12,13].

Так в 2016 году, Ветеринарной службой РК инициировано участие ученых РГП «Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности» (далее – РГП «НИИПББ») по отбору проб в Атырауской области и переданы им штаммы возбудителя нодулярного дерматита.

Были приняты меры по ускоренной регистрации отечественной вакцины против нодулярного дерматита, разработанной РГП «НИИПББ».

Так, данная вакцина прошла производственное испытание и зарегистрировано в Комитете ветеринарного контроля и надзора и РГП «НИИПББ» выдано регистрационное удостоверение № РК-ВП-1-3730 от 24 октября 2018 года.

В 2019 году между Комитетом ветеринарного контроля и надзора Министерства и РГП "НИИПББ" заключен договор о государственном закупе из одного источника (патентообладатель) по приобретению вакцины против нодулярного дерматита КРС в соответствии с Планом ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных.




Рисунок – 2. Регистрация патента на вакцины против НД, производство РГП «НИИПББ»

В 2020 году согласно Плана ветеринарных мероприятий по вакцинации против нодулярного дерматита КРС составляет 100% охват всего поголовья КРС.

Таблица 2 –Вакцинации поголовья КРС против НД

№ п/п	Наименование областей	Нодулярный дерматит крупного рогатого скота (вакцинация, голов)		
		всего за год	в том числе по полугодью	
			I	II
1	Акмолинская	414 800	414 800	
2	Актюбинская	445 500	445 500	
3	Алматинская	1 214 700	941 900	272 800
4	Атырауская	182 000	170 000	12 000

5	Восточно - Казахстанская	1 067 580	1 067 580	
6	Жамбылская	505 800	505 800	
7	Западно - Казахстанская	571 000	316 100	254 900
8	Карагандинская	582 900	384 600	198 300
9	Кызылординская	327 800	167 200	160 600
10	Костанайская	403 400	356 100	47 300
11	Мангистауская	16 300	16 300	
12	Павлодарская	480 000	380 000	100 000
13	Северо -Казахстанская	326 700	278 100	48 600
14	Туркестанская	1 050 900	840 700	210 200
15	г. Нур-Султан	450	450	
16	г. Алматы	2 800	2 800	
17	г. Шымкент	72 000	56 540	15 460
	Итого:	7 664 630	6 344 470	1 320 160

Выводы. Положительный эффект принятия комплекса ветеринарных мероприятий: своевременное проведение лабораторно-диагностических исследований, своевременная профилактическая вакцинация крупного рогатого скота против нодулярного дерматита, постоянное проведение разъяснительной работы среди владельцев животных, анализ и мониторинг эпизоотической ситуации и путей распространения нодулярного дерматита предотвратит проявление и распространение болезни

Вместе с тем, необходимо отметить, что региональное сотрудничество и координация между странами также являются важнейшим требованием эффективного контроля и профилактики в эпоху новых возникающих трансграничных заболеваний животных.

Использованная литература:

1. Сидорчук, А. Л. (2012), Современные представления о зоонозах, Российский ветеринарный журнал, №4.
2. Официальный сайт WAHIS Всемирной организации здоровья животных (МЭБ).
3. Практическое руководство для ветеринаров «Заразный узелковый дерматит», изданной под эгидой Службы животноводства и здоровья животных Продовольственной и сельскохозяйственной организации объединённых нации (ФАО).
4. Стратегия борьбы с нодулярным дерматитом в РК.
5. Материалы Международного регионального семинара по борьбе с НД для стран Центрально-Азиатского региона.
6. Кодекс здоровья наземных животных Всемирной организации здоровья животных - МЭБ (2019).
7. Закон Республики Казахстан «О ветеринарии» (2010).
8. Решение Комиссии Таможенного союза от 18 июня 2010 г. № 317 "О применении ветеринарно-санитарных мер в таможенном союзе".
9. МСХ РК (2015), Об утверждении Ветеринарных (ветеринарно-санитарных) правил, Приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 7-1/587 от 29 июня 2015 года.
10. План ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных в 2017 году.
11. План ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных в 2018 году.
12. План ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных в 2019 году.
13. План ветеринарных мероприятий по профилактике особо опасных болезней животных в 2020 году.

ШЕЛЕК ЖӘНЕ ШАРЫН СУ АЙДЫНДАРЫНДАҒЫ БАЛДЫРЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІЛІГІ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

Л.Е.Ануарова¹, Т.К. Байбекова¹, Э.С.Саметова²

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
Ботаника және фитоинтродукция институты², Қазақстан, Алматы қ.

Водоросли являются важным компонентом водных экосистем. Общеизвестно их роль в создании исходного продукта органических веществ в процессе фотосинтеза и участие водорослей в обороте веществ в водоемах. Определение флористического состава водорослей малоизученных горных водоемов имеет большое значение для разработки флоры плоской части и путей их рационального использования в хозяйственной деятельности человека. Поэтому изучение биологического разнообразия водорослей в горных реках и прогнозирование санитарного состояния горных рек, исследование защиты от загрязнения и истощения является актуальной проблемой.

Впервые на реках Шелек и Чарын Заилийского Алатау. проведен флористический систематический анализ водорослей и выявлены особенности флоры данной территории.

Ключевые слова: альгофлора, диатомовые, сине-зеленые и харовые водоросли, отдел, класс, род, подрод, вид

A systematic floristic analysis was carried out and the features of the flora of this territory were revealed;

The influence of belts and seasons on the distribution of algae flora was revealed;

As a result of the analysis of the algae flora, species that are saprobic indicators are identified and recommended for use in sanitary and hygienic services as a test object for bioindicating water quality.

Keywords: algaflora, diatoms, pertussis and paralowie seaweed, section, class, series, family, kinship, view.

Балдырлар су экожүйелерінің маңызды компоненті болып табылады. Фотосинтез процесінде органикалық заттардың бастапқы өнімін құрудағы олардың рөлі және балдырлардың су айдындарындағы заттардың айналымында қатысуы жалпыға белгілі. Аз зерттелген таулы су айдындарының балдырларының флористикалық құрамын анықтау жазық бөлігінің флорасы және оларды адамның шаруашылық қызметіне ұтымды пайдалану жолдарын әзірлеу үшін үлкен маңызға ие. Сондықтан тау өзендеріндегі балдырлардың биологиялық әртүрлілігін зерттеу және тау өзендерінің санитарлық жағдайын болжау, ластанудан мен сарқылудан қорғауды зерттеу өзекті мәселе [1-3].

Алғашқы рет Іле Алатауындағы Шелек және Шарын өзендеріндегі балдырларға. флористикалық-жүйелі талдау жүргізілді және осы аумақтың флорасының ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу материалдары мен әдістері:

Зерттеу нысаны: Іле Алатауындағы Шелек және Шарын өзендерінің су тоғандарындағы балдырлар. Сынамаларды камералдық өңдеу екі кезеңде жүргізілді. Cyanophyta, Chlorophyta, Dinophyta бөлімдерінің балдырларын анықтау кезінде күйдіргіш калий, хлор-цинк-йод, сондай-ақ бояғыштар: метилен көк, тушь қолданылды. Диатомды балдырларды зерттеу үшін сынамаларды техникалық өңдеу гидрботаника мен альгологияда жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізілді. Жағудың бірнеше жолы бар, бірақ тиімді әдіс-күшті қышқылдарда қайнату болып табылады. Күшті қышқылдарда қайнату жолымен органикалық заттардан диатома панцирі тазаланды. Балдырлармен сынамалар органикалық қоспалардан тазартылды, бұл ретте олар тұнбаға түскеннен соң, пробиркаға құйылып, спиртте 2-3 минут баяу қайнатылды. Салқындатылған сынама қышқыл іздерін жойғанға дейін қайта центрифугалау арқылы жуылып лакмус қағазымен тексерілді.

Диатомды балдырларды анықтау үшін тұрақты препараттар дайындалды. Препаратты дайындау үшін тазартылған су тамшысын және тазартылған тұнба тамшысын шыныға мұқият бөліп, органы қосып, спиртпен қайнатпай қыздырып, жабынды шынымен жабады. Материалды өңдеу кезінде тоғыз балдық шкала бойынша балдырлардың көптігіне көз өлшеп бағалау жүргізілді: 1 - бірлі - жарым, 2 - өте сирек, 3 - сирек, 5 – жиі, 7 - өте жиі, 9-масса (мол). Тіркелген материалмен қатар тірі нысандарды зерттеді.

Балдырлардың түрлері арнайы анықтағыштарының көмегімен анықтады: КСРО Тұщы су балдырларын анықтағыштар (том 1-10): Забелина және т. б., 1951; Голлербах және т. б., 1953; Киселев, 1954; Матвиенко, 1954. 4,5,6,7 Жасыл балдырлар түрлерін анықтау кезінде пайдаланылды [4-7]:

Көкжасыл балдырлар (Cyanophyta) – автотрофты организмдер арасындағы ежелгі топтардың бірі. Вегетативтік жасушалардың формасы бойынша көк жасыл балдырлардың кейбір түрлерінде шар

тәрізді, жұмыртқа тәрізді және алмұрт тәрізді жасушалар, кейбірі ұршық тәрізді, цилиндрлі жасушалар бар. Клеткалар бөлек тұрады, кейде колонияда қосылады, жіптерді құрайды. Эвтрофиялық (қоректік заттарға бай) су айдындарында көкшіл балдырлар кездеседі, онда олардың жаппай дамуы судың "гүлденуіне" әкеледі.

Харолы балдырлар (Charophyta) – бұл көпжасушалы, ірі басқа балдырлардан талломдардың өзіндік құрылысымен ерекшеленеді. Олар су айдындарының түбінде мекендейді. Олардың талломдарының ұзындығы көбінесе 20-30 см, бірақ кейде 1 және 2 м жетеді. Харолы балдырлардың көптеген түрлері әртүрлі түрде тұщы су қоймаларында, тоғандар мен көлдерде, сонымен қатар ұсақ жыраларда, шұңқырларда және сирек бұлақтар мен өзендерде мекендейді. Кейбір түрлер тұзды аз суда да өмір сүре алады [8-9].

Ластанған және сарқынды суларда мекендейтін көптеген динофиттер тазарту процестеріне қатысады. Іле Алатауының су айдындарында Шарын, Шелек өзендерінде динофитті балдырлар табылды.

Балдырлардың түрлік құрамы тау су айдындарында болып жатқан барлық процестердің көрінісі болып табылады, бұл жерлерде судың температурасы төмен, ағысы жылдам болып келеді.

Шарын, Шелек таулы өзендерінің жағасында немесе таяз жерлерінде *Cladophora*, *Spirogira*, *Ulotrix* рудаларының жасыл жіпті балдырлары кездеседі.

Шелек өзенінің флористикалық сипаттамасы:

Шелек - ағысы қатты таулы өзен, жоғарғы ағысы 5-6 м, орташа ағысы 10-15 м, төменгі ағысы 100-200 м, ең жоғарғы тереңдігі - 1,5 - 2 м. Шелекте мұздық қоректену түрі бар, негізгі ағысы жазғы кезеңге келеді. Тас өзенінің түбі галечниктен және таулы және тау бөктеріндегі ірі тастардан тұрады. Өзендегі су суық, мөлдір. Көктем кезеңіндегі су температурасы 3-5С, жазда 10-18С, күзде 8с. судың ионды құрамы рН-7-8. Бұл өзендегі балдырлардың *Bacillariophyta* және *Chlorophyta* бөлімдеріндегі жүйелік құрамы 1-2 кестелерде берілген.

1-кесте. *Bacillariophyta* бөліміндегі балдырлардың жүйелік құрамы

Класс	Реттер	Тұқымдастар	Саны	
			Туыстар	Түрлер
<i>Centricae</i>	<i>Discoiales</i>	<i>Coscinodiscaceae</i>	3	3
<i>Pennatae</i>	<i>Araphinales</i>	<i>Fragilariaceae</i>	5	21
		<i>Tabellariaceae.</i>	1	1
	<i>Raphinales</i>	<i>Achnantheaceae</i>	2	2
		<i>Epithemiaceae</i>	2	4
		<i>Naviculaceae</i>	8	43
		<i>Nitzschiaceae</i>	1	8
		<i>Surirellaceae</i>	2	3
Барлығы	3	8	24	85

2 кесте. *Chlorophyta* балдырлардың жүйелік құрамы

Класс	Реттер	Тұқымдастар	Саны		
			Туыстар	Түрлер	
<i>Chlorococcophyceae</i>	<i>Chlorococcales</i>	<i>Selenastraceae</i>	2	5	
		<i>Scenedesmaceae</i>	1	6	
		<i>Coelastraceae</i>	1	1	
		<i>Hydrodictyaceae</i>	1	3	
		<i>Chlorellaceae</i>	1	5	
<i>Conjugatophyceae</i>	<i>Desmidiiales</i>	<i>Desmidiaceae</i>	3	18	
		<i>Closteriaceae</i>	1	1	
	<i>Zygnematales</i>	<i>Zygnemataceae</i>	2	2	
		<i>Ulothrichales</i>	<i>Ulothrichaceae</i>	1	1
			<i>Cladophoraceae</i>	1	1
Барлығы	4	10	14	43	

Зерттеу кезінде өзен суларында 5 бөлімге тиесілі балдырлардың 143 түрі табылды. Оның ішінде көк жасыл-11 түрі (7,69 %), жасыл - 43 (30,07 %), диатомды - 85 (59,44 %), харды - 3 (2,10 %), динофитті - 1 (0,70).

Флористикалық талдау кезінде балдыр түрлерінің саны және олардың өзендегі әртүрлілігі биік таудан жазық жаққа қарай жылжи отырып көбейетіні анықалды. Шелек өзенінде табылған балдырлардың көптеген түрлері космополит түрлеріне жатады.

Шарын өзенінің флористикалық сипаттамасы:

Өзен ұзындығы 255 км-ді құрайды, ені 20-30 м, тереңдігі 1-1,5 м, тереңдігі құм-тасты, су температурасы көктемде 5-7С, жазда 11-16оС, күзде 7-8оС рН. 6,87-7.

Өзендегі қорек шөгінді және қар суымен келеді. Ағымы қатты тау өзені.

Шарын өзенінің альгофлорасына диатомды балдырлар (*Bacillariophyta*), олардың 23-туыстың 69 түрі, 7 тұқымдасы, 2 класы бар екені анықталды.

Жасыл (*Chlorophyta*) балдырлар 16 түрден 8 тұқымдас, 4 қатар және 3 кластан тұрады. Диатомдардың көпшілігі түбі (бентос), өсу және планктон нысандары болып табылады. Өзеннің жоғарғы ағысында соңғы түрлер бір-бірімен кездеседі. Әсіресе *Naviculaceae* тұқымдасының түрлілігіне бай – 9 туыстың 45 түрі және *Fragilariaceae* – 5 туыстың 22 түрі кездеседі.

3-кесте. Шарын өзенінің альгофлорасының таксономиялық спектрі

Бөлім	Саны				
	класс	қатар	тұқымдас	туыс	түрлер,%
<i>Cyanophyta</i>	2	3	6	7	9 (7,69%)
<i>Chlorophyta</i>	3	4	8	16	16 (30,07%)
<i>Bacillariophyta</i>	2	3	7	23	69 (59,44%)
<i>Dinophyta</i>	1	1	1	1	1 (0,70 %)
<i>Charophyta</i>	1	1	1	1	2 (2,10%)
Барлығы	9	12	23	48	97 (100 %)

Зерттелген өзендегі балдырлар алуан түрі бар, ең көбі диатом түрлері; *Meridion circulare* Ag., *Cocconeis placentula* Ehr., *Melosira varians* Ag., *Cymbella ventricosa* Kutz., *Fragilaria crotonensis* Kitt., *Gomphonema olivaceum* (Lyngb.) Kutz.

Жасыл (*Chlorophyta*) балдырлардың 16 түрі, 8 тұқымдасы, 4 реттік және 3 кластары табылды. Көкжасылдар бөлімінен (*Cyanophyta*) 7 туысы, 9 түрі, 6 тұқымдасы табылды.

Осылайша, біздің зерттеулеріміз нәтижесінде Шарын өзені бассейнінің зерттелген су айдындарында планктон, өсінділер және бентос нысандарына жататын диатомды балдырлар басым орын алады. Өзенде балдырдың харды түрлері де табылды, бұл су айдынының тазалығын көрсетеді. Көкжасыл және жасыл балдырлар да кездеседі, алайда бұл су айдыны суық, сондықтан балдырлардың осы түрлерінің дамуы шектелген.

Қорытынды:

1. Іле Алатауының Шелек пен шарын су айдындарында барлық вегетациялық кезең ішінде балдырдың диатомдық түрлері басым болды. Жазғы кезеңде жасыл балдырлар саны көбейеді, ал көктемде және күзде азаяды.

2. Биіктіктің төмендеуінен, температураның ұлғаюнан, минералданудың артуынан жүйенің тұрақтылығы төмендейді, түрлік құрамы ұлғаяды және сапробтық түрлердің саны артады.

3. Зерттелетін су айдындарының биік таулы, таулы белдеулерінде таза суларға тән суық су тән альпілік түрлер таралған, ал тау бөктеріндегі және жазықтық белдеулерде-жылуды сүйетін, ластанған су айдындарына бейімделген түрлер кездеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Өнерхан Гүлжайна. Көкшетау өңірі көлдерінің экологиялық жағдайын альгофлора көмегімен бағалау: биол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 23б.

2. Нурашов С. Б. Материалы к изучению харовых водорослей Казахстана // Ботанические исследования в Казахстане. Материалы науч. конф. - Алматы, 2003. - С. 94-97.

3. Свириденко Б. Ф. Флора и растительности водоемов Северного Казахстана, - 2002. - 197с.

4. Волошина Т. Е. О фитопланктоне мелководий оз. Балхаш. // Биология, экология, география споровых растений. Ср. Азии. – Ташкент: Фан, 1971.– С.5-6.

5. Волошина Т. Е. Качественная характеристика фитопланктона оз. Балхаш // В кн.: Биологические основы рыбного хозяйства республик Ср. Азии и Казахстана. – Балхаш, 1967. - С. 81-82.
6. Фокина А. С. Современное состояние фитопланктона озера Балхаш // Биологич. основы рыбного хоз-ва водоемов Ср. Азии и Казахстан.- Фрунзе, 1978. – С. 162-163.
7. Ахметова Н. И. Диатомовые водоросли Восточного Балхаша. // дис.... канд. биол. наук., – Л., 1986 а. – 680 с.
8. Жамангара А. К. Состояние изученности харовых водорослей Казахстана // Итоги и перспективы развития ботанической науки в Казахстане. Материалы межд. науч. конф. - Алматы, 2002. - С. 166-169
9. Телеужанова А. Т. Альгофлора водоемов Кулундинской равнины (в пределах Павлодарской области): автореф. ... дисс. канд.биол. наук. – Алматы, 2010. – 24 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ БИОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Л.Е.Ануарова, З.Қ. Хикматуллаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

В этой статье обсуждается роль биологии в развитии творческих способностей учащихся, позволяющая решить одну или несколько проблем в результате высоких познавательных действий с помощью модели учебного материала учащегося

This article discusses the role of biology in the development of students' creative abilities, which allows one or more problems to be solved as a result of high cognitive actions using the model of the students educational material.

Мектеп-еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: жеке тұлғаны жан – жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту қажет.

Еліміздің жарқын болашағы, өзіміздің қызмет істеп жүрген мектеп болашағы біздің ұстаздардың ізденісіне, балаларға деген сүйіспеншілігіне, кәсіптік деңгейіне байланысты екенін жақсы түсінеміз. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр [1].

1. Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары

Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

Оқушының білім сапасын көтеру негізгі мақсат. Біз соңғы нәтиже сипатын, мектеп түлегінің білімділігі үлгісі арқылы құрдық.

Біздің оқушыларға қоятын талабымыз: - қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу; - ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру; - өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалай білуді меңгеру; - басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу; - қоршаған ортада өз орындарын, жеке ролдерін анықтай білу;

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болатындықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындығы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, биология пәні мұғалімі оқушылардың оқуға деген ынтасын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. *«Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады»*, - дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады [2].

2. Биология сабағында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру жолдары.

Биология пәнін оқыту үдерісін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыруға негізделген. Оқу – танымдық қызмет барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады.

Оқушылардың танымдық қызығушылықтары: - таным үрдісіндегі белсенділігі, - білімге қызығушылығы; -өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы; - оқу танымдық қызметтегі негізгі түйінді мәселені анықтау білігі; -игерілген білімді талдай білуі; - өз іс-әрекетін бақылау, бағалау көрсеткіштерінде беріледі;

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғарғы деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуде ұтымды жолдарды қолдана білумен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс-әрекетін бақылап, бағалай білуімен сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындайды [3].

Оқушының ойлау қабілетінің даму жолдарының алғы шарттарының бірі-оқушыны пәнге деген қызығушылығын анықтау, тәрбиелеу, жетілдіру, оның бойындағы ерекше қасиетін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік көрсету. Осы қағиданың негізінде ерекше қабілеті бар балалар ізденіс жұмыстарына белсене қатысып тартылады. Оқушылардың пәнге деген терең қызығушылығын ояту үшін, олардың танымдық белсенділігін танытуда оқушылардың олардың жас және жеке бас ерекшеліктерін есепке ала отырып, жалпы белсенділігін, дербестігін, жеке ынтасы мен шығармашылығын дамытуға жағдай жасайтын және қосымша құралдарды іздестіру қажет. Танымдық қызығушылық - тұлғаның қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарына іріктелген бағыттылығы. Бұл бағыттылық тануға, жаңалыққа тереңірек және толық білуге деген ұмтылыспен сипатталады. Танымдық үдеріс жүйелі түрде нығая және дами отырып, балаға деген жағымды қарым-қатынасқа негіз болады. Оқушыларда танымдық қызығушылығының болуы-олардың сабақта белсенді, білімінің сапалы болуына, оқуға жағымды түрткісін қалыптастыруға, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруда, белсенді өміршең позицияны ұстауға мүмкіндік береді. Оқушылардың биологияны оқу барысында танымдық іс-әрекеттерін арттыру үшін ойын элементтерін кеңінен пайдалануға болады. Сабақта ойын элементтерін пайдалану сабақтың мақсатын түсіндіруге икемділік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ғылыми техникалық прогрестің өте шапшаң қарқынмен дамуы ой еңбегін және оқыту үрдісін сапалы түрде жетілдіріп, күрделі проблеманы шешуді үздіксіз білім берудің жаңа түрлері мен тиімді әдіс - тәсілдерін тауып, оларды іс-тәжірибеге енгізу, оқушыларды өздігінен және шығармашылық оқуға үйретуге талап етіп отыр. Оқушының білімге құштарлығын оятып, белсенді ой-әрекетін жаттықтырып, алған білімді тереңдету мақсатында өз бетінше ізденуін қадағалай отырып, өздік жұмыс жасауға және стандартты емес есептерді шығара білуге баулу керек. Бүгінгі таңда еліміздің қай деңгейінде болмасын оқушылар білімін тексерудің негізгі түрлерінің бірі тестілеу әдісі болып отыр. Бұл әдістің біріншіден, оқушы білімін бағалауға мұғалімнің субъективтік көзқарасының әсері болмауын қамтамасыз етсе, екіншіден аз уақыт ішінде көлемді материалдар қамти отырып, білім деңгейін жылдам тексеріп шығуға мүмкіндік береді. Жалпы оқушы сабақтан тыс жұмыстар арқылы шығармашылық қабілетін дамыту үшін тек мектеп проблемасына сүйенбей, қосымша іздену жұмыстарымен айналысу керек. Оқушының шығармашылық ізденіске баулу, танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында сабақ барысында түрлі танымдық ойын түрлерін пайдалану және логикалық қызықты сұрақтарды шешудің тиімділігі зор. Оқушыларға жаңа сабақты түсіндіргенде және бекіту кезінде, қызықты есептерді талдау, биологиялық диктанттардың жауабын табу кезінде слайд арқылы түсіндірілсе, оқушылар біріншіден, тындау арқылы, екіншіден, көру арқылы әсер алып, есте жақсы сақтайды. Оқушыларды оқу қызметінің мүддесі мен мақсатын, оларды іске асыру әдістерін қалыптастыру үшін, ең алдымен оларды қызықтыру керек. Қызықты жұмыстар – ойды, зейінді ұштайды.

Оқушының жеке тұлғасын рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту - білім берудің басты мақсаты. Себебі, көп жағдайда оқушылар өздігінен ізденіп жұмыс істеуге, білімді тәжірибеде, өмірде өз бетінше пайдалана білуге дағдыланбайды. Осы түйінді мәселені шешу жолында оқу материалын түсіндіру кезінде оқушылардың сезіміне ықпал ету арқылы оларды ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыруға көңіл бөлу қажет [4].

Оқыту үдерісінде оқушылардың алған білім мен дағдыларын тексеру және бағалау нәтижесінде тек оқушының білім деңгейін ғана анықтамай, сонымен қатар оқушының жіберген қателерін талдағанда, қолданылған әдіс-тәсілдеріне, берілген тапсырмаларға түзетулер енгіземін. Сонда оқушының өз бетінше білім алуға, жіберген қатесін өзі жөндеуге белсенділігі артады. Жіберген қателерді ескертіп, оқушылар теориялық талдау жасап, оқулықпен жұмыс жасап, оқу материалының қандай түрлерін есте сақтау керектігін білуге, оқушының өз мүмкіндігін байқап, оны әрі қарай түсінуіне көмектесемін. Үйге орындауға берілген тапсырмалар арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне әр-түрлі деңгейде ұйымдастырып, жаттықтыру, бекіту, қайталау мақсатына өткізіледі. Белгілі педагог Л.С.Выготский оқушының өз бетінше тапсырманы орындауына әзірлігінің дәрежесін атап көрсеткен болатын. Осылайша бұл әзірлікті екі кезеңге бөледі: оқушы тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды, әрі қарай мұғалімнің көмегін қажет ететін қиынырақ тапсырма беру керек, яғни жаңа танымдық мәселе қойылады, бұл оқушының ақыл ойының дамуына көп көмек береді. Қазір білім беру үдерісіне жеке тұлғаның рухани жағынан қалыптасуы, оқушылардың интеллектін,

шығармашылық ойлауын дамыту – барлық оқыту мен тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр. Кеңес педагогы П.П.Блонский: «Егер екі мұғалімнің пәндерінің білімдері, әдістемелері, тәсілдерді қолдануы бірдей болса, онда жақсы мұғалім мен нашар мұғалімнің айырмашылықтары неде? » деген сұраққа былай: «жақсы мұғалім үшін барлық оқушылар әр-түрлі, бірдейі жоқ, ал нашар мұғалім үшін барлық оқушылар бірдей» деп жауап береді. Мұғалімді тәрбиелей келе П.П. Блонский: «оқушының әрқайсысының жеке ерекшеліктерін үйрету керек», - дейді. Биология сабақтарындағы танымдық қызығушылықты дамытуға ықпал ететін жағдайларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ - оқу материалының мазмұнымен тығыз байланысты. Оған мазмұнының жаңалығы, меңгерілген білімдерді жаңарту, хабарланатын материалға деген тарихи тәсіл жатады.

Екінші топ – оқыту үдерісін ұйымдастыру. Мұнда өзіндік жұмыстың түрлі нысандарын, проблемалық оқытуды, зерделенетін материалдарға ізденушілік тәсіл, шығармашылық жұмыстарды жатқызуға болады.

Үшінші топ - оқушылары мен мұғалімдер арасында қалыптасатын қарым-қатынастармен анықталады, мұнда оқушылардың қабілеттері, мұғалімнің өз пәніне деген қызығушылығы, оның оқушыларға үнемі көмекке дайын тұруы олардың күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімін жатқызады. Оқушылардың сабақтағы танымдық белсенділігін өзіндік және шығармашылық жұмыстардың алуан түрлерін пайдалану жолымен де арттыруға болады. М.М.Мұқанов өзінің «жас және педагогикалық психология» еңбегінде мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетіні көрсетіледі: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның мәтіні беріледі. Осы мәтінге өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол мәтінге сүйене отырып бала оны жаттап алады. Шығармашылық, ауызша және қызықты тапсырмалар, проблемалық ситуациялар, өзіндік жұмыс, тарихи элементтер мен оқу материалдары дәстүрлі емес нысандардан тұратын сабақтарды ұйымдастырып, өткізу қорытындысымен мынадай тұжырым жасауға болады: Біріншіден, оқуды оқушы үшін тек қызықты ғана емес, сондай –ақ нәтижелі ету үшін мұғалімнің шығармашылық ойын оқытудың тиімді әдістерін, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру тәсілдері мен әдістерін іздестіруге бағытталған жөн; екіншіден, егер биологияға деген қызығушылықты арттыру тәсілдері мен әдістерінің қалыптасқан жүйесін ұғымды қолданар болсақ, онда балаларда сабаққа деген ұмтылыс артып, биологияның ең қызықты пәндерінің бірі екендігі деген түсінігі нығая түсетіні анық [5].


Биология негізінде зертханалық жұмыстың өту барысы мысалында.

Сабақтың алғашқы және соңғы анатомиялық құрылысы. Стелла теориясы

Білімді жаңғырту:

- Өсімдік ұлпалары
- Өткізгіш шоқ түлері
- Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктердің айырмашылығы

Сабақтың анатомиялық құрылысы



<p><i>Сабақтың алғашқы анатомиялық құрылысы:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Эпидерма 2. Склеренхима (хлорофил дәндері болады) 3. Паренхима 4. Өткізгіш шоқтар 5. Өзек 	<p><i>Сабақтың соңғы анатомиялық құрылысы:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Эпидерма 2. Склеренхима (хлорофил дәнедрі болады) 3. Паренхима 4. Өткізгіш шоқтар 5. Камбий 6. Колленхима 7. Өзек 8. Сүрек 9. Тоз
---	---

I. Зертханалық жұмыс:

А) Қара бидай сабағының құрылысын тұрақты препараттан микроскоппен көру, суретін салу, белгілерін көрсету;

Б) Жүгерінің сабағының құрылысын тұрақты препараттан микроскоппен көру, суретін салу, белгілерін көрсету;

В) Жөке ағашының өркенінің (бұтағының) көлденең қимасының кесіндісінен дайындалған препараттан микроскоппен көру, суретін салу, белгілерін көрсету;

Г) Кәдімгі бежір өсімдігінің сабағының құрылысын тұрақты препараттан микроскоппен көру, суретін салу, белгілерін көрсету;

II. Зертханалық жұмыс:

А) Өсімдіктердің анатомиялық құрылысына сипаттама беру;

Б) Сабақтың алғашқы және соңғы анатомиялық құрылыстарына талдау жасау;

III. Зертханалық сабақтарды бағалау критерийлері:

№	Тапсырма	Дескриптор	балл
1	I	Дара жарнақты өсімдіктің сабағының анатомиялық құрылысын біледі	1
2		Қосжарнақты өсімдіктердің, ағашты өсімдіктердің анатомиялық құрылыс ерекшеліктерін біледі	1
3	II	Сабақтың алғашқы және соңғы анатомиялық құрылыстарына талдау жасай алады	1
4		Зертханалық жұмысқа баға бере алады	1
Жалпы балл: 4			

Осы тәсілдері мен әдістерді қолдану сабаққа өзгерістер енгізуімен қатар, балаларды жүйелі жұмыс істеуге үйретеді және өздерінің тарапынан белсенді іс-әрекетке деген үздіксіз талапты күту ахуалын қалыптастырады. Ең маңыздысы, оқушы тұлғасының толымдылығын оны әлеуметтендіру үдерісі барысында адамның ішкі жағдайлары мен жеке бас табиғатымен қоса дамытуға жағдай жасау болып табылады. Оған тек мұғалімнің де, оқушының да шығармашылық ізденісінің этижесінде қол жеткізуге болады. Бұдан шығатын қорытынды: биология пәні болсын, басқа пәндер болсын оқушыларды шығармашылыққа баулу және оқыту керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М.1997г.

2. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы 2000.

3. Баянкина З.Б. Познавательные игры в коллективе как средство развития творческой активности подростков: автореферат дисс..канд.пед.наук. –М., 1986,20 с.

4. Құрманалиев М.Қ. «Қазіргі педагогикалық технологиялар», Алматы 2010ж.

5. Куанышева Ж.Қ., Жамбулбаева А.Б. Оқушыларды шығармашылық қабілетін дамытудағы химияның маңызы. «Білімді ұрпақ – ел ертеңі» атты дәстүрлі V республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары». Алматы, 2018.

АСТЫҚТАРДЫ ЗАҚЫМДАЙТЫН САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ АРҚЫЛЫ ДӘЛЕЛДЕУ

Л.Е. Ануарова, Ж.Ж. Кужантаева., А.Е. Амантай

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

В Казахстане мало исследований по изучению действия разных видов грибов, повреждающих зерновые культуры. Поэтому овладение современными методами борьбы с грибными заболеваниями, вызывающими болезни у зерновых культур имеет большое значение для развития сельскохозяйственного сектора и для подготовки полноценных специалистов в этом направлении.

Ключевые слова: гриб, сапрофит, паразит, пеницилл, аспергилл, аскоспора, аскомицет, дейтеромицет.

There are few studies in Kazakhstan on the effects of different types of fungi that damage crops. Therefore, mastering modern methods of combating fungal diseases that cause diseases in grain crops is of great importance for the development of the agricultural sector and for training full-fledged specialists in this area.

Keywords: fungi saprophytes, parasites, penicillins, aspergillus, ascospores, ascomycetes, deuteromycetes.

Жоғары білім беру сапасын дамытудың жаңа тұжырымдамасы қазіргі таңда болашақ мамандарды дайындау олардың іскерлігін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге өздігінен білімін жетілдіру қабілеттерін дамыту, өз бетімен әрекет етуі мен шешім қабылдай алуын, өзінің іс-әрекеттері мен мінез-құлқына, өзіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру қажеттігін талап етеді.

Білім алушыларға тиянақты да, сапалы білім беру ізденіс арқылы, білім алушылардың пәнге деген құштарлығы мен қызығушылығы арқылы жүзеге асады. Ғылыми жұмыс орындау барысында білім алушылардың бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, мәселені тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыру жүзеге асады. Осы мақсаттарды ескере отырып сабақта жаңашылдық әдістерді пайдалану арқылы білім алушыларды өздігінен ізденуге, зерттеушілік негізінде алған білімдері мен білігін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру көзделді.

Білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстары мен міндеттерін былайша топтастырып қарастырдық:

- білім алушылардың кәсіби-шығармашылық дайындық деңгейін көтеру, жастарды ғылыми зерттеулерге тарту формаларын жетілдіру;
- өзекті мәселелер мен ғылымның басым міндеттерін шешуде білімгерлердің шығармашылық әлеуетін қолдану;
- білімгерлердің ғылыми шығармашылығының түрлі формасын дамытуға ұйымдастырушылық, әдістемелік, материалды-техникалық жағдай жасау;
- болашақ ғалым мен маманның жоғары кәсіби және белсенді шығармашыл тұлғасын қалыптастыруға қажетті жағдай тудыру;
- білім беру үдерісі мен білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің интеграциялануын қамтамасыз ету.

Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жұмысын бастамас бұрын оның мақсаты мен мазмұны және болашақ биолог мамандардың оқу-жобалық іс-әрекетінің тиімділігін зерттеудің өлшеу құралдары нақты анықтап алынды.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы астықтарды зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері материалдардағы оқу-жобалық іс-әрекеттер негізінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасында жүзеге асырылды.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысына 5В011300-Биология мамандығынан 71 білімгер қатысты. Оның 35 білімгері – бақылау тобы, 36 білімгері – эксперименттік топ болды.

Ғылыми-жоба жұмыстарын ұйымдастыру мен оны қолдануды білім беру барысында жүзеге асыру арқылы біз мынадай міндеттерді шештік:

- астықтарды зақымдайтын саңырауқұлақтар материалдары бойынша «Фитопатология» элективті курсының мазмұнын толықтырдық;
- білімгерлердің ғылыми -жобалық зерттеушілік іс-әрекеттері арқылы осылардың негізінде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін анықтадық;
- астықтарды зақымдайтын саңырауқұлақтар туралы білім беруде жобалық іс-әрекеттерін

ұйымдастырдық.

Ғылыми жобаны білім алушылармен орындау барысында бірлесе отырып жұмыс атқардық. Әсіресе, жобаның орындалу кезеңдерін бақылау және кеңес беру қызметі жүйелі жүргізілді.

Жоғарыда білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік білігін қалыптастыру мақсатымен жүйелі түрде дәрістік, зертханалық сабақтарда астықтарды зақымдайтын саңырауқұлақтарды оқытудың тиімді әдістерін көрсетіп, бірнеше сабақ жоспарын бердік.

Енді сол ұсынылып отырған әдістерді қолдана отырып, көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтар туралы білім беруді педагогикалық эксперимент арқылы ұйымдастырудың барысы мен нәтижесіне тоқталамыз.

Педагогикалық эксперимент 3 кезеңнен тұрды: а) анықтау; ә) қалыптастыру; б) нәтижені қорытындылау.

Анықтау эксперименті кезінде мына мақсаттар орындалды:

- болашақ биолог мұғалімдердің саңырауқұлақтар туралы білім деңгейін анықтау;
- болашақ биолог мұғалімдердің оқу-жобалық іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесін ұсыну және апробациядан өткізу.

Белгіленіп алынған екі топтың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтар туралы білім деңгейлерін анықтау үшін қарастырылған бөлімдер бойынша сұрақтар берілді:

Анықтау эксперименті барысында екі топтың білім деңгейлері шамалас екендігі анықталды. Анықтау эксперименті кезінде тексерілген білім алушылардың білімді меңгеру деңгейлері 44-суретте берілген.

Сұрақтарға жауап беруде жетінші сұраққа білімгерлердің 55 %, он екінші сұраққа 43,6 %, ал он сегізінші сұраққа 35,2% дұрыс жауап берген. Бұл көрсеткіштер білімгерлерге биологиялық білім беруде жүйеліліктің қажеттігін дәлелдейді.

Бұл эксперимент тобында да, бақылау тобында да жоғары деңгейдің жоқтығын көрсетеді. Орташа деңгейді ЭТ- 62,5 %, БТ- 59,5 %, төмен деңгейді ЭТ 37,5 %, БТ 39,5 % көрсетіп, көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтар туралы білімдерінің төмен екендігі анықталды.

Эксперименттің 2-кезеңінде білімгерлердің «Өсімдіктер систематикасы» пәнінен алған білімдерін ғылым жетістіктерін және зерттеу нәтижесінде «Фитопатологиядан» алынған ақпараттарды кіріктіре отырып оқыту қарастырылды.

Сондай білім алушыларға ғылыми-зерттеу нәтижелерін рәсімдеу, ғылыми мақала жазу, ғылыми конкурстар мен конференцияларға зерттеу нәтижелерін ұсыну бағытында жұмыстар жүргізілді.

«Астықтарды зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» атты оқу-әдістемелік нұсқаулық бойынша зертханалық сабақтар жүргізілді.

Аталған нұсқаулық арқылы саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері, даму циклі, құрылысы, астық тұқымдастарға тудыратын ауру түрлері, қоректік орталардағы таза екпесі ерекшеліктерімен қатар молекулалық- генетикалық зерттеу әдістерін қолдандық.

Аталып өткен зерттеу әдістерін қолдана отырып ұйымдастырылған сабақ жоспарына тоқталамыз.

Сабақтың тақырыбы: Жетілмеген саңырауқұлақ түрлерінің таза екпелерінің морфологиялық ерекшеліктері.

Сабақтың мақсаты.

а) білімділік: патогенді саңырауқұлақ түрлерінің морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу. Саңырауқұлақ түрлерінен зертханалық жағдайда таза екпесін алу әдістерін меңгерту;

ә) тәрбиелік: ауру қоздырушы саңырауқұлақ түрлерінің зиянын біле отырып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

б) дамытушылық: білім алушылардың зерттеушілік білігі мен шығармашылық қабілетін дамыту.

Сабақтың формасы: зертханалық сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: зерттеу, салыстыру, бақылау.

Қажетті құрал-жабдықтар: микроскоп, зат және жабын әйнектері, тамызғыш, сорғыш қағаз, ине, қысқыш, спирт шамы, қоректік орта құйылған Петри табақшалары, спирт, мақта, альтернария, фузариум, аспергиллмен зақымданған көкөніс түрлерінің кеппешөптері, жемістері, тұқымдары.

Сабақтың барысы:

Зертханалық сабақта студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін тапсырмалар берілді:

1) *Aspergillus P. Micheli, Fusarium Link, Alternaria Nees* туыстары түрлерінен зақымданған

тұқымнан таза екпе алу.

2) Зақымданған кеппешөптерден саңырауқұлақ түрлерінің таза екпесін алу.

1. Таза екпе алу әдістерінің ішінде қарапайым әдіс түрі – ылғалды орта дайындау арқылы саңырауқұлақ жіпшумағын бөліп алу. Білім алушылардың жоба барысында зерттелген көкөніс тұқымдарын ылғалды камерада өсіру әдістері жұмыс нәтижесі зертханалық сабақты өткізуде негізгі материал болды. Тұқымдардан өсіп шыққан саңырауқұлақ жіпшумағына талдау жасай отырып, қажетті материал таңдап алынды. Жұмыс барысы стерилді жағдайда орындалуы қатаң түрде сақталды.

Білім алушылар 2-топқа бөлінді. 1-топқа зақымданған тұқымдардан аспергиллдің таза екпесін бөліп алу, зерттеу жұмысы тапсырылды. Білім алушылар алдымен көкөніс тұқымдары бетінде түзілген саңырауқұлақ жіпшумағына (*Aspergillus P. Micheli*) микроскопиялық талдау жасап, бөліп алды. Оны алдын-ала Петри табақшаларына құйылған Чапека агарына иненің ұшымен орналастырды. Стерилді жағдайды қамтамасыз ету үшін инелер ұшы отқа әлсін-әлсін күйдірілді. Петри табақшалары арнайы парафинді ленталармен мұқият жабылды.

Сонымен қатар, топ мүшелеріне *Aspergillus* туысы түрлерін таза екпесі ерекшеліктеріне қарай ажырата білуді меңгеруі үшін дайын таза екпелері мен суреттерінің слайды көрсетілді. Таза екпесінің сыртқы ерекшелігіне қарай түрге ажырату жұмыстары жүргізілді. Мысалы, *Aspergillus ochraceus* Raper et Fennel., *Aspergillus flavus* Link., *Aspergillus niger* Tiegh. түрлерін таза екпесінің түсіне қарай ажыратты. Жауаптарын нақтылау мақсатында микроскоптық талдау жасады. Микроскоптық зерттеу әдістері арқылы конидияларын, конидия түзу ерекшеліктерін, құрылымын зерттеді. Жарық микроскобында суретке түсірілді.

2. 2-топ білім алушыларына зақымданған тұқымдардан *Fusarium* Link түрін анықтауға арналған зерттеулер жүргізді.

Ылғалды ортада зақымданған тұқымдарға микроскоптық талдау жасалды. Стерилді ортада Петри табақшасындағы қоректік ортаға иненің ұшымен ғана фузариуммен зақымданған тұқымның бір немесе бірнеше жерінен (3,4,6) саңырауқұлақ жіпшумағы алынып, қоректік ортаға орналастырылды. 25-27°C термостатта қалдырылды. Күнделікті өсіп шыққан екпеге талдау жасалып, суретке түсіріледі. Сонымен қатар, білім алушылар тұқымдағы саңырауқұлақ түрінен жіпшумақ бөліп алып, конидия түзу ерекшеліктерін зерттеді. Конидияларына талдау жасалды. Картопты-декстрозды агарда, 6 тәуліктік *Fusarium culmorum* (W.G. Sm.) Sacc. түрінің, Чапек агардағы 5 тәуліктік *Fusarium oxysporum* Schlecht, *Fusarium avenaceum* (Fr.) Sacc. (*Fusarium martii* Appel & Wollenw. түрлерінің таза екпесіне зерттеу жүргізді. Микроскопиялық талдау жүргізе отырып биологиялық ерекшеліктеріне, Петри табақшадағы таза екпелерінің сыртқы түсіне талдау жүргізді.

Жеке тақырыптарды талдауда жаттығу құралдары мен зерттеу техникаларын қолдана отырып, ұжымдық, топтық, жеке тәжірибе жүргізіп,

білімгерлердің мамандығына байланысты құзыреттіліктері, зерттеушілік біліктігі қалыптасты. Сонымен қатар, білім алушылар зертханалық жұмыстарды жүргізудің әдістемесін үйренді, микологиялық материалды зерделеу дағдылары қалыптасты, саңырауқұлақ түрлерінің таза екпесін алу әдістерін үйренді. Изолятқа микроскоптық талдаулар мен макроморфологиялық (өсу типі мен жылдамдығы, қауым морфологиясы, жіпшумақ түсі) ерекшеліктерін анықтады. Штаммға микроморфологиялық (конидия сағағы құрылысы және конидия пішіні, өлшемі, қоректік орталарда өсуі) зерттеулер жүргізуді, саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес ағзалар тобын коллекциялау әдістерін қолданды. *In vitro* жағдайында күресу шараларын, заманауи зерттеу (ДНҚ бөліп алу, ДНҚ концентрациясын анықтау, ПТР жүргізу) арқылы жүргізілді.

Болашақ биолог мамандардың саңырауқұлақтар туралы білімін қалыптастыру диагностикасында «интербелсенді дәріс сабақтары», «демонстрациялы интербелсенді зертханалық сабақ», «кампус зертханасы» (campus living laboratory), «Визуализациямен оқыту» (teaching with visualizations), «Іздестіру жағдайына негізделген оқыту» (investigative case based learning), жоба жұмыстары т.б. әдістері қолданылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі, 2006 жылғы 18 қаңтар «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Астана, 2006 жыл // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002006>.
2. Рейвн П., Эверт Р., Айкхорн С. Современная ботаника. В 2-х т. Пер. с англ. - М.: Мир, 1990. – Т 2. – С. 348.
3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006. – 344 б.
4. Торманов Н.Т., Абылайханова Н. Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 260 б.
5. Торманов Н, Уршеева Б, Аблайханова Н. Биологиядан білім беру концепциясы // Биология және сауаттылық негізі. – 2014. - № (2) 68. – Б.12-15.
6. Торманов Н. Болашақ мамандардың кәсіби мәдениеттілігін дамыту // Вестник КазНУ, серия биологическая. -2011. - №3 (48). –С. 137-139.
7. Ануарова Л.Е. Гүлді өсімдіктерге ауру туғызатын пикнидалы саңырауқұлақтар түрлерін таксономиялық талдау // ҚР ҰҒА Баяндамалары. Биология және медицина сериясы. - Алматы, 2006, – №2. 100-105 б.

ШАРЫН МҮТП ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ СУ ЖАРТЫЛАЙ ҚАТТЫҚАНАТТЫЛАРЫНЫҢ (НЕТЕРОПТЕРА) ЗООГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАРАЛУЫ

Т. Алтынбек¹, П.А. Есенбекова²

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті¹, Қазақстан, Алматы қ.
ҚР БҒМ ҒК «Зоология институты»², Қазақстан, Алматы қ.

Географическое распространение клопов, как и других насекомых, подчиняется в основном тем же закономерностям, которые известны для других наземных организмов. Анализируя зоогеографические ареалы водных полужесткокрылых Чарынского ГНПП, мы обнаружили, что они принадлежат 15 зонам распространения. Голарктические: Corixidae, Saldidae. Транспалеарктические: Nepidae, Corixidae, Gerridae, Leptopodidae. Транспалеарктическо-эфиопские: Saldidae. Западнопалеарктические: Nepidae, Notonectidae, Corixidae, Notonectidae, Pleidae, Mesoveliidae, Hebridae, Hydrometridae, Gerridae, Saldidae. Западнопалеарктическо-ориентальные: Corixidae, Notonectidae. Восточнопалеарктические: Aphelocheiridae. Восточнопалеарктическо-ориентальные: Gerridae. Центральнопалеарктические: Corixidae. Трансевразийские: Corixidae, Naucoridae, Notonectidae, Gerridae, Saldidae. Западноевразийские: Corixidae, Hebridae, Gerridae, Saldidae.

Среднеевразийские: Corixidae. Средне-западноевразийские: Hydrometridae. Средне-восточноевразийские: Nepidae. Среднететийские: Saldidae, Mesoveliidae. Туранско-туркестанские: Aphelocheiridae.

Ключевые слова: Водные полужесткокрылые, Чарынский ГНПП, зоогеографическое распространение.

The geographical distribution of bed bugs, like other insects, obeys basically the same patterns that are known to other terrestrial organisms. Analyzing the zoogeographic ranges of the aquatic semi-winged Charyn SNNP, we found that they belong to 15 distribution zones. Holarctic: Corixidae, Saldidae. Trans-Palaeartic: Nepidae, Corixidae, Gerridae, Leptopodidae. Trans-Palaeartic-Ethiopian: Saldidae. West Palaeartic: Nepidae, Notonectidae, Corixidae, Notonectidae, Pleidae, Mesoveliidae, Hebridae, Hydrometridae, Gerridae, Saldidae. West Palaeartic-Oriental: Corixidae, Notonectidae. East Palaeartic: Aphelocheiridae. East Palaeartic-Oriental: Gerridae. Central Palaeartic: Corixidae. Trans-Eurasian: Corixidae, Naucoridae, Notonectidae, Gerridae, Saldidae. West Eurasian: Corixidae, Hebridae, Gerridae, Saldidae. Central Asian: Corixidae. Midwest Eurasian: Hydrometridae. Middle East Eurasian: Nepidae. Middle Tetian: Saldidae, Mesoveliidae. Turan-Turkestan: Aphelocheiridae.

Keywords: Aquatic heteroptera, Charyn SNNP, zoogeographic distribution.

Қазақстан территориясы орографиялық күрделі орналасқан аймақ, мұнда кең көлемді жазықтар шоқылар, аласа және биік таулармен кезектесіп кездеседі. Түрлердің таралу аймағы орналасуы жағынан әртүрлі, бір түрдің таралу аймағы шегінде оңтүстіктен солтүстікке ылғалдылық жағдайына қарай стациялардың ауысуы байқалады. Оңтүстіктегі гигрофильді түрлер солтүстікте тіршілігі үшін құрғақ, тіпті ксерофильді стацияны таңдайды. Бұл оңтүстік пен солтүстікте ауа булану күшінің әртүрлі болуына байланысты. Бұл жартылай қаттықанаттылардың таралу аймағын анықтау үшін жартылай қаттықанаттылардың Палеарктикалық қазіргі каталогы [1] және басқа да бірқатар әдебиет көздері [2-11] пайдаланылды.

Жартылай қаттықанаттылардың географиялық таралуы, басқа насекомдар сияқты барлық құрлық организмдеріне тиісті заңдылықтарға бағынады. А.П. Семенов-Тянь-Шанский [2] Палеарктикалық облыстың зоогеографиялық тарауларының егжей-тегжейлі сызбасын жасады. Энтомологтар үшін О.Л. Крыжановский [3-8], И.К. Лопатин [9-10] еңбектері өте маңызды. Ресейде жартылай қаттықанаттылардың зоогеографиялық таралуы жайлы еңбектерді алғашқы болып жариялаған В.Ф. Ошанин [11].

2018-2020 жылдардағы зерттеулер нәтижелері бойынша Шарын МҮТП территориясының географиялық орналасуына байланысты, бұл жерден су жартылай қаттықанаттыларының 13 тұқымдасқа жататын 72 түрі табылды (кесте 1).

Кесте 1 – Шарын МҮТП су жартылай қаттықанаттылары тұқымдастарының түр саны мен пайыздық мөлшері

Тұқымдас	Түр саны	%
Nepidae	3	4
Naucoridae	1	1
Aphelocheiridae	2	2
Notonectidae	3	4
Pleidae	1	1
Hydrometridae	2	2

Corixidae	27	37
Mesoveliidae	2	2
Hebriidae	2	3
Veliidae	2	3
Gerridae	9	13
Saldidae	17	25
Leptopodidae	1	1
Барлығы:	72	100

1-кесте нәтижесі бойынша түр саны жағынан Corixidae (27 түр, 37%), Gerridae (9 түр, 13%), Saldidae (17 түр, 25%) тұқымдастары басым, қалған 10 тұқымдастарда 1-3 түрден ғана кездесті.

Шарын МҰТП жартылай қаттықанаттыларының таралуы үшін А.Ф. Емельяновтың [12] биогеографиялық аудандастыру сызбасын пайдаландық (кесте 2).

Кесте 2 – Шарын МҰТП территориясының су жартылай қаттықанаттыларының зоогеографиялық таралуы және пайыздық мөлшері

Таралу аймақ атауы	Түр саны	Жалпы саннан %
Голарктикалық	6	9
Транспалеарктикалық	7	10
Эфиопиялық-транспалеарктикалық	1	1
Батыспалеарктикалық	15	21
Батыспалеарктикалық-ориентальды	2	3
Шығыспалеарктикалық	1	1
Шығыспалеарктикалық-ориентальды	1	1
Ортапалеарктикалық	1	1
Трансеуразиялық	12	18
Батысеуразиялық	20	28
Ортаеуразиялық	1	1
Орта-батысеуразиялық	1	1
Орта-шығысеуразиялық	1	1
Ортатетийлік	2	3
Түркістан-тұран	1	1
Барлығы:	72	100

Голарктикалық топ (9%): *Sigara fallenoidea* (Hungerford, 1926), *Microvelia buenoi* Drake, 1920, *Saldula opacula* (Zetterstedt, 1838), *Saldula pallipes* (Fabricius, 1794), *Saldula saltatoria* (Linnaeus, 1758), *Salda sahlbergi* Reuter, 1870.

Транспалеарктикалық топ (10%): *Nepa cinerea* Linnaeus, 1758, *Callicorixa praeusta praeusta* (Fieber, 1848), *Cymatia bonsdorffii* (C.R.Salberg, 1819), *Gerris argentatus* Schummel, 1832, *Gerris lacustris* (Linnaeus, 1758), *Limnoporus rufoscutellatus* (Latreille, 1807), *Erianotus lanosus* (Dufour, 1834).

Транспалеарктикалық-эфиопиялық топ (1%): *Saldula palustris* (Douglas, 1874).

Батыспалеарктикалық топ (21%): *Ranatra linearis* (Linnaeus, 1758), *Notonecta glauca* Linnaeus, 1758, *Plea minutissima minutissima* Leach, 1817, *Hydrometra stagnorum* (Linnaeus, 1758), *Mesovelia furcata* Mulsant & Rey, 1852, *Hebrus pusillus pusillus* (Fallen, 1807), *Corixa affinis* Leach, 1817, *Cymatia rogenhoferi* (Fieber, 1804), *Sigara lateralis* (Leach, 1817), *Sigara nigrolineata nigrolineata* (Fieber, 1848), *Hesperocorixa linnaei* (Fieber, 1848), *Gerris thoracicus* Schummel, 1832, *Macrosaldula variabilis* (Herrich-Schaffer, 1835), *Saldula arenicola arenicola* (Scholtz, 1847).

Батыспалеарктикалық-ориентальды топ (3%): *Notonecta viridis* Delcourt, 1909, *Corixa punctata* (Illiger, 1807).

Шығыспалеарктикалық топ (1%): *Aphelocheirus nawae* Nawa, 1905.

Шығыспалеарктикалық-ориентальды топ (1%): *Gerris sahlbergi* Distant, 1879.

Ортапалеарктикалық топ (1%): *Paracorixa caspica* (Horvath, 1878).

Трансеуразиялық топ (18%): *Ilyocoris cimicoides cimicoides* (Linnaeus, 1758), *Notonecta reuteri reuteri* Hungerford, 1928, *Microvelia reticulata* (Burmeister, 1835), *Callicorixa producta producta* (Reuter, 1880), *Aquarius paludum paludum* (Fabricius, 1794), *Gerris odontogaster* (Zetterstedt, 1828), *Gerris lateralis* Schummel, 1832, *Saldula fucicola* (J.Sahlberg, 1870), *Saldula nobilis* (Horvath, 1884), *Saldula*

pilosella pilosella (Thomson, 1871), *Saldula orthochila* (Fieber, 1859), *Teloleuca pellucens* (Fabricius, 1779).

Батысеуразиялық топ (28%): *Corixa dentipes* Thomson, 1869, *Sigara assimilis* (Fieber, 1848), *Sigara semistriata* (Fieber, 1848), *Sigara striata* (Linnaeus, 1758), *Sigara distincta* (Fieber, 1848), *Sigara falleni* (Fieber, 1848), *Sigara longipalis* (J.Sahlberg, 1878), *Sigara limitata limitata* (Fieber, 1848), *Micronecta griseola* Horvath, 1899, *Micronecta minutissima* (Linnaeus, 1758), *Micronecta pusilla* (Horvath, 1895), *Cymatia coleoprata* (Horvath, 1895), *Hesperocorixa sahlbergi* (Fieber, 1848), *Paracorixa concinna concinna* (Fieber, 1848), *Hebrus ruficeps* Thomson, 1871, *Gerris costae costae* (Herrich-Schaffer, 1850), *Saldula melanoscela* (Fieber, 1859), *Saldula nitidula* (Puton, 1880), *Salda muelleri* (Gmelin, 1790).

Ортаеуразиялық топ (1%): *Paracorixa kiritshenkoi* (Lundbland, 1933).

Орта-шығысеуразиялық топ (1%): *Ranatra unicolor* Scott, 1874

Орта-батысеуразиялық топ (1%): *Hydrometra gracilentata* Horvath, 1899.

Ортатетийлік топ (3%): *Mesovelia thermalis* Horvath, 1915, *Macrosaldula jakowleffi* (Reuter, 1891).

Тұран-түркістан тобы (1%): *Aphelocheirus bianchii* Kiritshenko, 1933.

Шарын МҰТП территориясының жартылай қаттықанаттыларының зоогеографиялық таралу аймақтарын талдай келе, олардың 15 таралу аймағына жататынын анықтадық (диаграмма 1).




Диаграмма 1 - Шарын МҰТП территориясының су жартылай қаттықанаттыларының зоогеографиялық таралуы

Пайдаланған әдебиеттер:

- Oshanin V. Katalog palaearktishien Hemipteren // - Berlin, 1912. – P. 1-187.
- Семенов-Тянь-Шанский А.П. Пределы и зоогеографические подразделения Палеарктической области для наземных сухопутных животных на основании географического распределения жесткокрылых насекомых // - М.-Л., 1936. - С. 1-16.
- Крыжановский О.Л. Состав и происхождение наземной фауны Средней Азии // - Л., 1965. - С. 1-420.
- Крыжановский О.Л. О принципах зоогеографического районирования суши // Зоол. журнал. - Т. 55. - Л., 1976а. - Вып. 7.- С. 965-975.
- Крыжановский О.Л. К вопросу о предмете зоогеографии и методах зоогеографических исследований // Журн. общ. биол. - Л., 1976б. - Т. 37. - № 5. - С. 762-768.
- Крыжановский О.Л. Об объеме и зоогеографическом расчленении Палеотропического доминиона // Современные проблемы зоогеографии. - М., 1980. - С. 61-81.
- Крыжановский О.Л. Принципы единого зоогеографического районирования суши на основе распространения наземных беспозвоночных // Журн. общ. биол. - Л., 1987. - Т. 48. - Вып. 1. - С. 66-71.
- Крыжановский О.Л. Состав и распространение энтомофаун земного шара // - М., 2002. - С. 1-237.
- Лопатин И.К. Основы зоогеографии // - Минск, 1980. – С. 1-199.
- Лопатин И.К. Зоогеография // - Минск, 1989. - С. 1-356.
- Ошанин В.Ф. Зоогеографический характер фауны полужесткокрылых Туркестана // Типография императорского русского географического общества. - СПб., 1891. - 116 с.
- Емельянов А.Ф. Предложения по классификации и номенклатуре ареалов // Энтومол. обзор. – Л., 1974. - Т. 53. - Вып. 3. - С. 497-522.

ТАБИҒИ ПОПУЛЯЦИЯЛАРЫНДАҒЫ ҚАРАҚАТТАРДЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДІҢ ӨЗГЕРГІШТІГІ

Т.К. Байбекова¹, Х.Р. Айсәулова², Л.Е. Ануарова¹

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті¹, Қазақстан, Алматы қ.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты², Қазақстан, Алматы қ.

Многие дикие виды смородины отличаются высокими вкусовыми свойствами, а некоторые виды можно использовать как декоративные растения. Два вида смородины-альпийская смородина (*Ribes alpinum* L.), представляющая интерес для селекционеров и имеющая возможность использования в декоративных целях, комплексно устойчивых к болезням.) и Мейера (*Ribes Meyeri* Maxim), смородины исследованы по восьми морфологическим признакам листьев и 6 признакам плода. По результатам дисперсионного и кластерного анализа большинство морфологических признаков показали, что существуют конкретные различия между видами альпийской смородины и Мейерской смородины. Методом кластерного анализа растений смородины Мейера были выделены четыре кластера по продуктивным признакам. Четыре кластера состоят из шести ветвей смородины, отличающихся от других кластеров небольшим количеством кустарников, а также минимальной массой ягод. В первый кластер были обнаружены смородины Мейер, состоящие из трех ветвей смородины. В растениях, вошедших в этот кластер, установлено наибольшее количество кустарниковых ягод (8,7 штук), которые можно представить для дальнейшей селекции.

Ключевые слова: смородина Мейера, смородина альпийская, ценопопуляция, ценоз, морфология листа, продуктивность, дисперсионный анализ, кластерный анализ.

Many of the wild species of currant are characterized by high taste properties, and some species can be used as ornamental plants. Two types of currant-Alpine currant (*Ribes alpinum* L.), which is of interest to breeders and can be used for decorative purposes, which are complexly resistant to diseases.) and Meyer (*Ribes meyeri* Maxim), currants were studied by eight morphological characteristics of the leaves and 6 characteristics of the fruit. Based on the results of dispersion and cluster analysis, most morphological features have shown that there are specific differences between the types of Alpine currant and Meyer currant. The method of cluster analysis of Meyer currant plants was used to identify four clusters by productive characteristics. Four clusters consist of six branches of currant, which differ from other clusters in a small number of shrubs, as well as a minimum weight of berries. In the first cluster, Meyer currants were found, consisting of three branches of currant. The plants included in this cluster have the largest number of shrub berries (8.7 pieces) that can be presented for further selection.

Keywords: Meyer's currant, Alpine currant, coenopopulation, coenosis, leaf morphology, productivity, dispersion analysis, cluster analysis.

Қарақаттың табиғатта да, адам өмірінде де маңызы зор екені бәрімізге де белгілі. Елімізде қарақат (Тасжарғандар тұқымдасы) Шығыс және Орталық Қазақстанның орманды дала және таулы аудандарындағы едәуір танымал бұта. Батыста ол Орал өзенінің бассейніне дейін тараған, ал оңтүстік-шығыста Жоңғар Алатауына дейін тараған. Қара қарақаттың құрамында 85% су, 1% ақуыз, 8% көмірсулар, 3% өзек, органикалық қышқылдар, К, Е, В, В2, РР, С, А дәрумендері, каротин, калий, кальций, магний, фосфор және темір микроэлементтері бар. Сонымен қатар глюкоза мен фруктозаға бай. Қарақаттың жапырағында, бүршігінде, жидегінде аскорбин қышқылы өте мол [1-3]. Сондықтан қарақаттың табиғаттағы популяциясын жан-жақты зерттеп мәдени түрде өсіру қазіргі өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу нысаны- қарақат(тасжарған тұқымдасы):

Материал: Жапырақтың 8 морфологиялық және өнімділігінің 6 белгісі бойынша қарақаттың екі түрін: өте биік қарақат *Ribes meyeri* Maxim және қара қарақатты іріктеп алу.

Зерттеу әдістері: Дала жағдайында *Ribes meyeri* Maxim қарақатына және қара қарақатқа морфометриялық талдау жүргізу.

Зерттеудің мақсаты: Алматының таулы аймақтарындағы қарақаттың табиғи ценопопуляциясын зерттеу. Қарақаттың табиғи популяциясын өсірудің келешегінің негізгі әртүрлі генетикалық деңгейіне баға бере отырып, жидекті өсіру селекциясына пайдалану мүмкіндігін қарастыру.

Зерттеулердің міндеті:

- *Ribes meyeri* Maxim қарақаты және қара қарақаттың жапырақтарына морфометриялық талдау жүргізу, зерттелген белгілер бойынша өзгергіштікті анықтау;
- *Ribes meyeri* Maxim қарақаты және қара қарақаттың шашақтарындағы жидектерінің көптігі мен жалпы массасы өнімділігін кластерлік талдау бойынша анықтау;


Материалдар мен зерттеу әдістері

Тәжірибеге керекті материалдарды солтүстік Тянь-Шандағы Көлсай көлінің маңынан маусым айында жиналды. Ол Күнге Алатауы мен Іле Алатауының ортасындағы шатқалда жатыр. Көл Алматы облысының Райымбек ауданында орналасқан. Алматының оңтүстік шығысынан 330 км қашықтықта, материалдартеңіз деңгейінен 1000м, 2500 м, 2700 м биіктіктен алынды

Вард (Уорд) әдісі. Кластерлік талдау [4-5]. Бұл әдіс қарапайым, әрі қолдануға ыңғайлы әдіс. Бұл әдіспен көп деректерді талдауға болады. Кластерлік талдау (кластеризация) дегеніміз сипаттамалары ұқсас қарастырылған нысандарды(объектілерді) жеке топтарға(класстарға)бөлу және олардың арасындағы қарым-қатынастарды анықтау.Кластерлік талдаудың екі типі бар: иерархиялық және иерархиялық емес. Олардың негізгі айырмашылығы – бірінші типте нысандарды тек топтарға (кластерлер) бөліп қана қоймай, бір-біріне қатысты орналасуын (иерархия) қарастырады. Екінші типте талданушы нысандарды сипаттауға ғана шектеледі. Сонымен қатар иерархиялық кластеризацияның қорытындыларын графика түрінде, яғни дендограмма түрінде көрсетуге болады.

Дендрограммалар

Дендрограмманы салу: матрица ұқсастығына негізделген, бір-біріне жақын, ұқсастық коэффициенті бойынша ең жақын екі объектіні(нысанды) алып бір классқа біріктіреді. Содан соң бұрынғы қалған нысанның жаңа нысанмен ұқсастығы есептеледі. Тағы екі нысанды бөліп алып оларды тағы біріктіреді, әрі қарай бәрін бір классқа кіргенше біріктірге береді (Сурет- 1).



Сурет-1-Иерархиялық кластерлік талдаудың сыртқы түрі(дендрограмма)

Альпі қарақатының ценопопуляциясынан 4 экспозиция бөлінді:

1) Бұталы- биікшөпті шыршалылар, бұл қауымдастықта кіретіндер - үшқат, итмұрын, шетен, альпі қарақаты, Мейер қарақаты, қарағай, қайың, үйеңкі, орман бүлдіргені, жусан, әлен, қазтабан, шұнақ, шұбаршөп, қаражөмісті өлең, қырыққұлақ, жасыл мүк.

2) Бұталы- биікшөпті шыршалылар, бұл қауымдастықта кіретіндер - Мейер қарақаты, альпі қарақаты, жыланбас, альпі шегіргүлі, батпақ тасжарғаны, аласа үшқат, Ольга үшқаты, куриль шайы, биік саумалшық, қызылғылтсары көкнар, қоңырбас, қостүсті қазтабан, наурызгүл, кестежусан, орман бүлдіргені, қарғакөз, қырыққұлақ, жасыл мүк, қара аюбадам, орман қазтамағы.

3) Аршалы, дәнді дақылды, шыршалылар, бұл әртүрлі шөптерден тұратын қауымдастыққа кіретіндер: альпі қарақаты, Мейер қарақаты, шөптесіндер- крылов бетегесі, алтай үшқылтығы, ботагөз, альпі қашғаргүлі, альпі қоңырбасы, Дмитриеваның жебіршөбі, әрем, альпі таспасы, орман бүлдіргені, қарғакөз, қырыққұлақ, жасыл мүк, орман қазтамағы.

4) Ұзын алаңқай - бұл әртүрлі шөптерден тұратын қауымдастыққа кіретіндер - сібір аршасы, тянь-шан талы, алатау аршасы, Альберт итмұрыны, Альтман үшқаты. Шөптесіннің ішіндегілер: сібір байғұты, Мейер қарақаты, орман бүлдіргені, қарғакөз, қарғакөз, жасыл мүк, орман қазтамағы, альпі қарақаты, қазтабан, шұнақ, шұбаршөп.

Мейер қарақатының ценопопуляциясынан 5 экспозиция бөлінді:

1) Бұталы- биікшөпті шыршалылар, бұл қауымдастықта кіретіндер - үшқат, итмұрын, шетен, альпі қарақаты, Мейер қарақаты, шырша, қайың, үйеңкі, орман бүлдіргені, әрем, жусан, әлен, қаражөмісті өлең, қырыққұлақ, жасыл мүк.

2) Бұталы- биікшөпті шыршалылар, бұл қауымдастықта кіретіндер: Мейер қарақаты, альпі қарақаты, жыланбас, альпі шегіргүлі, батпақ тасжарғаны, аласа үшқат, Ольга үшқаты, куриль шайы, биік саумалшық, қызылғылтсары көкнар, қоңырбас, қостүсті қазтабан, наурызгүл, кестежусан, орман бүлдіргені, қарғакөз, қырыққұлақ, жасыл мүк, қара аюбадам, орман қазтамағы.

3) Аршалы, дәнді дақылды, шыршалылар, бұл әртүрлі шөптерден тұратын қауымдастыққа кіретіндер: альпі қарақаты, Мейер қарақаты, шөптесіндер- крылов бетегесі, алтай үшқылтығы, ботагөз, альпі қашғаргүлі, альпі қоңырбасы, Дмитриеваның жебіршөбі, әрем, альпі таспасы, орман

бүлдіргені, қарғакөз, қырыққұлақ, жасыл мүк, орман қазтамағы. қара аюбадам, кавказ бақааузы, қарғакөз.

4) Аласа шөптер мен байғұттан тұратын шыршалылар, ағаштар паркта өсетіндерге ұқсайды. Аса көп емес бұталардың ішінде сібір, казак, бірен- саран алатау, тянь-шан аршалары, Альберт итмұрыны, Альтман ұшқаты кездеседі. Шөптердің ішінде өсетіндердің көбі - сібір байғұты, жартас қазтамағы. Мүк қабаты әлсіз дамыған, жайылып өсетін аласа аршаның тостары әр жерде кездеседі, сарғалдақ, ботагөз, шүйіншөп, жебіршөп, қарағай, қайың, самшит те бар.

Данные таблицы 1 показывают, что в результате исследований для ТОО «Байсерке Агро» в 2019 году на посевах ячменя выявлено из 7 семейств 19 видов полужесткокрылых. Среди них видовым разнообразием выделяется семейство *Miridae* – 11 видов, Nabidae – 3 вида, в остальных 5 семействах по 1 виду.

Таблица 2 – Биология и экология полужесткокрылых ТОО «Байсерке Агро»

Виды	Жизненная форма	Экология	Трофические специализация	Число поколений в год	Зимующая стадия
<i>Семейство Miridae</i>					
<i>Leptopterna dolabrata</i> L., 1758	хортобионт	мезофил	широкий олигофитофаг	моновольтинный	яйца
<i>Leptopterna ferrugata</i> (Fallen, 1807)	хортобионт	мезофил	широкий олигофитофаг	бивольтинный	яйца
<i>Deraeocoris ruber</i> (Linnaeus, 1758)	хортотамно-дендробионт	мезофил	зоофитофаг	моновольтинный	яйца
<i>Liocoris tripustulatus</i> (Fabricius, 1781)	хортобионт	мезофил	полифитофаг	моновольтинный	имаго
<i>Lygus gemellatus gemellatus</i> (Herrich-Schaeffer, 1835)	хортобионт	мезофил	полифитофаг	бивольтинный	имаго
<i>Lygus pratensis</i> (Linnaeus, 1758)	хортобионт	мезофил	полифитофаг	бивольтинный	имаго
<i>Stenotus binotatus</i> (Fabricius, 1794)	хортобионт	мезофил	широкий олигофитофаг	моновольтинный	яйца
<i>Megaloceroea recticornis</i> (Geoffroy, 1785)	хортобионт	мезофил	широкий олигофитофаг	моновольтинный	яйца
<i>Notostira erratica</i> (Linnaeus, 1758)	хортобионт	мезофил	широкий олигофитофаг	бивольтинный	имаго
<i>Stenodema calcarata</i> (Fallen, 1807)	хортобионт	мезофил	полифитофаг	бивольтинный	имаго
<i>Trigonotylus ruficornis</i> (Geoffroy, 1785)	хортобионт	мезофил	широкий олигофитофаг	поливольтинный	яйца
<i>Семейство Pentatomidae</i>					
<i>Dolycoris baccarum</i> (Linnaeus, 1758)	хортобионт	мезофил	полифитофаг	моновольтинный	имаго
<i>Семейство Scutelleridae</i>					
<i>Eurygaster integriceps</i> Puton, 1881	хортобионт	мезоксерофил	широкий олигофитофаг	моновольтинный	имаго
<i>Семейство Rhopalidae</i>					
<i>Corizus hyoscyami hyoscyami</i> (Linnaeus, 1758)	хортобионт	мезофил	полифитофаг	бивольтинный	имаго
<i>Семейство Lygaeidae</i>					
<i>Nysius helveticus</i> (Herrich-Schaeffer, 1850)	хортобионт	мезоксерофил	полифитофаг	бивольтинный	яйца
<i>Семейство Nabidae</i>					
<i>Nabis brevis brevis</i> Scholtz, 1847	хортобионт	мезофил	зоофаг	моновольтинный	имаго
<i>Nabis ferus</i> (Linnaeus, 1758)	хортобионт	мезофил	зоофаг	моновольтинный	имаго
<i>Nabis palifer</i> Seidenstucker, 1954	хортобионт	ксерофил	зоофаг	поливольтинный	имаго
<i>Семейство Reduviidae</i>					
<i>Coranus subapterus</i> (De Geer, 1773)	эпигеобионт	мезоксерофил	зоофаг	моновольтинный	яйца

Данные таблицы 2 показывают, что по жизненным формам клопы на посевах ячменя ТОО «Байсерке Агро» распределяются по 3 группам: хортобионты (17 видов, 90%), хортотамно-дендробионты (1 вид, 5%), эпигеобионты (1 вид, 5%).

В гемиптерофауне на посевах ячменя ТОО «Байсерке Агро» выделяются 4 экологических групп: ксерофилы (1 вид, 5%), мезоксерофилы (3 вида, 16%), мезофилы (15 видов, 79%).

По трофической специализации клопы на посевах ячменя ТОО «Байсерке Агро» подразделяются на 3 группы: фитофаги (14 видов, 74%), зоофаги (4 вида, 21%), зоофитофаги (1 вид, 5%).

По числу поколений в год полужесткокрылые на посевах ячменя ТОО «Байсерке Агро» разделяются на 3 группы: моновольтинные (10 видов, 53%), бивольтинные (7 видов, 37%), поливольтинные (2 вида, 10%).

Среди полужесткокрылых на посевах ячменя ТОО «Байсерке Агро» в стадии имаго зимуют 11 видов (58%), в стадии яйца – 8 видов (42%).

Заключение

В результате исследований для ТОО «Байсерке Агро» в 2019 году на посевах ячменя выявлено из 7 семейств 19 видов полужесткокрылых. Среди них видовым разнообразием выделяется семейство *Miridae* – 11 видов, *Nabidae* – 3 вида, в остальных 5 семействах по 1 виду. По жизненным формам они распределяются на 3 группы: хортобионты (17 видов), хортотамно-дендробионты (1 вид), эпигеобионты (1 вид). Среди них выделяются 3 экологических групп: ксерофилы (1 вид), мезоксерофилы (3 вида), мезофилы (15 видов). По трофической специализации подразделяются на 3 группы: фитофаги (14 видов), зоофаги (4 вида), зоофитофаги (1 вид). По числу поколений в год полужесткокрылые разделяются на 3 группы: моновольтинные (10 видов), бивольтинные (7 видов), поливольтинные (2 вида).

Среди них в стадии имаго зимуют 11 видов (58%), в стадии яйца – 8 видов (42%).

Использованная литература:

1. Кириченко А.Н. Методы сбора настоящих полужесткокрылых и изучения местных фаун. Изд-во АН СССР. - М.-Л., 1957. - 124 с.
2. Кулик С.А. Методы сбора и изучения полужесткокрылых насекомых (Heteroptera), обитающих на деревьях, кустарниках и травянистых растениях Сибири // Насекомые Восточной Сибири и Дальнего Востока. - Иркутск, 1978. - С. 7-19.
3. Палий В.Ф. Методика изучения фауны и фенологии насекомых. - Воронеж, 1970. - 192 с.
4. Фасулати К.К. Полевое изучение наземных беспозвоночных. - М., 1971. - 424 с.
5. Асанова Р.Б., Чилдибаев Д.Б. Вредные и полезные полужесткокрылые (Heteroptera) Южного и Западного Казахстана // Вестн. с.-х.науки Казахстана. - Алма-Ата, 1976. - Вып. 5.- С. 43-46.
6. Wagner E. Die *Miridae* Hahn, 1831, des Mittelmeerraumes und der Makaronensischen Inseln (Hemiptera, Heteroptera). Teil 1 // Ent. Abh. Mus. - Dresden. 1974. - Tierk. (1970/1971). - Bd.37. - Supplement: 1-484.
7. Голуб В.Б. Палеарктические виды клопов-слепняков рода *Trigonotylus* (Heteroptera, *Miridae*) // Насекомые Монголии. - Л., 1989. - Вып. 11. - С. 40-68.
8. Асанова Р.Б., Искаков Б.В. Вредные и полезные полужесткокрылые (Heteroptera) Казахстана // Определитель. Изд-во «Кайнар». - Алма-Ата, 1977. - 204 с.
9. Пучков В.Г. Полужесткокрылые семейства *Rhopalidae* (Heteroptera) фауны СССР // Наука. - Л., 1986. - 132 с.
10. Пучков В.Г. Полужесткокрылые. Хищницы // Фауна Украины. - Киев, 1987. - Т. 21. - 248 с.
11. Темрешев И.И., Есенбекова П.А. Насекомые, включенные в Красную книгу Республики Казахстан и Красную книгу Алматинской области, встречающиеся на посевах кормовых и технических культур ТОО «Байсерке Агро» // Материалы межд. науч. конф. «Инновационные экологически безопасные технологии защиты растений», 24-25 сентября 2015 г., Алматы, Республика Казахстан. – 2015. – С. 216-222.

БИОРАЗНООБРАЗИЕ ИССЫК-КУЛЯ: РЕДКИЕ И ИСЧЕЗАЮЩИЕ ВИДЫ

Б.К. Калдыбаев

Иссык-Кульский государственный университет им. Касыма Тыныстанова,
г. Каракол, Кыргызстан

Рассмотрены аспекты сохранения биоразнообразия в Иссык-Кульской области. Кратко представлена информация об особо охраняемых природных территориях региона, виды растений и животных находящийся под угрозой исчезновения, современное состояние ихтиофауны озера Иссык-Куль и необходимые мероприятия по охране природы.

Ключевые слова: биоразнообразие, ихтиофауна, фитопланктон, зоопланктон, заповедник.

Aspects of biodiversity conservation are considered in the Issyk-Kul region. The information on specially protected natural areas of the region, species of plants and animals that are in danger of extinction, the current status of the ichthyofauna of lake Issyk-Kul and the necessary measures for the protection of nature are briefly presented in this article.

Keywords. biodiversity, ichthyofauna, phytoplankton, zooplankton, nature reserve

Озеро Иссык-Куль (что в переводе с кыргызского языка означает «теплое озеро») расположено в северо-восточной части Кыргызстана. Иссык-Куль, протяженностью 180 километров (км) в длину и 60 в ширину, это бессточное озеро, обрамленное горным хребтом Кунгей Ала-Тоо к северу и горным хребтом Терсей Ала-Тоо к югу. Бассейн Иссык-Куля является одной из самых важных природных зон Кыргызской Республики. Возраст озера - около 25 млн. лет, оно образовалось вследствие прогибов земной поверхности; обширная часть ее опустилась и заполнилась водой, соседние участки поднялись на 3000-3500 м над уровнем озера и образовали горные хребты Терсей-АлаТоо к югу и Кунгей-Ала-Тоо к северу от озера. В Иссык-Кульской котловине расположено 3297 ледников общей площадью 4304 кв. км. Ледники играют важную роль, являясь источниками, питающими чистой пресной водой местные реки, впадающие в озеро.

Озеро бессточное, в него впадает до 80 сравнительно небольших притоков. Реки полноводны в конце весны и летом. Из них наибольшими являются Тюп и Джергалан, впадающие с востока. Питание рек смешанное, с преобладанием талого стока - снегового и ледникового. Уровень воды в Иссык-Куле циклически меняется (то поднимается, то опускается); цикл происходит в течение нескольких десятилетий. Вода голубого цвета, солоноватая минерализация воды - 5,8-5,9 ‰). Прозрачность до 20 м летом и 47 м зимой. Вода непригодна для питья и орошения. Хлоридно-сульфатно-натриевая; летом наблюдаются кристаллизация и осаждение CaCO₃. Водные массы хорошо насыщены растворённым кислородом [2].

Фитопланктон представлен истинно планктонными видами водорослей (84%), их более 100 видов, наибольшее видовое разнообразие приходится на группу сине-зеленых *Cyanophyta*, диатомовых *Bacillariophyta* и зеленых *Chlorophyta* водорослей, особенно характерна зеленая водоросль хара ломкая в мелководной части озера.

Зоопланктон включает 3 большие группы организмов – коловраток, кладоцер, копепоид. Всего 119 видов и форм: 98 коловраток, 13 ветвистоусых, 8 веслоногих. Планктон является основной кормовой базой для эндемичных рыб.

Эндемики ихтиофауны озера Иссык - Куль: Иссык-кульский чебачок, чебак, голый осман, маринка, сазан, губач и др. Акклиматизированные виды: Иссык-кульская форель гегаркуни, судак, восточный лещ, сиг-лудога, линь, радужная форель.

Западное и восточное побережья озера служат местами зимовья для водоплавающих птиц. Популяция водоплавающих и прибрежных птиц, зимующей на побережье Иссык-Куля, составляет около 67000, представляющим 29 различных видов, среди которых серый гусь и лебедь-шипун, зимующие на Иссык-Куле. Особую ценность представляют горный гусь и редко встречающийся серпоклюв. Прибрежные зоны Иссык-Куля являются средой обитания для большого разнообразия уток, включая лысуху, нырка красноголового и хохлатую чернеть. Большая хохлатая поганка, серая цапля, малая поганка, и серощекая поганка гнездятся и зимуют на озере, с популяцией около 200 птиц, выющих гнезда в течение сезона.

Мир млекопитающих очень разнообразен и состоит из шести отрядов и 34 видов (насекомоядные, рукокрылые, грызуны, хищные, зайцеобразные и парнокопытные).

Большинство представителей фауны-водоплавающие и прибрежные птицы, оттеснены от прибрежной зоны, и в населенных пунктах их невозможно увидеть, за исключением одомашненных

животных [1]. СССР присоединился к Рамсарской Конвенции ООН о водно-болотных угодьях в 70-е годы прошлого века. В 1976 году Иссык-Кульский Государственный заповедник был включен в Список водно-болотных угодий, имеющих международное значение главным образом в качестве места обитания водоплавающих птиц [5]. Парламент Кыргызской Республики 10 апреля 2002 года ратифицировал закон «О присоединении Кыргызской Республики к Конвенции о водно-болотных угодьях, имеющих международное значение главным образом в качестве местобитаний водоплавающих птиц» (Рамсарская конвенция 2002 г.), Кыргызская Республика стала полноправной стороной Рамсарской конвенции. В сентябре 2001 года, по решению Организации ООН по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО) биосферная территория "Иссык-Куль" получила официальное признание и была включена во Всемирную сеть биосферных резерватов. Границы биосферной территории "Иссык-Куль" совпадают с административно-территориальными границами Иссык-кульской области [3, 5]. Большую роль в сохранении биоразнообразия играют особо охраняемые природные территории региона: два Государственных природных заповедника, два Государственных природных парка, 11 заказников.

Иссык-Кульский государственный заповедник был организован в 1948 году. В 1975 заповедник был отнесен к водно-болотным угодьям, имеющим международное значение. С момента приобретения независимости, в 2002 году Республика присоединилась к Рамсарской Конвенции. Основной задачей Иссык-Кульского заповедника является охрана и мониторинг зимовок водоплавающих и околоводных птиц. Территория заповедника представляют собой изолированные друг от друга участки, разбросанные по всей прибрежной полосе Прииссыккулья и в административно- хозяйственном отношении разделена на 12 участков (рис.1) [4].




Рис.1. Карта-схема расположения ГПЗ Иссык-Куль




Рис.2 Лебедь-кликун, горный гусь, обыкновенный фламинго

Сарычат-Эрташский государственный природный заповедник - это особо охраняемая природная территория, образованная в 1995 году в целях сохранения уникальных природных

комплексов, редких и исчезающих видов животных и растений сыртовой зоны Иссык-Кульской области, а также поддержания общего экологического баланса региона (рис. 3) [4].




Рис.3. Карта-схема расположения ГПЗ Сарычат- Эрташ

В заповеднике под особой охраной находятся краснокнижные виды:

- Растения: Соссюрия обернутая, Пиретрум эдельвейсовидный, Тюльпан Колпаковского, Лук Семенова
- Млекопитающие: Снежный барс, Бурый медведь, Горный баран, Манул
- Насекомые: Махаон, Аполлон Тянь-Шаньский
- Птицы: Беркут, Бородач, Снежный гриф, Балобан



Рис. 4. Снежный барс, бурый медведь, горный баран

Государственный природный парк «Каракол» был организован в 1997 году в целях сохранения уникальных природных комплексов ущелья Каракол (рис. 5).




Рис.5. Карта-схема расположения ГПП «Каракол»

Основными лесообразующими породами являются хвойные-сосна, ель тянь-шаньская, лиственница. Растительный мир представлен более чем 700 видами растений, из них - 80 видов-древесно-кустарниковых пород. Животный мир представляют козуля, козерог, волк, лисица, куница, горностаи, из птиц-улар, каменная куропатка. Из представителей Красной книги здесь обитают барс, беркут, кумай, балобан, бородач [4].

Государственный природный парк «Хан-Тенири» находится в восточной части Иссык-Кульской области на стыке хребтов Кунгей и Тескей Ала-Тоо, в бассейне реки Сары-Джаз (рис. 6). Именно здесь расположены одни из высочайших вершин на территории СНГ: пик Победы (7439 м) и Хан-Тенири (6995 м).




Рис.6. Карта-схема расположения ГПП Хан-тенгри

Основная миссия парка охрана редких и находящихся под угрозой исчезновения видов животного и растительного мира, в первую очередь для сохранения популяции снежного барса. На данной территории было отмечено также довольно большое количество краснокнижных видов, таких как бурый медведь, каменная куница, манул и т.д. В настоящее время в бассейне реки Сары-Джаз известны 457 видов сосудистых растений, хотя их общее число может достигать 700 видов, что составляет значительную часть от общей флоры Кыргызстана. Из них пять видов занесены в Красную книгу Кыргызстана, восемь - являются эндемиками [4].



Рис.7. Соссурия обёрнутая, Пиретрум эдельвесовый, тюльпан Копакковского

Современное состояние ихтиофауны озера. По данным оценки состояния ихтиофауны, проведенной биологической станцией Национальной академии наук КР, рыбные запасы озера Иссык-Куль находятся в критическом состоянии. Особенно это касается эндемичных видов рыб - чебачок и чебак, составлявших ранее 90% от общих промысловых запасов озера, а такие, эндемичные виды, как иссык-кульский голый осман и иссык-кульская маринка, стали столь малочисленными, что занесены в Красную книгу Кыргызстана (рис. 8).




Рис.8. Иссык-Кульский чебак, голый осман, маринка

– Наибольшими проблемами для ихтиофауны озера Иссык-Куль является рекреационная нагрузка и уничтожение облепиховых зарослей. Облепиховые заросли вместе с заболоченными участками представляют собой, естественный механизм очистки вод Иссык-Куля. Очень важно чтобы пляжи чередовались с болотно-облепиховыми зарослями. Идеальное соотношение 40% пляжей к 60% диких экосистем [1]. К мерам по сохранению биоразнообразия в регионе можно отнести:

– Бережное отношение к местам обитания растений и животных, занесённых в Красную Книгу. Сокращение любых типов деятельности в местах обитания редких и исчезающих видов.

– Ограничение хозяйственной деятельности в береговой зоне озера. Сохранение и восстановление водно-болотных территорий оз. Иссык-Куль. Ограничение доступа скота в период цветения и созревания семян.

– Увеличению численности и воспроизводства редких и эндемичных видов рыб.

– Поддержка в создании новых и расширении уже существующих особо охраняемых природных территорий.

– Соблюдение природоохранного режима в существующих заповедниках, заказниках, природных парках, так как они играют важную роль в сохранении биоразнообразия и устойчивом развитии всего региона.

– Планирование туристических маршрутов с учетом минимальной рекреационной нагрузки на естественную природу.

Использованная литература:

1. Биом экологическое движение: Сохранение биоразнообразия.

<http://www.biom.kg/activities/biodiversity>

2. Иссык-Куль-Нарын: энцикл. / гл. ред. М. Борбугулов. – Фрунзе: гл. ред. КСЭ, 1991. – 512 с.

3. Концепция устойчивого развития эколого-экономической системы «Иссык-Куль» на период до 2020 года. Утверждена Указом Президента Кыргызской Республики от 10 февраля 2009 года № 98.

4. Особо охраняемые природные территории. Национальная база данных Кыргызстана.

http://wildlife.caiaq.kg/drupal_wa/?q=ru/node/18

5. Положение о биосферной территории "Ысык-Кель". Утверждено постановлением Правительства Кыргызской Республики от 24 января 2000 года № 40.

ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ ҚОСЫМША ӨНІМДЕРІНЕН ҚҰНАРЛЫ ҚҰРАМАЖЕМ ДАЙЫНДАУ БИОТЕХНОЛОГИЯСЫ

А.Алдибекова - биология мамандығының 2-ші курс магистранты
Ғылыми жетекші: б.ғ.к, қауымдастырылған профессор **Сүлейменова М.Т.**
Шымкент университеті

Қазіргі кезде облыс көлемінде мол мөлшерде өндірілгенмен күнжара мен шроттың құрамында мал ағзасына негізгі қоректік зат ретінде өте қажет жеңіл қорытылатын көмірсулар мен энергетикалық қуаты жеткіліксіз екені анықталған. Сондықтан жергілікті мал азығы ретінде олардың белоктық-энергетикалық қоректілігін арттырып, жаңа жем-азықты шаруашылықтар өндірісіне енгізу, өңірдің мал шаруашылығы саласының өнімділігін арттырып, ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігін молайтуға мүмкіндік береді.

Тамақ өнеркәсәбі саласына кіретін май өндіру және тамақ өндірісі салаларының малазықтық жанама өнімдері болып табылатын мақта және мақсары майлы дақылдарының күнжарасы мен шротының, өсімдік майларын сумен өңдеу барысында алынатын фосфатидті концентраттың, астық тектес дақылдар дәні қалдықтарының химиялық құрамдары мен қоректілік құндылығы зерттеліп, қоректік заттарының мөлшерлері анықталған.

Көрсетілген азық компоненттерінен жасалған белоктық- көмірсулық- энергетикалық қоректілігі жоғары, байытылған жаңа жем-азықтық концентраттың ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыруға қажетті мөлшері анықталды.

Жаңа жемдік азықты малдардың рационына енгізуге қолайлы болу үшін майдаланған шрот пен фосфатидті концентратты май шығару кәсіпорындарында 2:1, 3:1, 4:1, 5:1 арақатынасы мөлшерінде араластырып, белокты-фосфатидті жемдік азық түрінде шығару ұсынылады.

Мал азығы құрамындағы көмір сулар (крахмал, қант және клетчатка) азотсыз экстрактивті заттар құрамына кіретін, азықтың энергетикалық қуаттылығын арттыратын қоректік заттар болып табылады. Сондықтан жеңіл қортылатын көмірсулардың мал азығы қоректік заты ретіндегі маңызы зор.

Астық тектес дақылдар дәнінің құрамы крахмалдан (70%), протеиннен (8-12%), майдан (2-8%) және минералдық заттардан (1,5-4%) тұрады.

Қазіргі кезде дәнді азықтар қалдықтары көп мөлшерде өндірілетіндіктен, оларды ешқандай байытусыз пайдалану технологиясы орын алған.

Сондықтан мақта, мақсары күнжарасы, шроттары және фосфатидты концентраттан (лецитин) жасалған белокты-энергетикалық концентратты астық тұқымдас өсімдік дәндері қалдықтарымен байытса шаруашылық өндірісіне қажетті белокты- көмірсулы- энергетикалық азықтық концентрат алуға болады.

Құрама жем дайындау үшін фосфатидті концентратпен байытылған күнжара немесе шротты астық тектес дақылдар дәндері қалдықтарымен араластырып, қоректілік құндылығы жоғары протеинді- көмірсулы-фосфатидті концентратты азықты ауыл шаруашылығы малдарының жемдік құрама азығының (комбикорм-концентрат) негізгі компоненті ретінде пайдаланылады.

Күйісті малдарға арналған жемдік құрама азық құрамына шаруашылықтардың азық қорына байланысты төмендегідей рецепт бойынша қоректілік құндылығы жоғары құрама азық дайындау тиімді.

Ауыл шаруашылығы малдарының жекелеген түрлеріне арналған құрама азықтар рецептілер бойынша дайындалып, белгіленген мөлшерде азық рационына қосылуы керек.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Алғаш рет мал азығы ресурстарынан жасалған жаңа белокты- көмірсулы-энергетикалық концентратты ірі қара мал және қой бордақылаудың жаңа әдісі жасалып, өндіріске ұсынылды.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы. Ірі қара мал мен қылшық жүнді қойларды бордақылауға дайындап, ұсынылып отырған технологиясын шаруашылықтар өндіріске ендіру және тарату ет және сүт бағытындағы ірі қара малдары, қаракөл және ордабасы қой тұқымдарының жарамсыз деп табылған саулықтары мен еркек тоқтыларының етін өндіруді молайтып, өндірілген етпен сүттің өзіндік құнын төмендетіп, жалпы саланың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты: Оңтүстік Қазақстан мал азығы ресурстарынан жасалған жаңа белокты- көмірсулы- энергетикалық концентратты ірі қара мал және қой бордақылау үшін өндіріске ендіру және тарату.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей жұмыстар атқарылады:

- ет бағытындағы ірі қара мал және қойлар рациондарының қоректілігін арттыру;
- ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігін арттыру;
- ет сапасы мен құрамын жақсарту;
- пайдаланылатын жемдік-дәнді азықтар мөлшерін азайтып, жаңа қоректілік құндылығы жоғары концентратпен алмастыру;
- мал өнімдерін өндірудің өзіндік құнын төмендету.

2 Зерттеулердің материалы мен әдістемелері

Жұмыстың мақсатына сәйкес ғылыми-шаруашылық және өндіріске енгізу жұмыстары Түлкібас ауданының «Дос-Би» ЖШС, Сайрам ауданының «Гүлжамила», Отырар ауданының «Жомарт» және «Бек» шаруа қожалықтарында жүргізілді.

Зерттеудің нысандары ет және сүт бағытындағы ірі қара малдары, жарамсыз деп шығарылған кәрі саулықтар мен еркек қаракөл және ордабасы қой тұқымдарының тоқтылары.

Мақсаттарды жүзеге асыру төмендегі негіздерге сүйене отырып атқарылды.

Лабораторияға жеткізілген табиғи өсімдіктер мен жалпы жайылым отының үлгілері негізінен қандай өсімдік түрлерінен тұратынына байланысты жеке фракцияларға жіктеліп (астық тұқымдастар, бұршақ тұқымдастар, түршөптер, раңдар), ботаникалық құрамы анықталады. Өсімдіктер фракцияларының массасы (салмағы) құрғақ заты бойынша есептелінеді.

Құрамы мен қоректілігін анықтау үшін лабораторияға жеткізілген жайылымның табиғи өсімдіктерінен тұратын жайылым оттары жалпы қабылданған ретпен талдау жұмыстарын жүргізуге даярланады. Олардың химиялық құрамы зоотехникалық талдау әдістемелеріне сәйкес (Методические рекомендации по изучению состава и питательности кормов СССР. - ВАСХНИЛ. - М.: 1985; Зоотехнический анализ кормов. - М.: Колос, 1982; Справочник лаборанта-химика по анализу кормов. - М.: Россельхозиздат, 1986) және жекелеген қоректік және минералдық заттарды анықтаудың мемлекеттік стандарттары бойынша анықталады.

Жайылым отының азық бірлігі түрінде көрсетілетін жалпы қоректілігі азықтың нақты анықталған химиялық құрамы мен қоректік заттарының қорытылу коэффициенттерін пайдалану жолымен олардың май байлану көрсеткіштері бойынша, айналу энергиясы ВАСХНИЛ формуласы (1985) арқылы анықталады.

Пайдаланған жайылым отының мөлшері және олардың химиялық құрамы анықталды [Кедрова С.И., 1969].

Қосымша берілген жемшөптің мөлшері мен қоректілігі зерттелді.

Тәжірибе топтарындағы ет және сүт бағытындағы ірі қара малдарды, жарамсыз деп шығарылған кәрі саулықтар мен еркек қаракөл және ордабасы қой тұқымдарының тоқтыларын тәжірибе басталар алдында (кәрі саулықтар мен еркек тоқтылардан 100 бас, ірі қарадан 50 бас) және тәжірибе соңында таразыға тарту арқылы жүзеге асырылды, олардың өсіп-жетілуі мен салмақ қосу дәрежесі жүргізілді.

Сойылған малдың еттілік өнімділігі және сапасын бағалау Бүкілодақтық малшаруашылығы институтының (БРМШҒЗИ) әдістемелері бойынша анықталды [1956, 1978].

Жүн өнімдері әрбір малдан қырқылған жүні бойынша И.М.Орловтың [1980] әдістемесі бойынша анықталды.

Тамақ өнеркәсібінің май мен ұн өндірісі салаларының жанама өнімдері болып табылатын мақта және мақсары күнжарасы мен шроттың малазықтық құндылығын арттырып, ұн өндіру өнеркәсібінің қалдығы астық тұқымдас дақылдар дәндері қалдықтарымен байытып, жаңа құрама азық алу жалпы облыстағы азық өндіру мен мал азықтандыру бағытындағы инновациялық жоба.

Күнжара мен шрот бұрыннан пайдаланылып келе жатқан мал азықтық өнімдері болғанымен олардың жеке алғанда айтарлықтай кемшіліктері болатын.

Жаңадан өндірілген азықтық құрама жемнің құрамындағы протеин мөлшері едәуір жоғары. Фосфатидті концентрат қосу арқылы олардың энергетикалық қуаттылығы арттырылған.

Белокты-энергетикалық жемді концентрат құрамындағы жеткіліксіз мөлшердегі көмірсулар айтарлықтай жоғарылайды және мал сүйсініп жейтін азыққа айналады.

Жаңа малазықтық өнім табиғи өсімдіктерден алынатындықтан олардың қоршаған ортаға кері әсері жоқ. Бұрын пайдаланылмай келген дәстүрлі емес азық болғандықтан, мақсары дақылдың қалдығы егілген жерде қалып қоятын. Қазір ол қалдықтарды да жаңа жемдік азық құрамына кіргізіп, оның қоректілік құндылығын жоғарылатуға болатыны анықталды.

Белокты-энергетикалық жемдік концентратты көмірсумен байыту жөніндегі технологияның да қоршаған ортаға экологиялық теріс әсері жоқ.

Жергілікті азық ресурстарынан дайындалған белокті-көмірсулы-энергетикалық жемдік концентраттың рецепті 1 кестеде көрсетілген.

Азық компоненттері құрамынан көрініп тұрғандай, өсімдік майын өндіру өнеркәсібінің қосымша қалдық өнімі болып саналатын фосфатидті жемдік концентрат қосу арқылы мақта, мақсары шроты мен күнжармасының энергетикалық қоректілігі арттылады, құрғақ жемді аммонилеу арқылы оның құрамындағы протеин мөлшері жоғарылайды, көк жоңыршқаның витаминді ұнын қосу арқылы жемдік концентраттың витаминдік қоректілігі арттырылып, нәтижесінде қоректілік құндылығы жоғары белокты-көмірсулы-энергетикалық жемдік концентрат алынады. Жоғарыда көрсетілгендей күйісті малдарға арналған жемдік құрамаазық (комбикорм) құрамына байытылған жаңа азықтық концентратты салмағының 13-15% мөлшерінде қосып, жемдік концентраттың қоректілік құндылығын кешенді түрде арттыруға болады.

1 кесте - Белокті-көмірсулы-энергетикалық жемдік концентраттың рецепті

Компоненттер	Өлшем бірлігі	Мөлшері, салмағының % есебімен
Мақта, мақсары шроты мен күнжармасы	%	48,0
Фосфатидті жемдік концентрат	%	12,0
Аммониланған құрғақ қызылша жомы	%	30,0
Көк жоңыршқа ұны	%	10,0
Барлығы	%	100,0
1 кг жемдік концентрат құрамында:		
азық өлшемі	кг	0,92
алмасу энергиясы	МДж	9,29
қорытылатын протеин	г	212,5
құрғақ заттар	г	895,3
«шикі» протеин	г	277,4
«шикі» май	г	53,0
«шикі» клетчатка	г	131,5
азотсыз экстрактивті заттар	г	378,2
күлді заттар	г	55,1
кальций	г	5,96
фосфор	г	6,93
каротин	мг	8,1

Қоректілік құндылығы жоғары жаңа белокты-көмірсулы-энергетикалық азықтық концентраттың ірі қара мал өгізшелерін етке арнап бордақылағанда малдардың ет өнімділігіне тигізетін әсерін анықтау жөнінде Түлкібас ауданының «Дос-Би» ЖШС шаруашылығы жағдайында өндіріске енгізу және жаңа технологияны тарату жұмыстары жүргізілді.

Бордақыланатын ірі қара мал өгізшелері жасы мен салмақ деңгейлеріне байланысты төменде көрсетілген азықтандыру нормалары бойынша азықтандырылды (2 кесте).

2 кесте - Ірі қара мал өгізшелерін бордақылауға арналған азықтандыру нормалары (1 басқа 1 күнге)

Компоненттер	Тірілей салмақтары, кг					
	180	240	300	360	420	480
Құрғақ зат, кг	7,4	8	8,7	9,5	10,4	11,5
Азық бірлігі	6,4	6,9	7,5	8,3	9,2	9,8
Алмасу энергиясы, МДж	70	75	81	89	98	104
«шикі» протеин, г	930	996	1078	1108	1196	1230
Қорытылатын протеин, г	610	648	705	722	773	784
«шикі» клетчатка, г	1554	1680	1827	1995	2236	2460
Крахмал, г	814	880	957	997	1040	1150

Қанттар, г	514	552	610	662	735	808
«шикі» май, г	213	237	258	282	302	332
Ас тұзы, г	35	40	45	50	55	60
Кальций, г	25	28	30	33	35	38
Фосфор, г	20	23	25	28	31	35
Темір, мг	518	560	609	665	728	800
Мыс, мг	74	80	87	95	104	115
Цинк, мг	333	360	392	428	468	518
Мырыш, мг	370	400	435	475	520	575
Кобальт, мг	7,4	8	8,7	9,5	10,4	11,5
Йод, мг	3,7	4	4,4	4,8	5,2	5,8
Каротин, мг	155	168	183	200	218	242
Витамин Д (кальциферол), мың ХБ	3,3	3,6	3,9	4,3	4,7	5,2
Витамин Е (токоферол), мг	222	240	261	285	312	345

Әдебиеттер тізімі:

1. Востриков Н.И. Технология производства говядины на промышленной основе. — М: Агропромиздат, 1988. — 216 б.
2. Изилов Ю.С. Основы молочного и мясного скотоводства. — М. : Агропромиздат, 1985. — 349 б.
3. Методические рекомендации по изучению мясной продуктивности и качеству мяса крупного рогатого скота / под ред. Д.Л. Левантина // ВИЖ. — Дубровицы, Моск. обл., 1977. — 54 б.
4. Методика изучения откормочных и мясных качеств крупного рогатого скота // ВАСХНИЛ, ВНИИМП. — М., 1968. — 30 б.
5. Племянников А.Г., Зарпуллаев Ш.Н. Пути увеличения производства, улучшения качества баранины и шубно-мехового сырья // Вестник с.-х. науки Казахстана. — Алматы, 1994. - №2. — С. 18-20.
6. Сарбасов Т.И. Сбалансированное кормление овец в условиях промышленных комплексов и откормочных площадок//Полноценное кормление овец Казахстана. — М.: Колос, 1975. — 285 б.
7. Сарбасов Т.И. Особенности полноценного кормления овец при круглогодичном использовании сезонных пастбищ//Полноценное кормление овец Казахстана. — М.: Колос, 1975. — 290 б.
8. Методические рекомендации по изучению состава и питательности кормов СССР / Под ред. Томмэ М.Ф. — М.: Изд. ВИЖа, 1975. — 43 б.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Г. Қалибай, К.А.Тлеубергенова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Қазақстандағы 8 тұщы су бассейндерінің ең ірісі – Ертіс. Су жүйесінде және олардың құрамдас бөлігінде химиялық элементтердің жинақталуының негізгі көздері – Ертіс бассейні аумағында тау қазбаларында табылған үстіңгі беттері, олардың үйінділері, байыту фабрикалары мен өнімдер қоймасы, үйінді өнімдері, металлургия, химия-металлургия, химия, машина жасау, жылу-энергетика кәсіпорындары және құрылыс индустриясы кәсіпорындарының өнеркәсіптік пайдаланылған суларын өзенге ағызу, сондай-ақ олардың өнеркәсіптік шығарындыларын атмосфераға шығару болып табылады, ол экологиялық мәселені тудырып отыр. Ертісті сақтап қалу жолындағы кезек күттірмейтін шараларды жедел түрде қолға алу, болашақта ұлттық резерват деңгейіне көтеру қажет деп есептейміз.

Кілттік сөздер: су бассейні, Ертіс, атмосфера, химия, экология.

Көңілге қаяу түсіретін үлкен мәселелердің қатарындағы Кенді Алтайдағы өндіріс орталықтарының Ертіс бассейнін техногендік жолмен – мыс, жез, қорғасын, азот, хлор мен хром, т.б. элементтерге толы зиянды қалдықтармен, өзен суын радиоактивті ауыр металдардың лақтауы, оны қолға алып, тазалау, жақсарту жолдарының кезек күттірмейтін мәселе болып отырғанында.

Қазақстандағы 8 тұщы су бассейндерінің ең ірісі – Ертіс. Ол Семей-Павлодар аралығында 150-200 метрлік терең жер қыртысында жатыр. Көлемі – 360 мың шаршы шақырым. Осы су бассейні үстімен Ертіс өзені Сарыарқаны басып өтіп, Обь өзеніне барып қосылады. Ертіс өзені көршілес Моңғолия мен Қытайдың Алтайындағы Манг тауынан бастау алып, Зайсан өзеніне келіп құяды. Бұл екі аралықты Қара Ертіс деп атайды, ол шамамен 750-дей шақырым. Ал, осыдан Обқа дейін төрт мыңнан астам шақырым. Осы екі аралықта Ертіске басқа да он шақты шағын өзендер келіп құяды. Оның ішіндегі ірілері –Тобыл, Есіл, Үлбі, Күршім, Шар өзендері. Кеңес Одағы тұсында Ертіс бойында алып бөгеттер салынып, Бұқтырма мен Өскемен, Шүлбі ГЭС-тері пайдалануға берілді. Павлодардың Ақсу өңірінен Ертіс-Қарағанды каналы тартылды. Осы каналмен 22 су сорғыш стансалар секундына 110 текше метр суды 420 метр биіктікке көтеріп, каналмен Қарағандыға қарай жылына 2260 текше метр су жеткізіліп отырған. Ал, Бұқтырма, Шүлбі ГЭС-тері маңдарындағы егін шаруашылығы тек суармалы әдіспен күн көріп отыр[1,726].

Қазақстан Республикасында Ертіс өзенінің негізгі қоректену ауданы Шығыс Қазақстан облысының аумағы болып табылады. Павлодар облысында Ертіс өзеніне құятын сала жоқ дерлік. Ертіс өзенінің көпжылдық ағыны ерекшеліктерінің бірі суы мол және суы аз жылдар деп топтастыру үрдісі болып табылады, бұл табиғи жағдайларда оның пайдаланылуын айтарлықтай дәрежеде қиындатты. Басқа өзендерде (Ертіс өзенінің салалары) сыйымдылығы 12 млн. м³-нан жоғары оннан астам су қоймасы салынған, олардың жалпы сыйымдылығы 0,1 км³ құрайды, су қоймаларының жалпы сыйымдылығы – 53 км³ құрайды, ал пайдалы сыйымдылығы – 32,6 км³ құрайды. Бассейннің барлық жерүсті су ресурстарының жиыны шартты-табиғи жағдайда 33,7 км³ бағаланады, оның ішінде 7,8 км³ Қытай Халық Республикасының аумағында қалыптасады. Қалған 25,9 км³ Қазақстан Республикасының аумағында қалыптасады және Ертіс өзенінің салалары мен ағынсыз су ағындарынан тұрады.

Қара Ертіс өзенінің алқабынан судың булануы мен транспирациясы және салаларда табиғи кешеннің су тұтынуы, аңғар шығындары 0,71 км³ құрайды. Ертіс өзені бассейнінің Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының шекарасынан төмен учаскесінің Ресей Федерациясының шекарасына дейін өзен желісі жоқ. Ертіс өзенінің транзиттік ағыны бұл жерде алқаптарда және топырақта тасқын су ағынының шоғырлануына, сондай-ақ өзендердің беті, сала көлдердің булануына, топырақ бетінің қайтарымсыз шығынына, өсімдіктер транспирациясына байланысты алқап шегіндегі су шығындары есебінен 2,3 км³ азаяды. Осылайша Ресей Федерациясымен шекарадағы Ертіс өзенінің ағыны 26,6 км³ дейін төмендейді. Булану шығынын қоспағанда, ағынның жоғарыда тізбеленген шығындарын шығын деп те айтуға болмайды, өйткені өзен алқаптарындағы табиғи кешен (ормандар, бұталар, шөптер, жануарлар әлемі) солардың есебінен тіршілік етеді және сақталады, табиғи шабындықтар мен жайылымдар сумен қамтамасыз етіледі. Жергілікті ағын экономика салаларында, негізінен, тұрақты суару үшін пайдаланылады. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының шекарасында 1973 – 1974 жылдардан бастап

Қара Ертіс өзенінен және оның салаларынан Қытай аумағын суару үшін су алудан туындаған Қара Ертіс өзені ағынының табиғи ағу жолдарында айтарлықтай бұзушылық басталды [2,156.].

Қазіргі уақытта Қытай Халық Республикасынан ағын шартты-табиғи кезеңге қарағанда орташа 2,5 – 3,3 км³ (шекті мәні 0,95 – 5,6 км³ болғанда) қысқарғаны есептеу арқылы белгіленді. Шығыс Қазақстан облысында су көздерін кәсіпорындарға, кен өндіру ісіне, жылу энергетикасына, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығында, балық шаруашылығында, ауыл шаруашылығында, шабындық жерлерге пайдаланады. Әсіресе, облыстың Кенді Алтай аймағы жер беті суларына өте бай болып келеді. Бұлар Ертіс пен Балқаш-Алакөл алаптарына жатады және бірыңғай өзендерден тұрады. Өзендеріне тоқтала кетсек, республика бойынша ұзындығы 1000 м-ден асатын өзендер қатарына жататын Ертіс өзені осы аймаққа тиесілі. Оның ең ірі салаларына: Қалжыр, Қалғұтты, Күршім, Нарын, Қайыңды, Бұқтырма, Үлбі, Шұлбі, Оба, Жарма, Құсты, Еспе, Шорға, Боғас, Жүзағаш, Бөкен, Манат, Тайынты, Абылайкит, Ұлан, Қызылсу, Шаған т.б жатады. Көлдеріне ең ірі Балқаш, Марқакөл, Зайсан және Үлкен көл, Бұрылған, Керуенкөл, Көзенкөл, Сасықкөл, Шаған, Шолақтерек, Шұға, Қалдар (тұзды көл), Қарабастұз, Қызылқак сияқты көлдер жатады. Жалпы санақ бойынша облыста 95-тен аса өзен және 15-тен жоғары көл бар екен.

Маңызды ерекше су объектісі болып табылатын Ертіс трансшекаралық өзені Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының кәсіпорындары үшін жоғары орында. Бұдан бөлек шырайлы шығыстың су ресурстарын гидроэлектроэнергиясын өңдеу мен кеме қатынастарының қажеттіліктеріне пайдаланады. Облыста әр жыл сайын Шұлбі су қоймасынан табиғи тасқыннан сақтану және биологиялық өнімділікті сақтау үшін Ертіс өзеніне су жіберу сияқты іс-шаралар өтіледі.

«Қазгидромет» РМК Шығыс Қазақстан облысының аумағында 13 су объектісінде жер үсті суларының ластануын үнемі бақылау шаралары жүргізіліп отырады. Зерттелген су объектілерінің жалпы санынан жер үсті суларының сапасы 2017 жылы төмендегідей нәтиже көрсеткен: «нормативтік таза» суы – Марқакөл көлі, «ластанудың орташа деңгейдегі» суы – Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Емел, Аягөз өзендерінің сулары, Өскемен су сақтағыштары, «ластанудың жоғарғы деңгейдегі» суы – Брекса, Тыныш, Үлбі, Глубочанка, Красноярка өзендері болды. Осы жылы облыс аумағында өте жоғарғы деңгейдегі ластанулар анықталды. Олар: Глубочанька өзені – 18 жоғары ластану жағдайы; Красноярка өзені – 10 жоғары ластану жағдайы; Тыныш өзені – 22 жоғарғы ластану жағдайы және де 2 жағдай экстремалды жоғары ластану; Үлбі өзені – 37 жоғары ластану жағдайы; Ертіс өзені – 2 жағдай жоғарғы ластану.

Су жүйесінде және олардың құрамдас бөлігінде химиялық элементтердің жинақталуының негізгі көздері – *түпкі түзілімдер* – Ертіс бассейні аумағында тау қазбаларында табылған үстінгі беттері, олардың үйінділері, байыту фабрикаларының қоймасы және өнімдер қоймасы, үйінді өнімдері, металлургия, химия-металлургия, химия, машина жасау, жылу-энергетика кәсіпорындары және құрылыс индустриясы кәсіпорындарының өнеркәсіптік пайдаланылған суларын өзенге ағызу, сондай-ақ олардың өнеркәсіптік шығарындыларын атмосфераға шығару болып табылады, ол шығарындылар кейін жер бетіне шөгеді. Топырақтан *ластану көздерінің келуі*, мысалы, Ертіс өзені бассейніндегі жер үсті су ағыстарындағы қорғасын 70 т/жыл деңгейде бағаланады. Алаң көздерінен келетін ластану көлемін Ертіс өзені бассейніндегі жер үсті су ағыстарын ластанудың балансын есептеу кезінде ескеру қажет. Ертіс өзеніндегі суды және оның ағыстарын өнеркәсіптік ластанудың әмбебап индикатор элементтері мыс, мырыш, қорғасын, хром болып табылады. Көрсетілген ТМ мазмұны Ертіс өзені бойында және оның оң жақ саласында ШПК мүлдем асып кетеді. ШПК артуының қайталануы санитарлық-тұрмыстық және балық шаруашылығы пайдалану есебінен, мыс үшін - 100 %, мырыш үшін - 66 %, қорғасын үшін - 27 %, хром үшін - 82 % құрайды. Жоғарыда көрсетілген металдар бойынша ШПК қайталануы Қазақстан бойынша алғанда 55-65 %-ға жоғары. Қазақстанда табылған осы ингредиенттер бойынша қауіпті құбылыстардың негізгі бөлігі (85-90 %) Ертіс бассейнінің үлесіне келеді. Әсіресе ТМ ластануымен байланысты қауіпті құбылыстар тек осы бассейнде ғана байқалады[3,976.].

Ертіс үшін маңызды экологиялық проблема оның суын Қытай жағы өнеркәсіптік мақсаттар және ирригациялық жүйелер үшін жинауы болып табылады. 1999 жылы басында ҚХР ауыз су және өнеркәсіпті сумен қамтамасыз ету үшін Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданында Қара Ертіс суын Қарамай мұнай кәсіпшілігіне бұрып әкелу үшін канал құрылысы басталды, соңғы кезде жаңа су қоймасының құрылысы туралы белгілі болды. Алдын ала есептеулер бойынша Қытай каналында суды максимум жинау өзен суының жалпы көлемінен 10-11 % құрайды, Хельсинки келісімінде қарастырылған шамаға қарағанда 12 %-ға аз. Қара Ертістің орташа жылдық ағысы - 9 км³, бірақ жылдық ағыстың шамасы маңызды тербелістерге ұшыраған. Егер суы көп жылдары судың көлемі 20

% құрайтын болса, онда су таяз жылдары Қара Ертіс ағысының 50 % құрауы мүмкін, ал бұл күрделі экологиялық және экономикалық проблемаларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қазақстан ғалымдары биоөнімдерді қайта жаңартудың бірегей орындарына қатер төніп тұр деп санайды, Зайсан көлі мен Бұқтырма су қоймасының өзін-өзі тазартатын қабілеті маңызды түрде нашарлауда, себебі Қытайдан Ертіс өзеніне нитраттармен және мұнай өнімдерімен ластанған су келіп түседі. Өскемен ауданындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың лақтырындысының қолданыстағы көлемін сақтау кезінде Ертіс өзені ағысының азаюы өзен суының ластану деңгейінің ұлғаюына әкелуі мүмкін. Әрине, бұл ауыз судың сапасын нашарлатады (Ертіс өзені – Семей мен Павлодар қалаларын сумен қамтамасыз етіп отырған жалғыз көз, ал Ертіс-Қарағанды каналы – Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз етіп отырған негізгі көз, Қарағанды қаласын - 90 % және облысты - 50 % сумен қамтамасыз етіп отыр). Өз кезегінде, бұл халықтың денсаулығына келеңсіз әсерін тигізеді.

Ертіс су бассейні аймағында 250 мың гектар суармалы егістік бар. Онда 4 миллиондай халық тұрады. Ғалымдардың зерттеуінше, Ертіс су бассейніндегі тұщы су қоры кейінгі 20 жылда күрт азайып, ондағы қалалар Ертіс өзені суын пайдалануды екі есеге арттырған. Қазақстан және Ресей мемлекеттері трансшекаралық өзендерді қорғап, пайдалану жөніндегі Хельсинки конвенциясын мойындап, қол қоюды Қытайдан өтініп, әртүрлі деңгейде келіссөздер жүргізгенмен, олар осы уақытқа дейін келісе қойған жоқ. Шетелдердегі Ертіс өзенінің бөліктері қалай пайдаланылып, қорғалып жатыр, ол бізге жұмбақ. Ал Өскемен, Семей, Павлодар сияқты ірі қалалар төңірегіндегі Ертіс жайы қалай. Нарықтық қатынастар мұнда да ашкөздік принципті әкелуі салдарынан жағдайы ауыр Ертіс еңсесін көтере алмай келеді. Тек былтырдың өзінде ғана Өскеменде Ертіс астымен өтетін бір дюкер (қоқыс, лас су ағатын құбыр) жарылып, Ертіске орасан зиян келді. Өскеменнің титан-магний, жез, мыс, цемент зауыттары сияқты кәсіпорындарынан әуеге ұшқан зиянды қалдықтар тонналап Ертіске сіңуде. Мәселен, 2005 жылғы мәлімет бойынша, Ертіс өзені су бассейніне 3 тонна мыс, 2 тонна кадмий, бірнеше тонна жез, т.б. зиянды қалдықтар сіңіпті. Ал, өткен жылы Шағаннан Семей ядролық полигонының третии радионуклидімен уланған су қоспалары Ертіске қосылғанын халық жақсы біледі. Көңілге қаяу түсіретін үлкен мәселелердің қатарына Кеңді Алтайдағы өндіріс орталықтарының өзенді техногендік жолмен – мыс, жез, қорғасын, азот, хлор мен хром, т.б. элементтерге толы зиянды қалдықтармен, өзен суын радиоактивті ауыр металдардың ластауы жаныңды түршіктіреді[4,116.].

Осылайша, Ертіс өзені бассейнінің су ресурстары іс жүзінде ағымдағы кезеңде – 30,4 км³, оның ішінде трансшекаралық ағын шамамен 4,5 км³ құрайды деп бағалануда. Климаттық ағын сулылығының болжамы бойынша 2040 жылға қарай Қытай Халық Республикасында су алуды ұлғайту есебінен су ресурстары 28,3 км дейін қысқарады. Ертіс өзені бассейнінің ағыны орташа 2030 жылғы деңгейде 0,3 км³ азаюы, одан кейін 2050 жылғы деңгейде 0,7 км³ дейін ұлғаюы мүмкін. Ертіс өзеніне байланысты проблемамен Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, т.б. өкілетті органдар, ең бастысы, Үкімет біршама уақыттан бері хабардар. Бірақ экологиялық апат алдында тұрған өзен тағдырына ешқай жақтан жанашырлық жоқ.

Нәтижелері немесе практикалық маңызы: Өзен арнасына күл-қоқыс, зиянды заттар тастап жатқандарға белгілі бір мөлшерде айыппұл салумен асқынып кеткен дерттің алдын алып, өзенді тазалау мүмкін емес. Оған үкіметтік деңгейде кешенді бағдарлама қабылдап, Ертісті сақтап қалу жолындағы кезек күттірмейтін шараларды жедел түрде қолға алу, болашақта ұлттық резерват деңгейіне көтере қажет деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Асқарова Ұ. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау, Алматы – 2004
2. Баешов А. Экология және таза су проблемалары, Алматы, 2003
3. Бейсенова Ә. С. Экология, Алматы - 2001
4. Соколов Л. Өскемен экологиялық апатқа айнала ма?//Атамекен, 2003, 3 желтоқсан

ГИДРЛЕУ ҮРДСІНДЕГІ КАЛИЙ ГУМАТЫМЕН МОДИФИЦЕРЛЕНГЕН ПАЛЛАДИЙ КАТАЛИЗАТОРЛАРЫ

К.О. Кишибаев, Ж.Т. Құрақ, Н.О. Мырзахметова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

В данной работе приведены результаты исследования нанесенных палладиевых катализаторов на природные минералы и оксиды. В разработке катализаторов использовался гумат калия как природный полимер. Активность полимерметаллических катализаторов на основе палладия и гумата калия испытывалась в реакциях гидрирования ПНДА и малеата калия. Показаны микрофотографии гумата калия и катализаторов

In this work, we obtained the results of studies on the deposition of palladium catalysts on natural minerals and oxides. In the development of catalysts, potassium humate was used as a natural polymer. The activity of polymer-metal catalysts based on palladium and potassium humate experienced difficulties in the hydrogenation of HDPE and potassium maleate. Micrographs of potassium humate and catalysts are obtained

Бейорганикалық пен органикалық ионалмастырғыштарға сәйкес келетін жаңа типті катализаторларды жасау қажеттілігі химияның дамуы кезінде туындайды. Ионогенді функционалды топтарынан тұратын органикалық қосылыстардың бейорганикалық заттардың беткі қабатына қондыру арқылы мұндай катализаторлар алуға болады. Тасымалдағыш ретінде адсорбциялық пен ионалмастырғыш қасиетке ие оңай қолжетімді, арзан болып табылатын табиғи минералды шикізаттарды пайдалануға болады. Осыған байланысты табиғаттан алынатын бейорганикалық матрицаға VIII топтың металы мен гумин қышқылының кешенді негізі қондырылған тиімділігі жоғары катализаторлар дайындауға қызығушылық тууда.

[1,2] жұмыстарда палладий құрамдас-полимерлі катализаторлар қатысында нитробензолдың, о-, м-, п-нитротолуолдың, о-этилнитробензолдың гидрленуі зерттелді. Яғни политриметилолмеламиннен тұратын палладий мен көмірдің классикалық катализаторынан ерекшелігі о-этилнитробензолды гидрлегенде жоғары селективтілігі тіркелген алкилнитробензолдың қатынасы бойынша таңдаушылыққа ие болады.


Хелатты смоланы (КТ5), әлсіз негізді анионитті (КТ4), үшті негізді анионитті (КТ3), әлсіз қышқылды катионитті (КТ2) мен катион алмастырғыш смоланы (КТ1) палладийге бекітілген жолмен палладий қондырылған катализатор алуға болады және нитроқосылыстың гидрленуінде олардың белсенділігі зерттелінді. Белсенділік төмендегі қатар бойынша азаяды: $КТ3 > КТ1 > КТ4 \approx КТ2 > КТ5$.

Катализатордың эксплуатациялық сипаттамасын (немесе белсенділігі, тұрақтылығы) жақсарту мақсатында дайындау әдістерін таңдау қажет болды. Осыдан белсенді металдың негізгі массасы тасымалдағыштың қолжетімді сыртқы бетінде орналасады. Мұндай тәсілді ұйымдастыру рН сулы ерітіндісінде болатын полимерлі кешеннің түзілуінде палладий (II) хлоридінің қасиетін қолданғанда мүмкін болады.

Бұл жұмыста палладийлі катализаторды тасымалдағышқа қондыру үшін табиғи полимер-модификатор ретінде гуминді препараттардың қолданылу мүмкіндіктері зерттелді. Сонымен қатар тасымалдағышқа бекітілген палладий-калий гуматы негізіндегі жаңа катализаторлар синтезделді және олардың каталитикалық қасиеттері зерттелді.

Калий гуматы (КГт) полимер-металды кешен түзілгенде табиғи полимер ретінде қатысады. Катализатордағы КГт мөлшері 0,7-ден 2,0 мас.% дейін құрады.

1-суретте калий гуматының электронды микроскопиялық суреті келтіріген. Суреттен КГт полимерлі табиғаты көрінеді. Микросуреттің анализінен көрсетілгендей, яғни КГт бастапқы ұнтағы полиэдрлі шекарадағы іс жүзінде кемшіліксіз бөлшектерді құрайды. КГт (1,0 мас.%) ерітіндісімен өңдегеннен кейін бөлшектер борпылдақ губкатәрізді агломераттарға трансформирленеді.



Сурет – 1. Калий гуматының микрофотосуреті

Катализатордың белсенділігін зерттеу жұмыстары 333К температурада этанол ортасында пара-нитродиэтиланилинді (ПНДА) және 313К температурада сулы ортада калий малеатын (КМ) гидрлеу реакциясында жүргізілді.

п-аминодиэтиланилинсульфат ПНДА-ның тотықсызданыру өнімі көп қабатты сезімталды сәулелі материалдарды өңдеу үшін ерітіндіні анықтаудың негізгі бөлігі ретінде фото мен киноөндірісінде қолданылады. Өндірістік жағдайда ПНДА тотықсыздандырылуы ұзақ уақытта жүреді және толық өнімнің 1 кг көп мөлшерде катализатор қажет болады. Осыған байланысты мақсатта өнімнің бағасын арзандату мен сапасын жоғарылату үшін Pd/тасымалдағыш катализаторында жүргізілді.

Катализатордағы палладий концентрациясының тиімді мәні 0,8масс.%, ал калий гуматының концентрациясы 1,0масс.% болды. Осыдан 0,8%Pd-КГТ(1%)/тасымалдағыш типті катализаторларын сынау КМ гидрленуі мен ПНДА-ның тотықсыздану реакциясында жүргізілді. Жасалған катализатордың белсенділігінің тәжірибелі зерттеу маңыздылығы 1 және 2 кестелерде келтірілген.

Кесте–1. ПНДА-ның 0,8%Pd-ГтК(1%)/тасымалдағыш катализаторындағы тотықсыздану жылдамдығы, этанолда 333К ($P_{\text{атм}}$, $q_{\text{кат}} = 0,1$ г, $m_{\text{ПНДА}} = 0,29$ г, $V_{\text{H}_2} = 100$ см³)

Катализатор	ПНДА-ның тотықсыздану жылдамдығы (еріткіш-этанол), см ³ H ₂ /мин		Δφ, мВ
	W _{бас}	W _{ор}	
Pd-ГтК/Al ₂ O ₃	12,5	12,0	120
Pd-ГтК/Цт	18,2	14,5	120
Pd-ГтК/Шт	38,0	38,0	160
Pd-ГтК/Шт _{1%КОН} өңделген	19,9	19,9	230

1-кестенің мәліметтерінен, ПНДА этанолдағы гидрленудің жоғары жылдамдығы Pd-КГТ/Шт катализаторда байқалады. Мұндағы потенциалдың ығысу мәні 120-230 мВ құрайды. Бұл катализатордың беткі қабатында сутек те, ПНДА да адсорбцияланатынын дәлелдейді. Мұнда Pd-КГТ/Шт_{1%КОН}өңделген катализатордың белсенділігі Pd-КГТ/Шт катализатордың белсенділігімен салыстырғанда екі есе аз болады.

Калий малеатының гидрлену реакциясының жоғары жылдамдығы Pd-КГТ/Шт_{1% КОН}өңделген катализаторында байқалады (2-кесте). Сілтімен өңделген тасымалдағыштың Pd-КГТ/Шт_{1% КОН} өңделген катализатор Pd-/Шт катализаторға қарағанда 40% белсенді болады. Катализатордың потенциалының ығысуы 80-190 мВ құрады, бұл катализатордың беткі қабатында сутегі де, КМ да адсорбцияланатынын дәлелдейді.


Зерттеу жұмысының мәліметтерінен мынандай қорытынды жасауға болады, яғни калий гуматы палладиймен полимерметалды кешен түзуге қабілетті болады. Табиғи минералдарға ПМК қондырылған катализаторлар осы тасымалдағыштарға тек палладий қондырылған катализаторларға қарағанда өте белсенді болып келеді. Катализатордағы белсенді фазаның (палладий) тиімді концентрациясы 0,8 мас.% құраса, ал калий гуматыныкі – 1,0 мас.% құрайды. Сілтімен өңделген шунгит (тасымалдағыш) Pd-КГТ/ШТ катализатордың белсенділігін арттырады, бірақ нитроқосылыстарды гидрлегенде реакция жылдамдығының жоғары мәні тек Pd/ШТ_{1%} КОН өңделген катализаторларда байқалады. Калийдің малеатын гидрлегенде Pd-КГТ/ШТ_{1%} КОН өңделген катализатор белсенді болып табылды (1, 2 кестелер).

Кесте – 2. КМ-ның 0,8%Pd-ГтК(1%)/тасымалдағыш катализаторындағы гидрлеу жылдамдығы, суда, 313К ($P_{\text{атм}}$, $q_{\text{кат}} = 0,1 \text{ г}$, $m_{\text{МКК}} = 0,86 \text{ г}$, $V_{\text{H}_2} = 100 \text{ см}^3$)


Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

В статье рассматриваются пути совершенствования учебного процесса с применением инновационных технологии для подготовки специалистов. Рассматриваются виды инновационных технологии в преподавании химии.

Ключевые слова: инновационные технологии, предмет химии, методы обучения.

The article discusses ways to improve the educational process using innovative technologies for the training of specialists. The types of innovative technologies in the teaching of chemistry are considered.

Keywords: innovative technologies, subject of chemistry, teaching methods.

Тәуелсіз еліміздің негізгі тірегі білімді ұрпақ екендігі белгілі. Білім беру процесіндегі негізгі реформалар білім беру жүйесін экономикалық ортаға бейімдеуге негізделіп жасалынады. Соған сәйкес мұғалімнің алдына қойылатын негізгі міндеттердің бірі әрбір оқушының жеке, дербес қабілеттерін ашуға, шыңдауға толықтай жағдай жасап, оларды білімді өз бетінше іздеп табуға бағыттап, тәрбиелеу.

Мұғалімдерді даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жататыны белгілі жайт. Білім беру саласының басты мәселелерінің бірі – жаңартылған білім беру мазмұнын толығымен меңгерген, бәсекеге қабілетті, коммуникациялық дағдыларды толығымен меңгерген білім алушылар даярлау болғандықтан, болашақ маман даярлайтын ұстаз алдына да осындай міндеттер қойылатыны белгілі. Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі. Сондықтан қазіргі қоғам талабына сай, баланың ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастыру білім берудегі негізгі міндеттер екендігін әлемдегі өркениетті елдер мойындап отыр. Білім беру процесінің жаңа үлгілері мен оқытудың технологиялары білім алушының тұлғалық және кәсіби-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыра отырып дамыту, оның өз бетімен оқу-танымдық іс-әрекеттерді жүргізу, тапсырмаларды дербес орындап, шығармашылық және интеллектуалды қасиеттерін жетілдіруді, өзін-өзі жетелеуді көздейді. Педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының алдында тұрған жауапкершіліктің жоғары екендігі белгілі, себебі талапқа сай бүгінгі күннің мұғалімін даярлау үлкен еңбекті, ізденісті талап етеді. Инновациялық технологиялармен қаруланған, жаңашыл ұстаз даярлау–бүгінгі күн талабы.

Инновациялық технологиялар, инновациялық үрдіс, инновациялық іс-әрекет мәселелерін зерттеумен Қазақстандық біршама ғалымдар айналысқан. Олар: Н.Нұрахметов, С.Көшімбетова, Қ.Қабдықайыров, М. Құрманалиев, Қ.Нағымжанова т.б. Ең алғаш «инновация» ұғымына анықтама берген ғалымдардың бірі – Н. Нұрахметов болды [1-3].

Білім берудің барлық саласында инновациялық технологияларды, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолдану қоғамның сұранысына сай қажеттілік екендігін дүние жүзіне пандемия көрсетіп отыр. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқушының да мұғалімнің де жұмысы жеңілдейтіндігі, уақыт үнемделетіні, аудитория таңдамайтыны (кез-келген жерден компьютермен отырып тапсырманы орындап, жіберуге болатын мүмкіндік), ресурстарды үнемдейтіні белгілі.

Оқыту процесіне жаңа технологиялар енгізу оқытудың бірнеше түрлерін пайдалануды көздейді. Олар: жобалау, сын тұрғысынан ойлау, интеграциялық оқыту, этномәдениет, кейс, топта оқыту, модульдік, витагенді және тағы басқалары. Осындай оқыту технологияларының бір-бірімен интеграцияланған кешенді түрде оқыту процесінде енгізіліп келеді. Осыдан барып оқыту технологияларының түрлеріне тоқталып оның мақсатын, міндетін, ерекшелігін, мәнін, қойылатын талаптарды, іске асыру алгоритмін, пайдалану мүмкіндіктері беріледі [5].

Оқытудың белсенді әдістері қолданылатын сабақтарды ұйымдастырудың шарттары: 1) проблемалық; 2) ынтымақтастық және ұжымдық өзара әрекет; 3) болашақ мұғалімдердің жеке басы мен психологиялық дамуын басқару; 4) оқушыларды ұдайы белсендіріп отыру; 5) мұғалімнің моделін өзгерту; ұйымдастырушы, серіктес, кеңесші, бағыттаушы және тағы басқа рөлдерді атқаруы.

Пікірталас – болашақ мұғалімдердің өзара пікір алмаса отырып, топтық міндеттерді ұтымды әрі нәтижелі шешуіне мүмкіндік туғызатын бірлескен ұжымдық әрекет түрін ұйымдастыру әдісі. Пікірталасқа қатысушы оқушылар белгіленген мәселе төңірегінде өз пікірлерін қорғауға ұмтылады, соның нәтижесінде оқушылар бір-біріне логикалық тұжырымдары, өзіндік көзқарастары арқылы әсер етеді, жаңа пікірлер қалыптасады, ой-өрістері кеңейеді.

Пікірталас барысында оқушының өмір шындығын тереңдей тануына, оның өзіне беймәлім сырларын түсінуіне жол ашатын психологиялық ахуалды, эмоциялық көңіл-күйді басынан өткеруі нәтижесінде алған білімдеріне өзінің жүрегінен, ақыл сүзгісінен өткізіп, өзіндік ой-пікірін өзгелермен ашық та еркін бөлісуіне қажетті алғышарттар жасалады. Мұнда болашақ мұғалімдердің белсенділігі артады, олар танымдық әрекеттің субъектісіне айналады [6].

Ақпараттық оқыту технологиялары (АОТ) – арнайы әдістерді, ақпаратпен жұмыс істеуге арналған техникалық құралдарды (кино, аудио және бейне құрылғылар, компьютер, телекоммуникациялық желілер) пайдаланушы педагогикалық технология бойынша АОТ ретінде білім берудің (педагогикалық қызметін) білімді қабылдаудың (оқушының іс-әрекетін) білім сапасын бағалаудың, сонымен қатар оқу-тәрбие процесі барысында оқушының тұлғасын дамытудың жаңа мүмкіндіктерін құруға арналған АОТ қосымшасын түсінуге барады [7].

Дегенмен де кез-келген оқыту технологиясын педагогикалық процеске тиімді енгізу үшін қазіргі кездегі барлық педагогикалық технологияларды зерттеп, оларды жүйелеу қажет. Осыған сәйкес, мұғалім оқыту технологияларын пайдалану барысында, оның оқушының білім алуына тиімді жағын меңгеруі керек. Айтылғанға сәкес ішінара технологиялық сабақ жоспарын ұсынуды жөн көрдік. Кез-келген оқыту циклі (сабақ немесе сабақтар тобы) мына үш кезеңнен тұратыны белгілі: 1) жаңа білім мен білікті меңгеру; 2) жаңа білім мен білікті бекіту; 3) меңгерілген білім–білікті бақылау және бағалау [8]. Тиімділігі жоғары оқыту құралдарын қолдану нәтижесінде аталған циклдің бір кейде екі кезеңін технологиялық (яғни, мұғалімнің көмегінсіз) жүзеге асыруға болады. Сабақтың қалған бөліктері дәстүрлі сабақ түрінде жоспарланады.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары студентке ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту, мен тәрбиенің бірлігі; студенттің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; студенттің өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту, студенттің танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту әр студенттің оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық студенттердің дамуы үшін жұмыс істеу.

Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – оқу орнында арнайы пәндерді оқыту, екіншісі – өмірді оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу мен оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады, сондықтан оқытудың маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілігін, т.б.айқын толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технологиялары бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сәйкестендіру нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай жасайтын оқытудың инновациялық негізгі түсінігі анықталады.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар:

Дамыта отырып оқыту әдістемесі, оза отырып оқыту, тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту, деңгейлеп оқыту технологиясы, тесттік жүйемен оқыту, имитациялық әдіс, мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту, ойын технологияларын қолдану, дикуссия сабақтары, интеграциялық сабақ, топпен жұмыс, панорама сабағы, проект әдісі (жоба), рольдік ойындар, критикалық ойлау технологиясы, «Алты қалпақ» технологиясы, лекция, семинар сабақтары, «Мозайка» сабақтары, проблемалық оқыту әдісі, «Мифа шабуыл» әдісі, экскурсия сабағы, қашықтықтан оқыту технологиясы, ынтымақтастық технологиясы, жеке адамға бағдарлы сабағы, дөңгелек үстел, дебат сабақтары, саяхат сабақтары, «Пила» әдісі.

Осы инновациялық технологияларды мүмкіндігінше өз пәнімізде қолдансақ, болашақ маман иесі тәжірибелі ұстаз болып, білім мен тәрбие алатынына сенімдіміз.

Химияны оқытуда жобалап оқыту технологиясын қолдану білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі әр кезде оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне бағытталған.

Зерттеушілік жобалар ғылыми проблеманы шешуге бағытталған. Мұнда тақырыптың

көкейкестігін, мақсатын, міндеттерін, зерттеу нысандарын, нәтижелерді талқылау мен қорытындылау өте маңызды. Бұл жобаларды сабақ үстінде немесе сабақтан тыс уақытта жасауға болады. Мысал ретінде аймақтағы экологиялық проблемаларды шешуге, табиғи байлықтарды ұтымды пайдалануға, өсімдіктерден қажетті дәрілік заттар алуға және т.б. жобаларды келтіруге болады. Кез-келген зерттеушілік жоба дайындауда оқушылардың шығармашылық қабілеті оянады.

Инновациялық технологияларды сабақ үрдісінде ұтымды пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, білім дәрежесін жоғарылататындығы дәлелденген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құрманәлиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы, 2016-270 б.
2. Құрманәлиев М.Қ., Жолымбетова С.Ш., Жұмашева Г.К., Бастерова Б.А. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы химия және биология сабақтарында. – Алматы, 2016-122 б.
3. Құрманәлиев М.Қ., Мырзахметова Н.О. Химияны оқыту әдістемесі мен теориясы. Алматы: Альманах. 2019 ж.
4. Нұрахметов Н.Н, Досанова Б.Б. Химияны оқыту білігі деңгейін анықтауда тапсырмалардың ерекшеліктері // Ізденіс. №2, 2004, 144-147 б.
5. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен 2007.
6. Даумов Н.Ғ. Оқытуды ақпараттандыру процесінде болашақ мұғалімдердің зерттеу қызметін дамыту. – Алматы. 2003 – 274б.
7. Садыбекова С.А. Жаңа технологияларға сүйене отырып білім беру. // Қазақстан мектебі, 2018. №2. – 26-30б.
8. Чепко Г.И. Стандарты нового поколения и формирование УУД //Химия в школе. – 2011, № 7. – с. 11-18.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ХИМИЯ ПӘНІН ОҚУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

А.Б. Абылханова

«А.Розыбакиев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

В настоящее время дистанционное обучение имеет большое количество видов новых педагогических технологий, предлагающих эффективные методы планирования, использования и оценки учебного процесса, основная цель – формирование личности, способной самостоятельно развиваться. Расширяется использование информационных технологий и новых методов образования через компьютерную сеть. Выполнение опыта с предметами, доступными в домашних условиях на пройденную тему по химии, повышает активность учащихся, которые не могут быть раскрыты в классе. Причем растет интерес учащихся, выполнению работ, составляет небоскреб обратной связи. Он использует все возможности новых технологий с цифровой грамотностью у подрастающего поколения, стремящихся овладеть качественными глубокими знаниями. Результативное использование этих возможностей зависит от квалификации, образования, опыта учителя.

Ключевые слова: дистанционные технологии обучения, платформа ZOOM, сеть Whatsapp, ютуб-лабораторная практика, видео обратная связь

Currently, distance learning has a large number of types of new pedagogical technologies that offer effective methods of planning, using and evaluating the educational process. The main goal is to form a person who is able to develop independently. The use of information technologies and new methods of education through the computer network is expanding. Performing an experiment with subjects available at home on a passed chemistry topic increases the activity of students who cannot be disclosed in the classroom. Moreover, the interest of students is growing, the performance of works is a feedback skyscraper. It uses all the possibilities of new technologies with digital literacy in the younger generation, who are striving to master high-quality in-depth knowledge. The effective use of these opportunities depends on the teacher's qualifications, education, and experience.

Keywords: distance learning technologies, ZOOM platform, Whatsapp network, YouTube-laboratory practice, video feedback

Қашықтықтан оқыту- ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтықтан оқыту – білім берудің ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын арнайы түрі. «Қашықтықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Қашықтықтан оқыту бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады және ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді. Қазіргі таңда оқыту үрдісін жоспарлау, қолдану және бағалаудың тиімді әдістерін ұсынушы жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп, негізгі мақсаты – өз бетінше дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Химияны оқытуда оқушының шығармашылығын дамыту жолын оқушылардың ақпараттық және коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға бағыт беретін білім технологияларын қолдану арқылы дамыту керек екенін білеміз [1].

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осы бағытты жүзеге асыруда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына қойылатын талаптар:

- білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану;
- электрондық оқулықтар жасақтау, мультимедиялық технологияларды пайдалану;
- телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару және т.б.

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану: білім мазмұнының заман талабын сай болуына, оқушылардың болашақта қажетті білімді толығымен алуына, білімді өздігімен меңгеруіне, өзін-өзі бағалай алуына, өз күшіне сенімділіктің болуына бағыттайды. Бұл оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде мұғалім оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Мұғалім оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды, тәрбиеге қатысты жұмыстарды ұйымдастырумен

шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану да мұғалімнің рөлі арта түседі және өзгереді [2]. Қашықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз. Химия пәнінде қашықтықтан оқытудің тиімді жолдары, ол ютуб, интернет желісінен қосымша ақпараттарды сабақтың тақырыбына сай етіп әзірлеп көрсету. Оқушылар видео сабақтардан алған білімін, өз еркімен орындауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар Bilimland, DarynOnline арқылы қосымша білімдерін толықтырып отырады. Химияда зертханалық жұмыстар сәйкес оқылатын тақырыптармен кезектесіп отырады, ютуб және интернет желісінен тәжірибенің орындалуын көріп, қорытынды жасап кері байланыс береді. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу- химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Әрбір зертханалық жұмыс жиналған іскерлік пен дағдыларға жаңа әрекеттер қосу қажет етеді. Химия пәні бойынша зертханалық жаттықтыру кезінде арнайы эксперименттік дағдыларды қалыптастыру біртіндеп жүзеге аса бастайды. Оқушылар өткен сабақтарға қызығушылық танытып, қосымша ақпараттармен бөлісіп отырады.

Осы IV тоқсандағы тәжірибемнен қоса кететін болсам, маған қашықтықтан оқыту ұнады. Себебі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану білімдерімді тереңдеттім. ZOOM платформасымен видеосабақ жасауды үйреніп, оқушыларға шағын сабақтарды түсіндіріп Whatsapp желісі арқылы жіберіп отырдым. Сонымен қатар оқушыларда үнемі кері байланыс жасап отырды. Осы тұста химия пәнінен 8-сыныпқа өткен «Табиғаттағы су», «Қышқылдардың қасиеттері» тақырыбындағы қызықты тәжірибемді айтатын болсам, оқушылар үй жағдайындағы қол жетімді заттармен тәжірибе жасап, видеоға түсіріп кері байланыстарын жасады. Мұндағы бір ерекшелік сыныпта көп ашыла бермейтін оқушылардың белсенділігін байқадым. Оқушылар бір-бірінің жасаған тәжірибесіне қызығып өздерінің тәжірибесінің одан да керемет екенін көрсетіп жарысып жатты. Әрине бұл теорияның практикамен ұштасуына үлкен мүмкіндік деп ойлаймын. Жіберілген кері байланыстарды біріктіріп видеосабақ түрінде жасақтап инстаграмм желісіне тәжірибе алмасу мақсатында жүктедім. Оқушылардың мерейі үстем болсын деп, мотивация жасап оқушылар мен ата-аналар чаттарына жібердім. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [3]. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Қорыта келе айтарымыз, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қашықтықтан оқу технологиясы: Zharar2020.
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)

ОМЫРТҚАЛЫЛАР ЗООЛОГИЯСЫ ПӘНІНЕН ОҚУ-ДАЛА ПРАКТИКАСЫН ҚАШЫҚТАН ӨТКІЗУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Д.С. Батаева, Ә.Біләл, М.Тойлыбаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Организация учебной практики на платформе дистанционного обучения состоит из 3-х отделов: регистрация позвоночных животных населенного пункта, где живет студент; определение таксономических признаков вида и составление заключительного отчета по практике. В период учебной практики студент самостоятельно ознакомится разнообразием животных. Оценка знания студента устный доклад в конференции (в режиме онлайн), представление письменного варианта дневника и отчета.

Ключевые слова: зоология позвоночных, учебно-полевая практика, дистанционное обучение, экскурсия

The organization of educational practice on the distance learning platform consists of 3 departments: registration of vertebrates of the locality where the student lives; determination of taxonomic characteristics of the species and preparation of the final report on the practice. During the training period, the student will get acquainted with the variety of animals on their own. To achieve this goal, it uses a simple type of excursion-registration of all Zoological objects encountered on a certain route. Assessment of a student's knowledge during the training period is carried an oral report at the conference (online), a written version of the diary and report.

Keywords: vertebrate Zoology, field training, distance learning,

Оқу-дала практикасы 1 және 2 курста өткізілетін кәсіптік практиканың түрі, базалық пәндер негізінде болашақ маманның кәсіби қалыптасуына әсер ететін оқу үдерісінің теориялық және практикалық мазмұнының бірігіуі. Практиканың басты мақсаты- кәсіби шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Омыртқалылар зоологиясы пәнінен өткізілетін оқу-дала практикасы болашақ биолог мұғалімдердің орта мектеп, лицей, гимназия, колледж және жоғары оқу орынындағы кәсіби қызметінде жүзеге асырылатын негізгі элемент болып табылады. Оқу-дала практикасы болашақ биолог мамандарды даярлаудағы басқа оқыту түрімен алмаса алмайды. Студенттер объектілерді тек табиғи ортасында көру, қоршаған ортамен өзара байланысты жағдайында бақылау жүргізу, есепке алу, жергілікті жердің фаунасының негізгі биологиялық ерекшеліктерін тануда маңызды әрекет болып саналады.

Оқу-дала практикасының мазмұны теориялық курстың мазмұнымен сипатталады, практика студенттердің зертханалық сабақтарының жалғасы болып табылады. Сондықтан сабақ құрылымына лекциялар мен зертханалық сабақтарда алынған теориялық білімді қайталау, оларды жаңа оқу жағдайында қолдану кіреді. Сабақтар сонымен қатар омыртқалы жануарлардың жергілікті фаунасын, түрлердің биологиясын, олардың табиғаттағы және халық шаруашылығындағы маңызын зерттеумен байланысты студенттердің өзіндік іс-әрекет түрлерін қарастырады. Сабақтың практикалық бөлімі оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық формаларының әртүрлі нұсқаларын-оқытушының нұсқаулықтарын, жеке тапсырмаларды орындауды, дипломдық жұмыстары үшін табиғатта материалдарды жинауды, экскурсиялар, есеп жазуды және коллекциялық және басқа да материалдарды өңдеп, рәсімдеуді жүзеге асырады.

Табиғи орта жағдайында студенттер далалық зерттеу және бақылау тәсілдерімен танысып, топсеруен ұйымдастыру тәсілдерін үйренеді және өз беттерінше жұмыс істеп, бақылау жүргізуге дағдыланады.

Омыртқалылар зоологиясынан өтілетін оқу практикасы жыл сайын Алматы облысы Қаскелең ауданына қарасты Көлді елді мекеніндегі институттың агробиологиялық станциясында және Қапшағай суқоймасының оңтүстік жағалауында орналасқан биологиялық стационарда әр жылы мамыр-маусым айларында өткізіліп келді.

Әлемде COVID-19 пандемиясына байланысты төтенше жағдай мен карантин енгізілуіне орай оқу-дала практикасын өту жоспарын қашықтан оқыту форматына байланысты өзгерту қажеттілігі туындады. Оқу-дала практикасын қашықтан ұйымдастырудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Биылғы оқу жылы өткен жылдардан өзгеше. Дегенмен, оқу-дала практикасы бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізіледі. Артықшылығы, 2 курс студенттері Қапшағайдың оң жағалауындағы шөлді зона фаунасымен танысуға, Көлдідегі биостационар шалғынды және елді-мекен омыртқалыларымен танысып, анықтауға мүмкіндік берсе, биылғы оқу-дала практикасы студенттердің тұрғылықты жері бойынша Қазақстанның барлық аумақтарын қамтиды. Сәйкесінше,

жануарлар түрінің әр алуандығын қамтамасыз етіп, студенттер барынша омыртқалылардың көп түрімен танысып, қорытынды конференция кезінде ақпарат алмасатын болады. Қашықтан өтетін оқу-дала практикасының кемшілігі: кездестірген жануарларын анықтауда қиындық туғызып, студенттердің жалғыз экскурсияға шығып, қауіпсіздік ережелерін бұзу ықтималдығын жоғарылатады. Біз зайырлы мемлекеттің азаматтары болғандықтан, адам өмірі басты орында екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан, студенттерді қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттілігі мен студенттердің жануарларды бақылау, аулау, жансыздандыру әдістерімен таныстыруға баса назар аударуымыз қажет.

Қашықтан оқыту жүйесі, соның ішінде оқу-дала практикасын ұйымдастыру, біздер үшін жаңаша тәжірибе. Қашықтан оқу қыздар университетінде соңғы жылдары қолға алынып, оңтайландырылған, дегенмен оқу-дала практикасын қашықтан өту туралы республикамыз бен алыс-жақын шетелдерде нұсқаулықтар мен жарияланған еңбектер жоқ деуге болады.

5B011300-Биология және 5B060700-Биология мамандықтарының білім алушылары дала практикасын 2 бөліктен: ботаника және зоология бөлімдерінен тұрады. Қазақ ұлттық қыздар университетінің оқу жоспары бойынша 2019-2020 оқу жылында 2 аптаға жоспарланған. Бір аптасы – ботаника, екінші аптасы- зоология болуы тиіс.

Жалпы оқу-дала практикасын қашықтықтан ұйымдастыру, 3 бөлімнен тұруы қажет:

1 - білім алушының өзі тұрған елді мекенде белгілі бір маршрутта кездескен омыртқалы жануарлардың түрлік құрамын тіркеу;

2 - кездескен жануарлардың жүйелік орнын (класс, отряд, тұқымдас, түр) анықтау;

3 - практика бойынша қорытынды есеп беру.

Омыртқалылардың әртүрлі кластарын практикада зерттеу ерекшеліктері: омыртқалылар зоологиясы бойынша оқу практикасын өту кезінде көктемгі-жазғы кезеңде омыртқалы жануарлардың әртүрлі жүйелі топтарының мынадай ерекшеліктеріне назар аудару қажет:

Балықтар класы: әр түрлі су айдындарындағы балықтардың түр құрамы мен тіршілік ету орындары. Әртүрлі түрлердің сыртқы белгілері. Материалды өңдеу тәсілдері (өлшеу, этикеттеу және т.б.), коллекциялау, аулаудың түрлі әдістері. Су айдындарындағы балық шаруашылығы іс-шараларымен және олардың тиімділігімен танысу. Уылдырық шашуға бақылау жүргізу, су айдындарындағы түрлердің сандық ара қатынасын, популяциядағы негізгі түрлерінің жас және жыныстық құрамын анықтау, әртүрлі түрлердің қоректенуін зерттеу [1].

Қосмекенділер: әртүрлі биотоптардағы түрлік құрамы мен саны. Есепке алу әдістері. Әртүрлі түрлердің сыртқы ерекшеліктері. Қосмекенділердің дауыстары. Ересек даралар мен шөмішбалықтарды жинау және өңдеу. Көбею қабілеттілігі: уылдырық шашқан жерлер, уылдырықтың даму мерзімі, метаморфоз. Ересектердің, личинкалардың қоректену ерекшеліктері. Жаулары. Тәуліктік белсенділік және ортаның абиотикалық факторларына қатынасы. Өмірлік формалары. Түрлердің практикалық маңызы [2].

Бауырымен жорғалаушылар: Әртүрлі биотоптардағы түрлік құрамы мен саны. Әртүрлі түрлердің сыртқы белгілері. Сандық есепке алу, коллекциялау және өңдеу әдістері. Тәуліктік белсенділік. Ортаның абиотикалық факторларына қатынасы. Көбею: жұмыртқа салу орындары, олардың даму мерзімі, миграциясы. Әр түрлі биотоптардағы және әр түрлі маусымдарда ересектер мен жас даралар, аталығы мен аналығының қоректену ерекшеліктері. Жаулары. Өмірлік формалары. Практикалық және биоценодикалық маңызы [3].

Құстар: Әртүрлі биотоптарда ұя салатын құстардың түрлік құрамы. Сыртқы ерекшеліктері, дауыстары, тіршілік әрекетінің өнімдері. Құстарды әртүрлі әдістермен сандық есепке алу. Әр түрлі биотоптардың құстарының сипаттамасы. Қартаулау. Көбею: ұя салу мерзімі, жұмыртқа салу және өсімталдық, азықтандыру, балапандардың ұшып шығу мерзімі. Ұяның түрлік сипаттамасы. Ұя микроклиматын зерттеу. Ұя учаскесі және оны зерттеу әдістері. Тәуліктік белсенділік, құстардың таңертеңгі және кешкі дауыстарын ауыстыру. Түнеу орындары. Қоректену ерекшеліктері және оны зерттеу әдістері. Жаулары. Адамның шаруашылық қызметінің орнитофаунаның құрамына әсері. Жасанды ұялар, алынатын құстардың түрлік құрамы мен саны. Кәсіптік құстардың саны, оны арттыру әдістері. Кейбір түрлердің практикалық мәні.

Сүтқоректілер: Әртүрлі биотоптардың сүтқоректілердің түрлік құрамы. Сүтқоректілердің сыртқы түрі, дауысы, мінез-құлқы, іздері бойынша ажыратуға мүмкіндік беретін белгілер. Әр түрлі биотоптардың сүтқоректілердің сандық сипаттамасы. Әр түрлі топтағы сүтқоректілерді есепке алу әдістері. Қақпандар, алаңдарда індерді қазу. Тәуліктік белсенділік және оны зерттеу әдістері. Түрлердің көбею ерекшеліктері және оны зерттеу әдістері. Жаулары. Кәсіптік жануарлардың саны.

Жерсіндіру және реакклиматизация. Жергілікті ауданының зиянды кеміргіштері. Кеміргіштермен күресудің заманауи әдістерін қолдану. Өмірлік формалары. Практикалық маңызы [4].

Оқу-дала практикасын қашықтан оқыту жағдайында оқытушымен экскурсияға шығу мүмкін емес сондықтан кездескен барлық омыртқалы жануарларды тіркеу тиімдірек болады.

Практика кезінде студенттердің білімін бағалау қорытынды онлайн конференцияда есеп беру, күнделік жүргізуі нәтижелерінің қорытындысымен бағаланады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бәйімбет Ә.А. Ихтиологияның негіздері: Оқу құралы / Ә.А. Бәйімбет.- 1-бөлім. - Алматы: Қазақ университеті, 2005ж.- 84 бет.

2. Константинов В. М., Наумов С. П., Шаталова С. П. Зоология позвоночных. –М.: Академия, 2007. – 496 с.

3. Олжабекова К.Б. Омыртқалылар зоологиясы: Университеттердің биология факультеттерінің бакалаврлары мен магистранттарына арналған оқу құралы. Т.1, Т.2 / Алматы: Қазақ университеті, 2007ж. -400 б.

4. Нумеров А. Д., Климов А. С., Труфанова Е. И. Полевые исследования наземных позвоночных. – Воронеж: ВГУ, 2010. – 301 с.

ОМЫРТҚАЛЫЛАР ЗООЛОГИЯСЫ ПӘНІНЕН ОҚУ ПРАКТИКАСЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Есжанов, Қ. Мұсабеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Организация учебной практики на платформе дистанционного обучения состоит из 3-х отделов: регистрация позвоночных животных населенного пункта, где живет студент; определение таксономических признаков вида и составление заключительного отчета по практике. В период учебной практики студент самостоятельно ознакомится разнообразием животных. Для достижения этой цели использует простой вид экскурсии - регистрация всех встреченных зоологических объектов на определенном маршруте. Общая продолжительность ежедневных занятий на практике составляет 7 часов, из которых 2 часа отводится на занятия с преподавателем, 3-5 часов на экскурсию и 2-4 часа на самостоятельную работу студентов (оформление дневников, определение таксонов). Оценка знания студента в период учебной практики осуществляется двумя способами-устный доклад в конференции (в режиме онлайн), представление письменного варианта дневника и отчета. Руководитель группы ознакомится с этими материалами и ставит окончательный балл за учебную практику.

Ключевые слова: Зоология, зоология позвоночных, учебно-полевая практика, дистанционное обучение, населенные пункты, экскурсия, методы учета численности, самостоятельные работы студентов, отчетность.

The organization of educational practice on the distance learning platform consists of 3 departments: registration of vertebrates of the locality where the student lives; determination of taxonomic characteristics of the species and preparation of the final report on the practice. During the training period, the student will get acquainted with the variety of animals on their own. To achieve this goal, it uses a simple type of excursion-registration of all Zoological objects encountered on a certain route. The total duration of daily classes at the practice is 7 hours, of which 2 hours are allocated for classes with a teacher, 3-5 hours for a tour and 2-4 hours for independent work of students (making diaries, determining taxa). Assessment of a student's knowledge during the training period is carried out in two ways: an oral report at the conference (online), a written version of the diary and report. The group leader will review these materials and give the final score for the training practice.

Keywords: Zoology, vertebrate Zoology, field training, distance learning, localities, excursion, methods of population accounting, independent work of students, reporting.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру бағдарламасы бойынша Зоология курсы «Омыртқасыздар зоологиясы» және «Омыртқалылар зоологиясы» болып 6B05102-Биология және 6B05108-Биомедицина мамандықтарына I курстың 2-ші семестрінде оқытылады. Бұл курс бірін-бірі толықтыратын 3 бөлімнен: теориялық, практикалық (зертханалық, семинар сабақтары) және жазғы оқу-дала практикасынан тұрады [1-2.-6-9 б.]. Бұл бөлімдер университет аудиторияларында және белгіленген практика өтетін аудандарда (шөлді аймақ-Іле өзенінің оң жағалауы, Іле Алатауының бөктері, Алматы қаласы) бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізіледі. Бірақ күтпеген жағдайлар бұған түрлі түзетулер мен өзгерістер енгізуге мәжбүрлейді.

Әлемде, соның ішінде республикамызда, COVID-19 пандемиясына байланысты төтенше жағдай мен карантин енгізілуіне орай дәстүрлі оқу жоспарын қайта қарауға тура келді. Егер дәрістер, зертханалық және семинар сабақтарын қашықтықтан оқытуды түрлі платформалар (Univer, MOODLE-dl және басқалары) арқылы және ZOOM, Microsoft Teams, Google Meet программаларын пайдаланып ойдағыдай жүзеге асырсақ, ал оқу-дала практикасын ұйымдастыру біршама қиындықтар туғызатыны сөзсіз деп ойлаймыз. Өйткені «Зоология» пәнінен жазғы оқу-дала практикасын жүргізу түрлі биотоптарға оқытушының басшылығымен түрлі экскурсияларды ұйымдастырумен байланысты.

Қашықтықтан оқыту жүйесі, соның ішінде оқу-дала практикасын ұйымдастыру, біздер үшін бұрын болмаған жұмыс. Және бұл жайында алыс-жақын шетелдер мен республикамызда ешқандай көмекші құралдар мен жарияланған еңбектер жоқ. Осыған орай біз мақаланы оқу-дала практикасын ұйымдастырушылар мен практика жетекшілеріне, әсіресе жас оқытушыларға, азды-көпті көмегін тигізер деген ниетпен ұсынып отырмыз.

Биология және Биомедицина мамандықтары бойынша білім алушыларға оқу-дала практикасы жеке-жеке 2 бөлімнен: ботаника және зоология бөлімдерінен тұрады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу жоспары бойынша 2019/2020 оқу жылына бұл практиканы өткізу үшін жалпы 2 апта бөлінген. Біздің пайымдауымызша әр топ үшін 4 күн ботаника (5-ші күн есеп

кабылдау), 4 күн омыртқасыздар зоологиясы және 4 күн омыртқалылар зоологиясына (9-ші күн есеп кабылдау) бөлінуі тиіс.

Бұл үшін оқу-дала практикасын ұйымдастыруға жауапты оқытушы практиканы тікелей жүргізетін оқытушылармен келісе отырып оқу топтарын әр оқытушыға бекітіп, әр топтың қандай пәннен практиканы қай уақытта өткізетіні жайында график құрастырады. Сол бойынша оқытушы өз тобымен күні бұрын хабарласып (уақытша чат жасалса, тіптен жақсы), қандай программамен байланысқа шығу керектігін ақылдасады.

Ботаника мен Омыртқасыздар зоологиясы бойынша оқу-дала практикасын өткізу ерекшеліктеріне тоқталмастан, өзіміз ұзақ жылдар бойы жүргізіп келе жатқан Омыртқалылар зоологиясын қашықтықтан оқыту жағдайында оны ұйымдастыру бойынша ойымызды ортаға салайық.

Оқу практикасын қашықтықтан ұйымдастыру, біздің ойымызша, 3 бөлімнен тұруы қажет: 1 - білім алушының өзі тұрған елді мекенде белгілі бір маршрутта кездескен омыртқалы жануарлардың түрлік құрамын тіркеу; 2 - кездескен жануарлардың систематикасы мен таксондық (класс, отряд, тұқымдас, түр) белгілерін анықтау және 3 - практика бойынша Қорытынды есеп беру.

Оқу практикасын қашықтықтан ұйымдастыру негізіне елді мекендерде (қала, ауыл, қыстақ және т.т.) мекендейтін омыртқалы жануарлардың түрлік құрамы, олардың түрлі биотоптарда (тұрғын үйлер мен өндіріс ғимараттарының шатырларында, көшелерде, скверлерде, аулаларда, бау-бақшаларда, саябақтарда, қора-жайларда және т.т. жерлерде) орналасуы, сан мөлшерін анықтау және жекелеген түрлердің биологиясы мен экологиясын бақылауға көңіл аударылуы керек деп ойлаймыз. Себебі, кез-келген елді мекендерде қосмекенділердің 1-2 түрі (көлбақа - *Rana ridibunda*, жасыл құрбақа - *Bufo viridis* және Певцов құрбақасы - *Bufo pewzowi*), рептилиялардың бірнеше түрі (кесірттер - *Eremias*, жармасқылар - *Gekkonidae*, жыландар - *Serpentes*), құстардан бірнеше отряд (сұңқартәрізділер - *Falconiformes*, ұзынсирақтылар - *Ciconiformes*, кептертәрізділер - *Columbiformes*, көкектәрізділер - *Cuculiformes*, жапалақтәрізділер - *Strigiformes*, ұзынқанаттылар - *Apodiformes*, көкқарғатәрізділер - *Coraciformes*, тоқылдақтәрізділер - *Piciformes* және торғайтәрізділер - *Passeriformes*) өкілдері біршама кездессе, ал сүтқоректілерден Жәндікқоректілер - *Insectivora*, Қолқанаттылар - *Chiroptera*, Кеміргіштер - *Rodentia* мен Жыртқыштар - *Carnivora* отрядтарының синантропты түрлері кездеседі [1.-84-87 б; 3.-С. 118-127]. Осылайша қашықтықтан оқыту жүйесін пайдаланғанда студенттердің омыртқалы жануарлардың алуантүрлілігімен (50-60 түр) танысуына мүмкіндіктері бар. Ескертетін жағдай қашықтықтан оқытуда экскурсия оқытушысыз жүзеге асады. Студенттердің жалғыз өздерінің экскурсияға шығуына, сол арқылы техникалық қауіпсіздік ережелерін бұзуға жол берілмеуі керек.

Бұл айтылғандар қашықтықтан оқыту платформасы бойынша оқу практикасы кезінде студент негізінен елді мекендерде кездесетін омыртқалы жануарлардың алуантүрлілігімен өз бетінше танысады. Ол үшін ол, ең алдымен, сол жерде кездесетін жануарлардың мекендеу ортасының жағдайларымен, қаланың, ауылдың немесе қыстаудың көлеміне қарай жануарлардың табиғи биотоптарының өзгеруін, оның тарихына, құрылыстың салуына, тұрғындардың шаруашылық қызметіне көңіл аударуы керек. Екіншіден, елді мекендерде кездесетін омыртқалы жануарлардың жиі көзге түсетін түрлерін анықтап, олардың экологиясын, мінез-құлқын және елді мекендерде тіршілік етуге экологиялық бейімдеушілік ерекшеліктерін зерттеу керек. Соңғы мәселемен I курс студенттері «Жалпы экология» курсына танысқан. Үшіншіден, өз бетінше экскурсия кезінде көрген омыртқалы жануарларына уақыт бойынша санақ жүргізу болып табылады. Соңғысы, әрине оқытушысыз біраз қиыншылық тудыратыны сөзсіз. Деседе ол жайында топ жетекшісі 1-ші күнгі конференцияда айтып түсіндіруі міндетті және осы автордың біреуінің қатысуымен «Қазақ университеті» БУ-нен 2019 жылы жарияланған оқу құралы - нұсқаулықты ұсыну қажет [1.-98-100 б; 2.-С. 96-97]. Ең соңында елді мекен омыртқалыларының сол жердің тұрғындарының өмірінде және шаруашылығында алатын орнын анықтауға талпыныс жасау керек.

Оқу практикасын қашықтықтан оқыту платформасында бұл айтылғандарға қол жеткізу үшін тақырыптық экскурсиялар ұйымдастыру емес, ең тиімді болатын қарапайым тәсіл - кездескен барлық зоологиялық нысандарды тіркеу болып табылады.

Елді мекендерде экскурсия кезінде ең көп кездесетін құстар класының өкілдері. Бұларды есептеуге қол жетімді және оларды тек тіркеп қана қоймай, сонымен қатар, тіршілігінің түрлі биологиялық кезеңдерінде (жұмыртқа шайқау, балапандарын қоректендіру, қорегін аулау, қауып-қатерге қайтаратын жауабы және т.т.) мінез-құлқының ерекшеліктерін де бақылауға болады. Осыған орай құстарды бақылау жануарлардың экологиялық ерекшеліктерінің олардың тіршілік ортасымен байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сүтқоректілер жасырын тіршілік етуіне байланысты

(елді мекендерде) бұл сұраққа толықтай жауап бере алмайды. Ал қосмекенділер мен рептилиялар арнайы экскурсиялар кезінде не кездейсоқ жағдайларда ғана есепке алынады.

Енді оқу практикасын қашықтықтан ұйымдастыру ерекшеліктеріне тоқталайық. Практика кезінде еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелеріне сәйкес әр күнгі сабақтың ұзақтығы 7 сағатқа созылады. Оның 2 сағаты оқытушымен, 3-5 сағат экскурсияға және 2-4 сағат өз бетінше жұмыс жасауға (күнделік толтыру, таксондарды анықтау және т.б.) жұмсалады. Күн тәртібін шартты түрде былайша бөлуге болады (кесте).

Студенттердің практика жайында есеп беруінің негізгі формасы бақылау күнделігі болып табылады. Күнделік белгілі бір тәртіп бойынша жүргізіледі және ол алғашқы ғылыми құжат болып саналады. Күнделіктің және Қорытынды есептің алдыңғы бетінің үлгісі төменде көрсетілген әдебиеттерде [1.-60 б; 2.-С.58] келтірілген. Экскурсия кезінде жұмыс дәптеріне (күнделікке) жазба жазу және экскурсия қорытындысын шығару қажет [1.-98-100 б; 2.-С.96-97]. Осыларды негізге ала отырып студент оқу практикасы бойынша есеп беруге міндетті.

Кесте. Күн тәртібі және топта атқарылатын жұмыстар

Күндер	Уақыт	Сабақ түрі	Атқарылатын жұмыстар
I	9 ⁰⁰ -9 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Оқытушы экскурсия кезіндегі техникалық қауыпсіздік ережелерімен, практиканың жалпы тәртібімен таныстыру. Күнделік жүргізу, кездескен омыртқалыларды уақыт бойынша тіркеу және санақ жұмыстарын жүргізу әдістерін түсіндіру.
	10 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	экскурсия	Студенттер өздері белгіленген маршрутпен экскурсияға шығады. Кездескен омыртқалы жануарларды уақыт бойынша күнделікке тіркейді.
	15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Экскурсия кезінде атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығару және талдау.
	16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	экскурсия	Ертеңгі маршрутпен экскурсияға шығады. Кездескен омыртқалы жануарларды уақыт бойынша күнделікке тіркейді.
II	9 ⁰⁰ -9 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Студенттерді экскурсия кезіндегі бақылау әдіс-тәсілдерімен таныстыру.
	10 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	экскурсия	Студенттер өздері белгіленген маршрутпен экскурсияға шығады. Кездескен омыртқалы жануарларды уақыт бойынша күнделікке тіркейді.
	15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Экскурсия кезінде атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығару және талдау. Өз бетінше атқаратын жұмыстармен таныстыру.
	16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	өз бетінше жұмыс	Тіркелген омыртқалы жануарлардың таксономиялық белгілерімен танысып, оларды күнделікке жазу.
III	9 ⁰⁰ -9 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Студенттерді экскурсия кезінде әртүрлі топтағы жануарларды бақылау әдіс-тәсілдерімен таныстыру
	10 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	экскурсия	Студенттер өздері белгіленген маршрутпен экскурсияға шығады. Кездескен омыртқалы жануарларды уақыт бойынша күнделікке тіркейді.
	15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Экскурсия кезінде атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығару және талдау. Өз бетінше атқаратын жұмыстармен таныстыру.
	16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	өз бетінше жұмыс	Тіркелген омыртқалы жануарлардың таксономиялық белгілерімен танысып, оларды күнделікке жазу.
IV	9 ⁰⁰ -9 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Студенттерге елді мекеннің түрлі учаскелерінде омыртқалы жануарлардың орналасуы бойынша кесте толтыру тәсілдерін түсіндіру.
	10 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	экскурсия	Студенттер өздері белгіленген маршрутпен экскурсияға шығады. Кездескен омыртқалы жануарларды уақыт бойынша күнделікке тіркейді.
	15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	оқытушымен	Экскурсия кезінде атқарылған жұмыстардың қорытындысын

		жұмыс	шығару және талдау. Өз бетінше атқаратын жұмыстармен таныстыру.
	16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	өз бетінше жұмыс	Тіркелген омыртқалы жануарлардың таксономиялық белгілерімен танысып, оларды күнделікке жазу.
V	9 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	өз бетінше жұмыс	Тіркелген омыртқалы жануарлардың таксономиялық белгілерімен танысып, оларды күнделікке жазу.
	14 ⁰⁰ -15 ⁰⁰	өз бетінше жұмыс	Практика бойынша Қорытынды есеп дайындау.
	15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Студенттермен практика кезінде атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды конференция ұйымдастыру (онлайн режимінде)
	16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	оқытушымен жұмыс	Студенттермен практика кезінде атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды конференция ұйымдастыру (онлайн режимінде).

Оның үлгісі әдебиеттер тізімінде көрсетілген нұсқаулықтарда [1.-113 -114 б; 2.-С.110] жазылған. Кездескен омыртқалы жануарлардың таксономиялық белгілерін табуға, оларды жұмыс дәптерлеріне жазуға арналған оқу құралдарының тізімі осы автордың Зоология пәнінен оқу-дала практикасын жүргізуге арналған әдістемелік оқу құралдарында [1.-91 -92 б; 2.-С.89-90] берілген.

Практика кезінде студенттердің білімін бағалау қорытынды конференцияда (онлайн режиміндегі) есеп берудегі белсенділігі, күнделік жүргізуі және қорытынды есеп беру нәтижелеріне қойылған баллдың қосындысы ретінде жүзеге асады. Ол үшін мынандай шарттар орындалуы керек: 1 - практиканың соңғы күніндегі конференцияда есепті ауызша баяндау; 2 - күнделік пен қорытынды есептің (екеуі бірге) электронды нұсқасы Univer жүйесіне файлмен жіберілуі керек. Топ жетекшісі осылармен танысып, қорытынды бағаны қояды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есжанов Б.Е., Аметов А.А., Баймурзаев Н.Б. және т.б. Зоология пәнінен оқу-дала практикасын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.-144 б.
2. Есжанов Б.Е., Аметов А.А., Баймурзаев Н.Б. и др. Методическое руководство по проведению учебно-полевой практики по дисциплине Зоология. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.-144 с.
3. Хроков В.В., Складенко С.Л. Краткий справочник по птицам Казахстана. Қазақстан құстарының қысқаша анықтамасы (қазақшалаған Б.Есжанов). - Алматы: Ассоциация сохранения биоразнообразия Казахстана, 2009.-156 с.

ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУ

М.Р.Жәнібекова, А.Н. Калиева, Г.Ж. Медеуова

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

На сегодняшний день информационные технологии становятся одним из основных приоритетов в планировании развития образования. Направления информационно - коммуникативных и интерактивных технологий обучения: электронные учебники, телекоммуникационные технологии, мультимедийные и гипертекстовые технологии, дистанционное обучение. Использование информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе достигает нового качественного уровня образования, имеет важное значение в непрерывном обучении, образовании, подготовке образованного, конкурентоспособного специалиста. Освоение информационно-коммуникационных технологий в современном мире стало необходимым условием для каждой личности. Динамичное развитие процессов информатизации в обществе требует формирования всесторонней, развитой личности, владеющей новейшими технологиями.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, система образования, качество образования, преподавание биологии, электронный учебник

Today, information technologies are becoming one of the main priorities in planning the development of education. Areas of information and communication and interactive learning technologies: electronic textbooks, telecommunications technologies, multimedia and hypertext technologies, distance learning. The use of information and communication technologies in the educational process reaches a new quality level of education, is important in continuing education, education, training of an educated, competitive specialist. Mastering information and communication technologies in the modern world has become a necessary condition for every individual. The dynamic development of Informatization processes in society requires the formation of a comprehensive, developed person who owns the latest technologies.

Keywords: information communication technologies, education system, quality of education, biology teaching, electronic textbook

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш құралдармен жұмыс орындауға, оқу үдерісінде компьютерді қолданып, модель жасауға, электронды оқулықтар, интерактивті құралдарды қолданып, интернетте жұмыс жасауға компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдаланумен негізгі мақсаты білім беруді дамыту. АКТ жастардың терең білім алып, іскер болуына, шығармашылдығының жақсы дамуына педагогикалық-психологиялық жағдай туғызудағы әсері өте зор.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында «Білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті [1].

XIX ғасыр ақпараттық қоғамның және технологиялық мәдениеттің кезеңі, қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығы мен кәсіби мәдениеті басты назарда болуы тиіс. Білім беруді ақпараттандыруда инновациялық ақпараттық технологияларды пайдалана отырып дамыта оқыту, бағыттап оқыту арқылы, оқу – тәрбие жұмыстарының барлық салаларының тиімділігін және сапасын жоғарылатады. БҰҰ-ның шешімі бойынша «XXI ғасыр –ақпараттандыру ғасыры» деп атады. Заман талабына сәйкес педагог мамандардың біліктілігін АКТ-ны қолдана отырып дамыту негізгі міндеттердің бірі болып табылады [2].

ҚР-ның Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп берілген [3]. Соның бірі білім беруді ақпараттандыруда дидактикалық және оқыту құралы ретінде компьютер пайдаланылады. Осы орайда барлық білім беруде пәндерді оқыту барысында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары пайдаланады.

Ақпараттық қоғамның басты талабы оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалануда іскерлік дағдыларын қалыптастыра отырып, ақпараттық қоғам жағдайына барынша бейімдеу. Сондықтан да ақпараттық бірліктің білімге айналуы әлемнің жүйелік - ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту жолымен қалыптастыруды мақсат ететін, интеллектуалды дамуды қалыптастырудың басты жолы.

Ақпараттық бірлікті қалыптастыру мектептің материалдық -техникалық базасына, ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне, оқушылардың ақпараттық мәдениетін

калыптастыруына, жас ерекшеліктеріне, меңгеру қабілеттеріне, мұғалімдердің информатика бойынша білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу-тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

Бүгінгі таңда жаратылыстану саласы бойынша білім беру үрдісінде интерактивті құралдар кеңінен қолданылуда. Интерактивті құралдар арқылы педагогтың, оқушының шығармашылық мақсаттағы жұмыстарына жақсы жағдай жасалып отыр.

- эксперименталды зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды жүргізу.

Виртуалды зертхана нақты зертханалық жұмыстарды моделдеуге мүмкіндік беретін интербелсенді материал болып табылады. Жануарлармен жұмыс жасауға (егеуқұйрықтарда, ақ тышқандарда, бақаларда жүйке жүйесінің физиологиясын зерттеуге) немесе биологиялық табиғи сұйықтықтармен (қан, сілекеймен) тікелей жұмыстарды жүргізуге байланысты көптеген зертханалық зерттеулерді зертханалық сабақтарда көрсетуге мүмкіндік жоқ. Виртуалды зертханада мұндай барлық шектеулер болмайды [7]. Әсіресе «Адам және жануарлар физиологиясы» пәнін қашықтан оқытуда виртуалды зертхананың рөлі ерекше екенін айта кету керек. Төтенше жағдайға шұғыл көшуімізге байланысты интернет желісіндегі виртуалды зертханалық сабақтарды оңтайлы қолдана отырып, студенттерге толыққанды сабақтарымызды жүргізе алдық. Қашықтан оқыту барысында «Адам және жануарлар физиологиясы» пәні бойынша зертханалық жұмыстар төмендегі сілтемелер бойынша орындалды:

1. Физиология пәнінен виртуалды зертханалық жұмыстар:
<http://www.virtual-physiology.com/Download>

2. Бақаны жаныздандыру:
https://www.mhhe.com/biosci/genbio/virtual_labs_2K8/labs/BL_16/index.html
3. АВО жүйесі бойынша стандартты сарысу көмегімен қан топтарын анықтау:
<https://edu.grsu.by/labs/page3.php>
4. Қан қысымын өлшеу:
https://www.mhhe.com/biosci/genbio/virtual_labs_2K8/labs/BL_14/index.html

Қорытынды. Тақырыптармызға қатысты интернет желісіндегі виртуалды зертханалық жұмыстардың барлығы орыс және ағылшын тілдерінде болды. Бірақ виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауда студенттерімізде тіл жағынан ешқандай кедергі болмағанын анықтадық.

Физиологиялық үдерістерді танып, білу үшін «Адам және жануарлар физиологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарда көбіне жануарларға тәжірибе жүргізіледі. Ол, жоғарыда айтып кеткеніміздей үнемі қолжетімді бола бермейді. Сондықтан, виртуалды зертханалық жұмыстарды жеткілікті ұйымдастыру арқылы аталған мәселені шешумен қатар, қашықтан оқытуда студенттердің біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда таптырмас құрал болатыны анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Соловых Г.Н. и др. Опыт внедрения дистанционных форм обучения по блоку естественно-научных дисциплин в медицинских вузах. Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 6.
3. Тихомирова Ю.А. Методика дистанционного обучения биологии в современной школе: на материале курса «Человек и его здоровье». Автореф. 13.00.02. – Санкт-петербург, 2014. – 22 с.
4. Князева Е.М. Лабораторные работы нового поколения. Фундаментальные исследования. – 2012. – № 6 (часть 3) – С. 587-590.
5. Саданова Б.М. и др. Применение возможности виртуальных лабораторий в учебном процессе технического вуза // Молодой ученый. – 2016. - №4(108). – С. 71-74.
6. Трухин В.В. Об использовании виртуальных лабораторий в образовании // Открытое и дистанционное образование. – 2002. – № 4 (8). – С. 67-69.
7. Газизова Л.Н., Усиев Е.Т. Интерактивные и альтернативные формы преподавания предмета физиология человека и животных // Сб. научн. Статей межд. научно-практ. конф. Уральск, 2016.

ГЕОГРАФИЯ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

К.Н. Мамирова, Х.Н. Кобегенова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

В педагогической и методической науке сформирована методология разработки учебника, то есть при структурировании содержания и структуры учебника соблюдаются дидактические и логико-психологические требования. Учебник, наряду с предоставлением информационного материала, должен всесторонне повысить познавательный интерес, развить творческое мышление и сформировать жизненные компетенции учащихся. Следовательно, учебник географии служит стратегической и тактической моделью учебного процесса, способствует выполнению образовательных, развивающих и воспитательных функций.

Ключевые слова: обновленная учебная программа, новый учебник, стратегическая и тактическая модель обучения

In pedagogical science, a methodology for developing a textbook has been formed, that is, when structuring the content and structure of a textbook, the didactic and logical-psychological requirements are observed. The textbook, along with the delivery of the finished material, should comprehensively increase cognitive interest, develop creative thinking activity and shape life competencies. Consequently, the geography textbook being a strategic and tactical model of advanced learning experience contributes to the educational, educational and developmental functions.

Keywords: updated curriculum, new textbook, strategic and tactical model of learning

Жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес білім беру, оның мүлтіксіз жүзеге асырылуы сапалы оқулыққа тікелей байланыстылығы сөзсіз. Себебі, мектеп оқулығы барлық оқу үрдісінің сценарийінің үлгісі болып табылады. Оқулық оқытудың мазмұнын ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің әдістемелік тәсілдерін, оқытушы мен оқушының коммуникативтік ара қатынасын анықтап отырады.

Педагогикалық ғылымда оқулықтарды даярлаудың өзіндік әдіснамасы қалыптасқан, яғни оқулықтың құрылымы мен мазмұнын іріктегенде ғылыми теорияға негізделіп, дидактикалық және логикалық-психологиялық талаптарға сай құрастырылуы қажет.

Қазіргі кезеңде мектептегі білім берудің жаңа тұжырымды идеялары мен даму жолдарына сай оқытуды саралау, білім мазмұнын кіріктіру, мектеп өмірін ізгілендіру идеяларын іске асыру мәселелері қарқынды жүргізілуде. Оқулық мазмұны тек ақпарат пен дайын білімді берумен шектелмеуі тиіс, ол оқушының қабілеттерін жан жақты дамытатындай, қызығушылықтарын іске асыратындай, шығармашылық ойлауын және өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыруға көмектесетіндей болғаны жөн. Сонымен қатар, қазіргі мектеп оқулығы педагогикалық тәжірибенің жинақталған стратегиялық және тактикалық моделі ретінде білім мазмұнын іске асыра отырып, оқушылардың жалпы ақпарат көздерінен алған мәліметтерін бір жүйеге келтіріп, кіріктіруге мүмкіндік жасауы қажет.

Оқыту теориясы мен технологиясында белгілі ғалымдар арасында «Оқулық дегеніміз не?» деген сұраққа әртүрлі пікірлер мен көзқарастар қалыптасқан. Мысалы, И.Лернер «Оқулық - тек қана оқушыларға арналған құрал емес, оқулық - оқу процесінің сценарийі және мұғалімнің өзекті құралы» деген. В.П.Беспалько «Оқулық – оқу тәрбие процесінің ақпараттық құралы». Ал, Д.Д.Зуевтің анықтамасы бойынша «Оқулық бұл пәндік мазмұн мен оқу процесін ұйымдастыратын құрал». Осы анықтамаларды қорытындылай келе, мектеп оқулығы, біздің анықтамамыз бойынша, дидактикалық теорияның шеңберінде білім беру үдерісінің кешенді ақпараттық-белсенді моделі және оны жүзеге асыратын тиісті құралы. Басқаша айтқанда, оқулық - бұл процесті жүзеге асырудың шарты болып табылатын шындықты қамтитын, тиісті білім беру үдерісінің мақсаттарын, принциптерін, мазмұнын, технологиясын көрсететін үлгі. Оқулық - бұл дидактикалық жүйені және оның орындалуын жобалайтын үлгі [1,236].

Білім беру мазмұнын жаңғыртуға қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- білімнің әлеуметтік-гуманитарлық құндылық бағдарлануын нығайту, оның әлеуметтік-мәдени контекстін кеңейту және нақтылауды қамтамасыз ету;

- оқу жоспарларын жаңа білім мен құзыреттілікке негіз болып табылмайтын объектілермен және ақпараттармен ауыртпалықты жою;

- іргелі және практикалық білімдердің оңтайлы үйлесімін табу және оқуды бағдарлауға бағыттау;

- ойлау қабілеттілігін дамытуға бағытталған оқу процесі, практикалық дағдыларды дамыту, процедуралар мен технологияларды зерделеу.

Білім мазмұнын жаңартудың негізгі басымдықтары мынадай:

- тұлғаны дамытудың жас кезеңдерін ескере отырып, адамгершілік-құзыреттілікке бағытталған білімнің гуманистік моделінің жетекші принциптері мен қағидаттарына негізделген білім берудің кадамдарына сәйкес білім мазмұнын құрылымдау;

- адамның дамуына бағдарланған, әмбебап құндылықтар және бірегей этномәдени мәселелерді дәріптеу;

- мектептегі пәндерді ақпараттық және іс жүзінде түсіну, қайталануды жою, барлық оқушылар үшін оқу материалдарының қол жетімділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз ету, оның құрылымында бірзіділікті сақтау және ғылым негіздерін және жетістіктерін қосу.

Қазіргі заман жағдайында жеке тұлға қызмет-құзыреттілік көзқарас негізінде мектеп оқулықтарын құру мәселесін шешу қажеттілігі туындап отыр. Бұл мектеп оқулықтарының дидактикалық негіздерін оқушыларға өзіндік белсенділікті ынталандыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыттайды.

Мектеп оқулығын тек қана білім көзі ретінде ғана емес, сондай-ақ оқушылардың білімін ұйымдастыру процесінде және жүзеге асыру үдерісінде пайдаланатын құрал ретінде қарастыру қажет. Оқулықта шығармашылық қызметтің тәжірибесі оқушылардың оқу іс-әрекетін қамтамасыз ететін білім беру жағдайлары түрінде көрсетіледі. Өз кезегінде, эмоционалды құндылықтармен қарым-қатынас тәжірибесі оқулық мәтінінде эмоциялық қабылдауды анықтайтын объектілер мен қызмет құралдары туралы пікірлер арқылы сипатталады.

Қазіргі әлемде білім беру - экономикалық өсуді, әлеуметтік тұрақтылықты және азаматтық қоғам институттарын дамытуды қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Әлемнің барлық елдерінде даму деңгейіне қарамастан жалпы проблемалар шешіледі: білім берудің қолжетімділігін арттыру, оны сапалы ету, әлеуметтік және экономикалық талаптарға сай болу; оқу құралдарын, атап айтқанда, мектеп оқулықтарын пайдалану, оқушыны үнемі өзгеріп отыратын өмір мен еңбек жағдайына дайындау. Оқулық оқу жүйесінің жетекші және ұйымдастырушылық элементтерінің бірі болып табылады, оқулық әртүрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты жүйелеуге және біріктіруге арналған.

География оқулығы іскерлік пен дағдыдан құралған, ұғымдар мен түсініктерден құрастырылған, оқушылардың білім беру мен тәрбиесін қалыптастыруға арналған құрал. Мектеп географиясында физикалық география жаратылыстану пәндерінің цикліне, экономикалық география гуманитарлық пәндер цикліне жатады. Мектепте географияны оқытудың басты мақсаты – ғылыми негіздермен оқушыларды қаруландыру. Жаңа ғылыми-техникалық революция кез-келген мамандықтар иесінің еңбектегі ойлау қабілетін арттырады. Мектепте оқушы өмір бойы қолдана алатын географиялық білім ала алмайды, оқулық география саласында оның қызығушылығын арттыратын танымдық әдістерді үйретеді. Географияны оқыту барысында тарихи, елтану, өлкетану, экологиялық мақсат-міндеттерге назар аудару керек.

Мектеп географиясының келесі мәселесінің бірі оқушының географиялық білім деңгейін қарапайымнан күрделіге қарай көтеру. Осы мақсатта олардың өз бетімен жұмыс істеу жолдарын қарастыру қажет.

Оқулықты пайдалана білу әдісі – мектепте емес, сонымен қатар мектепті бітірген соң да керек. Оқу кезінде де және өздігімен білімін көтеру ісінде де оқулықтарды дұрыс қолдана білу талапкер жастарға көп көмегін тигізеді.

География оқулығы – оқушылардың білімі мен тәрбиесін жетілдіруде басты құралдардың бірі. Оқулық – географиядан берілетін білімнің бағдарлама талабына сай көлемін және жүйесін анықтайды, сондықтан ол мұғалімге және оқушыларға әрдайым оқып үйрену үшін қажет. Материалдың оқулықта қалай берілгеніне қарай оқушылар игеретін білім деңгейі де күрделене түседі. Жақсы оқулық оқушылардың білімді ойдағыдай меңгеруіне көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар, пәнге ықыласын тудырады.

География оқулығы мәтіндік компоненттен және карталар, суреттер, фотосуреттер, сызбанұсқа, кесте, профильдерден тұрады. География оқулықтарының тиімді әрі түсінікті болуы – олардың теориялық және әдістемелік деңгейімен байланысты. География оқулықтары сабақта жаңа тақырыпты өткенде көп жәрдемін тигізеді. Әсіресе, мәтін және мәтіннен тыс компоненттер. Оқулықтарда сабақ үстінде материалдарды сұрыптауға, оқушыларға қойылған сұрақтардың мәні мен түріне көп көңіл бөлінеді.

Оқушылардың қабылдау ерекшелігі, олардың көрнекті - бейнелі ойлау қабілеті басым болуы оқулық материалдарын ойдағыдай меңгеруіне байланысты.

Оқулықтың әр түрлі құрам бөліктерімен жұмыс істеу – индуктивті және дедуктивті әдісті талап етеді. Оқулықпен жұмыс істеу ережелері төмендегідей:

- оқулықпен танысу (оның құрылымы және әдістемелік аппараты);
- белгілі пәннен және басқа пәндерден дайындық жүргізе отырып, тақырыпты қабылдау әдісі;
- оқулықтағы әр түрлі құрам бөліктерімен жұмысты жасап үйрену әдісі.

Мектептегі география жүйесі басқа пәндер сияқты курстар мен бөлімдерден тұрады. Курс бөлімдерді оқыту мен тәрбиелеудің өзара байланысынан құралып, негізі – педагогикалық логикадан құралған. Логика – оқушыларда ғылыми білімнің қалыптасуын, кеңеюі мен тереңдеуін, дағды мен іскерліктің бекітілуін қамтамасыз етеді. Ол әрбір кезеңде оқушы жаңа оқу материалын қабылдауды жүзеге асырады.

Мектеп география жүйесін құрғанда ғылым салаларының өзара байланыстылығын, физикалық және экономикалық географияны оқыту ерекшеліктерін ғылыми логикалық тұрғыдан қарастыру қажет.

Тұлғаның жан-жақты қалыптасып дамуы үшін оқушылардың білімді меңгеріп, оқу дағдысын үйреніп, өз-өзін үздіксіз жетілдіру қажет.

Бір жағынан алғанда, оқулық оқушылар үшін білімнің мазмұнын тасымалдаушы, яғни білімнің қайнар көзі болып табылады. Мұнда мектеп бағдарламасында қарастырылған негізгі ғылыми ұғымдар белгіленіп, ашылады және мектепте оқуға бағытталған оқу материалының көлемі анықтала түседі. Екінші жағынан алғанда оқулық бұл оқытудың құралы ретінде оқушыларға оқу материалын меңгеруге көмектеседі.

Сонымен бірге, оқулық нақты білімдерді меңгеруге, оқу процесінде оқушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, оқушылардың өз алдына дербес шығармашылық қызмет тәжірибесін меңгеруіне және өзіне қажетті ақпараттар табуына мүмкіндік береді. Оқулық өзіндік мазмұны бар және оқушылардың таным қызметін құрастыратын оқыту құралы [2,316].

Оқулықта қазіргі заманғы білімнің ғылыми тұрғыдан негізделген жүйесі міндетті түрде көрініс табуы керек, яғни мазмұндық теориялық аспектісі бейнеленуі керек.

География оқулығының ғылыми-әдістемелік ерекшеліктерін жаңа форматтағы оқулық мысалында қарастырайық.

2018-жылы «Алматыкітап» баспасынан Р.Ә.Қаратабанов, А.А.Саипов, Б.Х.Балғабаева, Қ.Т.Сапаров авторлар бірлестігімен жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған география оқулығының байқау үлгісі жарық көрді. Жаңартылған бағдарламаға сәйкес құрастырылған оқулық өзінің жаңашыл мазмұнымен ерекшеленеді. Оқулықтың мәтіндік және мәтіннен тыс компоненттерінде түрлі-түсті иллюстрациялар, кестелер, диаграммалар, карталар әр параграфта мол қолданылған. Бұл оқушыға психологиялық тұрғыда мотивация жасап, дүниетанымын кеңейтіп, оң бағдарын бере түседі, олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады. Себебі, бірсарынды мәтіндерге қарағанда кестелер мен фотосуреттер арқылы бала мәліметтерді тез әрі жеңіл қабылдайды. Оқулық тәрбиелік, қалыптастырушылық, құрылымдық қызметтерді атқарады.

9-сынып География оқулығының мазмұны 4 бөлімге бөлінген.

1 – бөлім. Географиялық зерттеу әдістері.

2 – бөлім. Картография мен географиялық деректер базасы.

3- бөлім. Физикалық география.

4 – бөлім. Әлеуметтік география.

1-бөлімде заманауи зерттеу тәсілдері мен зерттеу түрлері және қазақстандық географтардың зерттеулері қарастырылған.

2- бөлімде картография және ГАЖ- технологиялары сипатталған.

3-бөлімде физикалық географияның ұғымдары мен түсініктері, сонымен бірге литосфера, атмосфера, гидросфера және биосфера тақырыптары берілген. Сондай-ақ, барлық материалдар Қазақстанның физикалық географиясының мағлұматтарымен және жергілікті өлкелік материалдарымен қамтамасыз етілген.

4-бөлімде Әлеуметтік география. Қазақстанның халықтары географиясы жайлы материалдар берілген.

Аталған оқулықтың ерекшелігі ертеңгі өмірге қажетті географиялық білімнің негізін қалап, оқушылардың өздігінен ізденіп, білім алуларына мүмкіндік тұғызады. Сондай-ақ, оқулық сапалы білім алуға және парасатты азамат тәрбиелеуге бағытталған. Оқулықтың оқушылардың белсенділігін арттыру, өзіндік жұмыс жасау қабілетін ұйымдастыру мүмкіндіктері мол. 9-сынып географиясы Қазақстан туралы білім мен біліктерді тереңдетіп, жаңа мағлұматтар алуға оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған. Әр сабақ сайын оқушылар Отанымыздың өзіндік ерекшеліктерімен танысатын болады.

Еліміздің геологиялық және тектоникалық құрылымымен, климатымен, су ресурстарымен, өсімдік, жануарлар әлемімен, бірегей ландшафтысымен танысуға, қауіпті табиғи апаттардан қорғануға, табиғат ресурстарының қорын анықтауға мүмкіндік береді. Оқулықта Қазақстанның географиясын зерттеу «Қазақстанның дамуы үшін біз не істей аламыз?» деген негізгі сұрақ тұрғысынан жүзеге асырылады. Географиялық білім әлеміне жол салу үнемі оңай бола бермейді, бірақ қызықты екені рас, өйткені «Қайда? Қалай? Неліктен?» тәрізді басты географиялық сұрақтарға жауап ізделінеді. Әр тақырып бойынша негізгі мақсаттарға жету үшін қандай білім болу қажеттігі параграфта көрсетілген. Оқулық мәліметтерді оқып қана қоймай, оны жан-жақты қарастырып, терең түсінуді ұсынады. Ол үшін әрбір берілген мәліметтерден кейін тапсырмалар мен сұрақтар беріледі. Сұрақтардың жартысының жауабы оқулықта қамтылмаған. Осыларға байланысты оқулықта шартты белгілермен айқындалған бағдарлау аппараттары бар. Олар әр параграфтарда берілген.

- Географиялық ақпарат көздерімен жұмыс;
- Графикалық мәліметтерді ұсыну;
- Зерттеулер;
- Географиялық тәжірибелер жүргізу;
- Географиялық номенклатура;
- Картамен жұмыс;
- Жетістіктерді бағалау;
- Дәптермен жұмыс.

Оқулық оқушыларға «барлық сұрақтарды сыныптастарыңмен талқылаңдар, идеялар ұсыныңдар, баға беріңдер және жеке тәжірибелеріңді еске түсіріңдер» - деп бағыттайды. Жауаптар басқа географиялық ақпарат көздерінде: сайттар, фотосуреттер, суреттер, газет-журнал беттерінде қамтылған болуы мүмкін. Олармен жұмыс жүргізу оқулықта географиялық ақпарат көздерімен жұмыс жасау деп аталған.

Көп жағдайда оқулық географиялық нысандар мен кеңістіктердің жекелеген қасиетін қалай білуге болатыны туралы тек нұсқаулар ұсынады. Оқулықта: «Сендер бұл қасиеттерді тәжірибе немесе зерттеулер жүргізу арқылы өздерің анықтайтын боласыңдар. Кейбір тапсырма мен сұрақтардың жауаптарын тек географиялық картадан табуға болады. Сонымен қатар көптеген жауаптарды дайын кескін карталарға және өздерің құрастырған карталарға жүктеулерің керек» деген тапсырмалар берілген.

Географиялық зерттеулердің бәрін бірдей мәтін немесе карта түрінде бере алмайсың. Оларды графиктер мен диаграммаларда, инфографикаларда, фотоколлаждар мен суреттерде, постерлерде, құрастырылған кестелерде де көрсетуге болады, кейде шартты белгілер немесе пиктограммалар жүйесін пайдалануға болады. Осы жұмыстың барлығы географиялық тілмен географиялық деректерді визуалдау түрінде ұсыну деп аталады. Кейде өте көлемді мәліметті бір сөзбен білдіруге болады. Географиялық білімдерді жоғары деңгейде меңгеру үшін оның терминдері мен түсініктерін білу қажет. Әрбір тақырыпқа қатысты барлық географиялық нысандарды карта мен атластардан тауып, оларды өз карталарыңда көрсету керек. Мұны географиялық номенклатурамен жұмыс деп атайды. Оқығаныңды жақсы түсіну үшін білімің мен қолжеткізген нәтижелеріңнің деңгейін тексеріп отыру қажет. Жұмыстың бұл түрі жетістікті бағалау деп аталады.

Тарау бойынша алған білім мен дағдыларды жинақтап қорыту үшін «Бөлімге шолу» мазмұнымен салыстыруға болады. Қандай оқу жұмысын орындау керегін анықтау үшін «Оқулықты бағдарлау аппаратын» мұқият зерттеу қажет. География сабағы пайдалы және қызықты болу үшін «Геосергіту» және «Геодерек» айдарлары қосылған.

Оқушылардың жеке дамуына бағытталған оқулық мазмұны бірнеше тиісті қызмет түрлерін қамтуы тиіс. Ол алдыға міндет қою, білім беру жағдайын ұйымдастыру, қажетті ақпаратты ұсыну, проблемаларды шешу жолдарын ашу, жинақтау және жүйелеу, бекіту және мониторинг, тәуелсіз зерттеу, үй тапсырмасы, білім беру іс-әрекетінің рефлексиялы хабардарлығы және оның нәтижесі сияқты оқыту рәсімдерін көрсетуі керек [3,18 б]. Сонымен, жаңа оқулық инновациялық үдеріске сай, яғни жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату міндеттеріне бағынған кешенді құрал болып есептелінеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мамирова К.Н. Школьный учебник. Монография. А. «Қыздар университеті». 2015.
2. Құсайынов А.К., Асыллов Ұ.А. Оқулықтану өзекті мәселелері. Рауан. 2003.
3. Қаратабанов Р.Ә., Саипов А.А., Балғабәева Б.Х., Сапаров Қ.Т. География. Оқулық. 9-сынып. А. Алматыкітап. 2018.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

М.Х. Парманбекова¹, Э.М.Иманова¹, А.А.Сауытбекова²

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
№78 орта мектебі, Шымкент қаласы

Мақалада заманауи білім беру жүйесі қашықтықтан оқытуға арналған. Мақаланың негізгі міндеті қашықтықтан оқытуды оқытудың жаңа түрі ретінде негіздеу және дәлелдеу. Мақалада оқыту формаларын талдау берілген, қашықтықтан оқытуды дамытудың негізгі бағыттары келтірілген. Қашықтықтан оқытудың дәстүрлі түрлерінен ерекшеліктері көрсетілген. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі қашықтықтан оқыту курстарын жобалау және жүзеге асыру негізінде жатқан педагогикалық технологияларды пайдаланумен анықталады. Қашықтықтан оқыту оқытудың дербес түрі ретінде қарастырылатыны туралы қорытынды жасалды, себебі дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін емес елеулі айырмашылықтар бар.

Кілттік сөздер: қашықтықтан оқыту формасы, технологиясы, құрал

Статья посвящена актуальной проблеме современного образования дистанционному обучению. Основная задача статьи обосновать и аргументировать дистанционное обучение как новую форму обучения. В статье дан анализ форм обучения, приведены основные направления развития дистанционного обучения, показаны отличия дистанционного обучения от традиционного. Показано, что эффективность дистанционного обучения определяется использованием педагогических технологий, которые лежат в основе проектирования и реализации дистанционных курсов. Сделан вывод о том, что дистанционное обучение может рассматриваться как самостоятельная форма обучения, потому что обладает существенными отличиями, которые не могут быть реализованы в традиционной форме.

Ключевые слова: дистанционная форма обучения, технология, инструмент

Коммуникация құралдарының дамуымен Қашықтықтан оқытудың түрлі әдістеріне деген қызығушылық артты. Білім алушыға сабақ орнына ауысуға уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, ал сабақтың өзін материалды толық оқып немесе бөлімді одан кейін оқуды кейінге қалдыра отырып, өзіне ыңғайлы кез келген уақытта оқуға болады. Қазіргі уақытта Қашықтықтан оқытудың ұйымдастырушылық және педагогикалық мүмкіндіктері электрондық пошта, электрондық журналдар, чат, WEB-конференциялар және т. б. сияқты барлық қолжетімді телекоммуникациялық сервистердің көмегімен іске асырылады. Қазір мұндай қызметті ұйымдастыруға арналған әртүрлі өнімдердің көп санын кездестіруге болады. Бағдарламалық өнімдер нарығында қашықтықтан оқыту үшін көптеген бағдарламалар бар. Осыған байланысты белгілі бір өлшемдер бойынша және белгілі бір білім беру мекемесі үшін бағдарламалық өнімді таңдау мәселесі туындайды. Мұндай критерийлердің бірі әкімшінің бағдарламада жұмыс істеу дағдыларын жылдам меңгеру қабілетін бөліп көрсетуге болады.

Жұмыстың мақсаты: Қашықтықтан оқытудың қазіргі технологияларын сипаттау және таңдалған қашықтықтан оқыту жүйесі үшін инсталлятор құру.

Қашықтықтан білім беру-оқу ақпаратымен алмасу құралдарына негізделген (спутниктік теледидар, радио, компьютерлік байланыс және т.б.) мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасының көмегімен елде және шетелде халықтың қалың жіктеріне ұсынылатын білім беру қызметтерінің кешені.

Қашықтан оқытудың ақпараттық-білім беру ортасы -жүйелі-ұйымдастырылған жиынтық болып табылады. Олар:

- деректерді беру құралдары,
- ақпараттық ресурстар,
- өзара іс-қимыл хаттамалары.

Қашықтан оқыту - адамның білім алу және ақпарат алу құқығын іске асыруға арналған Үздіксіз білім беру нысандарының бірі болып табылады. Сонымен, қашықтықтан оқыту-студенттің өзіндік білім алу принципіне негізделген білім беру үдерісін жаңа ұйымдастыру. Оқыту ортасы оқушылардың негізінен, ал жиі және мүлдем оқытушыдан кеңістікте және уақытта алыс орналасқандығымен сипатталады,сонымен қатар олар кез келген уақытта телекоммуникация құралдары арқылы диалогты қолдау мүмкіндігіне ие.

Қашықтықтан оқытуды іске асыру ақпараттық технологияларға негізделеді.: оқитын материалдың негізгі көлемін оқитындарға жеткізу, оқу үрдісінде білім алушылар мен оқытушылардың интерактивті өзара іс-қимылы, студенттерге оқылатын оқу материалын меңгеру бойынша өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беру, оқыту барысында алған білімдері мен дағдыларын бағалау.

Қашықтықтан оқыту термині, әдетте, кейбір оқу инфрақұрылымымен (оқу теледидар студиясы, компьютерлік желінің мамандандырылған тораптары, тиісті материалдарды әзірлейтін және тарататын әдістемелік орталықтар) байланысады және оқушылардың өзіне емес, тиісті қызмет көрсететін оқу орнына жатады. Оқу тұрғысынан қашықтықтан білім беру сырттай оқу шеңберінде оқу материалдарын жеткізу (өзара әрекеттесу) тәсіліне жатады. Оқу тұрғысынан қашықтықтан білім беру кез-келген оқу формасында (соның ішінде әр түрлі өзін-өзі оқыту жүйелерінде) оқушының өзіндік жұмысына жатады. Қашықтықтан оқыту-бұл қашықтықтан оқытудың барлық технологиялары мен басқа да түрлерін қамтитын ақпарат пен оқыту арқылы білім мен дағдыларды алу [1].

Қашықтықтан оқыту ерекшеліктері. Қашықтықтан оқытудың оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың кез келген арнайы формасы сияқты бірқатар ерекше ерекшеліктерге ие. Олардың санына әдетте мыналар жатады:

Икемділік. Білім алушылар негізінен дәрістер, семинарлар түрінде тұрақты сабақтарға қатыспайды. Әр адам өзінің көптеген ресурстарын (уақытша, қаржылық және т.б.), курсты, тәртіпті меңгеру және таңдаған мамандығы бойынша қажетті білім алу үшін қанша жеке өзі қажет екенін көрсете алады.

Модульдік. Қашықтан оқыту бағдарламаларының негізіне модульдік принцип кіреді. Білім алушы меңгерген әрбір жеке пән немесе бірқатар пәндер белгілі бір пән саласы туралы тұтас түсінік береді. Бұл тәуелсіз оқу курстарының жиынтығынан жеке немесе топтық қажеттіліктерге жауап беретін оқу жоспарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Параллельдік. Қашықтан оқыту негізгі кәсіби қызметті оқумен қоса атқару кезінде, яғни "өндірістен қол үзбей" жүргізіледі.

Қашықтық әдісі. Білім алушының тұрған жерінен білім беру мекемесіне дейінгі қашықтық (байланыстың сапалы жұмысы жағдайында) тиімді білім беру процесіне кедергі болмайды.

Асинхрондық. Оқыту процесінде оқытушы мен білім алушы бір-біріне қарамастан, уақыт бойынша, яғни әрбір кесте үшін ыңғайлы және ыңғайлы қарқынмен, бірақ кейбір шектеулер шегінде оқыту технологиясын іске асыра алатын фактіні білдіреді.

Қамту. Бұл ерекшелік кейде "жаппай" деп аталады. Білім алушылардың саны сыни параметр болып табылмайды. Олар Оқу ақпаратының көптеген көздеріне (электрондық кітапханаларға, деректер қорына) қол жеткізе алады, сондай-ақ байланыс желісі арқылы немесе басқа ат құралдарының көмегімен бір-бірімен және оқытушымен сөйлесе алады [2].

Қарапайым тілмен айтқанда қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы [3].

Қазір көптеген ЖОО-да қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық жүйелер негізінде қашықтан оқытудың элементтері енгізілген. Қашықтан оқыту технологиялары ҚР білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігімен табысты біріктірілуіне, білім беру нарығында ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Осы себептерге байланысты Қазақстанның көптеген ЖОО-дары қашықтан оқыту технологиясын тандап, құрылымын жетілдіруде ұйымдастырушылық жұмыстарын жасауда [4].

Жаңа ғасырдың жаңа форматта білім беретін платформасы, Google Classroom оқытуды басқару жүйесі, Microsoft Teams жүйелері арқылы оқушылардың білім алуларына жағдай жасалынған. Әр жүйенің өзіндік талаптары, ерекшеліктері бар. Мәселен, Google Classroom платформасы оқуға арналған Google-дің пайдалы қызметтерін біріктіреді. Платформада өз сабақтарыңызды, курстарыңызды құруға, қажетті оқу материалдарын студенттермен бөлісуге, оларға тапсырмалар ұсынуға, оқушылардың тапсырмаларын бағалауға және олардың үлгерімін бақылауға және студенттермен қарым-қатынасты ұйымдастыруға болады. Ал Zoom платформасы арқылы дәрістер өткізуге және конференциялар ұйымдастыруға мүмкіндік жасалған. Сондықтан оқимын деген жандарға қашанда жол ашық, мүмкіндіктер көп.

Қорыта келе осы уақыт аралығында қашықтықтан оқытудың да ұтымды тұстары кездесіп жатыр. Мен бес тиімді жақтарын көре білдім десем де болады.

- Біріншіден, мұғалім де, білім алушы да ақпараттық технология мен коммуникация құралдарын білім алу негізінде жұмыс жасап, тереңірек игеруде.

- Екіншіден, мұғалімге жүктелген жауапкершіліктің көбі білім алушыға жүктелуде. Қазіргі жағдайға білім алушы уақытты барынша тиімді пайдаланып және өз бетінше ізденуде.

- Үшіншіден, университет қабырғасындағы сабақ кестесіндей емес, тәуелділік жоқ, сабақ барысындағыдай 50 минутта сабақты аяқтап тастамаймыз. Тәулік бойына интернет желілері арқылы білім алушылармен оқытушы байланыста отырады.

- Төртіншіден, дәстүрлі сабақ кезіндегідей емес, барлық білім алушылармен кері байланыс орнатып отырмыз.

- Бесіншіден, білім алушылардың ұстазға деген мейірімділіктерінің кеңейгені.

Дегенмен, университет қабырғасында отырып, білім алушылармен бетпе – бет отырып, дәстүрлі сабақ өткенімізге жетпейтіні белгілі. «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» - деп Мағжан Жұмабаев айтпақшы, жаңа форматтағы қашықтықтан оқыту жүйесі тек ұстаздар қауымы үшін ғана емес, білім алушыларға да пайдасы көп болды деп ойлаймын. Еліміздің алдағы уақытта өркениетті мемлекеттер қатарынан көрінуі, білімді әрі білгір ұрпақты тәрбиелеу заман талабына сай білім алудан, жаңашылдықтан бастау алатынын айтқымыз келеді. Мәңгілік елдің ұрпағы – біздің болашағымыз!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Интернет-журнал «Эйдос». - [Электронный ресурс] <http://www.eidos.ru/journal/distedu.htm>
2. Зенкина С.В., Чернебай Е.В. Подготовка учителей к исследованию ИКТ для создания электронного обучения. // Информатика в образовании №7 2008г. 110стр.
3. Лапикова Н.В. Регулирование качества обучения студентов педвуза с использованием ИКТ. // Информатика в образовании №4, 2008 г. 107стр.
4. Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 2. – Б. 49-57.

БИОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ НЕГІЗІНДЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.А. Рамазанова

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

В статье рассматривается значение исследовательской деятельности в формировании компетенций студентов-биологов. В условиях образовательного процесса исследовательская деятельность рассматривается как специально организованная, познавательная творческая деятельность обучающихся, целью которой является получение новых знаний об объекте исследования, формирование новых способов деятельности и исследовательских умений. Биологические исследования студентов разнообразны по своему содержанию и направлениям, формам и методам. Успешность специалиста в профессиональной и социальной жизни определяется уровнем развития ключевых компетенций, поэтому представлен пример краткого ориентированного подхода о том, какие направления ориентированы и как необходимо реализовать студенты в активном выполнении исследовательской работы.

Ключевые слова: организация исследовательской деятельности, биология, студент, компетентность, лаборатория, будущий специалист, конкурентоспособный.

The article discusses the importance of research activities in the formation of the competencies of biology students. In terms of the educational process, research activity is considered as a specially organized, cognitive creative activity of students, the purpose of which is to obtain new knowledge about the object of research, the formation of new ways of activity and research skills. Students' biological research is diverse in its content and directions, forms and methods. The success of a specialist in professional and social life is determined by the level of development of key competencies, so an example of a brief focused approach is presented about which areas are oriented and how students should be implemented in the active implementation of research work.

Keywords: organization of research activities, biology, student, competence, laboratory, future specialist, competitive.

Қазіргі заманғы білім беруді дамыту жоғары білікті маман даярлауға бағытталуы тиіс. Оның құзыреттілігі пән саласындағы іскерлік қабілетті жоғары болу үшін қажетті білім мен тәжірибенің болуы, сондай – ақ құзыреттілік жиынтығымен анықталады.

Құзыреттілік - бұл маманның белгілі бір кәсіби міндеттерді шешуге қабілеттілігі. Болашақ биолог маманның негізгі құзыреттілігі:

- оқу жоспарында қарастырылған пәндерді оқу нәтижесінде алынған білім мен іскерлікті қамтитын академиялық құзыреттер;

- мәдени-құнды бағдарларды, қоғам мен мемлекеттің идеологиялық, адамгершілік құндылықтарын білуді, оларды ұстай білуді қамтитын әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер;

- мәселелерді тұжырымдау және міндеттерді шешу, жоспарларды әзірлеу және кәсіби қызметтің таңдалған саласында олардың орындалуын қамтамасыз етуді қамтитын кәсіби құзыреттер [1].

Маманның кәсіби және әлеуметтік өмірдегі табыстылығы негізгі құзыреттіліктің даму деңгейімен анықталады.

Биолог-мамандардың болашақ кәсіби қызметі саласындағы зерттеу құзыреттілігі заманауи білім беру бағдарламаларының маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. А. В. Хуторскийдің жіктеуіндегі зерттеу құзыреттілігі танымдық құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, ол "әдіснамалық, пәнаралық, логикалық іс-әрекеттің элементтері, мақсатты болжауды, жоспарлауды, талдауды, рефлексия ұйымдастыру тәсілдері" [2].

Білім беру үдерісі жағдайында зерттеу қызметі білім алушылардың арнайы ұйымдастырылған, танымдық шығармашылық қызметі ретінде қарастырылады, оның мақсаты зерттеу нысаны туралы жаңа білім алу, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін және зерттеу іскерліктерін қалыптастыру болып табылады.

Зерттеу қызметі мақсатқа бағыттылығымен, белсенділігімен, пәнімен, мотивациялығымен және санасымен сипатталады, ал оның құрылымы оқу үдерісін толықтыратын және тереңдететін оқу-зерттеу қызметінің құрылымына сәйкес келеді және білім беру бағдарламаларының шеңберінен тыс студенттердің өзіндік қызметін көздейді.

Студенттердің биологиялық зерттеу жұмысы өзінің мазмұны мен бағыттары, нысандары мен әдістері бойынша әртүрлі.

Биолог-студенттердің зерттеу жұмысының мақсаты болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, шығармашылық қызметті күшейту, оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану және білімнің біртұтас жүйесін қалыптастыру, талантты жастарды анықтау негізінде олардың кәсіби даярлық деңгейін анықтау. Студенттердің зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде зерттеулер жүргізудегі еріктілік принциптері, зерттеу тақырыбын таңдау құқығы, зерттеушінің практикалық әлеуетімен оқыту функцияларының үйлесуі пайдаланылады [3].

Студенттердің зерттеу жұмыстарының негізгі түрлері: – рефераттар, баяндамалар дайындау; – студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелерінің жұмысына қатысуы; – студенттердің ғылыми-зерттеу жобаларын орындауы; – семинарларға, зерттеу жұмыстарының байқау-конкурстарына қатысуы; – студенттік конференцияларға қатысуы.

Студенттердің зерттеу жұмысы барысында педагогикалық міндеттердің тұтас кешені шешіледі:

- студенттерді өзіндік теориялық және эксперименталды жұмыс дағдыларына үйрету;
- студенттердің жалпы және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;
- тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу, шығармашылық әлеуетті дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Зерттеу жұмысын орындау барысында студенттерде төмендегідей қалыптасады:

- кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты іздеу мен талдауды жүзеге асыру;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- ұжым мен командада жұмыс істеу; тапсырмаларды орындау нәтижесі үшін мақсаттар қою және өзіне жауапкершілік қабылдау [4].

Кәсіби құзыреттіліктер, мысалы: биологиялық объектілердің әртүрлілігі туралы негізгі түсініктерді көрсету, биосфераның тұрақтылығы үшін биоалуантүрлілік мәнін түсіну; далалық және зертханалық жағдайларда биологиялық объектілермен жұмыс істеудің қазіргі заманғы эксперименттік әдістерін қолдану, заманауи аппаратурамен жұмыс істеу дағдысы; далалық және зертханалық биологиялық ақпаратты өңдеу, талдау және синтездеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, ғылыми-техникалық жобалар мен есептерді құрастыру принциптерін білу. Студенттерді зерттеу қызметіне оқыту барлық білім алушыларды оқу-зерттеу жұмысына қосу арқылы жүргізіледі.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) – зерттеу қызметінің мазмұны бойынша аса маңызды және күрделі түрі. СҒЗЖ білім беру процесін толықтырады, жалпы және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы білім берудің үздіксіздігіне жағдай жасайды, студенттерге практикалық зерттеулерді орындауға, өз қызметін жоспарлауға, қойылған мақсатқа қол жеткізуге, жұмыс нәтижелерін талдауға және қажетті қорытындылар жасауға, жұмыстың қорытындыларын көпшілік алдында ұсынуға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Константинов В. А. Методика формирования исследовательской компетентности студентов в условиях университетского ботанического сада : дис. – Астрахань, 2000.
2. Грачёва Е. Л., Сухорукова Л. Н. Методика формирования компетентности студентов в области биохимии //Ярославский педагогический вестник. – 2012. – Т. 2. – №. 2.
3. Дикарева И. Г. Модель методики формирования информационной компетентности студентов-биологов в процессе методической подготовки в педагогическом вузе //Казанская наука. – 2012. – №. 7. – С. 230-232.
4. Иванова Т. А., Ковалев В. П. Формирование исследовательской компетентности у будущих бакалавров по направлению подготовки «Педагогическое образование» (профили «Химия» и «Биология») //Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. ИЯ Яковлева. – 2015. – №. 2 (86).

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ

А.С. Сартаев¹, Б.С. Жошибекова¹, Э.А.Сартаева²

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті¹, Қазақстан, Алматы қ.
№ 17 орта мектеп², Қазақстан, Тараз қ.

В статье рассматриваются о стратегии обучения биологии, сочетании и применении различных методов и приемов обучения, алгоритме и содержании организации индивидуальной, парной, групповой работы.

Ключевые слова: стратегия обучения, методы, обновленная программа обучения, методика обучения биологии

The article discusses the strategy of teaching biology, the combination and application of various methods and techniques of training, the algorithm and content of the organization of individual, pair, group work.

Keywords: strategy of teaching biology, methods, updated training program, methodology of teaching biology

Қазіргі кезде, биология пәнінің жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған оқулықтар 7, 8, 9 және 10 сыныптарға енді. Қазір мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған міндет біздің ойымызша жаңа оқу бағдарламасы бойынша жазылған оқулықтардағы материалдарды игеру болса, келесі кезеңде әдіскерлер мен ЖОО ұстаздары өтімді, жаңа үлгідегі әдістемелік кешенді зерттеп, дайындау. Қазіргі биологияны оқытудың заманауи әдістемелік негізін құру бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздар әдістемелік оқу құралдарына зәру. Оларға жаңатырылған мазмұндағы курсты игеру үшін жаңа әдістемелік шешім мен жаңа бағыт қажет [1, 76]. Ол үшін курстың негізгі идеясын біліп, оның құрылу логикасын терең түсініп, әр түрлі әдістемелік шешімдерді дұрыс қабылдау. Біріншіден курсты жүргізетін мұғалімдерді курстың негізгі идеясымен терең таныстырып, негізгі бағыттарын айқындау. Мұғалім бағдарламада жазылған, айтылған мәселелерден басқа құнды керекті биологиялық заңдар мен қағидаларын жақсы түсініп білуі тиіс. Әйтпесе, оның сөзі далаға кеткенмен бірдей болып, қорытындылары сенімсіздеу болады. Мұғалім өзінің пәнін терең меңгергенде, оның жан дүниесін түсінгенде ғана дұрыс әдістемелік шешімін табу жеңілдірек болатыны сөзсіз. Мұғалім жақсы бағдарлама бойынша жазылған материалды оқытуда үлкен жетістіктерге жете алмауы мүмкін, егер оған сай оқыту, үйрету және қолдану әдістері болмаса. Сондықтан да, бұл оқулықтарда барлық методикалық мәселелер оқулықтың мазмұнымен тығыз байланысты [2, 156]. Біздің ойымызша әдістеме (методика) мен мазмұнның бірге болуы бүгінгі күннің талабына сай мұғалімдерді толық қанағаттандыратындай болуы қажет. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма» т.б. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. [3, 156].

Биология бойынша ғылыми тәжірибе орындаған кезде бұл жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде ақпараттық технологияларды пайдалану мол мүмкіндік береді. Биология сабақтарында ғылыми тәжірибе жүргізген кезде көптеген өзекті ақпаратты табуға мүмкіндік беретіндіктен, жаңа технологиялық құрылғылардың маңызы зор (Chorpin, 2004).

Жаратылыстану мен биология бойынша оқу бағдарламалары оқытуда зертханалық тәжірибемен қатар, демонстрациялық тәжірибелерді де қолдануға бағдарлайды. Оның үстіне, мектеп эксперименті тірі табиғатты тану жолдарын іздеуді талап ететіндіктен, оқушыларды дәлдікке, ұқыптылыққа үйретеді, олардың ойлау қабілеттерін дамытады.

Мысалы генетика пәнінде оқушыларға тұқымқуалаушылық, тұқым қуалау барлық тірі ағзаларға тән қасиет екенін мысалдармен түсіндіру. Нуклеин қышқылдарының тірі табиғаттағы және өзіндегі тұқым қуалау ақпаратын сақтай отырып, келесі ұрпақтарға берудегі ерекше рөлі туралы мағлұмат беру. Нуклеин қышқылдарының тұқым қуалау ақпаратын келесі ұрпақтарға берудегі рөлін, оқушылардың қатысуымен өмірмен байланыстыра отырып дамыта білім беруді жетілдіру. Оқушылардың төменгі сыныптардан алған білімдерінің негізінде, тұқымқуалау аппаратының тұқымқуалаушылықтағы маңызы туралы білім беруді жетілдіріп жалғастыру. ДНҚ-ның моделімен және оқулықтағы суреттермен жұмыс істеуді қалыптастыру. Мұғалім берілген жоспар бойынша дәріс

әдісімен білім береді де, ДНҚ мономерлері азоттық негіздер арқылы байланысады, ал қант(дезоксирибоза,рибоза) және фосфор қышқылының қалдығы молекулалары ата-енелік тізбектің сырт жағында орналасатынын қарапайым сызбанұсқа түрінде түрінде көрсетеді. Осы бөлімді мұғалім қорытындылауға кіріскенде, мына мәселелерге көңіл аударуы қажет. ДНҚ молекуласын түзетін нуклеотидтер бір-біріне комплементарлы жүйеге сай, аденин-тимин, гуанин-цитозин немесе тимин-аденин болып байланысады. Осыдан қос оралым түзіледі. Оқушыларға нуклеотидтер үш заттан – азоттық негіз, көмірсу және фосфор қышқылының қалдығынан тұратынын нақтылап түсіндіру қажет. Екі нуклеотидтің бір тізбекті полимерде (РНҚ) байланысуының сұлбасы. Осы сұлбаларды пайдаланып, ДНҚ молекуласының екі полимер тізбегінің кесіндісін жазуға болады. Осы жағдайда мұғалім оқушылардың ықыласын ДНҚ мен РНҚ-ның айырмашылығына көбірек көңіл аударуы (бұл кейінгі тақырыптарда толығыады) қажет. [4, 306].

Сонымен, мақалада биология пәнін оқытудың стратегиялары, оқытуда қолданатын түрлі әдіс-тәсілдерді араластырып қолдану, жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастырудың алгоритімі мен мазмұны туралы айтылады.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру бағдарлама бойынша жұмысты жүйелі, тиімді жүргізу арқылы оқушылардың тереңде жатқан ойын дамыта, оларды сөйлеуге, сыни тұрғыдан ойлауға, өмірде де тиімді пайдалана алатындай дәрежеде дәлелдеуге үйрету - мұғалімнің мақсаты деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Акперова И. А. Уроки биологии по учебно-методическому комплекту Н. И. Сонина «Биология» — Москва : Дрофа, 2005.
2. А. Б. Мырзабаев. Биологияны оқыту әдістемесі. Қарағанды, ҚарМУ, 2006, 358 б.
3. Конюшко В.С., Павлюченко С.Е., Чубаро С.В. Методика обучения биологии. - Мн., 2004.
4. А. Сартаев, М. Гильманов Биология 10 сынып, Алматы, «Мектеп» 2006.

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДА ЖОБАЛАУ –ЗЕРТТЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

А.А. Сартаева¹, Ж. Әлжанова¹, Э.А.Сартаева²

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті¹, Қазақстан, Алматы қ.
№ 17 орта мектебі², Қазақстан, Тараз қ.

В статье рассматриваются особенности организации проектно-исследовательской деятельности по биологии с применением системно-структурного подхода и отражены методологические особенности проектного обучения. Также в методике проектного обучения достаточно подробно описаны системный, исследовательский, проблемный, деятельностный, подходы, обеспечивающие многостороннее формирование школьника как личности. При организации проектной работы требуется учет всех основных аспектов системно-структурного подхода в комплексе, это позволяет смоделировать единый стандарт методики преподавания биологии эффективно реализовать учебно-воспитательный процесс в системе среднего общего образования.

Ключевые слова: проектно-исследовательские методы, компетентность, творческий потенциал, студенты, эксперимент, методика преподавания биологии

The article discusses the features of organizing project research activities in biology using a system-structural approach and reflects the methodological features of project training. Also, the methodology of project training describes in sufficient detail the system, research, problem, activity, approaches that provide a multi-sided formation of the student as a person. When organizing project work, it is necessary to take into account all the main aspects of the system-structural approach in a complex, this allows you to model a single standard for teaching biology to effectively implement the educational process in the system of General secondary education.

Keywords: design and research methods, competence, creative potential, students, experiment, methods of teaching biology

Қазіргі уақытта, Қазақстандық білім беруде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуын қамтамасыз ететін жобалау-зерттеу қызметі технологиясын білім беру процесіне енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Білім алушыларды қандай да бір мектеп пәніне сабақтан тыс жобалау-зерттеу қызметіне тарту арқылы қызықтыруға болады, бұл жобалық оқытуды жүзеге асыру үшін ең тиімді әдісі болып табылады. Осы себепті оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға, олардың ойлау қызметін ынталандыруға, сондай-ақ олардың биологиялық білімдерін практикада пайдалануға қатысатын биологияны оқытудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану маңызды болып табылады. Осыған байланысты мақаланың мақсаты жалпы орта білім беру жүйесінде биология пәні бойынша жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру болып табылды [1, 56]. Мақалада жүйелік-құрылымдық тәсілді қолдана отырып, биология пәнін оқытуда оқушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылып және жобалық оқытудың әдіснамалық ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар, жобалық оқыту әдістемесінде оқушының тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ететін жүйелік, проблемалық, зерттеушілік тәсілдері егжей-тегжейлі сипатталған. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру кезінде кешендегі жүйелік-құрылымдық тәсілдің барлық негізгі аспектілерін есепке алу талап етіледі, бұл биологияны оқыту әдістемесінің бірыңғай стандартын қалыптастыруға, жалпы орта білім беру жүйесінде оқу-тәрбие процесін тиімді іске асыруға мүмкіндік береді [2, 12 б.].

Зерттеу материалы мен әдістемесі. Зерттеу жұмыстары ғылыми, әдістемелік және оқу әдебиеттерін зерттеу, сондай-ақ мектептерде оқушыларға арналған биология пәні бойынша жобалық оқыту әдістемесін әзірлеу барысында сипаттамалық әдіс негізінде жүргізілді.

Жаратылыстану үнемі даму үстіндегі ғылым. Әрбір ұстаз жаратылыстану пәнінің ілімінің терең сырын, маңызын,оның қоғамдағы, өмірдегі сонымен қатар жеке адамның күнделікті қызметіндегі орнын түсіне отырып қана қоймай жас жеткеншекке терең білім беріп, тәрбиелей алады. Сол білім беру жүйесінің бүгінгі таңда басты міндеті- білім беруде білім алушыларды саралап оқыту арқылы білім деңгейін көтеру. Заман ағымына қарай білім берушілер үнемі үздіксіз ізденісте болуы керек. Дәстүрлі білім беру өз мақсатымен мағынасын нақты белгіленген білім жиынтығын игерумен шектеледі, ал инновациялық көзғарас білім арудың негізін тек пәндер емес ойлау мен рефлексияға негізделген заманауи оқыту әдістемелерді құрауы керек деп түсінеді. Дәстүрлі сабақтар мұғалімнің оқулықтағы ақпаратты баян-дайтығында және де мәтіннің идеясын анықтап, мәлімет арқылы мысалдар келтіру, сұрақтар қою әдістерімен жүргізілсе, ал осы сол оқыту барысында оқушылар тақырыптың оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып мазмұнын айтып беру, қойылған сұрақтарға жауап беру әдістерімен шектеледі. Бүгінгі жаратылыстану пәндерін оқытуда білім берудің мазмұны ғылымның, техниканың, мәдениетіміздің қазіргі дамуы дәрежесіне сәйкестендіре құрылған.

Қазіргі қоғам адам тағдырына жаңа көзғараспен қарап, соған сәйкес жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды, ұлттық сана сезімді қалыптастыруды және білім алушылардың білім сапасын жетілдіруді талап етуде. Білім алушыларды міндеттеп оқытуды шектеу және қабілеті мен мүмкіндіктерін өз бетімен білім алуына кеңірек мүмкіндіктер ашу жолдары қарастырылған. Әр тақырыпты оқыту барысында білім алушы көп ізденіс жұмыстарымен айналысып отырып, тәжірибе арқылы көз алдына келтіре отырып, оларда жаңа ақпарат туралы түсінік қалыптасады, хабары молайып, жаратылыс туралы білімі өседі және жаратылыстану ғылымына шығармашылықпен қарайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында Тұңғыш Елбасымыздың «Болашақ», «Дарын» бағдарламаларында, «Қазақстан-2030» атты Тұңғыш Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында Қазақстандық білім беру жүйесіндегі саясаттың басты принциптері ретінде жеке тұлғаның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басымды міндеттер қатарына қойылған. Сонымен қатар білім алушылардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру, яғни ойға ой қоса білу қабілеттілігін арттыруды талап етеді. Бұл талаптардың жүзеге асырудың жолы – әрбір педагог қызметкерлерінің заманауи идеяларды қолдана отырып саралап оқыту әдістерін тиімді қолдану

Мектептегі жанару желілілік қоғамдастығының ынталы топ мүшесі ретінде мен сабақ барысында білім алушының іздену мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, биология пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында саралап оқыту әдістерін қолдана отырып, алға қойған мақсатқа жетуде белсенді оқытудың өзіндік талаптарын есепке ала отырып оқыту жұмыстарын жүргіземін, бұл менің сабақты жоғары деңгейде өтуіме жол берді. «Сыныпта бір мезгілде барлық білім алушылар бірдей оқытқан жаңдайда үштен бірі оны біледі, үштен бірі түсінеді, үштен бірі ешқашан түсіне алмайды. Сондықтан сыныптағы балалардың үштен екісі уақытты босқа жоғалтады», - деп.

Скотт Виллистің айтқанындай, шындығында да оқыту барысында саралап оқытуды енгізудің қажеттігі туындады. Саралап оқыту дегеніміз-оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиеттерді ескере отырып, дайындалған білім алуларға білім берушінің оқу үдерісін ұйымдастыру нысаны. Саралап оқытуды енгізуде алдымен әрбір білім алушы жеке тұлға, сондықтан оның тәрбиесіне де өзіндік ерекшелігі бар болғандықтан оқыту барысында әр тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде өзіне тән тәсілді қолдану керек.

Білім алушылардың қажеттіліктеріне, қабілеттеріне сәйкес әр сыныпта әр түрлі оқу ортасы құрылады. Оқыту барысында саралап оқытуда бір материалды барлық білім алушыларға әр түрлі оқыту тәсілдері арқылы қолданып оқыту арқылы жүзеге асырылады. Сапалы оқыту тек қана нәтижеге бағытталғандықтан, мен оқыту барысында басымдықты білім алушыға бағыттап отырамын. Сабақтың орта кезінен бастап қарапайымнан күрделіге қарай саралап оқыту тәсілдерін қолданылады. Жаһандану заманында бір оқулықпен шектеліп қалмай дерекөздермен жұмыс жүргізу қажет. Білім алушының тақырыпты түсініп, талдап үйрену, сол арқылы білуге ұмтылдыру, негізінен мұғалімнің қабілетіне, еңбегіне байланысты. Білім алушыға өткен ақпаратты бүгінгі талап тілектер тұрғысынан игертуге, жеке тұлға келешекке сеніммен қарауға әр сабақтарыма шеберлікпен дайындық жұмыстарын жасаймын.

Оқыту барысында сабақ басталмас бұрын оқушылардың орналасуына назар аудару керек. Сондықтан саралап оқытуда оқушылардың орналасу жоспарын қолданамыз. Әр түрлі қабілеттеріне қарай отырып оқушыларды бір-біріне жақын отырзамын және бір-біріне жағымды ықпал ететін оқушыларды бірге отырғызамын. Ол үшін оқушылардың орындықтарына стикерге есімдері жазу арқылы орындарын жоспарлау қажет.

Қажетті дағдыларды дамыту үшін белгілі қабілеттері бар оқушылардан топтар мен жұптар құрап отырамын.

Бүгінгі жаңартылған білім мазмұнында бірлескен жұмыс түрлерін қолдана отырып, оқыту барысында өтуде білім алушылар бірлерімен пікір алыса отырып әртүрлі көзқарастарды салыстырады және сабақ соңында нәтижелер мен қорытындылар шығарып әр тұлға өзінің ұстанымын анықтайды. «Білгір биологтар» әдіс- ынтымақтастық өзара-істегі топтық жұмыс. Бұл әдіс тәжірибемен зерттеу сабақтарында қолдануға тиімді. Топтарға ілгері деңгейде, мазмұны терең ресурстар беріледі. Білім беруші әрбір шағын топтық оқушылармен жақын қарым-қатынаста жұмыс жасау арқылы олардың әрқайсысының нені біліп, нені үйренгендерін қадағалай алады. Бір шағын топпен жұмыс жасау кезінде, қалған топтар өз бетінше жұмыс жасап, тапсырмаларды өз беттерінше орындап отырады.

Топтық жұмыста жоғары, орта, төмен деңгейдегі оқушылардың барлығы да білім деңгейі, танымдық белсенділігі, логикалық сыни ойлау, сараптау, дербестік қорытынды жасай алады.

Өз тәжірибемен қолданып жүрген «Биология үйірмесі» әдісі оқу бағдарламасында берілген тұлғаға қатысты тақырыптарды оқыту барысында қолдану тиімді. Бұнда үйірме мүшелерінің өз қызметтері бойынша тапсырма білім алушының түсінігі ғылыми жүйеге салудың жол болып табылады.

Жаңа ақпараттың көп қырлылығын ашып, тұлға өміріне ғана емес оның ашқан жаңалықтарын талдап түсінуге үйрету арқылы жүргізіледі. «Биология үйірмесі» тобының мүшелерінің атқаратын қызметтері:

Реттеуші-топ басшысы, ұйымдастырушы (әр топ мүшесіне сөз беріп отырады) топ мүшелерінің өз идеяларын ойласуда топтағы ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу әрекетінде бағыт-бағыт бағдар береді, үлкен жауапкершілікпен көздейді. Өзіне сенімділікпен қарайды және өзгенің де сеніміне ие болады.

Бейнелеуші-ол тұлға туралы мәлімет бере отырып, көз алдына қарай елестететін, соны сурет арқылы бейнелеп, мінездеме береді, оқиға арқылы әңгіме өрбітуге, тарихи тұлға өмірі мен

жаңалықтарын өмірмен ұштастыра біледі, тұлға өмірін суреттеуге дағдыланады.

Ізденуші-ол тұлға туралы тақырыптан тыс қызықты мәліметтер, деректер келтіру, құжат материалдарымен жұмыс сыни тұрғыдан ойлайды және ізденушілік, шығармашылық қабілеттері арттады. Ақпаратты бағдарлау дағдысы қалыптасады.

Дәнекер-қазіргі өмірде осы қайраткерлердің алатын орны. (ескерткіштер, кітаптар және қосымша ғаламтордан алынған мәліметтерді жинақтайды) Ақылға қонымды мәлімет ұсынады, танымдық деңгейі артады.

Жазушы-тұлғаға арнап шығармашылықпен эссе немесе өлең жолдарын арнау;

Із қушы-білім алушы тұлға өмірі бойынша даталармен бойынша жұмыс жүргізеді; байқағыштық қабілеттері қалыптасады, бірізділікке үйренеді, айтылған пікірлерден нақты шешім шығарады.

Сұрақ қоюшы-ой-талқы болған кезде сұрақтарды қояды, жауап алады, түзетулер жасайды, ойға ой қосады, сыни ойлауға дағдыланады.

Сөз тапқыш-жұмысты атқарушы топ мүшесі тұлға туралы мақал-мәтелдер, нақыл-сөздер келтіреді; өзінің ой-түйіндерімен салыстырады, әңгіме білу алмасу мақсатында айтылып, төзімділікпен тыңдатады, шығармашылық қабілеттері арттады.

Топтық жұмыстың бұл әдісін қолдануда білім алушылардың тұлға өмірін зерттеу жұмыстары кезінде білім беруші ескеру қажет:

- Уақыттың тиімді қолдану;
- Білім алушының ойын қорытуға, ашық айтуына мүмкіндік туғызу;
- Идеялар мен пікірлер туғызатын қосымша мәліметтер ұсыну;
- Білім алушылардың белсенді іс-әрекетін туғызу;
- Жауаптың, сынның дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

Нәтижесінде реттеуші тұлғаға қатысты зерттеу жұмыстарынан мәліметтер жинақталған қабырға газет немесе кітапша жасап ұсынады. Әдісті қолдану жаңа ақпаратты жан-жақты танып, қоғамның дамуына өз жаңалығымен сүбелі үлес қосқан тұлғаға құрметпен қарауға дағдыланады, рухани дамиды, ой-өрісі кеңейеді, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері жетіледі.

«Қажет па?» әдісі қажет емес ақпаратты ажыратып ойланудың бір әдісі. Білім алушы жадында қажетті ақпараттарды сақтау үшін қағазға белгілі бір тақырыптың мазмұнын ашатын ақпаратты жазып, оны есте сақтай алады. Бұл әдіс ақпаратты саралап, маңызды ақпарат және қажет еместігін реттей алуға дағдыландырады.

Биология пәнін оқытуда білім алушылардың интеллект шапшаңдығын психологиялық тестпен біріктірілген «Өз ізінді анықта» кестесі арқылы дарындылықты анықтауға арналған әдісті қарастырып, сабағымда қолдандым.

1	2	3	4
5	6	7	8
9	10	11	12
13	14	15	16

Педагог тақырыпқа қатысты мәліметтерді дұрыс немесе бұрыс мәліметтер береді, білім алушылар жауаптарды аталған ұяшықтарға жауапты белгілейтін ереже бойынша белгілейді. Кесте толтырылып болған соң дайын жауап үлгісі арқылы тексеріліп, сұрақтарға талдау жасалады. Әдістің ерекшелігі оқыту барысында жеке тапсырма ретінде орындалады және жеке тұлғаның тақырыпты меңгергенін анықтауға және оның интеллектісінің жекелеген құрылымын бағалауға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар білім алушының ойын қозғайды. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды, тақырыптан ең құнды нәрсені анықтайды, жеке тұлғалық қабілеті айқындалады.

Педагог озық әдістемеге жүгіну - білім беру жолындағы басты міндет. Ең бастысы-білім алушының оқыту барысында белсенділігі мен шығармашылық қабілеттеліктерін арттыруды сабақтардың негізі мақсаты етіп қою керек. Оқыту бағдарламасында берілген тақырыптардың молдығы және аз уақыт ішінде көп білім игеруді талап етуде кестемен жұмыс қолдану тиімді. Тақырыпты оқыту барысында білім беруші әр топқа мәтін бөліктерін беріп, топта талдау жасайды. **«Үш жақты түсіндірме күнделігін»** толтыру стратегиясын қолданамын. Бұл әдісте білім алушыларға кесте толтыру тапсырылады. Білім беруші тапсырманың орындалу кезінде білім алушының ой толғанысын, өзіндік шешімін де ескеру керек.

Мен үшін маңызды	Неліктен?	Сұрақ

Кесте толтыру ақпараттың ғылыми маңыздылығын тауып, ақпараттың сырын ұғынып, терең аңғаруға мүмкіндік береді. Кесте толтыру барысында тақырыпты ашуға жол ашатын мүмкіндіктер көп және бірлескен жұмыстың артықшылығы кестені толтыру кезінде білім алушылардың топта сөйлеу, бірін-бірін тыңдау, ұсыныс білдіру дағдылары дамиды. Бұл әдісті қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар кезінде қолдануға тиімді. Білім алушылар жаңа ақпаратты тоттық, жұптық жұмыстарда талдап, танып-біліп, жеке жұмыс кезінде алған білімдерін қаншалықты меңгергенін

көрсетеді және оқыту барысында білім алушының тарихи зерттеу жүргізу дағдылары қалыптасады, дамыту зерттеу сұрақтарын құрастыра отырып деректерді талдайды. Білім алушылар игерген білімін, алған дағдысын тәжірибеде өз бетімен қолдана білуі мен іске асыруда олардың іскерлігі қалыптасады, есте сақтау қабілеттері артады.

Биология пәнінде оқытудың принциптерінің бірі- тәжібимен дәлелдеу. Жаратылыстың бір бірімен байланысын түсіну-үлкен ғылыми мәселе. Қосымша тақырыпта қатысты құжат материалдары білім алушының кеңірек білім алуына, ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізеді. Оқулықтағы тақырыпты меңгеруге оқиғаның нақтылығын дәлелдейтін құжаттармен танысу оқушы ұғымының кеңейуіне әсер етеді. Ал білім алушының ұғымсының кеңейті оқыту жүйесіне оң өзгерістер әкеледі. Жаратылыс ғылымына үлес қосқан ғалымдардың атқарған прогрестік қызметі мен еңбегін бағалауда құжат материалдарына тоқталу қажетті ақпарат. Нәтижесінде құжаттармен танысу білім алушыға алған білімдерін тереңдетуге, оқиғаның негізін, дәлелдігін ұғынуға көмектеседі. Білім алушы оқиғаның сырларын терең білуге, салыстыра қарайға үйренуді құжат материалдырымен жұмыстың тиімділігін арттыратын және оқыта отырып үйрету ойындарының бірі- «Маңызды құжат» әдісі. Бұл әдіс оқыту барысында бірнеше білім алушыларды құжаттағы мәліметтерді топ мүшелері өздігінен талқылап, топтар өзара жеткізеді. Мәліметтерді меңгертуде қайталауда білім алушылар естерінде сақтауға дағдыланады, кеңірек түсінуіне жетелейді. Ақпараттың дәлдігіне, нақтылыққа жүгінеді.

Біз ұстаздар қауымы сыныпта саралап оқыту кезеңдерін жүзеге асыруда түрлі оқу деңгейлері анықталатын бағалау критерийлерін анықтап, қолдану және критерийлер арқылы түрлі диагностикаларды өткізу, сол диагностикалау нәтижесінде оқушыларды топтарға жіктеуіміз қажет. Әрі қарай сараланған тапсырмалап әзірленеді.

Нәтижелі білім алуға, әр тұлға қабілетін айқындап, дарындылыққа жетелеуге септігін туғызатын жаңа технологиялардың маңызы зор. Жаңартылған білім беруде жаңа әдістерді қолдануда сыни тұрғысынан ойлауға үйрету білім алушыға бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, дамып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлауы кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Білім алушыны білім берушімен және сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге дағдыландыратын жаңа әдістер бұрын білім алушылар жоба құру, шығармашылық тапсырмаларды дайындап келу кезінде белсенді орындамайтын, орындап келсе де мазмұнына мән бермейтін. Енді жаңартылған білім беру жүйесінде оқыту барсында білім алушылар келесідей өзгерістер байқадым: білім алушы оқулықтағы мәтінді нақты сұрақ бойынша айтса, қазір шығармашылық тұрғыда жауап беруге тырысады. Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болу үшін өскелең ұрпақты кемел біліммен байытатын білім беру жүйесі іске асырылып, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуде, мәңгілік елдің заманауи ұстазы өзгермелі заманның педагогикалық технологиясын игеріп, шығармашылық, ізденістік бағытта жұмыс жүргізеді және сол бағытта жұмыс жүргізген ұстаз ғана нәтижеге қол жеткізе алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев Таңдамалы сөздер, VII том 2012–2013 Алматы-2014ж
2. Ж. Артықбаев, Ә. Пірманов. «Қазақстан тарихы», Алматы, «Атамұра»-2013ж
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық
4. «Сын тұрғысынан ойлау білім үдерісінде» Жукенова Г.Б, Торебаева К.Ж

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БИОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

М.И. Мустафаева, Г.Ж. Жарылкасынова

Бухарский государственный медицинский институт им.Абу Али Ибн Сино, Узбекистан

Развитие общества измеряется не только высоким экономическим потенциалом страны, но и той степенью, в которой этот потенциал направлен на совершенствование и гармоничное развитие каждого человека, внедрение инноваций. Поэтому актуальной задачей сегодняшнего дня является повышение эффективности образовательной системы, вооружение педагогов современными знаниями и практическими умениями и навыками, изучение передового зарубежного опыта и применение его в образовательной практике.

Сегодня в мире существует много проблем, но нужно начинать их решать именно с воспитания и образования, но мало кто точно знает все основные проблемы современного образования биологии пути их решения.

Вопросы образования находятся в центре внимания во многих странах.

"Великие мыслители Востока говорили: "Самое большое богатство – разум и наука, самое большое наследство – хорошее воспитание, самая большая нищета – отсутствие знаний". 2020 год объявлен в Узбекистане Годом развития науки, просвещения и цифровой экономики

Биологическое образование – важный компонент системы образования, который находится на стыке естественнонаучной и гуманитарной областей знания, занимает особое место в естественнонаучном образовании. Именно оно призвано формировать у подрастающих поколений понимание жизни как величайшей ценности – основу гуманистического мировоззрения. Изучение биологии способствует осознанию того, что сохранность биосферы - неперемное условие не только существования, но и развития человечества. Биология становится лидером естествознания. Биология - одна из самых быстроразвивающихся наук.

В процессе освоения лекций и практических занятий проводятся передовые зарубежные эксперименты по преподаванию биологии слушателями Европы, США. Организация процесса преподавания биологии азиатских государств, система модульно-зачетных единиц, распределение наук, организация самостоятельного обучения студентов, учебники, изданные в ведущих зарубежных вузах, учебно-методические пособия.

Отсутствие демократических преобразований в системе подготовки кадров и требований рыночных реформ, недостаточная материально-техническая и информационная база образовательного процесса, нехватка высококвалифицированных педагогических кадров, отсутствие качественной учебной, методической и научной литературы и дидактических материалов, тщательное взаимодействие системы образования, науки и производства, а также взаимовыгодное сотрудничество между ними.

Образование несравнимо в сглаживании конфликта между необходимостью и потребностью, изменении социально-экономических и экологических условий, а также сущности и содержания образования. Образование в нашей стране, в том числе и высшее, направлено на реформирование, адаптацию к современной системе и потребностям, подготовку качественных кадров и поддержание благополучия нашей жизни. Сегодня, по данным ООН, расходы на образование в нашей стране составляют более 35 процентов государственного бюджета.

Проверки, организованные Всемирным банком в нашей стране, показали, что потребность в специалистах в Узбекистане очень серьезная. В то же время только рабочая сила с элементарной квалификацией превышает норму. 73% работодателей сообщили о нехватке квалификации и информации, и это, как было показано, является самым серьезным препятствием для поддержания экономики в нашей стране. Следует также отметить, что половина выпускников, окончивших вузы, не ведут деятельность по своей профессии, работают

Биология-это наука, изучающая жизнь и живые организмы, их структуру, функции, рост, эволюцию, распределение и систематику. Различные направления биологии преподаются во всех университетах, медицинских, фармакологических, физкультурно-спортивных, педагогических и других высших учебных заведениях нашей республики.

Развитие биологии зависит не только от научных исследований в области биологии, но и от преподавания биологии, особенно в процессе получения высшего образования.

Высшее образование является самостоятельным видом подготовки высококвалифицированных специалистов непрерывного образования и осуществляется в высших учебных заведениях. Высшее

образование состоит из двух ступеней: бакалавриата и магистратуры. На обоих этапах есть направление биологии для бакалавров в терминах Государственного классификатора, а для магистров есть предметы, которые входят в состав биологии и биологии.

Биология в развитии общества значение знаний, умений и навыков во многих областях имеет экономическое и духовное значение. Развитие любой науки, в том числе и биологии, зависит не только от научных достижений, но и от методологической системы преподавания науки. Поэтому, если мы ограничимся усилиями по развитию биологии как науки, то наука о биологии не поднимется на национальный уровень, совершенство как ее преподавания, так и непосредственно повлияет на рост биологических наук. При этом была доказана корреляция между уровнем развития образования и социально-экономическим развитием государства. Модернизация преподавания биологии, адаптация к требованиям того периода в нашей стране остается потребностью этого периода. В высших учебных заведениях по классификатору УЗР существуют различные направления и специальности, связанные с областью "биология".

Рейтинг мировых университетов по биологии

Преподавание биологии осуществляется в университетском, медицинском, сельскохозяйственном, педагогическом и других вузах. Существует корреляция между рейтингом преподавания биологии в глобальном масштабе и экономическим развитием государства. Это подтверждает и рейтинг различных государственных вузов по биологии.

Рейтинг	Учреждение	Страна	Общий балл
1.	Гарвард университети		100
2.	Стэнфорд университети		83.5
3.	Калифорния технологик институти		76.3
4.	Калифорния университети(Беркли)		74.0
5.	Кембридж университети		73.4
6.	Массачусет технологик институти		70.6
7.	Принстон университети		62.5
8.	Йель университети		61.1
9.	Оксфорд университети		59.5
10.	Колумбия университети		59.1

Из десяти лучших направлений биологии в мире восемь находятся в Соединенных Штатах, где преподаются основные предметы: Биотехнология, генетика, биохимия, биофизика, молекулярная инженерия.

Гарвардский университет был признан самым престижным в области генетики, геномики и биоинформатики, биохимии и биофизики в мире. Программы Гарвардского университета дают возможность студентам заниматься нанотехнологиями, биоинформатикой, биоинженерией. В рамках биологии существует несколько факультетов, лучшим из которых является молекулярная и клеточная биология. Мультидисциплинарный подход не только ученых, но и менеджеров в области биотехнологий.

Самым высоким рейтингом в направлении биологии в Европе

Университет	Оценки студентов (макс. балл 5)	Научная деятельность	Трудоустройство	Общие баллы
<u>Cambridge</u>	4.24	3.37	86	100.0
<u>Oxford</u>	4.23	3.40	78	96.5
<u>Imperial College London</u>	3.71	3.41	79	93.9

В последние годы происходит развитие биологии в Узбекистане, наиболее известных ученых и их школ. Работы в области биологии и преподавания биологии ведутся в нескольких научно-исследовательских институтах (генетика и Экспериментальная биология, химия растительных

соединений, Биоорганическая химия, генофонд мира растений и животных), академических институтах в области медицины, сельских хозяйствах, а также в многочисленных университетах и других биологических направлениях Республики.

Биохимия и генетика бактерий и вирусов в области биологии Узбекистана, стимуляторы роста, влияние различных факторов окружающей среды и биологически активных веществ на организм, биологическую систему, создание видов, устойчивых к болезням гусей, производство веществ, повышающих иммунитет растений, развитие методов клеточной биотехнологии. Производство природных и синтетических биологически активных веществ, по изучению биологического разнообразия, по производству различных растений.

Использованная литература:

1. Узбекистан. Модернизация системы высшего образования // <http://www.worldbank.org/content/dam/Worldbank/document/eca/central-asia/Uzbekistan-Higher-Education-Report-2014-ru.pdf>.
2. Müller E. Biological Education in German Universities (<http://www.vub.ac.be>).
3. Reiss M. J. Journal of Biological Education: A Personal Reflection on its First 50 Years Journal of Biological Education, 2016 Vol. 50, No. 1.
4. Л.С.Кучкарова. Биология ўқитишда илғор хорижий тажрибалар. Тошкент. 2016

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Д. Турганжанова, А.Д. Майматаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*Мен еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе
үйретпеймін, мен тек қана олардың оқуы
үшін жағдайлар тудызамын.
А.Эйнштейн.*

На уроках биологии, используя возможности таксономии Блума, учащиеся школы могут научиться правильно выполнять задания по данной токсикологии и систематизировать в новом формате. Организация занятий по таксономии Блума способствует изучению, анализу и сопоставлению поставленных в нем проблем, размышлениям и оценке, чем восприятие учащимися готовой информации на уроке.

Таксономия Блума сформулированы задания, со шести шагам, направленным на усвоение знаний, приводящих к активной деятельности в процессе постепенного перехода к познавательному процессу с самого простого к сложному. Также было отмечено, что учащиеся учиться работать в группах, свободно передавать свои мысли ясно, уверенно, уважать друг друга, оценивать группу, устанавливать обратные связи и использованием новых методов и приемов.

Ключевые слова: Блум, метод, семь модулей, ум, мысль, способности, обобщение, анализ, оценка, информационно-коммуникация, диалог.

This article States that in biology classes, using the capabilities of Bloom`s taxonomy, school students can learn how to correctly perform tasks on this toxicology and systematize in a new format. The organization of classes on Bloom`s taxonomy contributes to the study, analysis and comparison of the problems set in it, reflection and evaluation, by students in the lesson.

Bloom`s taxonomy formulated tasks corresponding to six steps aimed at learning knowledge that leads to active activity in the process of gradual transition to the cognitive process from the simplest to the most complex. It was also noted that students learn to work in groups, freely convey their thoughts clearly, confidently, respect each other, evaluate the group, and establish feedback using new methods and techniques.

Keywords: Bloom, method, seven modules, mind, thought, ability, knowledge, understanding, application, generalization, evaluation, information and communication, dialogue.

Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді: - ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау; -пәнге деген қызығушылығын арттыру; -жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану; -тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру.

Блум таксономиясы бойынша сабақты ұйымдастыру оқушылардың сабақта дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін білім игеруге бағытталған алты қадамға сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Блум таксономиясының деңгейлері: жинақтау, білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау.

Бұл таксономияны АҚШ, Жапон, Қытай сияқты көптеген дамыған елдер өздерінің білім беру саласында кеңінен қолдануда. Нысаналы оқыту технологиясы АҚШ педагогы және психологы Бенджамин Блумның "Тәлім-тәрбие нысанын түрге бөлу" теориясы мен "игеріп оқу" теориясы негізінде қортындыланып жасалған [1].

Мен мектептегі сабақ жоспарыма бағдарламаның жеті модулін қолдануды назарға алдым. Сонымен қатар әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануда оқушылардың жас ерекшелігін ескердім. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында сергіту сәттерін де пайдалануды ойластырдым.

Блум таксономиясын биология сабағында қолдану арқылы оқушылардың зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығы артады, өз ойларын, пікірін айта білуге дағдыланады.

Қысқа мерзімді жоспарды «Блум» таксономиясы бойынша білу, түсіну, қолдану, жинақтау, бағалау кезеңдері деп сабағымды жоспарладым. «Блум» таксономиясы мен үшін өте тиімді тәсіл

болды. Бүгінгі сабақта «Есту мүшесінің құрылысы мен гигиенасы» атты тақырыбын тиімді пайдалана отырып ашық сабақ өттім, оқушыларды топқа біріктіріп, топтық, жұптық, жеке деңгейлік тапсырмалар бердім. Оқушылар диалогты әңгімелесу кезінде бір-бірін тыңдады, пікір алмасты, ой бөлісті, талқылады, ой жинақтады, ынтымақтастықта білімді бірлесіп құру арқылы түсінікпен дағдыларды қалыптастырды.

Сабақтың мақсаты: дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту гигиенасының ережелерін сипаттау; *барлық оқушылар үшін:* есту мүшелерінің құрылысын білу; *басым көпшілігі:* құлақ қызметіне сипаттама беру; *кейбір оқушылар үшін:* құлақ бөлімдеріне сипаттама беру.

Күтілетін нәтиже: Есту мүшесінің қызметі мен құрылысын, қалай орналасқанын біледі. Сыртқы құлақ, ішкі құлақ, ортаңғы құлақ, дабыл жарғағын біліп, ажырата алады.

Сабақта қолданған әдіс-тәсілдер: «Ой-қозғау», «Өрмекші торы», «Балық қаңқасы», «Бес саусақ», «Аяқталмаған сөйлем», «ЖАДА», «Ойлан, бірік, бөліс (Tarsia)», «Сұрақ қою» әдістері.

Деректер: интеактивті тақта, видео роликтер, плакат, стикерлер, постерге оқулық, арналған қағаздар, маркерлер, бағалау парақтары.

Ұйымдастыру кезеңінде оқушылармен «Әр ұлттың амандасу» тәсілінен мысал келтіріп сәлемдесіп, психологиялық ахуал жасалды, мысалы ретінде: Қазақтар – қол алысады; Ұйғыр халқы қолын кеудесіне қояды; Бразилиялықтар – бір бірінің иығын қағады; Македониялықтар – шынтақпен; Австралиялықтар – шапалақпен амандасады екен.

Айтылған жаңа әдіс – тәсілмен сабақ өту барысында қалыптасқан дәстүріміз бойынша, сабаққа қызығушылығын ояту мақсатында ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты. Оқушылардан алдағы аптадағы жетістіктерін айтып өтуді сұрадым. Бірінің айтқанын екіншісі қайталамауын ескерттім. Кейбір оқушылар алдағы жетістіктерін толық жеткізе алмады, сондай-ақ қызығушылықтары мен жетістіктерін айтып басқаларды да ойлануға түрткі болатын оқушылар жетерлі болды. Ойлау қабілеттерін дамытып, топта жақсы атмосфера қалыптастырылды.

Білу кезеңі: үй тапсырмасын оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің бірі «Өрмекші торы» әдісі арқылы сұрадым. Оқушылар шеңбер құрып тұрды және жіпті қағып алып қойылған сұрақтарға нақты жауап беріп, өзі де кері сұрақтар қойды. Бұл әдіс оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға тиімді болып табылады. Тапсырмада оқушылар бір-бірімен сұрақ-жауап арқылы диалог жасады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог-сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын айтып көрсеткен [2]. Кейбір оқушылар сұраққа дұрыс жауап бере алмаған кезде, ол оқушыға сұрақ таратып, мысалдар арқылы қайта бағыттап отырдым. Қайсы оқушы сабаққа белсене қатысып, қайсысы үй тапсырмасын орындамағанын немесе толық түсінбегенін өзім сырттай бақылап тұрдым. Алдағы тапсырмаларда осы оқушыларды сабаққа көбірек тартуға әрекет жасадым. Бұл тапсырманың нәтижесінде есте сақтау қабілеті дамиды.

Оқушыларды топқа бөлуде сезім мүшелерінің талдағыштары мен құрылысы (анализатор, рецептор, лабиринт) арқылы бөлдім. Әр топ өздерінің топтарынан топ басшы сайлады. Топ ережесін еске түсіріп, ережеге және топ басшыға бағынатынын айтты. Топқа бөлу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын аштық.

Түсіну кезеңі: Оқушыларға жаңа сабақты «Ой қозғау» әдісімен сыни тұрғыдан ойлану мақсатында «Оқытудағы ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану» арқылы интерактивті тақтадан сөз жұмбақ қою арқылы жаңа сабақ тақырыбын аштым. Оқушылар «Есту мүшелері» атты жауапты шығарады, топпен талқылап, бір-бірінің ой-пікірлерімен санаса білді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушылардың қабылдауын жылдамдататын, түсінулерін жеңілдететін, мұғалімнің сабақ өтуіне көмектесетін бүгінгі күнде аса маңызды құрал болып саналады. «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін осы тапсырмада қолдандым. Сөйтіп жаңа сабақтың тақырыбын «Есту мүшесінің құрылысы мен гигиенасы» екенін анықтап алдық.

Сабақтың барысында топтарға тапсырмалар берілді: бірінші - «Анализатор» тобы «Сыртқы құлақтың құрылысы мен қызметін» анықтайды. Екінші «Рецептор» тобы «Ортаңғы құлақтың құрылысы мен қызметін және орналасқан орнын» анықтайды. Ал үшінші «Лабиринт» тобы «Ішкі құлақтың бөлімдерін және орналасқан жерін анықтап табады. Өз ойларын дәлелдеу мақсатында плакат пен маркерлер берілді. Сырттай бақылап көмек керек жерлерде дұрыс бағыт бердім. Топ мүшелері жан-жақты ойланып, өз бетінше ізденіп, пікірлер айтып, бір-біріне үйретті. Сол арқылы ойларын топтап, түсінді, топтан көшбасшы оқушылар шығып постер қорғады. Бұл тапсырманың нәтижесінде оқушылар сыни тұрғыда ойлап, сұрақ - жауап арқылы талдау жасады, аурулардың түрлерін өмірмен байланыстырып мысал келтірді.

Қолдану кезеңі: Оқушыларға «Жас ерекшеліктеріне сәйкес» тапсырма бердім. Бұл «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы көп нүктенің орнына тиісті сөйлемді қою.

1. Есту мүшесінің қалыпты жұмыс істеуі байланысты. 2. Есту

(лабиринт) деп атайды. Мұндағы шытырманның сыртқысы - сүйекті, ал ішкісі - жарғақты шытырман деп аталады [4]. Осы тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жаңа тәсілдерді меңгеріп, сапалы білім алуға әрі сабаққа деген ынтасы мен қызығушылықтарының артқанын байқауға болады. Тапсырма орындау арқылы *ойлау қабілеті, тіл байлығы дамыды*, талантты және дарынды оқушылар анықталды.

Жинақтау кезеңі: Алған білімдерін жинақтау мақсатында «Кім жүйрік» әдісін қолдандым. «Анализатор» тобы, жиі кездесетін сыртқы құлақ ауруларын отит, перихондрит, отогематома, құлық атап өтті. «Рецептор» тобы, есту жүйкесінің невриті түрлі жұқпалы аурулардың (тұмау, қызылша, қызамық, т.б.) асқынуынан және құлаққа түрлі инфекциялардың түсуінен болады. есту жүйкесінің невриті мен отосклероз – екі құлақтың да есіту қабілетінің төмендеуі, дыбыс толқыны дабыл жарғағынан және есіту сүйекшелерінен өтіп, есіту жүйкелерін тітіркендіреді. «Лабиринт» тобы мүшесі анықтапкөмектеседі. 3.Құлақтың сыртқы дыбыс жолының бездерінен..... бөлінеді. 4.Құлық шаң-тозаң мен зиянды ішке өткізбей атқарады. 5. Құлықты тазалағанда заттарды пайдалануға болмайды зақымдануы мүмкін [3].

Тапсырманың дұрыс орындалуын қадағалаған кезде қателіктер жол берді, кейбір топтардың жауаптары дұрыс болды. Олардың жауаптарын қабылдап, бағыт-бағдар бердім. Мұндай кедергіде оқушылар «Жақын арадағы даму аймағында» бірлесіп жұмыс істеді. ЖАДА оқушылардың оқуын және қарым-қатынасын қолдау үшін қажетті көмек [2]. Ортақ шешімге келіп, негізгі деп тапқан мәліметтерді, топтың ішінен дарынды, талантты оқушылар дәлелдеп, түсіндіріп берді. Әр тапсырманы дер кезінде бағалау парағы арқылы бағалап отырдық.

Сергіту сәтін өткізу үшін «Оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану» модулін қолдай отырып, интерактивті тақтадан бейнероликтегі «Көңілді күн» әніне билеп, жаттығып, алдық. Оқушыларға сергіту жаттығуы ұнады. Сергіп алып сабағымызды одан әрі жалғастырдық.

Талдау кезеңі: Одан әрі білімдерін дамыту үшін «*Ойлан, бірік, бөліс (Tarsia)*» әдісін қолдандым. Ол үшін оқушыларға суреттердің қиындысын бердім және сол бойынша тапсырмалар бердім. Олар суреттерді құрастырып, төмендегі тапсырманы орындады. Яғни бес саусақ әдісі арқылы оқушыларға есту мүшесі дыбыс пен тепе-теңдікті сезуі және есту мүшесінің құрылысын оқушылар кейбірі түсінбеді. Осыған байланысты топ болып жұмысты талдап, талқылады. «Анализатор» тобы: сыртқы құлаққа құлақ қалқаны, мен сыртқы дыбыс жолы жатады. Құлақ қалқаны ауадағы дыбыс тербелістерін құлақтың ішіне бағыттайды. Сыртқы дыбыс жолдарының ішкі шеті жұқа, тығыз, керілген дабыл жарғағымен бітеді. Сыртқы дыбыс жолдары арқылы дыбыс толқындары дабыл жарғағына, содан соң ортаңғы құлаққа өтеді. Дабыл жарғағы сыртқы құлақты ортаңғы құлақтан бөліп тұратынын айтты. «Рецептор» тобы: Ортаңғы құлақ дабыл жарғағынан кейін басталады, ол самай сүйегінің ішінде орналасқан. Ортаңғы құлақтың ішінде ауа болады. Дабыл жарғағының тербелісі алдымен үш сүйекке, содан соң ішкі құлаққа беріледі. «Лабиринт» тобы: Ішкі құлақтағы қуыстар мен иірім өзекшелерден тұратын күрделі жүйені шытырман, ішкі құлақ ауруларына есту жүйкесінің невриті мен отосклероз жатады. Белгісі: құлақ үнемі шуылдап тұрады, адамның естуі төмендеп, тіпті сөйлеудің өзі қиындайды. Науқасты емдеу үшін мидың қан айналысын жақсартатын препараттар, В, С тобының витаминдерін ішкізеді, кейде лазерлі және төмен жиілікті магниттік терапия қолданылады. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыта отырып тіл байлығын арттырады [3].

Бағалау кезеңі: Оқушылар сабақты қалай меңгергенін бақылау үшін мен «ББҮ» әдісі бойынша кері байланыс ұйымдастырдым. Оқушыларға стикер тараттым. Әр тапсырманы бағалау парағына топ басшылары бағалап отырды, топ мүшелері келісіп отырды. Және кері байланыс алу үшін стикерлерді толтырды «ББҮ» плакатына жапсырды. Оқушыларға кері байланыс орнату және өзін-өзі бағалату арқылы мен «Оқыту үшін бағалау, оқуды бағалау» модулін қолдандым [2].


Кері байланыс жасау арқылы оқушылардың сабақ туралы ой пікірлері «бүгін мен сабақтан үйренгенім көп болды, енді мен бұдан да көп нәрсе үйренгім келеді» деген сияқты пікірлер жазған. Оқушыларды топпен жұмыс жасай білуге, өз ойын анық, сенімді еркін жеткізуге, бір – бірін құрметтеп, топты бағалай білуге, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып кері байланыстар орнатуды үйренді. Нәтижесінде: - қызығушылығы артты; - бір-бірін тыңдады, - ойлау, есте сақтау қабілеті дамыды; - өзіндік пікірі қалыптасты; - татулықта жұмыс жасады. Сабақтарда жеті модульді кіріктіре

отырып сабақ өту арқылы, ой-пікірін еркін айта алатын, өзіне сенімді, белсенді, сыни тұрғыдан ойлай алатын, жеке тұлға қалыптасады деп ойлаймын [5].

Блум таксономиясы бойынша сабақты өту нәтижесінде оқушылардың сабақта дайын ақпаратты қабылдамай, өздері ізденуді, қойылған мақсатқа жету үшін зерттеулер жүргізуді, табылған материалдарды талдап және салыстыруыды, ой толғап және өздерін және бір-бірін бағалауды үйренді. Бұл әдісті негізге ала отырып ең қарапайымнан күрделіге қарай бағытталған тапсырмаларды құрастырып, алға қойған мақсаттарға толық жетті. Сондай-ақ оқушылар топпен жұмыс жасауды, өз ойын анық, сенімді еркін жеткізуді, бір – бірін құрметтеп, топты бағалай білуді, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып кері байланыстар орнатуды үйренді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. - 2018.
3. А.Соловьева, Б.Ибраева. «Биология» Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра», 2018. Б: 160-162.
4. А.Р.Рақышов «Адам анатомиясы» Алматы: Кітап баспасы, 2004. - 420 бет.
5. О.Ж.Мыханова «Сындарлы оқыту теориясындағы диалогтік оқытудың орны». //Молодой ученый. - 2015. -№ 19.2 (99.2). -С. 50-52



3-СЕКЦИЯ.

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА
ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНДАҒЫ
ОҚУ – ТӘРБИЕ
ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**



ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУДІҢ ОРТА АЗИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Е.Р. Абикбаев

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан

В статье предусмотрено использование опыта Центральной Азии в повышении статуса преподавателя университета или использование передовых моделей и элементов

Ключевые слова: высшее учебное заведение, образование, преподаватель, статус преподавателя, педагогика.

The article provides for using the experience of Central Asia in raising the status of a university teacher or using advanced models and elements

Keywords: higher education institution, education, teacher, teacher status, pedagogy.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – мұғалімдік мамандық. Бұл мектеп мұғалімінің үлгісі. Ал, Жоғарғы оқу орнының оқытушысы ше?

ЖОО оқытушысы – бұл өзінің кәсіби ісәрекетінде универсалды қасиеттердің жиынтығына ие болуы қажет тұлға. Оның дәлелі ретінде жоғары оқу орны профессор-оқытушы құрамының функционалды міндеттерінің көптүрлілігін көрсетуге болады: оқу курстарын дайындау, оларды әдістемелік қамтамасыз ету, оқу әдебиетін және оқу әдістемелік құралдар дайындауда авторлық қатысу; лекция оқу, лабораториялық, семинар және басқа да практикалық сабақтар өткізу; студенттердің өндірістік практикадан өткізуді ұйымдастыру және соған қатысу; жаңа педагогикалық әдістерді және жоғары нәтижелі білім технологияларын іздестіру және жасау; студенттермен консультациялық және басқа да индивидуалды жұмыс; ғылыми зерттеулерді қаржыландыру жолдарын және нақты ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік зерттеулерге сұраныс беретіндерді іздестіру; ғылыми зерттеулерді және нақты практикалық талдауларды: ғылыми, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік және басқа да материалдарды жоспарлау, ұйымдастыру және орындау; нормативті және басқа да техникалық құжаттарды дайындау; студенттермен топтық және индивидуалды жұмыс үрдісінде тәрбиелік қызметті жүзеге асыру; сонымен бірге олармен ресми емес қатынас жасау; үзіліссіз тұлғалық және кәсіби даму, ғылыми және педагогикалық компетенттілік квалификациясын жоғарылату; әртүрлі кәсіби қажетті практикалық дағдыларды игеру т.б [1].

Көптеген социологтар, оның ішінде Н. Аитовтың өзінің «Интеллигенция» еңбегінде оқытушыларды бірінші кезекте, қоғам өмірінде үлкен рөл атқаратын және оның рухани потенциалын қалыптастыратын, интеллигенцияның өкілдері ретінде және “интеллектуалды еңбекпен айналысатын және интеллигенттілікке ие адамдардың ерекше әлеуметтік тобы” [2] ретінде қарастырады.

Бұл топ интеллигенция ішінде, бір жағынан мұғалімдерге жақын, өйткені оның негізгі қызметі болып жас ұрпаққа білім беру табылады. Екінші жағынан, ЖОО оқытушылары ғалымдардың әлеуметтік-кәсіби тобына жақын, себебі ЖОО-ның оқытушыларының маңызды қызметінің бірі ғылымды бұдан ары дамыту болып табылады. Осындай универсалды қасиеттерге ие ЖОО-ның оқытушысының мәртебесі әрқашанда жоғары болуы керек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында [3] «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет» деп атап көрсеткен болатын. Шындығында, мемлекеттік дамудың қозғаушысы және қоғамдық сананы қалыптастырушы – педагогтың мәртебесін заңмен айқындап, кем-кетіктерін түзейтін уақыт келді. Өйткені, 2007 жылы қабылданған «Білім туралы» заңның «Педагогикалық қызметкерлердің мәртебі» туралы 7-ші тарауы қоғамдағы орнын көрсете алмайды.

«Педагог мәртебесі» туралы мәселе көтергенде, батыстық үлгіге назарымыз ауатыны белгілі. Алайда, тілі, діні, дәстүрі немесе өмір сүру деңгейі бізге жақын келетін Азия елдерінің педагог статусы бойынша қабылдаған заңдарының кейбір элементтерін алған дұрыс деп есептеймін.

1. Тәжікстан республикасында Министрліктің тапсырысы бойынша оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар дайындаған жағдайда 3 айға дейін жалақысын сақтай отырып, еңбек демалысын ала алады.

Шығармашылық жұмыспен айналысу үшін және өзін функционалдық деңгейде дамыту үшін оқытушының уақыты жеткілікті болуы керек. ЮНЕСКО құжатында оқытушының еңбек жағдайы - эффективті сабақ беруге, ғылыми жұмысқа, зерттеулік іс-әрекетке және кәсіби міндеттерді орындау мүмкіншілігін қамтамасыз етуге максималды деңгейде сай келуі керектігі көрсетіледі.

2. Туркменстан Республикасында оқытушыларға оқу-әдістемелік және ғылыми кітаптар тегін беріледі.

3. Жапонияда орта мектептермен қатар, университетте сабақ беру үшін тек қана диплом ғана емес, сонымен қатар сертификат керек. Оқытушы сертификат алу үшін арнайы квалификациялық емтиханнан өтеді. Менің ойымша, бұл ЖОО-да сапа менежментін жүргізудің тиімді әдісі деп есептеймін. Халық ағартушысы А. Байтұрсынов «Мұғалім мектептің рухы, мұғалім қандай болса - мектеп сондай» деген қанатты сөзі бар. Шындығында, қазір ЖОО-ның деңгейі – профес сор оқытушы құрамының әлеуетімен өлшенетіні жасырын емес. Сондықтан, ЖОО оқытушысының статусы «жоғары» болуы үшін, оның деңгейі де жоғары болуы керек.

4. Сонымен қатар, Жапония 1974 жылы қабылдаған «ағарту ісінің қызметкерлері туралы» арнайы заңында білім беру саласына сапалы кадрларды тарту мақсатында, басқа мемлекеттік қызметкерлерден жоғары болуы керек көрсеткен. Міне, мемлекеттік мұғалімге, оқытушыға деген құрметі [4].

Өз заманында жарты әлемді жаулаған Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель, Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін:әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» деген екен. Осыдан ақ, ұстаз мәртебесін көтеру мәселесінің көтерудің алғышарттарын аңғаруға болады. Сондықтан, ұстаздар мәртебесін көтеруде тілі діні мен дәстүрі бізге анағұрлым жақын Орта Азиялық тәжірибені пайдалануды немесе оның озық үлгілерін, элементтерін пайдалану қажет деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есбол Өміржанов ЖОО: оқытушы мәртебесі. Ол қандай болуы керек. Электрондық ресурс: <https://abai.kz/post/17149>

2. Аитов Н.А. О некоторых дискуссионных вопросах изучения советской интеллигенции // Социологические исследования. - 1979. -№ 3. - с. 31.

3. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. Электрондық ресурс: www.akorda.kz

4. Еремина Т.И. Международный опыт по законодательному оформлению статуса учителя // Universum: Вестник Герценовского университета. – 2014. №3. – С. 116-122.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Байташева Г.Ө.¹, Мусина А.С.², Кусиденова Г.К.³,
Байташов Е.У.⁴, Мырзабаева Ж.К.⁵

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.^{1,2,5}
Эксперт чу«арсе», Нұр-сұлтан қ.³
«АВИМЕД» медициналық колледжі, Алматы⁴

Түйін. Мақалада жобалау әдісінің ерекшеліктері, сондай-ақ қосымша білім беру курстарында практикалық қолдану жолдары қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматривается особенности метода проектирования а также пути практического применения на дополнительных образовательных курсах.

Annotation. The article discusses the features of the design method as well as ways of practical application in additional educational courses.

Ғылым мен техникадың үдемелі даму заманында Мәңгілік еліміздің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі – әлемдік деңгейдегі білім жүйесіне ену. Сондықтанда жаңартылған білім беру мазмұнында кеңінен тәжірбиелер мен зерттеулер жүргізіліп отыр. Адам баласын табиғаттың микро және макро әлемдер деңгейлерін танып-білуге, биосферадағы механизмдер мен өлі және тірі материалдар арасындағы өте нәзік байланыстарға әсер етуге ұмтылдыруда. Осындай өзгерістердің барлығы қоғамның экономикалық жағынан өсіп-дамуына сөзсіз әсер етеді. Бұл қоғам мен адамның дамуына септігін тигізіп күнделікті өзгермелілікке әкеледі. Мұндай қоғамының қазіргі даму сатысында орын алған өзгерістер кәсіби білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Еңбек нарығы IQ және AQ жұмысшылар мен мамандарды даярлаудың заманауи мәселелерін шешуге дайын мұғалімдер мен өнеркәсіптік білім беру шеберлерінің қызметі маңыздылығы артып келеді. Кәсіптік-педагогикалық білім берудің мақсаты оқу-әдістемелік-ұйымдастырушы, оқу-әдістемелік жұмысының немесе техник-тәрбиешісінің рөлін атқара алатын түлектің жеке басын қалыптастыру болып табылады. Осы тұста жұмыс берушілер білім трендінде қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңінен қолдануда. Олар қосымша білім беру бағытын әлемдік деңгейдегі өзіне қажетті маман даярлауға жұмсайды.


Осыған орай Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған [1-2]. Оның үшеуі жалпы орта білім беруге арналған. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның білімділігін ынталандыру, дарындылығын дамыту және бағалау технологиясың деңгейін дамыту, білім берудің дамытушы факторларын арттыру мәселесі айқындалып, басты міндеттер қатарына қойылған. Бұл міндеттің жүзеге асырудың бір жолы - дидактикалық әртүрлі ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану есебінен мектеп оқушыларың ой өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсендірудің, оқуға білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады. Қазіргі таңда қоғамның үдемелі дамуы ұстаздың жан-жақтылығын ізденімпаздылығын қажет етеді.

Көрнекті педагогтар (Н.Ф. Ефремова, М.Б. Челышкова, В.М.Звоников) шығармаларында оқу процессін дамытудың жолдары қарастырса, оқушылардың шығармалығына бағыт-бағдар беруге ең алғаш білім мазмұнына енгізген белгілі педагог-ғылым М. Жұмабаев. Сонымен қатар Ресей ғалымдары (В.Н.Фомин, Н.Г.Андронникова, В.Н.Бурков, С.В.Леонтьев, А.Г. Ташлинский, В.А.Бухалев) өз еңбектерінде оқушының оқуға деген ынтасын көтеру мәселесінде теориялық және практикалық талдау жасаған [3].

Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту қажет. Еліміздің болашақ потенциалын оқытып – тәрбиелейтін мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, білім сандығы болуы қажет екендігі күн санап дәлелденуде. Болашақ жастарға қосымша білім беруде жан-жақты ізденімпаз ұстаз білім беру бағытында жаңашылдыққа сүйенуі керек.

Қосымша білім беруде болашаққа көзқарасын қалыптастыру мен өзіндік таңдаған бағытында баланың креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығын арттыра түсу ұстаз міндеті. Осы тұста біз жүргізген


зерттеулерде жобалап оқыту технологиясының мүмкіндіктері ашылды. Жобалау технологиясы АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болып, негізін Джон Дьюи салған болатын. Дьюидің ілімін әрі қарай Колумбия университеті профессоры Уильям Херд Килпатрик зерттей келе, Балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі деп атап өтті. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі» деген екен У.Х.Килпатрик. Алғашқыда жобалау технологиясын қолдану АҚШ-та, Канадада, Англияда, Австралияда және Жаңа Зеландияда ол кенінен таралып, Еуропаның да бірқатар мемлекеттерінде жүйелі түрде пайдаланыла бастады [4] (Сурет -1).



Сурет-1. Жобалап оқыту технологиясының зерттеуі мен қолданылуы

Біз қосымша білім беру курстарында жобалап оқыту технологиясын кеңінен қолдандық. Жоба жасау мұғалімнің фаселитаторлық қызметін көрсететін оқушының нәтижесіне жетуі. Оқушының өз бетінше проблема шешудегі жүзеге асырылған іс-әрекеттер нәтижесі. Бұл технологияны қолдануда мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері түбегейлі өзгереді.

Көптеген жағдайда жұмыс беруші үшін қосымша білім беру арқылы болашақ маманды дайындап алған тиімді. Сондықтан білім беру трендінде қосымша білім беру арқылы «өмір бойы оқу – өзін өзі тану» бағыттарыда шешіліп жатады. Болашақта кім болатынын айқындау үшін қосымша білім беру бағдарламасының рөлі ерекше. Біздің елімізде көбіне қосымша білім беру бағдарламалары ҰБТ даярлау бағытын негізге алады. Бұнда болашақ мамандыққа деген дайындық. Сондықтанда өмірдегі өзекті мәселелерді айқындап көрсетіп жобалау технологиясы сияқты жаңа әдіс тәсілдерді кеңінен пайдаланатын қосымша білім беру курстарын жүргізу өзекті (Сурет-2).



Сурет-2 Қосымша білім беру курстарының мүмкіндіктері

Қосымша білім беруде жобалап оқытуды пайдалану оқушыны білім алуға және сол білімін мектеп қабырғасынан шыққанда нақты проблемаларды шеше білуде қолдануға үйрету. От басында проблеманы бірге шештіру арқылы: -Баланы оқи білуге үйрету;

-Баланы ойлауға үйрету;

-Баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау;

- Оқушының шығармашылық ойына бағыт беру;

- Шығармашылық ізденісті қолдау;

- Жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау;

- Жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру;

-Мәселе туындату арқылы ізденісті күрделендіру.

Бұл мәселелерді шешу барысында жобалық оқыту әдісі негізінде бала жоба нәтижесін алу үшін стратегиялық мақсаттар қойып үйренеді.

Жоба жұмысын дайындау кезеңдері:

Бастапқы: негізгі тақырыпты анықтау;

Ізденіс: жоба жұмыстарын, ақпарат, әдебиет көздерін айқындау, жоба бойынша жеке жұмыстарды топ ішінде ұйымдастыру;

Нәтижені өңдеу: зерттеу тақырыптары бойынша презентациялар дайындау

Тұсау кесу: жұмыстарын қорғау;

Зерттеу жұмысының негізгі сатылары:

Ақпараттық — «не істеу керек?»

Жоспарлық — «бұған қалайша жетуге болады?»

Шешім қабылдау — «іске асырудың жолдары мен құралдарын анықтау»

Орындау — «жүзеге асыру»

Бақылау – «тапсырма дұрыс орындалды ма?»

Бағалау — «келесі жолы нені дәлірек істеген жөн?»

Жобалап оқыту кезеңдері:

I. Мотивтендіру

Мұғалім жалпы зерттеу мәселесін ұсынады. Тақырыпқа қызығушылық қалыптастырады.

II. Жоспарлау кезеңі

Зерттеу жұмысына дайындық. Мұнда жобаның тақырыбы мен мақсаты анықталады, міндеттерді шешу жолдары қарастырылады, іс - әрекеттің жоспары бекітіледі, топтағы ұжымдық іс - әрекет келісіледі.

III. Ақпаратты жинау кезеңі

Оқушылар хабар жинайды, әдебиетпен және басқа ақпарат құралдармен жұмыс жүргізеді; алынған нәтижені мұғалімнің көмегімен сараптайды, ал мұғалім бақылайды, көмек көрсетеді, өзі де ақпарат құралы болады.

IV. Рефлексивтік бағалау кезеңі

Оқушылар жобаларын ұсынады (презентация), атқарылған жұмыс бойынша есеп береді, ұжымдық пікірталасқа қатысады, өзіне өзі баға береді, мұғалім бағалайды.

V. Қорытынды.

Осымен оқушылардың өздігінен жұмыс жасау қабілеті жоғарылайды, олардың танымдық белсенділігі арттылады, ұжымдық қарым - қатынастар арқасында қоғам дағдылары жетілдіріледі. Шығармашылық қабілеттері арттырылады. Біздің зерттеулерімізде бала мағлұматтарды біріктіре отырып, әрі қарай дамытуға стратегиялық мақсаттарға жету үшін жұмыстар жүргізеді [5] (Сурет-3).

Әрине білім алушы жобаны орындау барысында топтық немесе жұптық жүргізе отырып әр түрлі сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Біз әдетте сәтсіздікке көп көңіл бөлетін сияқтымыз: қандай да бір іс жасамасақ та, алдымен жіберген қателерді назарға аламыз да, қол жеткізген сәттіліктерімізге жіті мән бермейміз. Бұл ұстанымның позитивті көзқарасты дамытпайтындығы және өмірде де жұмыста да жағымды нәтижелерге әкелетіндігі анық. Үйрену процесінде өз жұмысы мен әрекеттерінің сәтті шығуына ниеттелмеген шәкірт те өмірінің басқа да мезеттерінде (жұмыс орнында, жанұяда, қарым-қатынаста) өз ісінің ойдағыдай аяқталуына сенімі болмайды.



- ✓ Негізі жасуша тақырыбы аясында жүргізілетін жобаға даярлық кезеңі
- ✓ Шығармашылық топтар құру кезеңі
- ✓ Жоспарлау кезеңі
- ✓ Жобаның орындау кезеңі
- ✓ Сараптау кезеңі
- ✓ Қорытындылау кезеңі
- ✓ Бағалау (рефлексия)

Сурет-3 Қосымша білім беруде қолданылған жобалап оқыту кезеңдері

Оның өз істері мен әрекеттерінің жағымсыз ғана нәтиже беретіндігіне әбден сеніп кетіп, өзін ылғи да «жолы болмайтындар» қатарына қосып жүруі де мүмкін [6]. Сондықтан қосымша білім беру курстарында жобалап оқытуды пайдаланғанда А.Әлімовтың кері шегініс принципінен кеңінен қолданамыз. Кері шегініс арқылы мәселе шешімін тапқан оқушы болашаққа жоғары үмітпен қарауға сенімділікке үйренеді.

Қосымша білім беруде жобалап оқытуды қолдануда:

- коммуникативтік дағдылары қалыптасады;
- сауалдар қою (басқа оқушының пікірін білу, ақпарат жетіспегенде мұғалімнен сұрау);
- лидерлік, араторлық дауысымен басқару;
- өз көзқарасын білдіру, өз ойын жеткізе алу;
- дәлелдеу, келісімге келу бірге шешім шығару;
- қатемен жұмыс жасау, мойымау, қыйыншылықты жеңе білу;
- талдау, біріктіру әрекеттерінің дамуы;
- салыстырмалы талдау жасау;
- негізгі мәселені айқын бөліп көрсету;
- жалпы әрекет әдісін табу, оны қолдану мүмкіндігі;
- өзінің және басқаның жұмысын шынайы бағалау;
- нәтижені және оқу міндеттерінің шешілу барысын бағалау дағдысы;
- кемшіліктерді көру;
- болашаққа жоспар құру;
- өмірде қажетті мәселелерді айқындау;

болашақтағы мәселелерді шешуге ұсыныс жасау, сияқты мүмкіндіктер шешіледі. Қосымша білім беруде бала болашақ мамандығын немесе өмірдегі кездесетін жағдайларды шешу үшін күзиреттілігін арттыруды мақсат ететіндіктен жобалап оқыту технологиясын қолдану тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015 жылға арналған тұжырымдамасы.
2. Ұлт жоспары «5 институционалдық реформаны жүзеге асыру үшін 100 нақты қадам»
3. Н.Ф.Ефремова, В.И.Звонников, М.Б.Чельшкова «Педагогические измерения в системе образования» Школьная педагогика Научная школьная библиотека Парталус №1193922878 Россия 2007. 14-20 б.
4. Литвак Р.А., Гревцева Г.Я. Соотношение социального воспитания, социализации и социально-культурного развития личности в детстве, // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2013. – № 9. – С.96–103.
5. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004, 50-54 с.
6. А.Әлімов. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. –Алматы, 2009. -328 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АНАНЫҢ РӨЛІ

Т.К. Байбекова, Н.О. Кудайбергенова, Ж.Ғ.Әлібаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

« Мақтасақ әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді.

*Әйел - ана, барлық қиындықты жеңетін
сарқылмайтын күш емес пе? Дүниеде әйелді құрметпен, әйелді нұрға бөлейік "*

Ғабит Мүсірепов.

Қай ел, қандай қоғам болсын оның қаншалықты өркениеттілігі әйелдерге, аналарға жасалған қамқорлығынан, сый-құрметінен байқалады. Мұның дұрыстығын Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де - біздің қазақ... Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің от жалынымен, мейірім-шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-біртұтастығын елеусіз ғана шындап отырған» - деген сөздері растай түскендей.

Шындығында солай. Өйткені жалпы адамзат баласының тыныс-тіршілігін, оның өсіп-өніп, дамуын әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес. Мұхтар Әуезов: "Адамдықтың негізі - әйел, ертеде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық қорғансыздықтан анасының айналасында үйіріліп, үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын енгізген», - деген берік байлам жасайды.

Мемлекет басшысының «Қазақстан 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында берік қоғам орнатудағы әйелдің роліне айрықша орын берілген. Әйел отбасының, демек мемлекеттің де тірегі ретінде танылған. Ана мен баланы қорғау жаңа сатыдағы әлеуметтік саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі болып жарияланады. Елбасы «Бойжеткен әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ол ана, ең ардақты тұлға» деген сөзі көпшіліктің қолдауына ие болды.

Жер бетіндегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, жеке халық, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел аналардың сіңірген еңбегі орасан зор деп айтуға болады. Айталық, тарих қойнауына назар салып көрсеніз - баяғы Тұмар ханым, Роксана, Ұмай ана, кешегі дастан жырлардағы Ақжүніс пен Назым, Қыз Жібек пен Баян Сұлу, Айман - Шолпан, бергіндегі Айша бибі мен Абақ ана, Домалақ ана мен Қыз ене секілді т. б. аналарымыздың есімдері ел өмірінде алтын әріптермен өрнектелген.

Қазақ халқында елді аузына қаратқан даналығымен, кие қонған әулиелік қасиетімен, ақыл-парасаты, адамгершілік қасиетімен аттары аңызға айналған аналар аз емес. Халық олардың есімдерін еске сақтап қана қоймай, олардың әруақтарына бас ие, пір тұтып, өздерін кие, өмірлерін өнеге етіп, тағылымын ұрпақ санасына сіңіріп отырған. Бұл тұлғалардың зираттары, елі әспеттеп тұрғызған кесенелері ешкімнің зорлығынсыз-ақ халық тәу етіп баратын орындарға айналған. Сондай қасиетті тұлғаның бірі - Домалақ ана. Азан шақырып қойған есімі Нұрилла болғанымен, қалың көпшілікке Домалақ ана атымен белгілі.

Домалақ ана - ең алдымен, алланың нұры төгіліп, ұрпағы бірнеше тайпаға айналған елдің анасы. Домалақ ана кезінде батыр әрі би болған тарихи тұлға Бәйдібектің үш әйелінің болғаны белгілі. Бүгінгі Албан, Суан, Дулат тайпалары Бәйдібектің Домалақ анадан туған Жарықшақ деген ұлының кіндігінен тараған.

Домалақ ананың әулиелігі мен көрегендігі, парасаттылығы мен даналығы, адамгершілігі мен адалдығы жайында аңызбен астасқан әңгімелер көп.

Қызын ары, мақтанышы, елінің көркі санайтын, қыз қадірін білетін жер бетінде қанша ұлт болса, соның ең бірегейі, текті жүрек - қазақ халқы. Себебі, қазақ үшін ең әуелі, анасы - ардақты, апасы - арайлы, әпкесі - қамқоршысы, қарындасы - кандасы. Қызын қашанда ардақтап, қырық үйден тыйым салып тәрбие берген қазақтың қыздарынан да талай ел аналары шыққаны хақ. Ерлігі ерен Тұмар ана, ел басына күн туғанда етікпенен су кешкен Әлия мен Мәншүк, елі үшін жанын қиған Ләззаттар - тарихта қалған арулар. Ал бар болмысы наз, әдептен жаралған, талай батырдың жүрегіне «жара» салған Қыз Жібек, Баян сұлу сынды арулар, Зере, Ұлжан, Айғаным, Әйгерім сынды аналар тектілік бейнелері. Міне, осындай бәсі биік тұрған арулардың бірі – Айша бибі.

Аңызға сүйенер болсақ, Айша бибі - Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, XI-XII ғасырда өмір сүрген ару. Нақты тарихи деректер болмағандықтан, біз Айша бибінің әкесі кім екенін анықтау алмай келеміз. Ел аузындағы аңызға сүйенсек, Айша бибінің әкесінің аты - Айғожа, ал кейде хас аруды халық сиыр малының атасы Зеңгі бабаның қызы дейді. Киелі Түркістан жерінде танысып, табысқан ғашықтар хикаясы да қызықты. Бір-бірімен сөз байласқан ғашықтар үйленуге бел буады. Уәделі уақыт таяғанда еліне жау шапқан Қарахан батыр Айша бибіні алып кетуге келе алмай қалады. Осындай қиын сәтте жерін жаудан қорғап, жанталасқан батырдың жағдайын білу үшін жанына қырық қызды ертіп, Айша бибі батырдың туған жеріне аттанған екен. Шаһардың шаңырағы алыстан көрінген кезде, Айша ару өзен суына шомылып алуды қалайды. Тағдырдың жазғаны болса керек, асау Аса өзеніне шомылған аруды улы жылан шағып алады. Мұны естіген Қарахан батыр жан ұшырып келген кезде Айша бибі хал үстінде жатқан екен. Өлім мен өмір арасында арпалысқан аруды ардақтаған

Қарахан батыр екеуінің некесін қиғызған. Хан мен қайтыс болып кеткен қыздың некеге тұруы - бұған дейін де, бұдан кейін де тарихта кездеспеген жайт екен.

Бүгінгі таңда әйелдер қауымы қоғам өмірінің барлық салаларына белсене араласып жүр. Әйелдер мемлекеттік қызметкерлердің 60 % құрайды. Білім беру жүйесінде -73%, денсаулық саласында – 87 %. Сот жүйесінде 61 %, оның ішінде жоғарғы сотта -35%. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 % да әйелдердің үлесінде. Бүгінгі таңда елімізде шағын және орта кәсіпкерлік саласында тер төгіп жүргендердің арасында әйелдердің үлесі 52 % құрайды, 66 % жеке кәсіпкерлікпен айналысуда. Еліміздің экономикасын өркендетуге 3,7 млн әйелдер қауымы үлесін қосуда. Яғни, әйел адамның өмірдегі ролі артты, ол отбасының, қоғамның негізіне айналып отыр.

Сонымен қатар, қазақстандық әйел - өзгеше әйел. Ол шығыс мәдениеті өкіліне тән нәзіктік, ұстамдылық, отбасын сақтаушы белгілерімен қатар ойлау тәуелсіздігі, еркіндік сүйгіштік, жауаптылық сезімі жоғарлағанымен ерекшеленеді.

Қазақ әйелі бұрын - сонды тарихымызда дәл қазіргідей қайраткерлік жасампаздық дәрежеде болып көрген жоқ. 20 жылдан астам мерзім аясында саяси аренада, мемлекеттік басқару саласында талай аруларымыз дара тұлға ретінде көрінді. Іскерлік әлемнің тамаша тәжірибесінен өтті. Өтпелі кезеңнің қиындығына қарамастан, экономикалық - саяси тұрғыдағы әйел мәртебесін көтеруді тұңғыш жүзеге асырған - Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазіргі қоғам білімді, тәрбиелі адамгершілік қасиеттері мол, өз ұлтының салтын, дәстүрін, ана тілін, төл мәдениетін, ата тарихын қастерлейтін жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етіп отыр. Баланың дамуына ықпал ететін факторлардың бірі отбасында берілетін тәрбие. Ғалымдар баланың жеке тұлға болып қалыптасуына 75% - отбасында берілетін тәрбиеге байланысты болатынын айтады.

Отбасы балалар үшін өмір мектебі, онда мейірбандық, шындық, сүйіспеншілік, адамдық, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, тәртіп пен мінез құлық қасиеттері дамуы және қалыптасады. Баланың бойындағы барлық жақсылық атауы күннің нұрынан, ананың аялы алақанынан таралады деген қасиетті ұғым бар. Белгілі отбасылық дәрігер Виржиния Сатирдің пайымдауынша, баланың өмір сүруі үшін оны күніне 4 рет құшақтау керек, денсаулығы мықты болуы үшін 8 рет құшақтау керек, ал олардың өсіп - дамуы үшін 12 құшақтау қажет екен. Демек, баланың қалыптасуына, даму процесіне ананың беретін тәрбиесінің ролі аса зор екенін естен шығармауымыз керек.

Кез келген халықтың болашағы оның өміршеңдігі, ұлттың болмысы мен ұлттық рухта кемелденген, жақсы тәрбиеленген ұрпақтардың қолында. Ұрпақ тәрбиесіне, ұлттың келешегіне ата-ананың тәрбиесі жауапты.

Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір - шапағат көзі - әйел. Әйел- ананың түпкілікті арманы, тілегі - елдің тыныштығы, отбасының бірлігі, балаларының аман саулығы. Әйел адамның басты міндеті - өмірге ұрпақ әкеліп, ана атану, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосу.

Қорыта айтқанда, әйелдер қауымының отбасындағы және ұрпақ тәрбиелеуде үлесі мол. Бүгінгі таңда қоғамның даму барысын өмірде нәзік, көңілде биік, ал істе мығым әйелдерсіз елестету мүмкін емес. Ананы ардақтап, оны қолдау мен қорғау, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудегі ролін күшейту, отбасы құндылықтарын насихаттау мемлекет саясатының басты бағыты.

Олай болса, тәуелсіз қазақ елінің жаны мен ары да, байлығы мен бары да - асыл аналар аман болсын! Әйел - тіршіліктің бастау бұлағы. Әйел - мемлекет пен отбасының өзегі. Әйел - шаңырақтың шамшырағы. Әйел -сұлулықтың символы. Әйел -әдеміліктің асыл тәжісі. Әйел - нәзіктіктің қас үлгісі. Сондықтан да, аналар мемлекет қамқорлығына бөленіп, алаңсыз бейбіт заманда өмір сүрейік. Әйелдер рухани сұлулықтың мемлекет пен отбасымыздың тірегі, ұйытқысы бола берсін демекпін.

**ЖАЗУШЫ ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНЫҢ
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

З.Биімбетова, Н.М.Нұрлыбаев

В статье рассматриваются исторические романы писателя Кабдеша Жумадилова.
The article discusses the historical novels of the writer Kabdesh Zhumadilov.

1960-1970 жылдары роман жанры зор қуатпен өсіп, сан жағынан да, сапа жағынан да өсті. Олардың арасында оқырманның назарын аударған, қазақ әдебиетінде роман жанрының көркемдік қуатын байытқан, бағыт-бағдарын танытқандары да мол болды. 1976 жылы 12 роман жарық көрсе, 1979 жылы дәл осы мөлшерде роман басылып шыққан. Осы жылдардағы романдарды тақырыптарға бөліп қарар болсақ, тарихи және тарихи-революциялық тақырыпқа көп жазылды.

Ғалым М.Көпбаева тарихи-әдеби даму тенденцияларына шолу жасай отырып, 70-80 жылдардағы романдардың тақырыптық жүйесін қарастырады [1].

Жазушылардың дені өздері өмірбаяндарын, қайраткерлік, өнерпаздық, күрескерлік хикаясын білетін және зерттеген, ұлт тарихында зор орны бар, адамға өнеге алар қасиеттері мол ақын-жазушылар, өнер туралы кесек туындылар берді. Олар: Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Д.Әбілеуінің «Ақын арманы» трилогиясы, С.Жүнісовтің «Ақан сері», Ж.Молдағалиевтің «Алғашқы қоңырау», З.Ақышевтің «Жаяу Мұса» романдары.

Тарихи тақырыпта: «Қан мен тер» (3 кітап), «Ақан сері» диологиясы, «Аңыздың ақыры», «Қилы заман», «Ақын арманы», «Ағайынды Жүнісовтер», «Жаяу Мұса», «Алмас қылыш», «Жанталас», «Жаушы», «Елім-ай», «Жібек жолы», «Қызыл жебе» романдары дүниеге келді.

Роман жанрында жетпісінші жылдары ерекше жаңа белес болып табылатын тақырыптың бірі тарихи революция болды. Осы тақырып көлемінде танымдық тағылымы мол, көркем эстетикалық жүк көтерген шығармалар қатарында А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе», З.Ақышевтің «Ақбел асуы», Қ.Сәрсекеевтің «Қызыл жалау», Қ.Исабаевтың «Айқыз» романдарын алуға болады. Бұл романдардың баршасы дерлік Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісі мен революция, Кеңес өкіметі орнауы тұсының тарихи-көркемдік шындығын суреттеді.

Әдебиетіміздің кең құнарлы құлашты тармағы – тарихи роман. Бастауы мен шығар биігі, қадамының бағыт-бағдары жинақталған, асуы, ұласар кеңістігі бар.

М.Мағауиннің «Көк мұнар» романы (1972) шымшыма мысқылды қару етіп, нағыз шындық жүзін көлегейлеген бет-пердені жыртып. Романның бас кейіпкері жас аспирант Едіге бір жерден цитат келтіріп тұр ма, әлде төл сөзі ме, әйтеуір тырнақшаға алып, мына бір тирадаға көшеді.

«Коммунизмге беттеген, ғарышқа қол созған осындай ғажайып заманда өмір сүріп отырмыз... Тың көтеріп, отанға миллиардтаған пұт астық беріп жатқан, өзгерген, өскен, жаңарған, азиялық тағылық пен жартылай тағылықтан европалық мәдениетке аяқ басқан өлке ұлымыз... Бұрын жазу-сызуды білмеген, тоқсан сегіз бүтін де бірдеңе бөлшек проценті сауатсыз болған, өнер білімнен кенже емес, мүлде кенде қалған, енді жай сауаттылық қана емес, жалпы бірдей он жылдық білім беруге көшкен ғылымы мен өнері аршындай өскен елдің ұлымыз. Жыл сайын біздің республикамызда ғана қаншама көмір, қаншама темір, қаншама мыс, қаншама қорғасын өндіріледі».

Едіге қотыр тілдердің қатарына жатады. Тоқыраудың данғаза, айқайшыл, ұран салғыш насихаты стиліне түсіп алады да, соны шымшылап келемеж етеді.

Едігі характері қилы-қилы. Культ және тоқырау кезеңіндегі жариялылықтың жоқтығын Едіге: «Бір шаштараз құдыққа айғайлапты дейді.

«Жарылып өлетін шығармыз», - деп шенейді.

Тоқырау кезеңінде жарық көрген «Көк мұнар» романы әдебиетімізде жалғасын тапты. Әрине қайталау түрінде емес. Форманы өзгертіп, жанрлық жаңа синтез жасаған шығармалар кездеседі. Рамазан Тоқтаров өзінің «Сусамыр» атты романына (1985) адамгершілік тақырыпта мазмұн бере отырып, оған детектив киімін кигізген. Шындықты бетің бар, жүзің бар демей жайып салатын шығармалар дүниеге келе бастады.

Тарих үлгісін өз дәстүріне сүйене отырып дамытты. Осы бір тұстағы тарихи роман жанрының жедел өсіп, ондағы қазақ халқы елдігін, арғы-бергі тарихын кең жалғап, көркем талдауда І.Есенберлин, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, С.Мұқанов, Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, Д.Әбілов, С.Сматаев, Ш.Мұртаза, З.Ақышев, Ж.Молдағалиев, Д.Досжанов.

Тарихи романдар бұл дәуірде үлкен прозаның белгілі бір саласын толықтырып, халық тарихының өзекті мәселелерін көтеру арқылы танымдық қызмет атқарды. Қазақ халқының көне дәуірлерден басталған тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі барын, ел қамын жеген басшылары мен өнерін, ғылымының үлкен тұлғалары болғанын айтады. Оларды халықтық ойлармен таныстырды. Осының бір жақсы үлгісін Қ. Жұмаділовтың «Соңғы көш» (1974-1981) атты романын көреміз. Романда Шығыс Түркістан қазақтарының өміріндегі күрделі де шытырманды дәуірдің оқиғалары суреттеледі. Оның негізіне халықтың азаттық жолындағы күресіне қатысты материалдар алынған. Бостандық аңсаған елдің арманы. Қытай революциясы жеңісімен жүзеге асқанын, кейінгі Қытай басшыларының ұлтшылдық-гегемонистік саясаты халықты қайғылы, қанды оқиғаларға ұшыратқанын, ел басынан өткен трагедиялық күйді роман кең суреттейді. Осы негізгі жазушы халық тарихы, оның көшпелі жағдайда бөлініп қалған бөлігінің халі және бостандық жолындағы күресі туралы ойлануы. Ел ыдырап, Қазақстанға-атамекеніне қарай қаша көше бастады. Қазақтың «Ақтабан-шұбырындысы» осымен аяқталар ма екен?! Әй, ең соңғы көш осы-ақ болар! - дейді романның бір кейіпкері [2.224.].

Автордың көркемдік жетістігі ретінде автордың оқиғаларды баяндап кетпей, көркем суреттеу, адамдар тағдырын ашу арқылы шынайы бөйнеулеу әдісін айтуға болады.

Көлемді дүние- «Соңғы көш» атты романды автордың ұзақ уақыт зерттеп, тексеріп, сұрыптап алған материалдарының негізінде жазғандығы байқалады.

Шығармаға арқау болатын тіршілік коріністерін тарихи деректерден, архив қазыналарының газет-журнал беттерінен, ескі көз, кәрікұлақ естеліктерінен алу бір арна болса, өзі басынан кешкен, көрген, жақсы білетін жайларды қағазға түсіру-екінші арна.

Автор романға өзек етіп алған өмір құбылыстарын сырттай бақылап, жадағай суреттеуші емес, анық, жақсы білетін жағдайларды, бастан кешкен, көзбен көріп, қолмен ұстаған дүниелерді жазған.

Шығармада қазақ әдебиетінде бұрын шетпұшпақтап қана айтылған қиын, әрі тың тақырып көтеріліп отыр. Мұнда Шығыс Түркістан аталатын аймақты мекендеген қазақтардың тағдыры бейнеленеді. Автор арғы, көне замандар оқиғасын қозғамайды, шығарма өзегі-осы ғасырдың елуінші жылдарының шындығы.

Жазушы Шығыс Түркістан ежелден ұйғыр қазақ, қалмақ, дұңған секілді халықтардың атамекені, бұлар ешқандай қашып, ауып келген жоқ, деген ойды айтады. Оны халықтардың тілінде қойылған қала, қыстақ, тау-тас, өзен-көл, жер-су аттары, ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ата-баба бейіттері, тарихи құжаттар, көне ескерткіштер-мұның бәрі қашан болса да, кім үшін болса да бұлтартпас дәлелдер.

Роман басталғанда Қытай мемлекетіне қарайтын Найман елінің бір тармағы Төртауыл ішіндегі ру таласынан туған жұлыс-тартыстың үстінен түсеміз. Үлкен мақсатқа, ұлттық тұғырға әлі жетпеген жандардың берекесіз, мәнсіз тайталасы. Екі рулы елдің әңкі-тәңкісін шығарып, өртке от қойған болымсыз, бір кішкентай оқиға. Қожанасыр мінезді, зуылдаған сөзімен ұзақ арық суын ағызам деп жүріп, Қараменде мен Жұмықтоғас руларын атыстырып-шабыстырып қойғанын өзі де сезбей қалады. Екі атаның жігіттерінің түкке тұрмайтын, майда-шүйде нәрсе үшін бір-бірімен жауласуын автор мысқылдай суреттейді.

Бұл кезде бүкіл Қытайда дүниежүзілік мәні бар тарихи оқиғалар жүріп жатқан. Гашинданшылар жеңіліп, жер-жерде өкімет басына басқалар келген. Осы өзгерістердің дамуы думпуі қиян шеттегі аймақтық қала Шәуешекке де жетіпті.

Шәуешек қаласына қытай әскерінің кіруі «Қарсаңда» деп аталатын бірінші бөлімнің орталық оқиғасы.

Гимназияның мұғалімдері Тұрсын, Нұрбек секілді көзі ашық, оқыған адамдардың өзі қаладағы өзгерістерді бірден түсіне алмайды. Жаңа басшылардың келуіне байланысты ашылған жиналыс үстінде мінездік жағынан сәтті табылған бейне-Нұртаймен танысамыз. Бұл кешегі ұлт-азаттық төңкерісі кезінде батырлығымен қалың жұртқа танылған ел еркесі. Сөзі мен ісінің арасында айырмашылық жоқ, шойыннан құйылғандай тұтас тұлға. Саяси білім, әлеуметтік тартысты ұғынуы әлі терең адам емес екені де рас.

Кітапта қазақтың шешендік өнерінің кейбір өрнектері қолданылады. Жазушы мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін қанатты оралымдарды кең пайдаланған.

Назар салған адам екінші бөлім композициялық жағынан басқа бөлімдерге қарағанда өзгеше ыңғайда екенін байқайды. Ең бастысы әр түрлі тіршілік суреттері көз алдымыздан өтеді.

Гимназия директоры Нұрбек тағдырында жаралы жылдар ізі жатты. Азамат соғысы кезінде адасып, бекер сандалғандар да аз болмаған. Нұрлыбектің әкесі осындай адасқандардың бірі. Автор

Қытайға қашып барғандардың трагедиясын бірер корініспен ғана бейнелемей, тереңдеп, жан-жақты суреттегенде дұрыс болатын еді.

Тау жайлаған көшпелі қазақ ауылдарының тұрмысымен, әр түрлі адамдармен үшінші бөлімде етене танысамыз. Автор негізінен Қанағат ауылының төңірегін бейнелейді.

Саяси мәнді оқиғалар Шәуешек қаласына келген жаңа үкімет ықпалымен туа бастайды.

Автор бейнелеген Қытай коммунистері Ли-хуң мен Лан-ке бір-біріне түр-түс жағынан да, мінез-характер жағынан да ұқсамайтын адамдар.

Лан-ке шовинизм ауруына шалдыққан кесір жер жүзіне қытай билігін орнату-оның көкейін тескен арман. Халықтың бұларға алғашқы қарсылығы батыр Нұртай әрекеттері арқылы берілген.

Қара бастың камын ғана ойлайтын, ел-жұрт мүддесін сатқан офицер Ермек Лан-кенің қолтығына кіріп алған. Бұл екеуі талай жазықсыз жандарды шырылдатарында сөз жоқ. Халық батыры Нұртайды ұстап беруші-осы опасыз Нұғыман. Жаңадан тапқан кәсібі-тыңшылық.

Балжан, Сақыпжамал, Ғалия, Зипа, Дүрия секілді әр түрлі жастар, Ережеп, Қожан секілді журналистер, Қанағат, Жақып,

Төлеубай секілді билер. Тұрсын Нұрбек секілді оқығандар-романда осындай әр түрлі персонаждар бар.

Автор қысқа ықшам қайыратын тұстарда көп сөзділік кемшілігіне ұрынған. Ақтардың босқыны, Тимофейге байланысты әңгімелер негізгі сюжеттен болектеніп тұр. Қ. Жұмаділовтің саяси-элеуметтік мәні үлкен тақырыпқа реалист жазушының тұрғысынан, идеялық принциппен келгенін ашып айту керек [3. 420].

Қабдеш Жұмаділов творчествосында «Соңғы көш» дилогиясының алтын орны ерекше. «Соңғы көш» жайында сыншылардың, ғалымдардың пікірі өте көп. Жазушының жаны мен тәніне түскен жаралардың жаңғырығы ақ қағазға түскенде оқырманын ойлантады. «Соңғы көш» жайында Әкім Тарази толғана отырып таразылайды.

«Соңғы көшті» қазақ әдебиетінің мәуелі басында оқыстан бой көтерген, бізге бейтаныс та құнарлы топырақтан нәр алған зәулім шынар деп қабылдаймын. Бұл дилогия автор талантының ғана өресін танытатын шығарма елін, бүгінгі әдебиетіміздің төбелер, жоталар, таулар жүйесіндегі беделді ориентир шыңдарының бірі [4. 230].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Көпбаева М. 70-80 жылдардағы қазақ прозасының өзекті мәселелері. Жинақта. Махамбеттану және қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері.

2. Қирабаев С. Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. - Алматы: «Білім» 1998-224

3. Қабдолов. З. Жебе. Алматы «Жазушы» 1977-420 б

4. Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. Алматы, Санат. 2000-230 бет.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Б.Ж. Дәутәлі, Ж.Ж.Шыңғысов

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

«Алматы облысы киелі жерлерінің географиясы» – тарих пен мәдениетке, адамның рухани дамуына және оның туған жеріне деген байланысына негізделі отырып адам мен оның өміріне бағытталған. Осындай орындарды білуіміз көптеген нәрсені үйретіп, олардан қажетті өмірлік қуат алуға мүмкіндік береді. Бұл мақалада Алматы облысының қасиетті орындары анықталды, бұл бүгінгі таңда олардың маңыздылығын көрсетеді.

Кілттік сөздер: ескерткіш, құрылыс, география, киелі жерлер, мекен, туризм, қорған

"Geography of holy places of Almaty region" - based on the history and culture of a person, spiritual development and connection with his homeland, we know about places that are focused on a person and his life. This article defines the sacred places of the Almaty region, which reflects their significance today.

Keywords: monument, construction, geography, hoiy, address, oblast

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ киелі жерлері болады. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Еліміз ұлан - ғайыр жер мен аса бай рухани тарихқа ие. Ұлы даланың кең - байтақ аумағы тарих жолында түрлі рөл атқарған. Ел тарихында осынау көркем, рухани және қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісі орын алған. Еліміздің қасиетті жерлерінің қалыптасуына әсер еткен бірнеше тарихи бағыттарды атап көрсетуге болады.

Боралдай сақ қорғандары Боралдай аймағында ежелгі сақтардың қорымдары мен бұрынғы тұрғын жайлары жиі кездеседі. Боралдай сақ қорғандары - Алматы аумағында ерте темір ғасырынан сақталған жалғыз ескерткіш. Ол қаланың Алатау ауданында, Үлкен Алматы мен Боралдай өзендерінің арасында, әуежайға жақын жерде орналасқан. Мұнда көне қорым бар, оның тарихы екі жарым мың жылдан асып жығылады. Археологиялық кешен 47 сақ және үйсін қорғандарынан тұрады. Олардың ең үлкенінің биіктігі 14 метр, ал диаметрі 100 метрден асады. Бұрынғы сақ тайпасының өмірі жаңғыртылған «Боралдай сақ қорғандары» паркінде екі басты нысан - ортасынан жарылған қорған мен ежелгі сақ тұрғын үйінің макетін көруге болады. Келушілер уақытты анықтау үшін қолданылған күн сағатты және қайта құрылған тоқыма станогын тамашалайды. [1]



Сурет 1-Боралдай сақ қорғаны

Есік сақ қорғаны. Есік сақ қорғаны – сақ дәуірінен сақталған археологиялық ескерткіш. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының орталығы. Есік қаласының маңында, Есік өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. 1969-1970 жылдары Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі – К. Ақышев) зерттеген. Есік обасын 1970 жылы археолог Б. Нұрмұханбетов (1935-2016) тауып, ашқан. Есік обасы (б.з.б. 5-4 ғғ.) – сақ дәуірінен сақталған обалар бірнеше топқа бөлінеді. Мұның ішіндегі ең


көрнектісі – Үлкен Есік қорымы. Қорым құрамында солтүстіктен оңтүстікке созыла, ауданы 3 км² жерді алып жатқан 45 топырақ оба бар. Арасынан алты үлкен оба қазылды, бұлардың үшеуінен заттай дерек кездеспеген. Төртіншісінен үлкен төрбұрышты қабір ішіне басын батысқа қарата, бірге жерленген екі адамның мүрдесі, темір түйреуіш, көптеген алтын жапсырмалар табылды. Ал алтыншы оба – әлемдік маңызы бар «Алтын адамның» табылуы себепті ғылым мен мәдениетке «Есік обасы» деген атпен енді. 6 м обаның астындағы шырша бөренелерінен жасалған ағаш қабірге қойылған Ханзада мың алтын әшекей тағылған киімімен, қару-жарақ, ыдыс-аяғымен жерленген (қ. Алтын адам). Ал күміс тостағанға түсірілген 26 танбалы жазу қазір «Есік жазба ескерткіштері» деген атпен белгілі және мұның әліпбилік жазу екендігі күмән тудырмайды. Бұдан басқа бір обаны қазу барысында тоналып, бүлінген қабір ішінен кішірек жұқа алтын жапсырмалар, күміс сырға, қыш ыдыстар және қоладан құйылған ғұрыптық ыдыс табылды. Сирек кездесетін мұндай ыдыс Жетісуда алғаш рет кездесті, ол конус пішіндес аласа тұғыр мен жайпақ тостағаннан тұрады. Ғұрыптық жоралғыларды өткізу кезінде сақтар осындай ыдысқа хош иіс шығаратын заттарды жағып, түтіндетіп қоятын болған. Есік обасы сақ кезеңінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін, дүние-танымы мен ғұрыптық шараларын көрсететін қасиетті де қастерлі ерекше ескерткіштер қатарына жатады. Зерттеушілердің пікірінше, көне Есік//Ысық//Ыссық сөзінің өзі «киелі», «қасиетті» дегенді білдіреді. [2]



Сурет 2-Есік сақ қорғаны

Райымбек батыр кесенесі. Райымбек батыр кесенесі – «Қасиетті Қазақстан» картасына енді. Бұл XVIII ғасырдағы ұлы қазақ батырының кесенесі. Райымбек батыр 1705 жылы дүниеге келген. 17 жасында жоңғарларға қарсы күресте аса ерлік көрсетіп батыр атанған. Райымбек батырдың қабірі қазақтар үшін тәу ету орны саналады. 1994 жылы үлкен кесене тұрғызылып, алдына Ақ Бураның мүсіні қойылды. 2005 жылы батырдың 300 жылдығына орай ескерткіш маңына символикалық құран орнатылды. Кесененің ішінде батырдың мүрдесі сақталған. 1981 жылы мәрмәр тастан ескерткіш орнатылды. Маңында қайнар көз және дұға оқитын бөлме бар. 1918-1920 жылдары Азамат соғысы кезінде кесене қиратылды. Алайда ел аузында аңыздар жеткілікті. Мәселен, XX ғасырдың 60-шы жылдары билік мұсылман зиратын бұзуды жоспарлаған. Алайда сол кезеңде техника істен шығып қала берген. Жұмысшылардың айтуынша, кесенені бұзуға тосын құбылыс кедергі келтірген.

Қазақтың даңқты батыры Райымбек алыс болашақта тоғыз жолдың торабында, ұрпақтарының бақытты ғұмырына куә болып жататындығын біліп, болжап кеткен екен. Өмірінің соңында, өзінің көрер жарығының таусылғанын сезген батыр: «Денемді түйеге артып жіберіндер де, жануардың күші таусылып, шөккен жеріне мені жерлеңдер», - деп бұйрық береді. Міне осылайша, екі ғасыр бұрын өмір сүрген ұлт батырының мүрдесі бүгінде Алматының қақ ортасында, қаладағы халық ең тығыз орналасқан көшенің бойында жатыр. [3]



Сурет 3- Райымбек батыр кесенесі

Алматыдан шығысқа қарай 70 километр, Алматы – Бішкек жолынан солтүстік батысқа қарай 20 километр жерде Тамғалы ғибадатханасы орналасқан, ол ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енген. Тау циркінде орналасқан петроглифтердің бірегей шоғыры салттық билердің бейнелерін, «күн басы» адамдарының пішіндерін, арбаларды, жануарларды, түркі салт аттыларын камтиды. Олар қола заманынан орта ғасырға дейін жатқызылады. Ғибадатхана қасында Шу-Іле тау шатқалдарында Көлжабасы, Қарайғыр петроглифтерінің қызықты шоғырлары жатыр. Ескерткіш базасында туристермен жұмысқа белсенді түрде қосылған мұражай – қорық ұйымдастырылған.

Тарих халықтың жады болып табылады. Біздің рухымызды көтеріп, болашаққа жол сілтейтін бағыт саналады. Еліміздің киелі аймақтарының тарихын зерттеу қасиетті жерлердің қандай екенін, киелі мекендерге деген қатынасымызды, еліміздің кешегісі мен бүгінгісіне көз жіберуімізге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихымызды білудің тәрбиелік маңызы да өте зор, яғни патриоттық сезім туғызады. Еліміздің көп аумағын алып жатқан киелі де қасиетті мекендердің тарихы насихаттау маңыздылығына ие. Сондықтан тарих қойнауында бірнеше ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күні біздің қолымызда асыл мұра ретінде сақталып отырған киелі жерлерімізді қастерлеу біздің борышымыз. Қазақстан аумағының көп бөлігін құрайтын киелі және қасиетті нысандарды дамыту өте күрделі процестердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда қасиетті нысандарды туризм саласымен ұштастыру еліміз үшін маңызды бағыттардың бірі саналады. Киелі нысандарды дамыту жолында олардың дамытушылық факторлары мен мәселелерін анықтау маңызды болып табылады. «Киелі» ұғымын көшпенділер құндылықтары тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оның бүгінгі заман талабына сай тұжырымдамасын жасау арқылы атқарылатын істің маңыздылығына, мазмұндылығына жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпараттық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, АСТАНА. ҚазАқпарат - ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі Айжан Серікжанқызы. https://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-100-nysany-zhariyalandy_a3055512

2.Гүлмира Ғосманәли мақаласы/https://www.inform.kz/kz/boralday-sak-korgandary-arheologiyalyk-kesheni-kopshilikke-tanystyryldy_a3160622

3.Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы). – Алматы: «Жермет медиа», 2017, 106-108 бб; 62-64

ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

К.Н.Жайлыбай

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Қоршаған ортаның кейінгі кезеңдердегі ең күшті өзгерістерінің бірі – биосфераның әлемдік жылынуы, яғни, атмосфераның, гидросфераның, литосфераның (топырақтың), біртіндеп, бірақ үздіксіз жылынуы. Бұл ғылымда және қоғамдық пікірде дәлелденген факт. Мысалы, 2019 ж. Қызылорда, Түркстан облыстарында маусым, шілде айларында 47-50⁰, Тараз, Алматыда – 38-45⁰С ыстық жиі болды, мұндай ыстық бұрын болмайтын (әсіресе Алматы қаласында). БҰҰ-мы мамандарының мәліметі және біздің пікіріміз бойынша, климаттың әлемдік жылынуының негізгі себептері:

Біріншіден – бұл адамзаттың тіршілік әрекеті нәтижесі. Адам баласы өндірісті, техниканы, транспортты зор қарқынмен дамытты, ауыл шаруашылығы интенсификацияланды. Нәтижесінде атмосфераға "жылыжай эффекті" беретін көмірқышқыл газы (СО₂), улы газ (СО), метан, күкірт пен азот оксидтері және басқада зиянды газдар заводтар мен жылу электростанциялары құбырларынан, автокөліктерден орасан көп мөлшерде шығарылуда. Мысалы, 1960-1990 жылдары ішінде ауаға шығарылған СО₂, СО және басқа газдар мөлшері 13%-ға артқан, 1991-2018 жылдары бұл процесс 3-4 есе күшейген. ХХІ ғасырдың кейінгі жылдарында дүниежүзі бойынша күніне 4,5 млрд. тонна жанармай жағылады екен. Бұл биосфераның әлемдік жылынуын күшейте түсуде және ауа ластануда. Ал, ластанған ауа планетамызда жылына 7 млн. адамның өліміне себепкер болуда, ал жануарлар мен жәндіктерге, өсімдіктерге тигізетін зиянды әсері жөнінде мәліметтер аз немесе жоқ. Қыс айларында (2015-2019 жж.) үлкен мегаполис қалаларда, мысалы Римде, Миланда, Лондонда, Нью-Йоркте улы тұман (смог) байқалды, ал Қытайда (Бейжің қаласында және басқа аймақтарда) 2015-2019 жылдары, әсіресе қыс айларында ауаның ластануы қалыпты деңгейден 20 есе жоғары болды, улы тұманның (смог) ұзақ уақыт сақталуына байланысты ауаның ластануының "сары, қызғылт, қызыл деңгейі" жарияланды. Қазіргі кезеңде планетамыздағы адамдардың 90%-ы ластанған ауамен тыныс алады. Осындай жағдайларға қарамастан ауаның ластануын азайту жөніндегі Париж конвенциясына АҚШ, Қытай қатыспайтынын мәлімдеді, яғни олар мұнай, тас көмір өнімдерін жағуды азайтпайды.

Екіншіден – қазіргі кезеңде Күннің активтілігі күшейіп, Жер ғаламшарын қыздырып, жылынуын күшейтуде. Егер аспанда бұлт жоқ болса, ауа тез қызып, аптап ыстық болады, бұл күннің активтілігінің күшеюінен.

Үшіншіден – табаны ашылған Үлкен Арал теңізінен және маңайындағы шөлді құмдардан жаз айларында көтерілетін аптап ыстық (47-55⁰С) Түркстан жазығына және Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс аймақтарына күшті әсері бар. Мұндай жағдайдың әсерін барынша азайту үшін Қызылорда облысында күріш егісі көлемін 70-75 мың гектардан азаймағаны дұрыс. Табаны ашылған Үлкен Арал теңізінен және маңайындағы құмдардан келетін аптап (47-55⁰С) ыстық ауаны күріш плантацияларынан көтерілген су булары ылғалдандырып салқындатады, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл, Алматы облыс-тарына өткізбеуге кедергі, барьерлік әсері бар. Сонымен бірге, топырағы тұзданған Арал өңірі жағдайында, басқада шөл, шөлейтті аймақтарда сол жерлер жағдайына бейімделген ағашты өсімдіктер – жиде, тал, қарағаш, торанғыл, терек т.б. ағаштарын көптеп өсірген жөн. Аталған ағаштардың транспирациясы арқылы буланған ылғалдың (судың) ауаны салқындатуға әсері бар.

Төртіншіден – Ресей ғалымдарының пікірі бойынша, қазіргі кезеңдегі климаттың глобальды (әлемдік) жылынуы табиғи процесс деп есептейді. Жер ғаламшарының солтүстік бөлігінде климаттың ылғалды-салқын фазасы 1978-1979 жылдары басталып, 2010-2012 жылдары аяқталды. Енді 2013-2015 жылдардан бастап климаттың жылы-құрғақ кезеңі басталып, ұзақ жылдарға созылады. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігінде (Түркстан жазығы) және оңтүстік шығысында 2013-2015 жылдары жазы өте ыстық, күз жылы, құрғақ болып, жауын-шашын қарашаның ортасына дейін аз мөлшерде жауды. 2015-2019 жылдары маусым, шілде, тамыз айының көпшілік күндерінде бүкіл биосферада және Қазақстанда кейінгі 135 жыл ішінде болмаған аптап ыстық (45-55⁰С) болды. Иранның оңтүстігінде және Иракта ыстық рекордты деңгейге (56⁰) жетті. Биосферадағы осындай аптап ыстық әсерінен орман өрті көбеюде. Мысалы, 2019 ж. Австралиядағы алапат орман өрті 8,4 млн. гектар жерді шарпыған, 1,25 млрд-тан астам жануарлар мен жәндіктер қырылған, қаза тапқан адамдар саны 25-ке жеткен. Өрт түтіні Жаңа Зеландияға, тіпті, Бразилияға дейін жеткен, өрт

салдарынан туындаған шығын 2 млрд. доллардан асты. Өртті сөндіруге және жөндеу шараларына көптеген мемлекеттер қатысуда, ал өртенген ормандарды қалпына келтіру үшін 100 жылдағ астам уақыт керек. Мұндай жағдайларды Қазақстанда болдырмау керек! Ең қатал, жауын шашыны аз, жазы аптап ыстық, қуаңшылық жағдайдың максималды әсерлі кезеңі 2026-2030 жылдары байқалады және 2036-2046 жылдарға дейін созылады деген болжам бар. Ұлыбританияның Лидс университетінің ғалымдарының болжамына қарағанда, 2050 жылдары құғақшылық шарықтау шегіне жетеді. Аталған қуаңшылық жағдайлардың әсері Қазақстанда, әсіресе аридті (шөл және шөлейтті) аймақтарында өте күшті болады деп күтілуде. Климаттың қуаңшылыққа ұшырауы тұщы су тапшылығын туындатып, жазда өте күшті аптап ыстық болуы, шөлейттену процесінің күшеюі мүмкін, нәтижесінде ормандар өрті (табиғи және антропогендік әсерден) көбейеді. Мұның бәрі әлеуметтік қиындықтар туындатып, жануарлар, адамдар шығыны және өте көп мөлшерде экономикалық (миллиардтаған доллар) шығындар болуы мүмкін.

Қазақстанда осындай аптап ыстық әсерін азайтып, қуаңшылық жағдайды болдырмауға, орасан көп экономикалық шығындарды *азайтуға болама?* деген мәселе туындайды. Ғалымдардың болжамы бойынша, аталған негативті, қолайсыз жағдайларды *болдырмауға болады!!!*

Биосферадағы және Қазақстандағы ауа бассейнін жақсартып тазалау және Еліміздің экологиясын жақсарту үшін адам баласының әліде **40-45 жыл уақыты бар**. Мұндай зиянды құбылыстарды болдырмаудың, өте қатал, жазы аптап ыстық, континентальды климат жағдайын жақсартудың, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, адамдардың өмір сүруіне қолайлы ел болудың бірнеше *экологиялық жолы* бар: 1) Атмосферадағы CO₂ : O₂ арақатнасын дұрыс сақтап, экологиялық дағдарысты жағдайлардың алдын алу үшін қазба байлық отындарын (мұнай өнімдері, тас көмір т.б.) жағу мөлшерін азайтып, альтернативті энергияны (күн энергиясы, жел энергиясы, гидроэлектр станциялары энергиясы, атом электр станциясы энергиясын) көбірек пайдалану керек. Қазақстан «Экспо-2017» көрмесін жоғары деңгейде ұйымдастырды, 2025 жылға қарай күн энергиясы, жел энергиясы, т.б. баламалы энергияларды пайдалану 20%-ға, 2050 жылы – 50%-ға арттыру көзделіп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Әбу-Даби қаласында (Біріккен Араб Әмірліктері) өткен мерейтойлық Х Дүниежүзілік «Болашақтың энергиясы» саммитіне қатысып, сөйлеген сөзінде «Соңғы 40 жылда электр энергиясын өндіру көлемі 250%-ға артты. Энергияны пайдалану өсімінің салдарынан жаһандық жылыну белең алды. Сондықтан жаңартылған энергияны дамытуға көптеген елдер күш салуға мәжбүр болуда». Өз сөзінде Елбасы энергетикалық трендтердің көлік саласына да ықпал етіп отырғанын айтты. Осыған сәйкес, 2016-2020 жылдардан бастап Қазақстанда электромобиль, электроавтобустарды шығару жоспарлануда. «Экспо-2017» көрмесінде көрсетілген энергетика саласындағы барлық жаңа идеялар, зерттеулер мен технологиялар Қазақстанда өндіріске енгізілетін болады.

2) Қуаңшылық жағдайдың алдын алып, болдырмау үшін, немесе оның қолайсыз, зиянды әсерін азайту үшін Қазақстан аумағында күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін емен, арша, акация, бозарша (туя), үйеңкі, каштан, т.б. ағаштарын көптеп өсіру керек. Сонымен бірге, топырағы тұзданған Арал өңірі жағдайында, басқада шөл, шөлейтті аймақтарда сол жерлер жағдайына бейімделген ағашты өсімдіктер – жиде, тал, қарағаш, торанғыл, терек ағаштарын өсірген жөн. Бұл мақсатта ауылдық жерлер мектептеріндегі оқушыларды қызықтырып, жұмылдыру керек, ауылдағы жас мамандар мен жұмысшылардың қатысқаны жөн, ал *таза ауа, қолайлы экологиялық жағдай тікелей соларға керек, өйткені алдағы 40-45 жылда солар (жастар) өмір сүреді.*

Әрбір оқушы, жас мамандар мен жұмысшылар ең кемі 5 немесе 10 ағаштан өсіруі тиіс, сонда жылына 12,5 млн. түп және оданда көп ағашты өсімдіктер өсіріледі екен. Бұл процесс 45-50 жыл бойы жалғасын тапса, Елімізде орасан көп мөлшерде ағаштар өсіріледі. Біздің бабаларымыз “Егер алдағы бір жылды ойласандар астық өсіріндер, егер алдағы 100 жылды ойласандар ағаш өсіріндер” деп өсиет қалдырған.

Қоғамдық экологиялық сананың қазіргі түрі тіршілік етуші адамдар мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатнастар мәнін және өсімдіктер мен жануарлар ресурстарын пайдаланудағы адамдардың мінез құлқын көрсетеді. Экологиялық сананың екі түрі бар: *антропоцентризм және экоцентризм.* *Антропоцентризм* – адамдар биосферадағы ерекше құбылыс, ең жоғарғы деңгейі, табиғат тек адамдар үшін, сондықтан одан алу керек деген түсінік *тұтынынушылық мінез-құлықты* күшейте түседі. ХІХ ғасырда және ХХ ғасырдың басында адамдар «Табиғаттан мейірім күтпей-ақ, одан алу біздің міндетіміз» деген принциппен тіршілік етті. Бұл көптеген аймақтарда экологиялық апатты жағдайларды туындатты. Мысал ретінде Арал өңіріндегі экологиялық апатты жағдайды айтуға болады.

Экоцентризм – адамдар және биосфера гармониялық бірлескен деңгейде дамуы керек деген түсінікке негізделген. Адамдар биосфераның туындысы, олар бір-бірімен тікелей және кері байланыста болады.

Қазіргі кезеңде глобалды экологиялық дағдарысты жағдайларды апатқа ұластырмау үшін адамдардың және қоғамдық сананың антропоцентризм типінен *экоцентризм типіне ауысуы керек !!!*

Қазіргі таңда Қазақстан мектептері 12 жылдық оқу жүйесіне ауысу жоспарлануда. Осыған сәйкес, мектептерде 5-6 сыныптардан бастап **«Экология»** пәнін оқу процесіне енгізген жөн деп санаймыз. Қоғамдық сананың экоцентризм типіне ауысуы үшін және жастарды *экологиялық патриотизмге* тәрбиелеу үшін жастарды (оқушыларды) мектеп кезінен бастап биосферадағы және Қазақстандағы экологиялық жағдайларды түсіндіріп, табиғатты қорғау және аялау керектігін түсініп өскені дұрыс. Сонда олардың табиғатқа деген сана-сезімі, көзқарасы түбегейлі өзгереді. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Биология және Экология кафедрасында күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін емен, арша, үйеңкі, акация, бозарша (туя) ағашты өсімдіктерін тұқымынан өсіріп, олардың өскін көшеттерін дайындап, көктемде топыраққа (тұрақты орнына) отырғызып, күтіп-баптап өсірудің ең арзан әдістемесі тұжырымдалды. Осы әдістеме арқылы өте көп мөлшерде арша, емен, үйеңкі, акация, бозарша өскіндерін көптеп өсіріп дайындауға болады және бұл өте арзанға түседі. Осыған сәйкес, төмендегі іс-шараларды жүзеге асырған жөн (ағашты өсімдіктерді өсірудің арзан әдістемесі - *К.Н.Жайлыбайдың "Ағаш өсімдіктерді өсірудің әдістемесі мен жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу"*. Алматы: Қыздар университеті. 2017 – Оқу құралында келтірілген):

1. Аталған ағаштар тұқымдарын жинап, оларды бір мезгілдік стакандарда өсіріп, өскін-көшеттерін алу, өсіріп, күтіп баптау жұмыстарын мектептер мұға-лімдері мен оқушыларға үйрету үшін семинарлар өткізу, мектептерде оқушыларға шеберлік-дәріс өткізу; 2. Ауылдық мектептерде ағашты өсімдіктерді тұқымынан өсіріп, көшеттерін мектеп ауласында және өз үйінің маңында отырғызып, күтіп-баптауды әрбір оқушыға 5 арша, 5 емен, немесе 5 үйеңкі, 5 акация өсіруді жүктеу керек. Сонымен бірге, әрбір оқушы, ауылдық жерлердегі жастар өз үйлері ауласында, маңында ең кемі 5-10 ағаш отырғызып өсірсе дұрыс болар еді. Сосын оқушылар арасында жарыс ұйымдастырған жөн. Жыл сайын және әрбір 3 жылдан кейін жақсы нәтиже көрсеткен оқушыларды "Табиғат жанашыры" сертификатымен немесе мақтау грамоталарымен марапаттау керек.

3. Мектептердегі әрбір сыныптағы бір оқушыға 5 арша, 5 емен немесе 5 акация, 5 үйеңкі өсімдігі есебінен бөліп беріп, сынып аралық жарыстар ұйымдастырған жөн және мұны сынып жетекшілеріне жүктеу керек. 4. Ауылдық мектептер ауласын көгалдандыру мақсатында арша, емен, үйеңкі, бозарша, сирень, талшын ағашты өсімдіктерін өсіру алдында мектеп ауласының картасын жасап, қай жерге қандай ағаш отырғызуды анықтап, дизайнын жасаған дұрыс. Осы дизайн бойынша ағаштар өсірген мектептің 10 жылдан кейін өзіндік (өзгеше) келбеті қалыптасады. Бұл шараларды мектеп директоры мен тәрбие жөніндегі орынбасарына жүктеген дұрыс. 5. Әрбір 3 жылдан кейін аудандарда арнайы комиссия шығарып, ағаштары жақсы өскен, дизайны көркем мектепті анықтап, директорларын марапаттаған жөн және аудандық, облыстық газеттерде олардың тәжірибелерін жариялап, басқа мектептерге ұсыну керек.

6. Әрбір мектеп ұжымы (директоры) сол ауылдың Әкімімен бірлесіп көшелерінде, ауыл айналасына ағаштарды отырғызып өсірген жөн және әрбір 5 жылда үздік мектеп және ауыл әкімдерін аудан әкімі мен білім беру бөлімі атынан марапаттап, олардың тәжірибелерін аудандық және облыстық газеттерде жариялаған жөн.

7. Биыл, 2019-2020 оқу жылында 2,6 млн-нан астам оқушылар мектепте оқиды екен. Осы оқушылардың 45-50%-ның әрқайсысы (5-10 сынып оқушылары) 5-10 ағаштан отырғызып, күтіп-баптап өсірген жағдайда жылына 12,5 млн. ағаштар өсіріледі екен. Яғни, ағаштарды осылай өсіру процесін 45-50 жыл бойы жалғастырса Елімізде орасан көп мөлшерде ағаштар өсіп, жасыл желек қалыптасады. Мұндай жағдайда ауа тазарып, аптап ыстық болмайды, аймақтардағы су режимі тұрақтанады. Сонымен бірге, бұл егіннің (астық дақылдарының) бітік болып өсуіне ықпал етеді, жайылымдарда құнарлы шөптер өсіп, мал шаруашылығына қолайлы жағдай туындайды. Бұл өз кезегінде Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі әсері бар. Өйткені, биылғы, 2019 жылғы аптап ыстық, қуаңшылық әсерінен астық дақыл-дарының өнімі төмендеді, 1,5-2,0 млн. тонна астық кем алынды, жайылымдарда шөп нашар өсті.

8. Біздің ұсынымыз: ауылдық жерлердегі әрбір семьяда (жанұяда) дүниеге келген сәби құметіне өз үйінің маңында, ауылында 10 емен немесе 10 арша өсіріп отырғызу дәстүрі қалыптасса өте дұрыс болар еді. Сосын ол сәби өскен соң бұл дәстүрді жалғастырып, өз балаларының құрметіне ағаштар отырғызар еді.

Жамбыл, Қарасай аудандары мектептерінде 2012-2015 жылдары ағаштар отырғызу жөнінде тәжірибе учаскелерін жасап, ағаштар отырғыздық. Бірақ, мектептер ауласында ағаштар көшеттерін отырғызылғаннан кейін, оларды күтіп-баптаудың негізгі жолы **суару керек**. Ал, маусым, шілде,

тамыз айларында мектептегі мұғалімдер, оқушылар, басқада қызметкерлер демалысқа (отпускеге) кетеді де, ағаштарды суаратын қызметкерлер болмай, отырғызылған ағаш көшеттері суарылмай қалды, сосын көшеттердің бәрі (көпшілігі) суарылмағандықтан өліп қалды. Яғни, жасалынған еңбек нәтижесіз болды.

Осыған сәйкес, әрбір мектептерде 5-10 сыныптарға **экология пәнін** енгізіп, сонымен бірге **эколог-садовод** деген штат бөліп, оған 2-3 жұмысшы берілсе, отырғызылған ағаш көшеттері жаз бойы суарылса, олар солып өлмейді, жақсы өсіп дамиды. Мұны жүзеге асыру үшін Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Үкіметінен қаржы бөлінуін сұрап алса жөн болар еді.

Бұл қосымша артық шығын сияқты көрінеді. Бірақ, алда келе жатқан өте қауіпті қуаңшылық жағдайдың алдын алып, қолайсыз аптап ыстық әсерін азайтып, тіпті бодырмаудың ең арзан жолы осы. Егер алдағы 45-50 жыл ішінде ағаштарды көптеп өсіре алмасақ, Еліміздің оңтүстігінде және оңтүстік шығысында өте күшті қуаңшылық жағдай қалыптасып, жазда 45-50 градустық аптап ыстық жағдайда өмір сүруіміз мүмкін (2019 жылы Қазақстанның оңтүстік аймақтарының көпшілік бөлігінде маусым, шілде айларында 42-50 градустық аптап ыстық болды). Осындай жағдайда астық тұқымдас дақылдары нашар өсіп, өнім төмендейді, экономикалық шығындар көп болады. Осыған сәйкес, Еліміздегі жастар (оқушылар, студенттер, жас мамандар мен жұмысшылар) қарап қалмауы керек, өйткені алдағы 45-50 жылда солар өмір сүреді, қолайлы экологиялық жағдай соларға керек, яғни алдын ала сақтанғандарды Алла (Көк Тәңірім) сақтайды.

ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫНЫҢ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Р.Е. Жандилдина, З.Т. Ғалымжанова, Б.С.Жүсіпова

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық қ.

Игровая терапия относится к типу арттерапии. Проведение этой терапии использует специальные игры для преодоления социальных и психологических проблем взрослых и детей, личностного и эмоционального развития. Если ребенок активно относится к игре и общению с существующим желанием, лечение будет эффективным. Игра подготовит ребенка к сохранению психологического климата, определению его отношений с общественностью, к взрослой жизни. Игра помогает детям овладеть определенными навыками, а также повысить общение, стремление к жизни, улучшить эмоциональное и физиологическое состояние. Игра используется как один из способов лечения, чтобы выйти из психологического стресса. Ребенок должен самостоятельно участвовать в игре и видеть радость от игры. Оцените, как дети чувствуют себя эмоционально в ходе игры.

Ключевые слова: игровая терапия, арттерапия, детские, социальные, психологические проблемы, индивидуальные, эмоциональные, развивающие, игры, активные, инициативные, психологический климат, общество, отношения.

Game therapy is a type of art therapy. This therapy uses special games to overcome social and psychological problems of adults and children, personal and emotional development. If the child is active in the game and communicates with the existing desire, the treatment will be effective. The game will prepare the child to preserve the psychological climate, determine its relations with the public, and to adulthood. The game helps children master certain skills, as well as increase communication, desire for life, and improve their emotional and physiological state. The game is used as one of the ways of treatment to get out of psychological stress. The child should participate in the game independently and see the joy of the game. Evaluate how children feel emotionally in the course of the game.

Keywords: game therapy, art therapy, children's, social, psychological problems, individual, emotional, developmental, games, active, initiative, psychological

Білім беру жүйесінің барлық буынының гуманистік және демократиялық негізде құрылуын көздейтін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын қазіргі заманға жағдайда іс-жүзіне асыруда, зерде дамуы бұзылған балаларды мектепке оқуға дайындықтың уақытылы, ойланған жүйесін құрудың маңыздылығы айқындалды.

Жоғарыда көрсетілген мәселе қазіргі заманғы психология мен педагогикада табысты зерттелуде (Л.С.Выготский, Л.А.Венгер, В.В.Давыдов, А.В.Запорожец, Л.В.Занков, А.Р.Лурия, А.Н.Леонтьев, М.Н.Скаткин, Д.Б.Эльконин және т.б.) соның негізінде ол тұлғалық-бағдарлы және дамыта оқыту концепциясы аясында шешілуі мүмкін.

Л.С. Выготский мен оның мектебінің жұмысы бойынша даму концепциясы дамудың екі деңгейде бағдарлануы керек: I деңгей – өзекті даму (дамудың бар деңгейі – бала өз бетімен қол жеткізеді) және II деңгей – жақын даму аймағы (бала бірге жасалатын жұмыс барнысында қол жеткізеді, яғни баланың ереңгі күні). Л.С.Выготский негіздеген жақын даму аймағының феномені баланың дамуының сентизитивті кезеңдерін есепке ала отырып, жас шамасының психологиялық жаңа пайда болуларына бағдарлай отырып, оқудың өзімен дамуды ілестіретін, алға тарта білім беруді білдіреді. Даму ойындарында баланы бастауыш мектепте оқуға дайындауға көмектесетін, оқу мен тәрбиелеудің дамумен байланысын білдіреді [1].

Ойын терапиясы – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін шетел мектептерінде (А.Фрейд, К.Роджерс, Р.Нельсон, К.Мустакас, Г.Лэндрет және т.б.) белсенді түрде әзірленіп жатқан ойынмен емдеу, бұл бастауыш мектеп жағдайында да тиімді қолданылуы мүмкін. Ойын терапиясы балалардың көптеген қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, ұсынылатын білімді меңгеруге қажетті дайындыққа көмектеседі. Бала қарым-қатынастың вербальді құралдарын толық меңгермейінше, ойын және ойын материалы ересек адаммен эмоциялық қатынасты орнатуға, оқу дағдыларын дамытуға қажетті тәжірибені алуға көмектеседі.

Ойын терапиясы жағдайында балалардың жеке-дара сапаларының байқалуын, интеллектуальды қабілетін пайдалануын, өз бетімен іс-әрекет жасауын белсендіретін және шығармашылық-ізденіс белсенділігін жоғарылатуға бағытталған мазмұнды қызмет түрі дамиды. Яғни, мектепке дайындық үдерісінде негізгі білімді меңгеруге арналған жағымды жағдай туындайды.

Ойын терапиясы *бағдарламасының мақсаты* – мектепке дайындық үдерісінде танымдық және эмоциялық-ерік қызметі бұзылған балаларды дер кезінде психологиялық диагностикалау және психологиялық түзету.

Мектептің дайындық сыныбының балаларын оқытудағы ойын терапиясы *бағдарламасының міндеттері*:

- Танымдық және эмоциялық-ерік аясы бұзылған балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін зерттеу.

- Балалардың даму деңгейі бойынша дамыту ойындары мен ойыншықтары арқылы дәйектілікпен түзете-дамыта оқыту.

- Балаларда жеке тұлғалық «Менді» айқындауға және оқуға деген жағымды әсер тудыруға арналған жағымды эмоциялық әсер ететін ойын тәжірибесін қалыптастыру.

Бағдарламаға Х.Т.Шерязданова мен Г.М.Касымованың дамыту ойындарын жіктеу және А.Т.Баймұратованың Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығында қызмет жасайтын лекотека үлгісі негіз болды. Ойын терапиясы бағдарламасын құрғанда ТП ҰҒПО мамандарының зерде дамуы бұзылған балалармен дамыту ойыншықтарын пайдаланған тәжірибесі де есепке алынды.

Ойын терапиясы бағдарламасының бөлімдерін анықтау кезінде біз танымдық мазмұнды және тәрбиелік мәні бар дамыту ойындары мен ойыншықтарды ерекшелік отырып, баланың психологиялық қызметін дамыту қағидасын басшылыққа алдық. Дамыту ойындарын жіктеу жеке алынған ойында білім беру-тәрбиелік міндеттерді нақтылауға мүмкіндік береді. Дамыту ойыншықтарын заттық-дамыту ортасы жағдайында қолдану әсердің тиімді болуына көмектеседі.

Ойын терапиясы бағдарламасы төрт бөлімді қамтиды.

I бөлім–Қарым-қатынас дағдыларын және адамгершілік-ерік қасиеттерін дамытатын ойындар. Бұл бөлім балаға ересек адамдармен, құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге, эмоциялық қатынас орнатуға, мектепке дайындық жағдайында қоршаған ортамен өзара әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

II бөлім–Ұсақ моториканы, қолдың көру-қимыл үйлесімділігін және зейінді дамытатын ойындар. Балаларды мектепте оқуға (жазуға) дайындауға, оқу үдерісінің маңызды шарты болып табылатын ойын тапсырмаларын орындауға бағытталады.

III бөлім – Сенсорика мен есте сақтау қабілетін дамытатын ойындар. Бастауыш мектептің болашақ оқушысының ой-өрісінің дамуы үшін маңызды болатын, ойын барысында ізденіс тәсілімен заттарды тексеру дағдыларын біртіндеп меңгере отырып, балаға қоршаған әлемнің басты қасиеттерін меңгеруге көмектеседі.

IV бөлім – Ойлау қабілеті мен елестету элементтерін дамытатын ойындар.

Бағдарлама зерде дамуы бұзылған балалардың психологиялық дамуының ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылған. Оның негізінде «Мектепке дейінгі жастағы ақыл-ой дамуы бұзылған балаларға білім беру және тәрбиелеу бағдарламасымен» сабақтастықты қамтамасыз ететін, білім, икемділік пен дағдыларды меңгеру бойынша талаптар жатыр [2].

Сонымен бірге, осы бағдарлама белгілі бір жағдайда есту қызметі, сөйлеу тілі, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған, тәртібінде ауытқушылықтары бар және т.б. балалар үшін де табысты қолданылуы мүмкін. Бұл «Ойын терапиясы бойынша оқу бағдарламасының әдістемелік нұсқауларында» тұжырымдалған ойын терапиясының жалпыға ортақ қағидаларына байланысты болады. Бұл баланың танымдық қызметін түзету жұмысын берілген санаттағы балалардың жеке-жас шамасы бойынша ерекшеліктерін есепке ала отырып, мақсатты бағыттауға және дифференциалдауға, сонымен бірге баламен диагностикалық-түзету жұмыстың болашағын бақылауға мүмкіндік береді. Күтілген нәтиже проблемалы балаларды оңалту жұмысында педагогтардың, психологтардың және ата-аналардың өзара әреке жасауға және танымдық оқу қызметін түзетуге баламалы тәсілдерді іздестіруге мүмкіндік береді.

Күтілетін тәсілдерді тұжырымдау берілген типтегі білім беру мекемелерінің талаптарын есепке ала отырып, түзету бағдарламаларында қойылатын мақсаттар мен міндеттерге тәуелді болады. Ойын терапиясының бағдарламасын құруда біз З.М.Богуславская, Е.О.Смирнова, А.А.Катаева, Е.А.Стребелева, Н.В.Клюева, Ю.В.Касаткина, Л.М.Шипицына, А.Ф.Ануфриева, С.Н.Костромина, С.А.Ұзақбаева, А.К.Айтпаева және т.б. әдістемелерінде сипатталған жалпыға белгілі ойындарды пайдаланылды. Ұсынылған ойындар ойын атрибуттарына, сонымен бірге дайындық сынып оқушыларының санына қарай басқаларымен де толықтырылуы мүмкін.

Қарым-қатынас дағдыларын және адамгершілік-ерік қасиеттерін дамытатын ойындар.

1-тақырып. Менің ақылды көмекшілерім (көз, құлақ, мұрын, ауыз, қол).

Білім, икемділіктер, дағдылар: Сезім мүшелерінің қоршаған ортаны тануда, қоғамның дамуында атқаратын рөлін түсіну.

Сөздік: көз, құлақ, мұрын, ауыз, қол – сезім мүшелері.

Ауызекі сөйлеу тілін дамыту: Сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыру.

Дидактикалық ойындар: «Тамаша дорба», «Бұзылған телефон», «Жануарды таны».

Ойын материалы: жемістердің нақпіншіндерінің жиынтығы (алма, алмұрт, банан, жүзім және т.б.) салынған «Тамаша дорба»; доптар және жануарлар дыбысын, көлік шуын, үй-тұрмыс заттарының дыбысын (ұйқыашар, телефон және құстар, жануарлар дауысы, жел шуы, жапырақтар жазылған магнитофон) шығаратын т.б. ойын заттары.

2- тақырып. Бім және қимыл тілі.

Шығармашылық ойындар: «Айна», «Ертегіні бейнеле» қойылымы (бір топ бейнелейді, екінші топ түсінік береді немесе дыбыстандырады), әдет-ғұрып ойындары: «Амандасу – қоштасу» (сөзсіз).

Білім, икемділіктер, дағдылар: Бім, қимылдың қатынастағы рөлімен танысу және олар арқылы ақпаратты жеткізе білу.

Сөздік: Ишарат қимылы – мимика, пантомимика.

Сөйлеу тілін дамыту: сөздерді дұрыс пайдалану, сөйлемдерді құрастыру.

Ойын материалы: әр түрлі ишараттар мен қимылдарды көрсетіп тұрған адамдар бейнеленген карточкалар.

Балалармен жұмыс істеудегі ойын терапиясы. Ойын терапиясы—ойынды қолдана отырып балаларға немесе ересектерге психотерапевттік ықпал ету әдісі. Төменде балалармен жұмыс істегенде қалай қолданылатынын туралы айтылады, бірақ алдымен жалпылама ақпарат бере кетейік. Бұл әдістеменің мәні адамның тұлғалық және психоэмоционалдық тұрғыда дамуына кедергі келтіретін әлеуметтік және психологиялық қиындықтарды еңсеруге жәрдемдесуі үшін ойынның терапевттік әсерін қолдану болып табылады.

Ойын жағдайлары мыналарға мүмкіндік береді:

- жанжалды жағдайларды бітістіру тәсілдерін көрсетуге;
- адам мінезінің жайсыз қырларын өзгертуге;
- фобияларды сейілтуге.

Ойын топ мүшелері арасында жақын қарым-қатынастың құрылуына сеп болады, шиеленісті, абыржушылықты, жан-жағындағылардан үрейленуді болдырмайды, өзін бағалау деңгейін жоғарылатады, әлеуметтік тұрғыда маңызды салдардың алдын алып, қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдайларда өзіне сенуге мүмкіндік береді [3].

Ойын терапиясының идеясы клиентке өзін жайлы сезінуге мүмкіндік беруде жатыр. Терапияның дәстүрлі сеансына қарағанда, көмек арқылы адам өзін көбірек танытуға бейім келеді.

Ойын терапиясында көптеген жаттығулар бар.

Олар мынандай түрлерге бөлінеді:

- бейдирективті терапия;
- директивті терапия;
- қуыршақтармен және басқа ойыншықтармен ойнау;
- эмоционалдық реңі бар ойындар;
- эмоционалдық реңі бар суреттер;
- эмоционалдық тұрғыда жеткізу үшін салынатын сурет (кескіндеме);
- метафоралар мен тарихтар;
- рөлдік ойындар;
- шығармашылық ойындары;
- елестету мен қиялдау ойындары.

Енді олардың біразын қарастырып шығайық.

Ойыншықтар. Доппен ойнау: топтық терапия сеансы кезінде терапевт балалардан кезектесіп допты лақтыруды өтінеді. Допты қағып алғандардың әрқайсысы өзін бақытты ететін нәрсе туралы айтып беруі тиіс.

Барқыттан тігілген ойыншықпен ойнау: терапевт сеанс кезінде баланы тыныштандыру үшін оған барқыт ойыншықты береді.

Қуыршақтармен ойнау: терапевт балаға әсер ететін позитивтік, тәрбиелік әрекеттерді модельдеу үшін балалар қуыршағын пайдалануы мүмкін немесе баланың түйсіктері (инстинкт) қандай екенін көру үшін оған қуыршақпен ойнауға рұқсат етеді.

Ойыншық телефон: терапевт балаға бір ойыншық телефонды береді де, біреуін өзі алады. Сосын терапияға байланысты сұрақтарын қоя бастайды. Балаға әңгімелесудің жанама әдісі арқылы ашылып сөйлеу оңайырақ болары анық. Оған бұлай сөйлесу қолайсыз болса, оның «телефон тұтқасын қоя салуына мүмкіндігі бар».

Сиқырлы таяқша: терапевт балаға сиқырлы таяқшаны береді де, үш тілегін айтуын өтінеді. Әдетте, тілектерінің біреуі ол баланы қынжылтып жүрген нақты проблемамен байланысты болып шығады.

Кубиктер: терапевт кубиктерден қабырға қалап шығады да, баладан қабырғаға допты лақтыруын өтінеді. Бұның балаға көңіліндегі кернеу мен ашуын басуға көмегі тиеді.

Метафоралар мен сторителлинг. Метафоралар: терапевт баланың алдына он шақты ойыншықты қояды да, оның отбасы мүшелеріне ұқсайтындарын таңдап алуды өтінеді. Бұның, еш сөзсіз-ақ, баланың отбасы мүшелері туралы ойы қандай екенін және нені сезінетінін біліп алуға септігі тиеді.

Тасбақа техникасы: терапевт балаға тасбақа ойыншықты береді де, ол тасбақаның әлденеден көңілі түсіп, ренжіген кезде ол өзінің сауытына тығылып алып, көзін жұмып тұрып үш рет терең тыныстайтынын айтып түсіндіреді. Терапевт баладан осы әрекетті қайталауды өтінеді. Бұл балаға ашуды ақылға жеңдірудің қарапайым, бірақ пәрменді әдісін қолдануды үйретеді.

Эмоционалдық термометр: бала 0-ден (жымылып тұрған түр) бастап 10-ға (түнеріп тұрған түр) дейінгі диапазонды көрсететін эмоционалдық термометрді алады. Терапевт баладан өткен өміріндегі кейбір оқиғаларды айтып шығып, оның қандай эмоцияның жетегінде болғанын көрсетіп беруді өтінеді. Сұрақтар мынандай болуы мүмкін: «Қандай оқиғалар саған өзінді мына күліп тұрған адам жүзі сияқты сезіндіреді? Қабағы салыңқы жүз ше? Орташа болса ше?».

Сторителлинг: терапевт баладан «Баяғыда күндердің бір күні...» деп басталатын өз өмірінің хикаясын айтып беруді өтінеді. Бұл хикая баланың кейбір үрейлері мен үміт-дәмесі барын білдіруі мүмкін.

Экстернализация: баланың проблемаларының бірін білдіретін кейіпкерді сомдау үшін бала мен терапевт бірге еңбектенеді. Мысалы, айдаһар үрейді білдіруі мүмкін. Содан соң терапевт баланың үрейі туралы төтесінен тартпай, оны айдаһарға тели отырып, проблемасы жайында сұрақтарын қояды.

Кітап терапиясы: егер проблема түсінікті болса, терапевт сол проблеманы білдіретін кітапты немесе хикаяны табады да, оның шешімін көрсетеді. Балаға осы хикаяны оқып беріп жатып, терапевт анда-санда: «Сенің басыңнан осындай нәрсе өтіп пе еді?» деп сұрап отыруына болады.

Рөлдік ойын: бала мен терапевт проблемалы болып табылатын жағдайды ойнап шығады. Бұл, мысалы, мектептегі алғашқы күн болуы мүмкін. Бұдан кейін бала алаңдайтындай ештеңе жоқ екенін түсінеді.

Костюм киіп ойнайтын ойын: бала патшаның немесе патшайымның рөлін сомдайды. Содан кейін терапевт баладан өзінің билігі арқылы не жасайтынын айтып беруді өтінеді. Бұл оның жасырын тілек-қалауын білдіреді [4].

Беттұмша тағып ойнау: терапевт баладан журналдардан екі коллаж (беттұмша) жасауды өтінеді. Коллаждар мынандай болуы керек:

- бірінші беттұмша («сыртқы») — бұл баланың жаһанды қандай етіп көретіні;
- екінші беттұмша («ішкі») — бұл бала өзін қандай етіп көретіні.

Супербатыр: терапевт баладан оның өзінде болғанын қалайтын суперқабылеттері бар супербатырдың суретін салуды өтінеді. Бұндағы мақсат баланың жақсы жақтары да пайдалы екенін түсіндіру.

Шығармашылық ойындары. Өз өміріңді бояп шық: терапевт пен бала, қандай түстер қандай сезімдердің немесе көңіл күйдің себебі болатынын анықтау үшін ынтымақтасады. Мысалы, көк түс — мұнды, қызыл түс — ашулы, сары түс — бақытты сезім үшін пайдаланылады. Осыдан кейін терапевт баладан сезімдерін білдіретін түстерді пайдалана отырып, өзінің өмірінің шкаласын салуды өтінеді. Сонымен қатар сезімдерді санаттарға бөліп тастауға болады.

Саз-балшық ойыны: терапевт балаға бір кесек саз береді де, оны не істегісі келсе соны істеуі үшін еркіне қойып береді. Бала сазды стрессті басу үшін немесе өзі үшін маңызды немесе өзін алаңдатып жүрген нәрселерді сомдау үшін пайдалануына болады.

Еркін сурет салу: терапевт балаға бір парақ қағаз бен қаламдар береді де, ненің суретін салғысы келіп тұрса, соны салуын өтінеді. Сосын ол сурет туралы төте сұрақтарын қояды.

Отбасыңды бейнеле: терапевт баладан өз отбасының суретін салуды өтінеді. Бәрі дайын болған бойда одан отбасы мүшелерінің әрқайсысымен әңгімелесуін өтіруге болады. Бұл жасырын проблемаларды ашып көрсетіп береді.

«Әлем» техникасы: терапевт балаға ортасына дейін құм толтырылған жайпақ табақ пен оншақты, оның ішінде адамдар, фэнтэзилік фигуралар мен декорациялары бар ойыншық береді. Осылардың бәрінен бала өзінің «әлемін» жасап шығуына болады. «Әлем» құрылып болған соң терапевт балаға осы әлем туралы сұрақтарын қояды. Бұндағы идея бала жасаған әлемнің ол шынайы өмірге кездестіретін тақырыптардан құралатынында. Осының барлығы балаға өз қиялын басқару мүмкін екенін көрсетеді, ал ол арқылы өз эмоциясын басқара алады.

Қуыршақ үйі: терапевт балаға қуыршақ үйін және баланың отбасы мүшелерін білдіретін бірнеше қуыршақ береді. Сосын терапевт оның отбасындағы қарым-қатынастар жайында көбірек біліп алу үшін баладан өзінің шынайы үйінде болатын төрт: ұйықтап жатқан, түстеніп отырған, ойнап жүрген және үйді жинап жатқан кездегі әртүрлі күнделікті сценарийді бейнелеуді өтінеді. Ойынның саны көп болуы мүмкін және олардың бәрін сипаттай берудің аса мәні жоқ. Мынандай ой түйсек жеткілікті: ойын балалардың тілі болып саналатындықтан, ойын оларды не алаңдататынын білудің дәстүрлі әңгімелесу әдісінен гөрі жақсырақ тәсілі болуы мүмкін. Қысқа қайырсақ, бұдан жақсы терапевттік әдіс жоқ. Осы себепті, егер баланың бір қиындықтарға тап болып немесе проблемалардан тарығып жүргенін көрсеңіз, ойын терапиясы маманының қызметіне жүгініп көріңіз.

Ойын терапиясы- арттерапияның түріне жатады. Бұл терапияның жүргізу үлкендер мен балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңу үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындар қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатынасса емдеу әсерлі болады. Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға, ересек өмірге дайындайды [5].

Ойын балаларға белгілі дағдыларды меңгеру үшін, сонымен қатар қарым-қатынасты, өмірге деген құлшыныстарын арттырады, эмоционалды және физиологиялық жағдайын жақсартады. Ойын психологиялық күйзелістен шығу үшін емдеудің бір тәсілі ретінде қолданылады. Бала ойынға өз еркімен қатысып, ойыннан қуаныш рахатын көру керек. Балалардың ойын барысында эмоционалды әсерін мөлшерлеп, өзін қалай сезінетінін бақылаңыз.

Бұл мақалада біз балалардың психологиялық түйткілдерін емдеуге бағытталған ойындар берілді. Балалар терапевтке өз ойлары мен сезімдерін сипаттап беруде қиындыққа тап болады, бірақ ойын барысында олар өздерінің ойларын, нені қалайтынын, уайымдарын және үрейлерін «көрсетіп» бере алады.

Қорыта келе: ойын терапиясы — бұл терапевттер сеанстар кезінде клиенттеріне (олар әрдайым балалар бола бермейді) ойнауға ерік беретін емдеу түрі

Ойын терапиясының тиімділігі- Күтпеген жерден болатын шабуылдан, жазалаудан, жалғыздықтан болатын қорқынышты азайту, тез шешім қабылдай білу қабілетін арттыру, топта өзін-өзі ұстау ережелерін меңгерту, ата-аналармен балалардың қарым-қатынасын жақсарту, қозғалыстағы бағыттарын және ептілікті дамыту.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Азбука общения. Развитие личности ребенка, навыков общения со взрослыми и сверстниками /Л.М.Шипицына, О.В.Защиринская, А.П.Воронова, Т.А.Нилова. – СПб., 1998.
2. Ануфриев А.Ф., Костромина С.Н. Как преодолеть трудности в обучении детей. – М.: Ось-89, 1998.
3. Башаева Т.В. Развитие восприятия. Дети 3-7 лет. – Ярославль, 2001.
4. Белопольская Н.Л. Психологическая диагностика личности детей с задержкой психического развития. – М., 1999.
5. Касымова Г.М. Развивающие игры в диагностике и коррекции психического развития детей дошкольного возраста. – Алматы, 2000.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНІҢ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН ҰШТАСУЫ

М.А. Жолмағанбетова

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

В статье рассказывается о роли ислама в воспитании девочек, который является основным источником казахской культуры и традиций. Во время воспитания дочери казахский народ унаследовал от определенного отца и воспитал ребенка в соответствии с принципами шариата. Говорят, что источник образования основан на Священном Коране и хадисах.

Ключевые слова: Казахская культура, воспитание девочек, ислам, обычаи, родной язык, ценности, Коран и хадисы, запреты, сунна Пророка (мир ему и благословение Аллаха)

The article describes the role of Islam in the education of girls, which is the main source of Kazakh culture and traditions. During the upbringing of a daughter, the Kazakh people inherited from a certain father and raised a child in accordance with the principles of Sharia. It is said that the source of education is based on the Holy Quran and hadith.

Keywords: Kazakh culture, girls' upbringing, Islam, customs, native language, values, Quran and Hadith, prohibitions, Sunna of the Prophet (peace and blessings of Allah be upon him)

Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүріндегі негізгі қайнар көзі -ислам діні. Біздің елде мұсылманшылық ертеден қалыптасты. Ислам таңы атқан беті, яғни мұсылмандардың ІІ-ші халифасы Омар ибн Хаттабтың (р.а.) (VII-ғ.) тұсында-ақ, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабалары Орта Азияға исламды тарата бастады. Сол хақ дін – көп ұзамай қазақ жеріне де жетті. Асыл дініміздің қылыштың жүзімен таралмағаны баршаға мәлім. Өйткені, мұсылмандар белгілі бір елді басып алу үшін емес, қараңғылық түнегінде мүлгіген бүкіл әлемге жарық сәулесін түсірген ислам нұрына бөленуге шақырып, Жаратушы мен пенделердің арасындағы соңғы жолдаманы, ақиқатты жеткізу мақсатында жорыққа шыққан. Сол кезде біздің дана да қайсар ата-бабаларымыз исламның хақ дін екендігін жете түсініп, оны ерікті түрде қабылдаған. Халқымыз аз мерзімнің ішінде исламды толық қабылдап, оны түрлі қырынан зерттеп, әлемге әйгілі ислам ғалымдары біздің байтақ жерімізде дүниеге келгендігі ұрпақ мақтанышы.

Қазіргі күнде де халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпының Құран мен сүннеттен нәр алатындығы дәлелденді. Біздің салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз осы ислам дініндегі құндылықтармен ұштасып, біте қайнасып, сабақтасып кеткен.

Мәдениетіміздегі құндылықтардың басым көпшілігі діннен негізін табатынын байқауға болады. Қарапайым халық олардың діндегі сүннет, мұстахап, уәжіп екенін білмеуі мүмкін. Бірақ, ол діндегі негізгі құндылықтардың бірі[1,б.145]. Қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. «Олар – өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі», – деп қараған. Әйел ибалы қыз, инабатты келін, қарындас, ана, апа, әже. Тоғыз ай, он күн толғатып, «тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітіп» әйел бүкіл адамзатқа өмір сыйлайды. Сондықтан ата-бабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан және ұрпақ тәрбиесін әйел – анаға жүктеген. Тіліміздің өзін ана тілі деп атауы – аналарға көп жүк артады. Аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін көрсетеді. Ана – барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі. Ол адамды адам етіп тәрбиелейді. Ол адамды өзінің тілінде, ана тілінде сөйлетеді. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті екенін қазақ халқы ежелден өз мәдениетіне сіндірген.

Халқымыз қыз баланың көркіне оның ақыл-ойы мен мінез-құлқы сай болуын қалаған. «Қызым үйде, қылығы түзде», «Қыз ақылы шешеден», т.б. мақал-мәтелдер соған арналған. Халық «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген. Ал, Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген. Яғни арын сақтаған, ақылды, ұяты бар, ата-анасының тәлімін алған қыз баладан болашақта жақсы жар, ибалы келін, аяулы ана күтуге болады. Осы секілді нақыл сөздер расында қазақ халқының қызға деген ерекше ілтипаты мен құрметінің дәлелі.

Әрбір ата-ана Алла тағаладан жақсы перзент беруін дұға қылады. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды іс. Дініміз исламда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені мәлім. Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дейді:«Кімде – кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды (жақсы жерге) тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Алла тағала ол кісіні жәннатына кіргізеді!»[2,б.135]. Қазақ халқында осы Алла елшісінің (с.а.с.) хадисімен ұштасқан мақалдардың бірі: «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», – деп, қызға нәзіктікпен сұлулық сипат беріп, дәрежелік орнын ер баладан ерекшелеп, «Қыз – уақытша қонақ, қыз – жат жұрттық», – деген сынды мақал-мәтелдерде қыз балаға сай өз сый-құрметтерін білдірген. Сондай-ақ, Алла елшісінің (с.а.с.):

«Дүниеге қыз келген уақытта, Алла тағала ол жерге періштелерді жіберіп, сәлемін айтып: «Мына үйдің тұрғындары, сендерге сәлем болсын»,– дейді. Періштелер қанаттарымен жаңа туылған қызды қорғаштап былай дейді: «Қандай әлсіз, қорғансыз еді, әлсіз денеден шықты. Егер әкесі оны тәрбиелеп өсірсе, қияметке дейін оған Алланың жәрдемі болады»[3,б.89]. Тағы бір хадисінде: «Қыздар – олар мейірімді, игі жандар. Бір қызы бар адамды Алла тағала тозақ отынан сақтайды. Екі қызы бар адам, солардың себебімен жәннатқа кіреді. Ал үш қызы бар немесе қыздары секілді кіші қарындастары бар адам, оларға қамқоршы болса, оның мойнынан жиһад пен садақаның жауапкершілігі түседі»[3,б.21],– деген. Осыған орай қазақ халқында қыз тәрбиесіне қатысты «Қызға қырық үйден тыю»,– деп аталатын және өз ішінде шарифатты қамтыған қағидалар мен тиымдар жиынтығынан тұратын арнайы ережелер бар.

Ата бабаларымыз қыз балаларына, тәлім-тәрбие беру ісінде асыл дініміздің маржан сөздерін арқау еткені белгілі. Қызын тәрбиелеу барысында қазақ халқы белгілі бір атадан балаға мирас болған, шарифатпен ұштасқан қағидаға сүйене отырып тәлім-тәрбие берген. Әр ел ұрпағының ертеңі тәрбиесі осы асыл аналарымыз бен қыздарымыздың қолында екені ақиқат. Қыздарымыздың ибалы һәм иманды, тәрбиелі болуына пайдасы тиер деген оймен ес біліп, етек жиған әрбір қыз өзі барған әрбір үйде мынадай қырық істен тыйылу керек немесе барған үйлері тыю керек деп қараған. Олар:

1. Үлкенге сәлем бер, жолын кесіп өтпе, жалғыз қыдыруға тыйым;
2. Үлкендер алдында жарыса сөйлеуге тыйым;
3. Талтайып отыруға тыйым;
4. Шалқайып жатуға тыйым;
5. Көп алдында ұятқа қалмауды, ағайынға жеккөрінішіті болмау;
6. Орынсыз іске ұрынудан тыйым;
7. Өтірік, өсек айтпа және оны айтушыларды тыңдама;
8. Әурет жерлерінді жауап, ашық-шашық жүруге тыйым;
9. Өзгелерге тіл және қол тигізуге тыйым;
10. Кісіге қарап керілуге, есінеуге тыйым;
11. Дастарқан үстінде әдемі отыр, әдепті сөйле. Орынсыз сөзден тыйым;
12. Ұрлық-қарлыққа тыйым;
13. Жаназа оқылып жатқан жерден айналып кетпе;
14. Бұраңдауға, қылымысуға тыйым;
15. Қызыл іңірде жатып, түске дейін ұйықтауға тыйым;
16. Жалқаулыққа, ластыққа тыйым;
17. Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға тыйым;
18. Аш болсаң да, тоқ болсаң да құдайынды ұмытпа;
19. Бейәдеп сөз айтудан тыйым;
20. Үйге, мешітке, қасиетті орындарға оң аяқпен кіру керек;
21. Ішімдік-шегімдікке тыйым;
22. Ұрыс-керіске тыйым;
23. Беттен алып, төске шабуға тыйым;
24. Ер адамға әйел киімі жараспайтыны сияқты әйелдер мен қыздарға ер киімі де қонымсыз әрі тәңірінің бұйрығында да жоқ нәрсе;
25. Біреудің байлығына, дүние-мүлкіне, ақшасына сұқтанба;
26. Түнде суға жалғыз баруға тыйым;
27. Жат жыныстылармен араласып жатуға тыйым;
28. Құран, намаз оқылып жатқанда сөйлеме, қозғалма, тұрып кетпе;
29. Тарс-тұрс жүріс, қарқ-қарқ күлкіге тыйым;
30. Ерді қорлауға, зорлауға тыйым;
31. Адамды және жан-жануарларды тебуге тыйым;
32. Бүйірін, жағын таянуға тыйым;
33. Тәкаппарлыққа, сайқы-мазаққа тыйым;
34. Тамақты өз алдыңнан алып же, кісі алдындағы қол созба;
35. Шектен тыс жасанып, сылануға тыйым;
36. Қызғаншақтыққа, күншілдікке тыйым;
38. Алдап-арбауға тыйым;
39. Көрсеқызарлыққа, нәпсіқұмарлыққа тыйым;
40. Тойымсыздыққа тыйым[4,б.42].

«Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім-киісі тәрбиенің негізі болып саналады. Ал, сол тәрбиенің негізі ол әрине күмәнсіз Құран Кәріммен Алла елшісінің (с.а.с) хадистері. Енді осы тиымдарға жеке шарықтасақ жоғарыда айтқан сөзімізді қуаттайды. Мысалы: «Үлкенге сәлем бер!» – делінген. Ислам дінін қабылдағаннан бері дана халқымыз да алдымен осы сөзден бастап амандасатын болған. «Сәлем – сөздің анасы», «Сәлем – сөздің басы», – деген аталы сөздер де соның дәлелі. Ислам ғұламасы Мәшһүр Жүсіп: «Біздерге сәлем беру болды – сүннет, Пайғамбар сүннетін тұт, болсаң үмбет», – деп, сәлемдесудің маңыздылығын екі-ақ ауыз өлең жолымен жеткізген. Демек, сәлемдесу – мұсылмандықтың нышаны. Алла елшісі (с.а.с.): «Толық иман келтірмейінше, жәннатқа кіре алмайсыңдар. Араларыңда сүйіспеншілік орнықпайынша, толық иман келтірген болмайсыңдар. Араларыңда сүйіспеншіліктің орнығуына себеп болатын нәрсені айтайын ба? Өзара сәлемдесіңдер!» – деген[4,б.85].

Сонымен қатар, саулық сұрау мұсылмандар арасындағы сүйіспеншілік пен бірліктің себепкері. Сәлем беру аман-саулық сұрау дұғасымен қатар, Алланы еске алу болып табылады. Олардың арасындағы ұрыс-жанжал, қастықты жояды. Сондай-ақ, амандасу Аллаға құлшылық етіп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетін орындағанның белгісі. Сәлем неғұрлым көбейген сайын, сауабы да соғұрлым арта береді.

«Өтірік, өсек айтпа және оны айтушыларды тыңдама!» – делінген. Қазақта: «Шындығы азайғанның – досы азаяды!» – дейді. Қасиетті Құранның 167 жерінде өтірік айтудың күнә екендігі ескертілген. Басқа үлкен күнәларға мұншалықты көңіл бөлінбеген. Осының өзі-ақ, өтіріктің қаншалықты ауыр күнә екендігіне кепіл. Өтірік айту – кәпір немесе мұнафық екі жүзді адамның ісі. Қасиетті Құранда: «Алланың аяттарына иман келтірмейтіндер ғана өтірік айтады. Өне солар өтірікшілер»[5,16.105], – делінген.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Өтіріктен сақтаныңдар! Себебі ол бұзықтыққа апарады. Ал бұзықтық тозаққа апарады. Адам өтірікті әдетке айналдырса Алла алдында өтірікші болады!»[6,б.52], – дейді.

«Әурет жерлерінді жауап, ашық-шашық жүруге тыйым!». Әйелдердің әурет жерлерін жасыруы турасында қасиетті Құранда: «Мүмін әйелдерге де айт: «(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өзіндігінен көрінгендері басқа. (Беті, қол-аяқтары) Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін керсетпесін. Бірақ ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, өгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, әпке-сіңлілерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күндеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады. Және де көмескі зейнеттерін басқаларға білдіру үшін аяқтарын ұрып жүрмесін. Әй, мүміндер, түгел Аллаға тәубе қылыңдар! Әрине құтыларсыңдар!»[5,24.31], – делінеді.

Ислам дінінде Құраннан кейін сүйікті Пайғамбарымыздың (с.а.с) хадистері тұрады. Бұл мәселеге дәлел болатын хадистер баршылық. Сол хадистердің бірінде: «Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қасына анамыз Әсма жұқа киіммен кіріп келді. Расулулла (с.а.с.) оған қарап: «Әй, Әсма, әйел балиғат жасына жеткен күннен бастап мынау және мынадан басқа жерлері көрінбеуі керек!», – деп беті мен екі қолын (білезігіне дейін) және екі аяғын (тобығына дейін) нұсқады»[7,б.100], – деп айтылған.

«Өзгелерге тіл және қол тигізуге тыйым!» Алла елшісіне (с.а.с) бір адамның күндіз ораза тұтып, түнде ғибадат ететіндігі, бірақ мінезі жаман екендігі, көршілеріне, достарына тіл тигізетіндігі туралы айтылған кезде Пайғамбарымыз (с.а.с): «Бұлай болу өте жаман. Ондай адамның барар жері – тозақ!»[2,б.23], – дейді. Жамандық жасағанға жақсылық жасау – ең жақсы мінез. Кемел адам болудың белгісі. Дұшпандарды досқа айналдырады. Имам Ғазали: «Інжілден көрдім. Иса пайғамбар былай деген: «Жамандық жасаған адамға жамандық қайтарма. Бір бетінді ұрған адамға екінші бетінді тос. Сырт киімінді алған адамға шалбарыңды да бер»[2,б.105], – дегенін оқыдым деген. Өзінен алыстағандарға жақындау, зұлымдық жасағандарды кешіру, өзіне ештеңе бермегендерге сый көрсету жақсы мінезді болудың дәл өзі. Алла елшісінің (с.а.с) тағы бір хадисінде: «Шынайы мұсылман ол өзінің тілімен және қолыменде өзгеге қиянат істемейтін адам»[2,б.106], – дейді.

«Тәкаппарлыққа, сайқы-мазаққа тыйым!» Тәкәппарлық діни тұрғыдан алып қарағанда «психологиялық ауру», – деп те аталады. Ол қателіктердің алды және адамзат баласының дұшпаны. Ібілістің де жайлы жері, жәннаттан қуылуына да себеп болған осы сипат. Біле білген адамға тәкәппарлық жақсылық әкелмейді. Бұл дертке шалдыққан жан өзін бәрінен де жоғары қойып, «ең жақсы менмін» деп санайды. Бойынан ешқандай мін таппай, қарсыдағы адамын сынағыш келеді. Міне, осындай кемшіліктерін сезіне алмаған пенденің аурудан қай жері артық?! Осыны ертеден білген ата-бабаларымыз балаларын осы сипаттан аулақ болуларын өсиет еткенін көреміз. Пайғамбарлар тарихында мұндай оқиғалар көптеп кездеседі. Мәселен, хазреті Ибраһимді (а.с.) отқа

тастаған, әрі өзін құдай санап, тәкаппарлықтың шыңына жеткен Перғауын бүгін қайда? Тіпті, сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) үстіне түйенің ішек-қарнын төгіп, жолына тікенең төсеген Әбу Жәһилдің ақыреттегі халі не болмақ?! Тәкаппарлығының нәтижесі өзіне пәлекет болып ораларын білмеді ме екен?! Ұлы Алла адам баласына тәкаппарлыққа бой алдырмауға ескерту жасап, былай дейді: «Жер жүзінде даңдайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың, бой жағынан да тауларға жете алмайсың!»[5,17.37].

«Құран, намаз оқылып жатқанда сөйлеме, қозғалма, тұрып кетпе!»

Қазақ халқы Алланың қасиетті Құран Кәрімін ерекше құрметтеп, амал істеп және соған өз ұрпағын да тәрбиелеген мұсылман халық. Алла Тағаланың адам баласына қасиетті Құран Кәрімді түсіруі – өз пенделеріне көрсеткен шексіз мейірімі екенін құлақтарына сіңіріп жастайынан жалпы балаларына осыны үйрете білген. Құран Кәрім мұсылман баласының тура жолдан таймай, өмір бағытын дұрыс тауып жүруіне арналған басшы кітап. Құран Кәрім – сіз бен бізді жаратқан, бүкіл ғаламдардың иесі, ақырғы есеп-қисап күнінің жалғыз қожайыны Алла Тағаланың сөзі. Құран тілмен оқылатын, жүреппен қабылданатын, құлақпен тыңдалатын кітап. Онымен байланыста болу – ең абзал ғибадаттардың бірі әрі Аллаға жақындаудың бір жолы. Бұл кітаптың әрбір әрпінде он жақсылық бар. Жай оқығанның да, мағыналарына ой жүгіртіп оқығанның да бұл жақсылықтардан несібелері болмақ. Алла Тағала Құран мазмұнына бүкіл ғылым атаулының негіздерін сыйғызды. Онда үкімдер, шарифат талаптары, мысалдар, өнегелер, аспан әлемінің жүйесі тағы басқа көптеген мәселелер керемет дәлдікпен берілген. Сондықтан бұл өсиетте ата-бабамыз «Құран оқылса тұрып кетпе!»,– деген тиымды қосуыда бекер емес. Бұл туралы да Қасиетті Құранда былай делінеді: «Қашан Құран оқылса, оған құлақ салып тыңдандар да үндемендер. Осылайша рақымға бөленерсіңдер»[5,7.204].

Иә, Құранды тыңдаудың өзі – мұсылман баласы үшін Алланың рақымына қол жеткізудің бір жолы. Иә, Құранның мұсылман баласына берер пайдасын санап тауысу мүмкін емес. Алла елшісінің (с.а.с.) хадистерінің бірінде:«Егер адамдар Алланың үйлерінің бірінде жиналып Құран оқып, оны өзара талқылайтын болса, оларға міндетті түрде жан тыныштығы түседі және оларды рахымшылық бүркеп, періштелер қоршауына алады. Алла оларды Өзінің құзырындағылар жанында еске алады»[2,6.392],– дейді.

Қазақ халқы Құранның қаншалықты қасиетті кітап екенін және оны әркез құрметтеу міндетті парыздан екені туралы тәлім-тәрбиесін өз ұрпақтарының соның ішінде қыздарының жүректеріне құйып саналарына сіңдіре білген. Сонымен бірге өмірлерін осы Алла Тағаланың қасиетті Құранымен Алла елшісінің сүннетімен ұштастырып, берген тәрбие мен өсиеттерінде атадан балаға мирас қылып қалдырған. «Қызға қырық үйден тиым» атты қағидасында қалған тиымдары дерліктей шарифатымыздың этика-эстетика сынды бабымен сабақтасқан [4,6.392].

Қай заманда болса да, қыз – сұлулықтың, мейірімділіктің, тазалықтың белгісіндей, ер адамдардың қадірлейтін, құрметтейтін жаны саналған. Қазақ халқы: «Қыз тәрбиесінде осы айтылған маржан сөздерді бойына сіңіріп тәрбиелеген ата-ана мен оның қызы да екі дүниенің бақытына бөленері хақ» деген ұстамды ұстаған. Онысын халқымыз: «Ұл тәрбиелей отырып жерді, қыз тәрбиелей отырып елді қорғаймыз!»,- деп түсіндіреді. Ендеше, қазақта қыз тәрбиелеу тек өз ұрпағының ғана емес, тұтас ұлт ұрпағының жауапкершілігін мойынға жүктеу деген сөз. Қыздың кішкентай кезінде кіммен дос болғанына да қазақта өтте қатты мән берген. Мысалы, Әбу Һурайрадан (р.а) жеткен хадисте Алла елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Адам өз досының дінінде. Сондықтан, әрбірін өз жақын достарының кім екеніне қарасын!»[2,6.274],– деген хадиске тоқталсақ, ата-бабаларымыз: «Қызым жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол!»,- дегенді ежелден білетін ана бәрінен бұрын қызын кейбір «тәрбиесіздердің» маңына жолатпайды. Қызының достарына ерекше мән береді. Бұл үшін ана маңындағы қызы құрбыларын жете білуді, тегін тексеруді, олардың әдепсіздігін қызының құлағына жиіркенге жиі-жиі айтуды ескерген. Қарап тұрсақ кез-келген мақал- мәтел, ғибратты аңыз- әңгіме, жалпы барлығы исламмен және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерімен сабақтасып жатқанын көреміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. Оңғаров Е. Астана 2012 – 180 бет.
2. Хадистер жинағы (риадуссолихин). Әбу Дауд. Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы 2011 – 656 б.
3. Жұма мінбері. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Алматы 2012 – 720 б.
4. Ибн Исхак Мухаммад. Сира. ред: М. Хамидуллаһ. Кония, 1981 – 250 б.
5. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. Мәдина 1991 – 604 б.
6. Имани гүл. Жолдыбайұлы Қ. Алматы 2011.– 384 б.
7. Затов Қ.А., Нұрғалиев Қ.Т. Ислам өркениетінің Орталық Азия мен Қазақстан аймағында таралуы / халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Атамұра 2009ж. – 223 б.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ХИМИЯНЫ ОҚИТУДАҒЫ
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

Б.И. Иманғалиева, Ж.А. Ахметова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

В статье рассматриваются необходимость образования и воспитания в соответствии с обновленной образовательной программой по химии, особенности обновленного содержания образования, новые подходы и методы обучения. Основной целью нового образования является обновление содержания образования, а также повышение эффективности использования различных методов и инструментов обучения. Все аспекты химии в современном обучении основаны на конструктивном обучении. То есть основное внимание учащихся уделяется критическому подходу друг к другу.

Основной целью образовательных программ по дисциплине «Химия» является обеспечение качественного усвоения содержания предмета, формирование функциональной грамотности обучающихся, а также развитие интеллектуального уровня на основе общечеловеческих ценностей и лучших традиций национальной культуры.

Ключевые слова: обучение и воспитание по химии, обновленная образовательная программа, методы и способы обучения, спиральное образование.

The article discusses the need for education and education in accordance with the updated educational program in chemistry, the features of the updated content of education, new approaches and teaching methods. The main goal of the new education is to update the content of education, as well as increase the efficiency of using various teaching methods and tools. All aspects of chemistry in modern learning are based on constructive learning. That is, the main attention of students is paid to a critical approach to each other.

The main goal of educational programs in the discipline "Chemistry" is to ensure high-quality mastery of the content of the subject, the formation of functional literacy of students, as well as the development of an intellectual level based on universal values and the best traditions of national culture.

Keywords: education and learning in chemistry, updated educational program, methods and methods of training, spiral education.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаз еңбегінен басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында.

Елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының 2019 жылдың қыркүйек айында Қазақстан халқына жолдауында «Білім» саласына тоқталып өткен болатын. Жолдау барысында білім беру сапасын жақсарту «Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз», -деп ғылым саласындағы ахуалға ерекше назар аударуды талап етті [1]. Ғылым мен техниканың тұрақты дамуына байланысты теория мен педагогика түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Оқу парадигмасы өзгереді. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру мазмұны жаңартылады [2-3].

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Мысалы, «(IV) топ элементтері қасиеттерінің өзгеруі» тақырыбын оқытуды қарастырайық.

1-кесте. IV А топша элементтерінің қасиеттері

Қасиеттері	C	Si	Ge	Sn	Pb
Рет нөмірі	6	14	32	50	82
Салыстырмалы атомдық масса, м.а.б.	12,01	28,08	72,59	118,69	207,19
Валенттік электроны	2S ² 2p ²	3S ² 3p ²	4S ² 4p ²	5S ² 5p ²	6S ² 6p ²
Атом радиусы, нм	0,175	0,134	0,139	0,158	0,175
Салыстырмалы электртерістік шамасы	2,50	1,74	2,02	1,72	1,55
Балку температурасы, °C	3750	1415	397	232	327
Стандарт электродтық потенциалы	-	-	+ 0,05	-0,136	-0,126

Кестеден элементтердің рет нөмірі өскен сайын атомдар радиусы артып, электртерістігі кемиді. Көміртек пен кремний бейметалл, ал қалғандары металдар. Көміртек пен кремнийде +4 тотығу дәрежесі тұрақты, ал германий, қалайы және қорғасынның +4 тотығу дәрежесін көрсететін қосылыстардың тұрақтылығы кемиді. Қалайы мен қорғасынның +2 тотығу дәрежесін көрсететін қосылыстары тұрақты.

Тотығу дәрежесі - 4 қосылыстардың тұрақтылығы элементтердің рет номері өскен сайын кемиді. Бұл топша элементтерінің төменгі оксидтері: CO, SiO – тұз түзбейтін, GeO, SnO, PbO - екідайлы, ал жоғары оксидтері: CO₂, SiO₂- қышқылдық және екідайлы GeO₂, SnO₂, PbO₂ қасиеттер көрсетеді. Олар сілтімен әрекеттескенде H₂[Э(OH)₄] қышқылдың тұздарын түзеді. Көміртек пен кремний оксидтеріне сәйкес көмір (H₂CO₃) және кремний (H₂SiO₃) қышқылдарын, ал оксидтеріне екідайлы гидроксидтер сәйкес келеді. Қалайы мен қорғасынын IV-валентті гидроксиді екідайлы қасиет көрсетеді, бірақ қышқылдық қасиеті басым.

IVA – топша элементтері (көміртектен басқасы) бос d-орбитальдері есебінен акцепторлық қасиеттер көрсетіп, комплекс қосылыстар түзеді. Көміртек, кремний, германий үшеуі сутекпен тізбекті қосылыстар түзеді. Бұл қасиет көміртекте өте жақсы байқалады.

IVA – топша элементтерінің электр өткізгіштігі де рет номерінің өсуіне орай арта түседі. Егер көміртек (алмаз түрінде) диэлектрик болса, кремний, германий, қалайы – жартылай өткізгіш, ал қорғасын – өткізгіш болады.

Бұлардың ішінде германий жартылай өткізгіш ретінде техникада кеңінен пайдаланылады. Одан фотоэлементтер, диодтар, детекторлар және басқа өте қажетті заттар жасалады.

IVA – топша элементтері: +2, +4, 0, -4 тотығу дәрежелерін көрсетеді. Топша бойынша жоғарыдан төмен қарай *бейметалдық* қасиеттер кеміп, *металдық* қасиеттер артады. Топ бойынша оксидтері мен гидроксидтерінің қасиеттері де қышқылдықтан екідайлылыққа, одан негіздік қасиетке ауысады. (IV) топ элементтерінің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары салыстырмалы түрде кестеде беріледі.

Көміртек – біздің планетамыздағы бүкіл тірі организмдерді құрайтын органикалық заттардың көптүрлілігінің негізі. Көміртек қосылыстары көп және кең таралған. Таза көміртектің жай заттары: алмаз, графит, карбин, фуллерен және т.б.

Кремний – көміртекке қарағанда бейметалдық қасиеті төмен, элемент. Жер бетінде таралуы жөнінен екінші орында. Кремний – жартылай өткізгіш материал. Химиялық белсенділігі төмен бейметалл. Металдармен, бейметалдармен, сондай-ақ күрделі заттармен қыздырғанда ғана әрекеттеседі.

Сұрақтарға жауап берейік

1. IVA топша элементтерінің период және топ бойынша бейметалдардың атом құрылысы және қасиеттері қалай өзгереді?
2. Периодтық жүйедегі орнына байланысты бейметалдардың атом құрылысының ерекшеліктері қандай?
3. IVA топша элементтерінің тұрақтылығы қалай өзгереді?
4. IVA топша элементтерінің жай заттары жөнінде не білесіңдер?
5. Топ бойынша қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары жөнінде не білесіңдер?

Ойланайық, талқылайық

1. Неліктен көміртек атомында бірнеше аллотропиялық өзгерістері бар?
2. Неліктен өзімен бір топта орналасқан кремний көміртекке қарағанда бейметалдық қасиеті төмен?
3. Не себепті көміртегі және кремний тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиет көрсетеді?
4. Неліктен көміртектен басқасы IVA — топша элементтері комплекс қосылыстар түзеді?

Топтық жұмыс

Топқа бөлініп, келесі сұрақтарға жауап беріңдер

- 1) Кремнидің аллотропиялық түр өзгерістерін сипаттаңдар және олардың формалары мен қолдану салаларына тоқталыңдар.
- 2) Кремний мен көміртектің химиялық қасиеттерін сипаттайтын химиялық реакция теңдеулерін жазыңдар.

3) Көміртек (IV) пен кремний (IV) оксидтерінің құрылысы мен қасиеттерінің ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтаңдар. Реакция теңдеулерін жазыңдар.

Талдап, салыстырайық

Венн диаграммасы арқылы көміртегі мен кремнийдің қасиеттерін салыстырыңдар.



Дәптерге орындайық

Тақырыптың басты идеясы бойынша құрылған кестеге қорытынды жасаңдар.

Сипаттамасы	Өзгеру заңдылықтары
IVA топша элементтерінің реттік нөмірі өскен сайын:	Топта
Атом ядросының заряды	өседі
Элементтің электртерістілігі	кемиді
Сыртқы электрондық деңгейдегі электрон саны	тұрақты болып қалады
Атомдағы электрон қабатының саны	өседі
Тотықтырғыштық қабілеті	азаяды
Тотықсыздандырғыштық қабілеті	артады
Оксидтері мен гидроксидтерінің қасиеттері	қышқыл → екідайлы → негіз

Қолданып көрейік

Көміртек CO (II) оксидінің химиялық қасиетіне сәйкесінше химиялық теңдеулерді зерттеп көрейік. Химиялық реакция типтерін ажыратыңдар:

1. $\text{CO} + \text{ZnO} \rightarrow \text{Zn} + \text{CO}_2$ – тотықсыздану реакциясы;

2. $\text{CO} + \text{Cl}_2 \rightarrow \text{COCl}_2$ – фосген – қосып алу реакциясы;

3. $[\text{Fe}(\text{CO})_5]$; $[\text{Ni}(\text{CO})_4]$; $[\text{Cr}(\text{CO})_6]$. – CO (II) оксидінің байланыспаған электрон жұптары бар белсенді лигандалары, басқасы топша элементтеріндегі бос d-орбитальдері есебінен акцепторлық қасиеттер көрсетіп, комплекс қосылыс түзілді. Комплекс түзу реакциясына жатады.

4. Неліктен көміртекті — тірі табиғаттың, ал кремнийді - өлі табиғаттың негізгі элементі деп атайды? Дәлелді жауап беріңіздер.

5. Иіс газының уландырғыштық қасиеті болуы неліктен? Уланған адамға көрсетілетін алғашқы көмек қандай болуы керек?

7. Үй тоңазытқыштарына бірнеше таблетка карболен салып қоюға кеңес береді. Неліктен деп ойлайсыздар?

Ой бөлісейік

Сіз қалай ойлайсыз?

«Көміртегі және кремний әлемінде» тақырыбында хабарлама жазыңыздар.

Шығармашылық жұмыс

IVA топ элементтерінің адам ағзасына тигізетін зияны мен пайдасына зерттеу жүргізіңіздер.

Қазіргі уақытта заманауи оқу процесіне қойылатын талаптар оқушыларға мұғалімнен білім берудің қарапайым міндеттерінен айтарлықтай асып түседі. Бүгінгі ақпараттық ғасыр жағдайында мұғалім оған үйреншікті дайын білімді оқушыларды өз бетінше өндіру әдістеріне, оларды одан әрі дамыту үшін қажетті жаңа ақпаратты алу, түсіну және қолдану тәсілдеріне үйрету парадигмасынан қайта құру қажет. Педагогтердің алдына қойылған міндеттерді ұғынудың нәтижесі ретінде оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту мәселесіне деген қызығушылығы артты. Мұндай дағдыларды мектептегі білім берудің барлық буындарында және

барлық оқу пәндері шеңберінде, атап айтқанда химия сабақтарында Блум қадамдары арқылы дамыту және жетілдіру қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы, 2019ж. www.akorda.kz.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана. -2012.
3. Нұғыманов И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. Алматы,2005ж.-350б.
4. Торсыкбаева Б.Б.,Имангалиева Б.С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериалды бағалау жүйесі арқылы өлшеуіш-тапсырмалар жинағы. Химия. 10-сынып. Астана, «PrintPTTMSO» баспасы, 2015ж.-250б.
- 5.Имангалиева Б. С.,Торсыкбаева Б.Б. Мектепте химиялық эксперименттерді жүргізу әдістемесі (тәжірибелер жинағы): Оқу құралы.–Алматы, «Альманах», 2017ж.-185б.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

А.Т.Каирова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қаласы

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру керек екені баршамызға белгілі, осы мақсатпен қазақтың ұлы ақыны, философы, қайраткер М.Жұмабаевтың ұлағатты сөзімен бастағалы отырмын «Тәрбиедегі мақсат - адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару.» деген екен. Шындығына келгенде тұлғаның жан- жақты үйлесімді дамуына педагогтың қосар үлесі көп. Ол үшін педагог тыңбай еңбек етумен қатар ұйымдастырушы, көшбасшы, инноватор болуы қажет.

«Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген. Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім. Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды, осыған орай тәрбие жұмысымының мақсаты «Кәсіби интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылық қабілетті Қазақстан Республикасының азаматы және патриоты ретіндегі студенттік тұлғаны қалыптастыру, дамыту, өзін-өзі тану және әлеуметтендіру үшін онтайлы жағдайлар жасау жүйесін құру»

Міндеттері :

- 1.әлеуметтік ортаға жеке тұлғаны адаптациялау
- 2.жаһандану мен білім беруді интернационалдандырудың замануи жағдайына қабілеттілігін,кәсібилігі мен біліктілігін күшейтуге мотивациялау
- 3.қоғамда еркін сөйлеуі мен өз ойын еркін айта алатын студенттердің демократиялық стилін қалыптастыру

Мақсат –міндеттерді жүзеге асыру барысында тәрбие бағыттарын айқындайтын тәрбие жоспары құрылады Сол жоспар бойынша тәрбие бағыттары жан - жақты жүргізіледі.Сонымен қатар бұл тәрбие бағыттары « университет –факультет –кафедра» , яғни осы үшбірліктің тұтасытығымен жүргізіледі. Тәрбие бағыттарын жүзеге асыру да мына кезеңдерді қамтиды.

- **Анықтау кезеңі**- студенттердің мәлімет қорларымен танысу, дара жұмыс жасау.

- **Адаптациялау кезеңі** - сауалнама беру, психологиялық- педагогикалық диагностика жүргізу.сұхбаттасу, пікір алмасу

- **Мотивациялау кезеңі** -жан-жақты көмек беріп, ізденуге бағыт – бағдар беру,үйірмелерге, спорттық секцияларға және мәдени іс –шараларға қатыстыру

- **Нәтижелік кезең** – жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға өз жетістіктерін көрсете алу кезеңі.

Осы аталған кезеңдерді қамти отырып, тәрбие процесін ұйымдастыру формаларын топтастырылды. Форма дегеніміз ұйымдастыру тәсілі және - бұл тәрбие процесінің сыртқы көрінісі.

Жеке – даралықты тәрбие формалары: әңгімелесу, сыр бөлісу, кеңес беру, пікір алмасу, нақты жұмыс бойынша жеке жәрдем, проблема шешімін бірлікте іздестіру мәселелері қарастырылады

Топтық тәрбие формалары: іс – шаралар кеңесі, шығармашылық топтар, өзіндік басқару кешендері, шағын үйірмелермен жұмыс жасау үшін ұйымдастырылады

Ұжымдық тәрбие формалары: конкурстар, сахналық қойылымдар, ән – күй кештері, үгіт бригадалары, саяхат – шерулер, спорт жарыстары.

Бұқаралық - арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асыру болып табылады.

Ұйымдастырудың жеке формасында топта ұлттық рухани құндылықтар жүйесі, ұлы тұлғалардың шығармашылықтарын насихаттау және ата-анаға деген ерекше сезімдерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс шаралар. Ал топтық формасында басқа топтармен бірлесе жүргізген іс шаралар атап айтсақ «Теріс пиғылды діни ағымдар және экстремизм» , «Ұстаз –ұлы тұлға » , «Аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбынды өткізілген іс – шаралар. Аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру іс-шарасына М.Оспанов

атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушалары қатысып дәрігерлік кеңес берді. Ал ұжымдық формада өткізілген іс шаралар педагогика және психология факультеті, техникалық факультет, тарих факультет, кітапхана, Ө.Молдағұлова атындағы облыстық мемриоальдық музейінің қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген іс шаралар . Бұл аталған іс-шаралар осы уақтқа дейін өтіп келсе, қазіргі еліміздегі төтенше жағдай жарияланып, білім беру жүйесінде қашықтықтан оқыту форматында онлайн жүйесінде әлеуметтік жүйелер арқылы қазіргі таңда кураторлық сағаттар, шығармашылық жұмыстар, студенттер үйірмесі , студенттер клубы және спорттық шаралар жалғасын табуда. Білім мен тәрбие қай уақытта да қатар жүретін егіз процесс. Заманның бұдан да қиын уақытында білімге тоқтау қойылмаған Соның айғағы ретінде біздің факультетте де «Биосалон» студенттер үйірмесі онлайн жүйесінде жұмыс жасап өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті. Клубтың негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Іздену, зерттеу дағдылары арқылы табиғи өнімдердің әсемдік үшін қолдануға тиімді әрі сапалы екенін ұғындыру, өз жұмыстарының нәтижесін жариялау. Сонымен қатар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте көрнекті із қалдырған ортағасырлық ойшыл, ұлы ғұлама ғалым, Шығыс Ренессансының көшбасында тұрған дара тұлғалардың бірі Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы біздің университетімізде аталып онлайн куратор сағаты өткізіліп, шара барысында «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» мұражайының ғылыми қызметкері

А.П. Жаппарқұл ғұлама ғалымның еңбектерімен таныстырса, университеттің ғылыми кітапханасының бас кітапханашысы Ж.С.Сүндетова ғалымға арналған онлайн –көрме ұйымдастырды. Жалпы алғанда бұл аталған шаралар студенттердің ғылыми-ізденістеріне бағыт –бағдар берді деген ойдамын. Кураторлық сағат «Аквариум техникасы » арқылы жүргізілді.



Бұл «Аквариум техникасының» ерекшелігі студенттердің өзіндік ой-пікірін, көзқарасын, ізденісі және талдау жұмыстары арқылы ойларын жинақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2004.
- 2.Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы. - 2009, - 260 бет.
- 3.Тажбаева С.Г. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2013.
- 4.Тажбаева С.Г. Подготовка будущего учителя к технологии воспитательного процесса в школе. - А., 2004. -226с
- 5.Методика воспитательной работы: уч. пособие для студ. высш. уч. заведений // Л.А.Байкова, др. Под ред. В.А.Сластенина. - М., 2005.
- 6.Педагогическое мастерство и педагогические технологии//Под ред. Л.К.Гербенкиной, Л.А.Байкова -М., 2000.

СОЦИАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ АНТРОПОНИМИЧЕСКИХ ПСЕВДОНИМИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

А.Қ. Қыпшақбаева, Б.К. Сақтағанов

НАО «Казахская национальная академия хореографии», г. Нур-Султан

Мақалада ағылшын тіліндегі лақап атаулардың әлеуметтік-мағыналық ерекшеліктері талқыланады. Лақап есімдерге қатысты даралаушы белгілері жіктеліп көрсетілді. Ағылшын халықтарының лақап есімдерді қоюдағы мағыналық тұстары көрсетілді. Лексика-семантикалық сипаттарына талдау жасалынды. Сондай-ақ, ағылшын әдебиеттерінде кездесетін жазушылардың кейіпкерлерге берген есімдерінің мағыналық тұстары айқындалды. Ағылшын тіліндегі лақап атаулардың ерекшелігі көбінесе сөз белгілерінің құрылымына байланысты. Лақап есімдердің құрылымдық мотивациясы бойынша антропонимикалық, аралас тип және меншікті емес типтері болып топтастырылады. Лақап есімдердің түрлері өзгергіш және экспрессивтік мәнге ие болғанымен этномәдени сипатқа бағытталған.

Кілттік сөздер: антропоним, тұлға, лақап есімдер, лексика-семантикалық, этникалық, эндоцентрикалық, экзоцентрикалық, әлеуметтік.

The article discusses the social-semantic features of nicknames in English. Personalized attributes with respect to aliases have been classified. Personalized attributes according to the nicknames were classified in this article. The content sides in the production of English nicknames were shown. The analysis of lexical and semantic characteristics is carried out. Also, the content of names which was given to the characters of English writers were also determined. Features of English nicknames have been depended on the structure of the phrases. According to the structural motivation, nicknames are classified as anthroponymic, mixed type and non-proper types. Types of nicknames have changing and expressive meaning, but they are oriented towards an ethno-cultural character.


Keywords: anthroponym, personality, pseudonym, lexical-semantic, ethnic, endocentric, exocentric, social.

В традициях общего этноса, помимо личных имен человека, существуют многочисленные (косвенные, маскировочные, альтернативные и т. д.) дополнительные имена. Дополнительные имена изменяются на подходах взаимоотношений между людьми, разнообразны морфологическими лицами, расходуются с целью демонстрации душевного мира, проявления желания, настроения, внутренних чувств, традиционной тактики и путепровода собеседующих субъектов [3, 65 с.].

Антропоним - это совокупность личных местоимений, которые официально присвоены физическому лицу для его признания. Понятийное значение антропонимов характеризуется через основные категории. Например, а. показатель, обозначающий личность антропонима: Peter, Lewis. б. показатель, обозначающий принадлежность к определенной национально-языковой целостности: Robin, Henry, William – Rene, Henri, Wilhelm. с. показатель, обозначающий человеческий пол: John, Henry – имя мужчины; Mary, Elizabeth – женский пол.

Термин лиц, употребляется в качестве словарного знака для упоминания и индивидуализации людей. Этот мир можно разделить на три больших группы.

1. Имя, которое официально дается людям и его варианты: антропонимы
2. Альтернативные имена людей, образованные в названии слова псевдонимы
3. Смешанный тип имени людей, который включает в себя официальное имя лица в качестве элемента, а также элемент имени.



1-рис. Английские лица или персонал

	Во множественном числе	В индивидуальной форме
Частные антропонимы	1. <i>John, Mary, William, Jackson</i> 2. <i>Paddy</i> - ирландия <i>Bobby</i> – сотрудник полиция <i>Jane</i> - девочка	1. <i>Plato, Einstein, Shakespear, Caruso</i> 2. <i>Rothchild</i> – богатая династия <i>Soloman</i> – мудрый, вождь <i>Quisling</i> - предатель
Тип псевдонимов	<i>Skinny</i> - худой <i>Rusty</i> – красный волосы <i>Chips</i> - плотник	<i>the Ayrshire poet</i> - эйрширский поэт <i>the Father of history</i> - отец исторических наук (Геродот) <i>the Iron Chancellor</i> - канцлер железа (Бисмарк)
Смешанный тип	1. <i>Tiny Tim</i> - коротыш <i>Holy Joe</i> - святой 2. <i>Dennis the Menace, Dusty Miller</i>	<i>Bloody Mary</i> - Мария Тюдор <i>The Divine Sarah</i> - Сара Барнер

В романо-германском языке можно отметить труды Г. Д. Томахина, Д. Ермолови, N.Rees, A. Delahunty, J. Barns исследовавшие особенности псевдонимов. Одна из основных проблем ономастики в сфере антропонимики-неофициальные имена существуют у всех народов. В английских народах псевдоним дается в зависимости от лица, характера, профессии или специфики человека. Некоторые прямо найденные имена, на протяжении всей жизни остаются запасными именами. По мнению исследователя, общие псевдонимы по своим признакам делятся на лексико-сематические группы.

Псевдонимы не должны классифицироваться по смыслу, как и в настоящее время. В первом обществе люди называются псевдонимами, отвечающими физическому и личностному облику. А в последующие годы наблюдается развитие различных видов имен людей, развитие их функций. Таким образом, мы видим, что люди, достойные стадии развития общества, стали констатировать и на его значимость. А в народах, в которых развивается культура, сформировалась письменная литература после появления фамилии псевдоним становится редкостью. Например, мы видим, что это явление в русском языке по сравнению с XV веком, в настоящее время медленно, очень редкое, получило только экспрессивный стиль.

Некоторые псевдонимы в английском языке создаются с использованием каких-либо эпитетов или других слов, таких как *Great, Magnificent, Admirable, Wonderful* и др. В XIX веке к царям добавили слово «*Great*». Следует отметить, что эта традиция не распространяется на всех языках одинаково. Если этот эпитет называется *Alexander the Great* на английском языке, то на казахском языке *Александр Македонский*. Что-то общее для них - стандартные псевдонимы, которые касаются людей с определенным конкретным поведением.

Псевдоним как второе неофициальное имя человека в определенной среде общества характеризует личное достоинство человека, его отношение к объективной действительности, употребляя в сочетании со своим именем человека. «Псевдоним (псевдоним араб.) выполняет функции второго, дополнительного имени личности» [4,26].

В английской литературе при косвенном именовании героям писатели указывали их свойства, мужество, волю, недостатки. Например: “*Alfred the Great*”, “*Edward the Martyr*”, “*Edward the Confessor*”, “*William the Bastard*”, “*Richard the Lion-Hearted*”, “*John the Lackland*”, “*Richard the Coxcomb*”, “*Richard the Boar*”, “*Farmer George*”.

В зависимости от лексического значения английских прозвищ можно сгруппировать следующим образом:

1. Псевдоним в отношении общего образа человека: *Buttercup, Cookie, Bunny* (для красивых, прекрасных девушек); *Scarecrow, Goofy, Ugly, Mug, Fich Face, Monkey Face, Horse Face, Toad, Owl* (в отношении не красивых девушек); *Slob, Dirty Dick, Stinky, Fleabait* (для девушек, которые не аккуратны и как попало ведут себя).

2. Псевдонимы, произносимые в отношении тела и роста человека: *Lanky, Lanky Liz, Lanky Panky, Bony Morony Bony Melony, LSD (Long Skinny Davy), Skinny Liz, Skinny Minnie, Spindle Dick, Thinima* (для худых); *Long, Longshanks, Longfellow, Long John Silver, Tall Paul, Spike, Skylon, Gulliver, Goliath, Tower of London, Everest, Wagstaffe, Stretch* (для высоких); *Fatty, Fatso, Fatima, Buster, Billy Bunter, Bessy Bunter, Billy Harbottle / Arbuckle / Arbicle, Tubby* (в отношении ожиренных людей); *Shorty, Tiny, Tiny Tim, Tom Thumb, Titch, Midge* (низкорослые, коротышки);

3. Псевдоним относительно внешнего вида и отдельных органов тела:

Big Head, Buffhead, Melon Head (с большой головой, большеголовый), *Big mouth* (с большим ртом, болтуны), *Bow Legs* (кривоногие), *Freckles, Spotty Dick* (с веснушками), *Red, Rusty, Ginger (Tom), Blue, Bluey, Carrot Top, Gingernut, Boodnut* (с красными волосами); *Baldy, Skinhead* (в отношении людей без волос); *Goldilocks, Goldy* (в отношении людей со светлыми волосами); *Fuzzy* (для вьющихся волос); *Peggy Parrot* (для больших носов); *Wingnut* (с оттопыренными ушами); *Specky, Four-eyes* (в отношении надевателей очков);

4. Псевдоним, связанная с особенностями поведения и привычками человека: *Slow Joe* (лентяй), *Speedy* (шустрый, быстрый), *Limpy* (хромой); *Lefty* (леваша); *Gabby* (болтун); *Merry Andrew* (смешной); *Flash Harry* (для людей кто работает ради похвалы); *Marred Lip, Moan-a-Lot, Waterworks Willie, Tearful Tilly, Mona Lisa, Crybaby Joe, Whiner* (плакса); *Tom O'Dream* (забывчивый человек); *Lost Lawrence* (опоздавшие лица), *Gobble Girty, Hungry Horace* (жадный человек);

5. Псевдонимы в зависимости от этнического или расового происхождения: *Mick, Paddy* (ирландец); *Jock, Mack, Sandy* (шотландец); *Taffy* (Уэльс); *Frog, Froggy* (француз); *Moses, Ikey* (еврей); *Yank(ee), (Brother) Jonathan* (американец); *Bluenose* (канадец); *Jap* (японец); *Chink* (китаец); *Aussie* (австралиец); *Limey, Limejuicer* (англичанин); *Fritz, Heinie, Kraut, Boche, Jerry* (немец); *Jim Crow, Uncle Tom* (негр); *Charlie* (на языке негров-белые американцы).

6. Псевдонимы, относящиеся к профессии, специальности, должности: *the Boss, the Gaffer, the Guv'nor* (начальник, директор); *Chips* (плотник); *Spuds* (садовник); *Mrs Mopp* (уборщик); *Billy* (сотрудник полиции); *Holy Joe* (священник или церковный работник).

7. Псевдонимы, относящиеся к субъективной оценке общего характера: *Buddy, Bub, Pops, Precious, Peanuts, Goo Goo* (); *Creep, Boo* ().

8. Псевдонимы, касающиеся контроля умственных способностей: *Clever Dick, Smart Alec, Tricky Dickie, Fox* (хитроумный); *Birdbrain, Saphead, Jughead, Thickhead, Dumb Dora, Numb Scull, Silly Billy, Thick Mick, Nutcase* (бездумный дурак); *Tom O'Bedlam, Tom Fool* (невменяемый, ненормальный).

А на английском языке продуктивным способом считается модель псевдонимов, образованная в сочетании с прилагательным, именным существительным или глаголом, в которую добавляются титульные дополнительные источники. Такие псевдонимы обычно используются по определенной конкретной причине, один раз или несколько раз в течение одной ситуации, но они не очень устойчивы [7, 95с.]. Если псевдоним дается человеку в различных ситуациях, то можно определить, что такое псевдоним является некомпетентным. В некоторых случаях функция некомпетентного псевдонима может выполнять одноименную функцию и полностью или частично характеризовать устойчивые признаки человека. Например: "Boss" - Хозяин, "Crookback" - Горбатый, "Nosey" - Носастый, "the Dancing Chancellor" – Танцовщица Канцлер псевдоним английского канцлера К. Хаттона, ставшего известным в 16 веке. В других случаях псевдоним проявляется в виде случайной характеристики человека или в виде, основанном на различных ассоциациях. Если такие псевдонимы стабилизируются и используются более или менее стабильно по отношению к одному человеку, то он теряет связь со своей первой мотивацией; отметим несколько подобных псевдонимов: 'Buffals Bill' - развлечение шоу постановщик, псевдоним американского импрессарио У. Коды; 'Capability Brown' – псевдоним английского архитектора Л. Браун, так как часто употреблял фразы "it's capable или it has great capabilities"; "Elvis the Pelvis" – псевдоним эстрадного певца Элвиса Пресли, так как во время концерта у него была привычка трести бедрами; "the It Girl" – псевдоним был присвоен американской киноактрисе К. Боу за главную роль в кино-фильме "It".

В качестве одного из видов псевдонимов, как и прозвищ, особое социальное значение и коммуникативная деятельность псевдонимов. Псевдоним (псевдоним) - это не только имя, но и название, которое выдумывают, во многих случаях заменяет фамилию и имена. От греческого слова псевдонимес означает «ложно названный, скрытый». Псевдонимы использовали общественные деятели, поэты и писатели, журналисты и специалисты художественного искусства, участвующие в социально-политической жизни. Использование псевдонимов особенно было у русских восстаний прошлых веков [8, 35с.].

Особенность псевдоним в английском языке заключается в том, что чаще всего оно зависит от его состава, т. е. структуры их словосочетаний. В этой связи можно выделить три вида псевдонимных местоимений в данном языке: *антропонимический, смешанный тип и не собственный*.

Антропонимические псевдонимические имена, основанные на формальном преобразовании антропонимов, чаще всего включают фамилию и имена. Если вариант собственных имен не может сделать псевдоним, то официальное изменение фамилии будет другим способом.

Можно назвать следующие способы создания антропонимических псевдоним: а) сокращение фамилий, то есть сокращение последнего слога или последней части (иногда можно добавить суффиксы - y, - ie, - ey, - s.) например: “Cooper” – ‘Coop’, “Bogart” – ‘Bogie’, “Disraeli” – ‘Dizzy’, “Goldsmith” – ‘Goldy’, “Rickenbacker” – ‘Rick’, “Rockerfeller” – ‘Rocky’. К такому сокращению могут выпадать и казахские имена. Когда Наполеон угрожал захватить Англию, газеты использовали ненавистное имя «Boney» вместо «Bonaparte». Во время Второй мировой войны министр иностранных дел Японии «Shigemitsu» получил прозвище «Shiggy», присвоенный американцами. А на Западе советскому лидеру Горбачеву присвоили название «Gorby».

б) аббревиатура имен, чаще всего делается из заглавных букв имен и фамилий. Например: GBS (George Bernard Show), LBJ (Lyndon Baines Johnson), GG (George Grossmith), Jix (William Joynson-Hicks), Casey (K.C. Smith), FDR (Franklin Delano Roosevelt).

2. Псевдонимические имена смешанного типа состоят из двух лексических элементов: антропонимические и именные (оценивающие или характеризующие образ) элементы можно разделить на несколько групп смешанного типа по смысловому значению. 1. Значение антропонимических и именных компонентов достаточно близко или удаленно является группой эквицентричных псевдонимов. Антропонимический элемент является главным индивидуализатором, а именной элемент является признаком его внешнего действия или функции. Например: *the Divine Sarah* – знаменитая французская актриса Сара Бернар, *Long Tom* – Томас Джефферсон; *Dismal Denis* – Политик Либеральной партии Англии Денис Хили; *Guitar Baker* – американский гитарист М.Бейкер. *Wild Bill* – глава американской шпионской службы Уильям Donovan.

Псевдоним второй тип смешанного типа - *эндоцентрический*. Его главным элементом является антиропоним, а вторым элементом является референтный договор, поскольку его основная деятельность - эффект гармонии. Например: *Tricky – Dickie*, *Dennis the Menace*, *Eustace the Useless*.

По терминологии Э. Партридж, группа «неизбежных» псевдонимов, называемых *inseparable* или *inevitable nicknames*, основанная на наиболее распространенных популярных именах, называемых эндоцентрическими псевдонимами. Именной элемент, как правило, ориентирован на ассоциацию. Например: *Chalky White*, *Spider Webb*, *Knocker Walker*, *Dusty Rhodes*, *Doughy Baker*.

Элемент *эндоцентрического псевдонима* образует не только называемое слово, но и новое ассоциированное название второго антропонима. Например: *Wilkie Collins* (имя писателя), *Tod Hunter* (автор школьного учебника), *Dolly Gray* (название стихотворения), *Johnny Walker* (название виски).

Слова, называющие главную роль в экзоцентрических псевдонимах, обозначают какое-либо важное описание или признак деятельности, действий человека. Они часто основаны на множественных антропонимах. Если есть отдельное имя, антропоним в виде деривата, а существительное - от прилагательного, чаще всего наречие образовано от существительного. Например: *Merry Andrew* - «клоун», *Clever Dick*, *Smart Alec* - «знаток», *Spotty Dick* - «лицо в веснушках», *Ginger Tom* - «красные волосы», *Fatty Harbuckle* – «жирный», *Holy joe* – «священнослужитель», *Tiny Tim* – «коротышка».

В общем псевдоним будет условным, потому что оно не совпадает с коренным именем человека. К экзоцентрическому псевдониму в этом случае антропонимический элемент соответствует сочетанию созвучия - аллитерации или рифмы к названному элементу. Мысалы: *Bony Morony*, *Plain Jane*, *Silly Billy*, *Dumb Dora*, *Lanky Liz*, *Baldy Bain*, *Teafull Tilly*, *Dirty Dick*, *Nervous Nelly*, *Waterworks Willie*, *Tiny Tim*. Также группы псевдонимных имен смешанного типа не разделяются друг от друга. Этот псевдоним используется в разных качествах. Например, «*Long Tom*», относящийся к эквицентрической группе, означает любого высокопоставленного человека, одновременно относящийся в экзоцентрическую группу, при использовании в отношении Томаса Джефферсона.

3. *Не собственные псевдонимы* состоят только из именного элемента.

Одно слово по структуре может быть *Spike*, *Bull*, *the Duke* и не одно слово *Ugly Mug*, *Desert Demon*, *the Lady of the Lamp*. Именные псевдонимы состоят из разных частей слов. Например: *the Brewer*, *Buster*, *Chips* – существительное; *Lucky*, *Previous*, *Shorty* – имя прилагательное, *Mr.Know All*, *Moan-a-lof*, *Bell-the-cat* – глагол.

2-таблица – Классификация псевдонимов по структурной мотивации

Структурные виды	Элементы	На английском языке (%)
Антропонимический тип	а. сокращение фамилий	73,7
	ә. аббревация названий	8,8
Смешанный тип	а. Эквицентрический	4,5
	ә. Эндоцентрический	4,5
	б. Экзоцентрический	10,8
Не собственные типы	а. одно слово	4,3
	б. не одно слово	5,3

Таким образом, существенное значение социологического исследования природы псевдорелигиозных имен, его различных свойств - характеристик. В нашем языке немало псевдонимов, которые носят связи между собой, поведением каждого человека, характером, общением людей и др. С этой точки зрения, они часто имеют изменяющееся, экспрессивное значение, но основаны на этнокультурном характере.

Использованная литература:

1. Жанузаков Т. Дж. Лично – собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс.кан.филол.наук. Алма-Ата. 1960. с56,45
2. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. М: наука, 1999.
3. Тілеубердиев Б. Лингвокогнитивный аспект казахской ономастики. Алматы: Арыс, 2006.
4. Мусаев К.М. Лексикология тюрских языков. М: Наука. 1984. 205 с.
5. Delahunty A. Oxford Dictionary of Nicknames. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 229 p.
6. Just in the „Nick“ of Nicknames. – URL: <http://www.pubclub.com/nicknames.htm> (13.06.2009).
7. Morgan J., O'Neill Ch., Harre R. Nicknames. Their Origins and Social Consequences. – London, Boston, and Henley: Routledge and Kegan Paul, 1979. – 153 с.
8. Абдрахманова Т.М. Особенности псевдонимов на казахском, русском, немецком языках // Языкознание, 2004, №4, 129 с.

КӨПТІЛДІЛІК – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

К.Т. Мулдабекова, Л.А. Булекбаева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

В статье рассматриваются пути развития полиязыковой личности в условиях обновления содержания образования. В Казахском обществе проводится политика трехязычия, направленная на освоение казахстанцами казахского, русского и английского языков. Язык — это ключевое явление культуры, вероятно, главный механизм национального единения, инструмент возникновения и воспроизводства нации как социальной структуры и сохранения языкового многообразия в Казахстане.

Ключевые слова: полиязычие, трехязычие, общение, конкурентоспособность, мобильность.

The article discusses the development of a multilingual personality in the context of updating the content of education. In the Kazakh society, a trilingual policy is pursued, aimed at mastering Kazakh, Russian and English languages by Kazakhs. Language is a key cultural phenomenon, probably the main mechanism of national unity, an instrument for the emergence and reproduction of the nation as a social structure.

Keywords: multilingualism, trilingualism, communication, competitiveness, mobility.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдықты қажет ететін жағдайда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. ХХІ - ғасыр білім ғасыры, тұлғаның ой-өрісінің даму әлеуетін заман талабына сай дамыту әрбір ұстаздың міндеті

Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: —Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі деген болатын.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: “Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет”-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі[1]. Елбасы үштұғырлы тіл саясатын жыл сайынғы Жолдауында нақты атап көрсетіп келді. Үш тілді жетік меңгерген тұлға қалыптастыру мақсатында балабақшадан бастап үштілділік саясаты жүзеге асып келеді. Қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, “Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл өз орнында ұлы, әр тіл бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз өрнегімен қымбат”.

“Өз тілің - бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін”. Яғни, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан даңғыл жол күтіп алып, қанаттандырып тұратыны әлемге аян. Міне, сондықтан да еліміздің бәсекеге қабілетті елдермен теңесетін жағдайында осы үш тілді жетік меңгерген білікті мамандардың қажеттілігі келешекте артатыны белгілі. Өз ана тілінен бөлек өзге тілдерді де қызығушылықпен меңгеріп жүрген жастарымыз қаншама. Қазіргі заманғы жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Олар өз елімен шектеліп қалмай шет мемлекеттерге шығып, өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауды басты мақсат санайды. “Тіл адамды көкке көтереді, тіл арқылы ол бақытқа жетеді” деп ұлы ғұлама Жүсіп Баласағұн бабамыз бекер айтпаған.

Қазақстан халқы бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы. Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру қажет пе? Әрине, қажет. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалуы керек. Жаһандандудың бірі - тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес және ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана

билік құра алады. Ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажет. Жаңартылған білім беру мазмұнының стандартты жиынтығы функционалдық сауаттылықты қамтамасыз ететін дағдылардың кең спектрін дамыту бойынша үздік халықаралық тәжірибеге бағытталатын болады. Оқу бағдарламалары жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді қамтитын болады. Білім беру деңгейлері бойынша оқулықтар мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз етуге бірыңғай әдіснамалық тәсілдеме әзірленетін болады[2].

Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көп тілді оқу ортасын құрудағы әр пән қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдеме әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс- тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және кибер кеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Қазір көптілді білім беру – мектептегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту-қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады. Көптілді білім - полимәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілділіктің мақсаты - білім алушыларды басты қағидалармен, ережелермен, заңдылықтармен, ұстанымдармен таныстыра келіп, оларға адам мен адам арасындағы, бір ұлт пен екінші ұлт арасындағы пікір алмасудың, сөйлесудің, түсінісудің негізгі бағыттары мен жолдарын меңгерту. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға тарту, балалар мен жасөспірімдердің бойына басқа мәдениет өкілдері және әлемдік кеңестікте қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету білімдерін қалыптастыру. Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзіреттілік тәсілді қолдану ұсынылып жүр, білімге бағытталған мазмұнды құзіреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігін көреміз. Құзіреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс – жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектеп үрдісінде қалыптасады. Яғни заман талабы білім алушылардың бойына түйінді құзіреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. Көп тілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық.

Бүгінгі таңда елімізде “Көптілділік” мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отырғаны белгілі. Қазақ тілі- мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның “сегіз қырлы, бір сырлы” тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шетел тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі “өмір заңдылықтарында” және “нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін” қажет болмақ[3].

Үштілді білім беру арқылы оқыту білім беру жүйесіндегі, қоғам алдындағы ұсынылған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Қатысушылардың шығармашылық ойлауын дамыту кіріктіріп оқытудың нәтижесі болып табылады. Ол қарқынды күшейтумен қатар жүйелеуді, оқу-танымдық қызметті оңтайландыруды және тілдік мәдениетті меңгеруде тілдік, этикалық, тарихи және философиялық тұрғыдан қалыптастыруға әкеледі. Ал мәдениет типі адамның санасын анықтаумен қатар заманауи оқыту үдерісінде қажетті де өзектілігін анықтайды. Жоғарыда айтылғандардың барлығы көптілді мәдени білімнің мазмұны мен көпәспектiлiгiн, өзара тәртіптіліктің жоғары дәрежесін көрсететін, сонымен қатар көптілді мәселелерді ашуға, гуманитарлық, ғылыми-жаратылыстану, көркем-эстетикалық бағытындағы пәндерді оқыту құрамына енгізуге деген түсініктерді білдіреді. Жалпы “полимәдени” ұғымының негізінде өзгермелі заманда адамның дамуының жалпы бейнесін қалыптастыру мен құруда өскелең ұрпақтың тәрбиесін білдіретін, педагогикалық ойлаудың жаңаша тұрғысы бейнеленген. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс қолдана білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін, қажеттілігіміз болса өт еуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі орнын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын алатынына күмән келтірмеуіміз керек. Бүгін де қазақ тілі - әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл. Бүгінде оқушыларымыз, студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сайыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті. Сол жас өскіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру- бүгінгі ұстаздың басты мақсаты. “Ұлт жоспары-Қазақстанды арманға бастайтын жолда”. “Білім беру үш тілде- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілетін болады”- делінген Елбасының жақсы тапсырмасы жүзеге асырылуда, білімді жастарымыз Елбасы саясатын барынша қолдайды, білім беру үш тұғырлы тіл-тілді қастерлеу, ұлтаралық қарым-қатынастарды терең ұғу, сай-өрісін еркін өрісте түсулеріне жол ашылатындығын білдіреді. “Тілі бірдің-тілегі бір”, “Тіл тағдыры-ел тағдыры” екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз. Сол себепті, қазіргі білім бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуы керек, өйткені қазақстандық мектеп бітірушілер өз білімдерін одан әрі шетелдік жоғары оқу орындарында еркін жалғастыра алатындай мүмкіндікке ие болуы керек. Білім берудің маңызды стратегиялық міндеті бір жағынан, үздік қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан, мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білім жетілдіру, ең негізгісі мемлекеттік және шет тілдерді қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты, қазіргі қоғамда тілдердің рөлін ұғыну тілдерді оқытудың нәтижелілігі мен оқушыларды дайындаудың тілдік деңгейін арттыру туралы өткір мәселелерді қойып отыр.

Үш тұғырлы тіл функционалдық сауаттылық, саналы тәрбие, саналы білім зерделенген білімдерін жетілдіру оларды іс-тәжірибиелерде қолдану арқылы ұлт көшбасшысының ұлағатты сөздері әрбір жастың жүрегіне жол тапқандығын сеземіз. Терең білім- тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаматтығымыздың алдаспаны, олай болса жауапкершілікті ұғып оны іске асыру патриотты қазақстандықтармыз деген ойдың асқақтығын дәлелдейтін болашаққа бағдар: рухани жаңғыруға апарар Нұрлы жол деп түсінеміз. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үш тілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтеруіміз керек. Бұл білім алушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін (оқыту қазақ тілінде емес).
3. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012 ж. 115-120 б.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте оқыту процесінде көптілділікті дамыту мәселелері. Әдістемелік құрал. – Астана 2013. – 3 б.
5. Солташұлы Ы. Заман Талабы – Көп Тілді Болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012 ж. № 11. 14-15 б.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ОҚУ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЛТЫМЫЗДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘР АЛУАНДЫЛЫҚ БАЙЛЫҚТАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ж.Н. Теміржан, Ж.М. Төлеубай

«Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі»
Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об особо охраняемых природных территориях» основными задачами национальных природных парков являются: сохранение экосистем как основных репрезентативных моделей биотических комплексов планеты, сохранение экологического разнообразия окружающей среды, сохранение генетических ресурсов животных и растений, объектов культурного наследия, живописных уголков природы. Статья основана на соглашениях между университетами разных регионов страны о проведении стажировки в парке со времени организации национального парка по настоящее время. Идеологическим направлением статьи является привлечение внимания вузов, которые готовят специалистов по различным специальностям, к организации воспитательной работы будущих специалистов на основе богатств биологического разнообразия нации. Мы надеемся, что сегодняшний студент завтрашний специалист обогатит познание мира, помимо теории по специальности, на примере объектов уникальных природных комплексов экологической, научной, исторической и культурной ценности, сосредоточенных в парке обогатит свое познание о мире.

Ключевые слова: будущее, студент, экологическое воспитание, национальный природный парк, патриотизм, экологическая культура, ценности.

In accordance with the Law of the Republic of Kazakhstan “On Specially Protected Natural Territories”, the main tasks of national natural parks are: conservation of ecosystems as the main representative models of the planet's biotic complexes, conservation of environmental diversity; conservation of genetic resources of animals and plants, cultural heritage sites, picturesque corners of nature. The article is based on agreements between universities in different regions of the country on internships in the park from the moment the national park was organized to the present. The ideological direction of the article is to attract the attention of universities that train specialists in various specialties to organize the educational work of future specialists based on the wealth of the biological diversity of the nation. We hope that today's student of tomorrow's specialist will enrich the knowledge of the world, in addition to the theory of specialty, by the example of objects of unique natural complexes of ecological, scientific, historical and cultural value, concentrated in the park, to enrich his knowledge of the world.

Keywords: future, student, environmental education, national nature park, patriotism, environmental culture, values.

Рухани жаңғыру замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлттық лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келеді. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуімізді алдымызға мақсат қойдық. Өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісіндей көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге біз жастарымыздың жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын қоғам құрып жатырмыз.

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің жастардың бойына сіңірілген бар қасиет. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет. «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне, туған жерге деген сүйіспеншілік туған елге- Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне жастарымыздың айрықша іңкәрлікпен атсалысуы – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі [1].

Білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Бұл жұмыста университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс. Жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Студент жастарымыздың туған жеріміздің экологиясы туралы нақты хабар білуі, экологиялық жауапкершіліктері артып, экология ғылымы туралы білімдерін тереңдетіп, ғылымға қызығушылықтарының артуы қоғамға және табиғатқа өз пайдасын тигізери анық. Өңірлерге шығып білім мен тәрбие алған жастар халқымыздың рухани құндылықтарына қанығып, танымдарын толықтырады.

Ұлттық парктің негізгі қызметтерінің басты бағыттарының бірі экологиялық ағарту. Мұның жоспарлы шаралары жергілікті тұрғындарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, билік өкілдерін және ең бастысы жоғары оқу орындарының студенттерін қамту арқылы жүзеге асырылады [2]. Ұлттық табиғи парк-бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің, саналуандылығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми т.б. Мақсаттарда пайдалануға арналған, табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар – Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының аясында, еліміздің әр аймақтарындағы жоғары оқу орындарының бастамашылығымен, келісім шарттары жасалынып оқу –бағдарламалары шегінде, түрлі мамандықтардың жаратылыстану студенттерімен, оқу-тәжірибелері, дипломдық жұмыстарына арқау болатын тәжірибелері өтуде.

Жоғары оқу орындарының оқу сабақтарының бағдар құру барысында, студенттердің жан-жақты маман болып қалыптастыру мақсатында өңірлердегі оқу-практикаларына аудиториядан тыс сағаттарына көп көңіл бөлінсе, саналарын жандандырар еді. Жастарды тәрбиелеудің бір бағыты ретінде жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Экологиялық тәрбие жастардың арасында патриоттық сезімді қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде қабылданған. Экологиялық тәрбие экологиялық білім берумен толықтырылады. Бәріне ортақ принципі бойынша экологиялық тәрбие мен білім беру қоғамның барлық мүшесін қамтуы керек. Экологиялық пәндерді оқыту жоғары оқу орындарының барлығында жүргізілуі керек деген ойдамын.

Аумақтық шектелген негізгі мәселелері: елді мекен құру, ғылыми зерттеулер жүргізіп, табиғаттың жай күйін бақылау, туризм және демалысты ұйымдастыру.

Қоса туындайтын мәселелер: таза қоршаған орта және қолайлы экологиялық байланысты қолдау, экожүйелердің өнімділігін сақтау, эрозия мен күресіп, су арналарын т.б. сақтап қалу. Осы тізімде – республикамыздың ерекше қорғалатын табиғи аумақтары жүйесінің алдында тұрған барынша мақсат мәселелері келтірілген[3].

Жастарды тәрбиелеудің бір бағыты ретінде жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, өте өзекті мәселе болып табылады. Экологиялық тәрбие жастардың арасында патриоттық сезімді қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде қабылданған. Бүгінгі студент, ертеңгі мамандықтардың теориялық білімдерін, табиғат аясындағы оқу-тәжірибелері шаралары мен ұштастыру, оларды жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, саналарын жандандырып сүйіспеншіліктерін артырады, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады. Жоғары оқу орнының қабырғасынан шыққан соң үйренген білімін ұмытып қалмай білгенін өмір жүзінде пайдаланатын болады. Әрбір жас өз елінің табиғатын, тарихы мен мәдениетін одан әрі аялап, сақталынып қорғалуына үлесін қоса береді деген сенімдеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Шарипов Ш.Ф., Резниченко С.М., Чумаченко П.А. Сборник научных материалов Каркарлинского Государственного Национального Природного Парка. // Караганда, 2011. С75.
3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 заңы // «Орманды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасы –Астана 2014,7-9 б .

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Қалынбаева Қарлығаш Нұрғазиевна

Кенжебаева Марта Койлыбаевна

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің педагогикалық өлшемдер

мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. доцент Қ.С. Абдиев

Андатпа. Мемлекеттік тілді жетік білетін жасөспірімнің ұлттық санасы мен мәдениеті оқушы жастардың бәсекеге қабілеттілігін дамытушы номасы болып табылады. Мұндай өркениет, жастарға білім мен тәрбие беруші мұғалімнің шеберлігіне, іскерлігіне тығыз байланысты. Осындай мақсаттарды көздейтін қазақ тілі пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері осы мақалада қамтылған.

Түйін сөздер: мұғалім, педагог, біліктілік, кәсіби біліктілік, оқушы.

Аннотация. Национальное сознание и культура подростка, владеющего государственным языком, являются основой развития конкурентоспособности учащейся молодежи. Такое развитие молодежи тесно связана с мастерством учителя, умением воспитывающего и обучающего школьников. В данной статье освещены вопросы совершенствования профессиональной компетентности учителя казахского языка.

Ключевые слова: учитель, педагог, квалификация, профессиональная компетентность, ученик.

Annotation. The national consciousness and culture of a teenager who speaks the state language are the basis for developing the competitiveness of young students. Such a civilization is closely connected with the skill of a teacher who educates and trains young people. This article covers the issues of improving the professional competence of the Kazakh language teacher.

Keywords: teacher, teacher, qualification, professional competence, student.

Кіріспе. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып, дүниежүзінің жаһандануы заманында мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарында болуы үшін білім беру үдерісінің сапасын арттыру мәселесі өзекті болып табылады. Мемлекетіміздің болашағы жастар болғандықтан, қазіргі уақытта мектеп табалдырығынан бастап берілетін білім мен тәрбие үдерісін жандандыру қажеттілігі туындап отыр. Оған дәлел 2018 жылғы 5 қазандағы Н.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталының сапасына қатысты талаптарды күрделендіруде»- дей келе, мемлекетімізде сапалы білім беру үшін: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» - деген сөздері [Назарбаев Н.Ә., 2018].

Осыған орай, еліміздің мемлекеттік тілді меңгерген білімді азамат тұлғасын білім беру арқылы қалыптастыру маңыздылығы алғашқы қатарда тұр. Отандық білім беру үдерісін дамыту бағытында жастарға қазақ тілінен сапалы білім мен тәрбие беруші педагогтардың білімдеріне, біліктіліктеріне, шеберліктері мен іскерліктеріне ерекше мән берілуде. Осындай мәселелердің маңыздылығынан қазақ тілі пәні мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру үдерісінің мақсаттары анықталды. Оларға:

мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту;

қазақ тілі пәнін оқытып, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру;

педагогикалық қызметтің құрылымдық тұтастығын қалыптастыру жатады.

Бұл мақсаттар заманауи білім берудің сапасын арттыру талаптарына сай келетіні анық. Біліктілікті жетілдіру мақсаттарына тоқталайық.

Негізгі бөлім. Мектеп мұғалімінің біліктілігін арттыру арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мәселесі қатар жүреді. Себебі, кәсіби құзыреттілігі дамыған мұғалім оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беру арқылы жастардың санасын, мәдениетін, білімі мен біліктілігін арттыру шеберліктері мен іскерліктері дамыған маман ретінде танлады.

Кәсіби құзыреттілік дегеніміз - шешім қабылдаумен байланысты белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін жеткілікті білім, дағдылар мен тәжірибе деңгейін көрсететін мамандардың іскерлік және жеке қасиеттерінің интегралды сипаты.

Мұғалімнің жан-жақты ізденісі, жаңашылдығы жаңа айтып өткендегідей, құзыреттілігімен айқындалады. Осы орайда сабақта оқушының өз еркімен білім алуына, тапсырманы ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы бай, ақыл-қабілеті дамыған, сол себепті шығармашылық оған шабыт, қуаныш сезімін әкелуі мүмкін. Қазіргі кезеңдегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Құзырлылық – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі [Сембаева А, 2016].

Қазақ тілін оқытуда оқушыларға айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі талабы. Мұнда оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында мұғалім қызметін ақпарат бойынша өз көзқарасын айтуы мен дәлелдеуі, өздігімен шешім қабылдау, зерттеушілік жұмыстармен айналысу қабілеттіліктерін дамытуға бағытталған. Жазылым дағдыларына тақырып мазмұнын ашу, ойын сыни тұрғыда дәлелдеу, кез-келген ақпаратты қорытындылау, теориялармен, тұжырымдамалармен жұмыс жасау әдеттері жатады. Тыңдалым дағдысы оқушылардың сабақ барысындағы ойды түсінуімен, алынған ақпаратты анықтауымен, теориялық білімдерін практика жүзінде қолданумен, ақпарат бойынша өз пікірін айта білуімен, тұжырымдама жасауымен сипатталады. Оқушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру арқылы қазақ тілі пәнінің мұғалімі олардың мәтінмен жұмыс жасау шеберлігін, яғни мәтіндегі ақпараттарды ажырата білу, шығарма кейіпкерлерін салыстыру, зерттеу, астарлы ойды анықтау және сыни тұрғыда өзін немесе құрбысын бағалау сияқты дағдыларын жетілдіру бағытында өз қызметін атқарады.

Осындай дағдыларды оқушыларға сапалы қалыптастыру үдерісі пән мұғалімінің жоғары дәрежедегі білімділігін, біліктілігін, шеберлігі мен іскерлігін талап етеді. Яғни, қазақ тілі пәні мұғалімінің педагогикалық қызметке даярлығы, оны жүзеге асырудағы құзырлығы, жан-жақтылығы заман талабына сай артып отыру қажет.

Педагогикалық қызметтің құрылымына педагогикалық, әдістемелік және психологиялық құрылымдар жатады. Педагогикалық құрылым мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық қатынастарды қамтиды. Әдістемелік құрылымға мұғалімнің сабаққа дайындығын, оны өткізуі мен оған талдау жасауын, оқушыларды тәрбиелеудегі жұмыстарға дайындығын, іс-шараларды ұйымдастыруын, нәтиже шығаруын жатқызамыз. Ал, психологиялық құрылымдар ақпаратты қабылдап, оларды ойластырып, есте сақтаумен, оқушының білімге деген қабілеттіліктері мен ынталарын анықтаумен сипатталады.

Бұл аталынған мақсаттар заманауи білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған келесі міндеттерді жүзеге асыруға себебін тигізеді:

- заманауи педагогикалық технологиялар мен озық әдістемелерді енгізу тәсілімен педагогикалық шеберлікті жетілдіру;
- ғылыми және практикалық қызметтің жетістіктерін ескере отырып, қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін қолдау және жетілдіру;
- кәсіби қызметке жеке қабілеттілікті дамыту үшін жағдай жасау;
- оқыту процесінде жаңа технологиялар мен басқару және педагогикалық кадрларды даярлау мен арттырудың прогрессивті формаларын байқаудан өткізу;
- педагогтардың жеке шығармашылық ойларын толыққанды жүзеге асыру үшін ғылыми және әдістемелік қолдау көрсету және т. б.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер білім беру саласында қайта құру процестеріне жағдай жасады. Ол мектептердің жаңа түрлерін құру, практикаға түрлі педагогикалық инновацияларды, авторлық бағдарламалар мен оқулықтарды белсенді енгізумен сипатталады. Жалпы білім беру жүйесіндегі өзгермелі жағдай педагогтардың жаңа білім беру қажеттіліктерін қалыптастырады.

Кез келген мұғалім маңызды тұлға болғысы келеді. Бүгін маңызды мұғалім - бұл бір мезгілде кәсіби маман, әрі тұлға. Маңызды педагог болу үшін бүгінгі күні мұғалім көбінесе теориялық тұрғыдан дайын педагогикалық мәдениеттің түрлерін практикалық меңгеруі қажет. Сонымен қатар, маңызды мұғалім – бұл педагогикалық шеберлігі, әскерлігі, білім мен мәдениеттілігі жетілген маман болып саналады. Осындай дәрежеге жету үшін еңбек өтілі бар немесе жас педагог біліктілігін жетілдіріп отырулары қажет.

Мұғалім үнемі практика мен теорияның арасында, өз тәжірибесін көбінесе оқу-тәрбие үдерісіндегі іскерлікпен арттырады. Кез келген педагогикалық жұмыс - бұл практикалық қызмет. Педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері және еңбек өтілі бар мұғалімдер педагогикалық мәдениеті мазмұнын жақсы білулері қажет. Себебі педагогикалық мәдениет – бұл мұғалімнің оқушыларға, оқытылатын пәндерге, балалар шығармашылығына өзіндік-құндылық қарым-қатынас үлгісі болып табылатын біліктіліктің жиынтығы.

Теориялық білім мен практикалық дағдылары арасында елеулі алшақтық сақталады. Қазіргі заман мектептерінде бұл алшақтықты әдістемелік мәдениет деп аталатын кәсіби қайта даярлау құралдары арқылы біріктіруге болады. Оларды біріктіру практика мен теорияның арасындағы алшақтықтың негізгі себептерін ұғыну арқылы ғана мүмкін болады. Біріншіден, жеке әдістерді меңгеруге ұмтылу, сабақтың жекелеген тақырыптарын, тараларын оқыту бойынша тәсілдерді жаттықтыру, жалпы әдістемелік мәдениет ретінде түсініледі. Бұл ұмтылыс педагогикалық мәдениетті

менгерудің қажеттілігін талап етеді. Мұнда әдістемелік мәдениет тек педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Екіншіден, мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі жұмысының мақсаттарының бірі болып табылатын білім берудің заманауи ойлары туралы терең білім болмаған жағдайда, жаңа технологиялар туралы ақпарат санының басымдығына сүйене отырып қалыптасады. Білім берудің жаңа мақсаттарында мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға жаңаша қарау қажет.

Дәстүрлі әдістемелік жұмыс жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар туралы білім санын арттыру арқылы мұғалімнің кәсіби деңгейін жетілдіруді көздейді. Біліктіліктерін жетілдіру курстарынан өтулері арқылы мұғалімдер теория мен практиканы шебер байланыстыра алады. Олар заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді, технологияларды, талаптарды меңгеру арқылы өз кәсіби біліктіліктерін арттыра түседі.

Еліміздегі педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесін жаңарту идеологиясы – бейімделгіш, прагматикалық, жаңалыққа ашықтық, жобалау ролін атқаруы керек деп ойлаймыз. Ол байыпты түрде бағдарланып, жобаланып, тексеріліп, біртіндеп барып ендіруді қажет етеді. Себебі, білімді жаңарту бір сәтте басталып, тез нәтиже беретін әрекет емес. Олай болса, оқытушының ғылыми-әдістемелік мәдениетін дамыту мәселесінің өзектілігі артады [Тұрғынбаева Б.А., 2019, б. 22].

Біліктілікті жетілдіру мұғалімге ескірген көзқарастан арылуға көмектеседі, оны сыртқы өзгерістерге бейім етеді және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Әдістемелік жұмыс педагогтың кәсіби дамуын ынталандырады, оның өзін-өзі жетілдіруіне, кәсіби және жеке мәселелерін шешуге ықпал етеді, жұмысты ерекше ынтамен, сүйіспеншілікпен орындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, біліктілік көтері барысында басқа оқу орын мамандарымен, басқа мектеп, лицей, гимназия мұғалімдерімен тәжірибе алмаса алады.

Педагогикалық қызметтің сапасы барлық білім беру жүйесін дамыту үшін маңызды мәнге ие. Өзіндік жеке және кәсіби қасиеттерін жетілдіру мақсатын қоғам алдында тұрған мәселелердің өзектілік деңгейімен тепе-тең ұстанған педагог – жаһандану заманына қажетті маман болып табылады.

Педагогтардың біліктілігін жетілдіру, олардың білімдерін еліміздің ақпараттану, ғылымын өркендету, экономикасын дамыту және т.б. мемлекеттік құрылымдық өзгерістердің талаптарына қатысты тереңдету мақсатында, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби даярлықтарын көтеруге қатысты жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын үдеріс.

Мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру жөнінде Л.И. Анцыферова мынандай пікір берген: «Педагогу необходимо постоянно учиться, ведь в лицах его учеников каждый год меняются временные этапы, быстро меняются представления об окружающем мире. Прохождение курсов повышения квалификации дает возможности не только узнавать о новых требованиях и технологиях современного образования, но, в первую очередь, встретиться с людьми, думающими также, которые преданы своему делу, и бесконечно любят свою профессию и детей» [Анцыферова Л.И., 1991, с. 35].

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстары барлық уақытта өзекті және сұранысқа ие болып табылады. Алайда, білім беру саласы қызметкерлерін қайта даярлау және кәсіптік дағдыларды жақсарту мәселесі өз өзектілігін жоғалтпады. Қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесі өзгеріске жататынын атап өту қажет, өйткені педагогика ғылымының өзі де үнемі дамып келеді және бір орында тұрмайды. Педагог білімді меңгеруге және олармен бірге білім беретін оқушылармен бөлісе білуге міндетті.

Мұғалім біліктілігін арттыру - бұл жүйелі түрде жүргізілетін педагогтардың білім беру үдерісі. Қазіргі заманда білім беруді реформалау мұғалім мәртебесін, оның білім беру қызметін түбегейлі өзгертеді. Тиісінше, оның кәсіби-педагогикалық құзыреттілігіне, оның кәсіби деңгейіне қойылатын талаптар да өзгерістерге жатады.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі:

- бекітілген бағдарламада қамтылған тақырыптарды оқушыға проблемалық сабақ барысында, немесе қайшылықтарды шешу тапсырмалары негізінде түсіндіру;
- теориялық мәселелерді тәжірибе жүзінде өткізу (фонетикалық, морфологиялық және т.б. талдаулар жасау, жағдай тудыратын мәселелерді шешу және т.б.);
- талқыланатын құбылыстарды жан-жақты қарастыру;
- тапсырмаларды оқушылармен бірігіп орындау және т.б. әрекеттері арқылы кәсіби шеберлігін арттыра алады.

Х.Т. Масимованың зерттеулерінде қазіргі уақыттағы білім беру талаптары негізінде оқу үдерісінде педагогтың кәсіби біліктілігінің көрсеткіші ретінде бірнеше қызметтерді анықтап, көрсеткен. Олар:

- Гностикалық (ақпаратты іздеп табу, іріктеу, саралау);
- Жобалаушылық (өз әрекетінің мақсат, міндеттерін айқындай алу, нәтижені болжай алу);

- Ұйымдастырушылық (өзін-өзі, оқу үдерісін, тәрбие үдерісін ұйымдастыру);
- Құрастырушылық (инновациялық әдіс-тәсілдерді, ресурстарды мазмұны, мәніне байланысты құрастыру);
- Коммуникативтілік (білім алушылар мен тіл табысу, белсенді әрекеттің мазмұнын дұрыс жеткізу, білім алушы және әлеуметтік топ мүшелерімен байланыс орната алу, пікірін ашық жеткізе білу);

- Бағалаушылық (диагностикалық, қалыптастырушы, жинақтаушы бағалауді білу, педагогикалық үдеріс қатысушыларының іс-әрекетін бағалай алу);

- Рефлексивтілік (өз жұмысын саралай алуы)» [Масимова Х.Т., 2019, б. 36].

Қорытынды. Қоғамымыздың білімді, саналы, бәсекеге қабілетті мүшесіне сапалы білім мен тәрбие беруші қазақ тілі мұғалімі жоғарыда аталынған мәселелерді қамти отырып, кәсіби біліктіліктерін жетілдіру арқылы оларға қойылған талапқа сай болулары қажет. Қазақ тілі пәні мұғаліміне қойылатын талаптар келесідей:

- қазақ тілі пәнінің мұғалімі жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман;

- кәсіби білімін жетілдіріп, оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалана білуі;
- өз бетінше оқып үйрену, оқушыларды өз бетінше білім алуға үйрету;
- ұйымдастырушылық, бейімділік, сараптамалық қабілеттерге оқушыларды баулу;

- оқушыларды өтілетін тақырыптарға қатысты жағдай тудыратын жаттығуларды, құбылыстарды талдауға және олардың пайда болу себептерін анықтауға бейімдеу;

- сыныпта және сыныптан тыс уақытта оқушылардың адамгершілік, азаматтық, саяси ұстанымдарын қалыптастыру.

Сонымен, қазақ тілі пәні мұғалімінің осы сала бойынша еліміздің жастарына сапалы білім мен тәрбие беру мақсатында кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселесі педагогтарға қойылатын талапқа сай келуі қажет. Педагог мамандарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне бағытталған заң нормаларымен, нормативтік актілерімен реттелетін үдеріс. Сол себепті де, мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мәселесі заман талабына сай дами түсетін үдеріс және бұл мәселенің өзектілігі әрқашанда бірінші қатарда тұратыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Қазақстан халқына жолдауы. 05.10.2018ж.

2. Сембаева А. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің құзыреттілігі / <https://tak-to-ent.net/load/221-1-0-19757>

3. Тұрғынбаева Б.А. ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру – ғылыми-әдістемелік мәдениетті дамыту құралы ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(64), 2019 ж. 21-25 б.б.

4. Анцыферова Л.И. Развитие личности специалиста как субъекта своей профессиональной жизни // Психологические исследования проблемы формирования личности профессионала / Под ред. В.А. Бодрова и др. – М., 1991 – С. 27-43.

5. Масимова Х.Т. Жаңартылған мазмұндағы білім берудегі педагогтың бағалау әрекеті // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(64), 2019 ж. 33-39 б.б.

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

Калынбаева Қарлығаш Нургазиевна

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің педагогикалық өлшемдер мамандығының 2-курс магистранты

Андатпа. Мақалада қазіргі қоғамдағы ұстаздар мәртебесі, оның интеллектуалды, білімдік, жеке-дара ерекшеліктерінің бағалануымен қатар, педагог еңбегінің шынайы болмысы, олардың жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі мен орны, жалпы айта келе жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселелері, туған халқының мәдениеті мен салт дәстүріне құрметін қалыптастыру көздері, жеке қабілетін дамыту және әлемдік көзқарасын айқындау секілді еселі еңбектерінің барысы және ғылыми жұмыстарын саралайтын жүйесіндегі жетістіктері қарастырылады. Ұстаздарды қолдаудың кешенді шараларын қарастырамыз, соның ішінде мұғалім жүктемесін азайту, абыройы мен беделін көтеру, материалдық жағдайын жақсарту белгілерін атап өтеміз.

Түйінді сөздер: интеллектуалды ерекшеліктер, рухани тұлға, шығармашылық жол, әлеуметтік мәртебе, патриоттық тәрбие

Аннотация. В статье рассматривается статус педагога в современном обществе, его интеллектуальные, образовательные, личностные особенности, реальная бытность педагогического труда, их роль и место в формировании личности, проблемы патриотического воспитания подрастающего поколения, источники формирования уважения к культуре и традициям родного народа, развитие индивидуальных способностей и определение мирового мировоззрения. Мы рассматриваем комплекс мер поддержки учителей, в том числе отметим признаки снижения нагрузки учителя, повышения престижа и авторитета, улучшения материального положения.

Ключевые слова: интеллектуальные особенности, духовная личность, творческий путь, социальный статус, патриотическое воспитание

Abstract. The article examines the status of a teacher in modern society, his intellectual, educational, personal characteristics, the real life of pedagogical work, their role and place in the formation of personality, the problems of Patriotic education of the younger generation, the sources of respect for the culture and traditions of the native people, the development of individual abilities and the definition of the world Outlook. We are considering a set of measures to support teachers, including signs of reducing teacher workload, increasing prestige and authority, and improving their financial situation.

Keywords: intellectual characteristics, spiritual personality, creative path, social status, Patriotic education

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші жан – ол мұғалім. Қазіргі қоғамдағы ұстаздар мәртебесі туралы сөз қозғар алдында, қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлының: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз», – деген сөзі еске түседі.

Ұстаз мәртебесі – философиялық, психологиялық, тарихи, әлеуметтік астары бар қадірлі ұғым және қоғам жауапкершілігін анықтайтын өлшем. Педагог тұғыры – қоғам мен мемлекет тұғыры.

Қай мемлекет ұстаздарына қатысты қандай саясат ұстанса, мемлекеттің беделі де соған сай қалыптасады. Сондықтан ең бастысы, Қазақ елінде мұғалімді қадірлеуге байланысты тамаша дәстүр бар. Қызметтегі, биліктегі бүгінгі толқын оны ұмыта қойған жоқ.

Сөз жоқ, түптеп келгенде, педагог беделі заңмен емес, қоғамның ар-ұятымен, жауапкершілігімен шегеленеді. Қасиетті «Құранның» өзінде де, біздің мың жылдық дәстүрімізде де ұстазды сыйлау парыз екені ерекше айтылған. Ендеше «Педагог мәртебесі туралы» заңның қорғаушысы да, қолдаушысы да, дәйегі де, мәйегі де – қоғам.

Нұр Отан партиясы Саяси кеңесінің 21 тамыздағы отырысында Елбасы қоғамның барлық саласына, соның ішінде өскелең ұрпаққа, олардың талаптануына, ізденісіне, адал еңбек етуіне жауапкершілікпен қарауды нақтылап айтты. Ұлт көшбасшысының қойған талабы мен артқан сенімі айқын әрі салмақты деп білеміз. Оны жүзеге асыруда білім саласы аянып қалмасы сөзсіз

Рухани тұлғаларымыздан Жүсіп Баласағұни: «Ізгі атымен ғана ер алғысқа бөленеді» десе, Махмұд Қашқари: «Ізгі ердің сүйегі шіріп кетсе де, аты өшпейді» деп жазады. Осы ізгіліктің бәрі – ұстаз болмысынан, ұстаз білігінен, ұстаз тәлімінен даритын қасиеттер.

Елбасының: «Халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ, болуы да мүмкін емес» деген тамаша тағылымды сөзі бар. Бұл – ұстаздың ғана емес, кез келген ұстамды жанның бағдаршамы. Бұл ретте Президент Қ.К.Тоқаевтың: «Мұғалімнің еңбегі – адамзат игілігімен астасқан өлшеусіз еңбек» деп айтқаны да мәлім.

Қашан да білімді ұрпақ – болашағымыздың кепілі. Әр педагог – білсем, үйренсем, қолдансам деген әрекеттерді іске асыруға бейім болу керек және соған ұмтылу керек деп ойлаймын. Әлеуметтік статус (мәртебе) - қоғамдағы жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың қандай да бір құқықтар мен міндеттер жиынтығымен байланысты жалпы жағдайы. Демек, ең алдымен, педагогтің мәртебесін жоғарылату – Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарының бірі. Шын мәнінде, педагогтың мәртебесі тек жалақысын көтеру емес, ең бірінші ұстаз мәртебесі оның интеллектуалды, білімдік, жеке-дара ерекшеліктерінің бағалануымен көтеріледі. Ұстаздың абырой-беделі соған байланысты ақталмақ. Мәртебе көтеру – педагогтың өз қолында, білімді болуында, қажетті талабын қоя білсе, сол үшін аянбай еңбек етсе, мәртебесі көтерілмек, мұғалім мәртебесі шәкірт деңгейімен өлшенеді, шәкірті нәтиже көрсетсе, тәрбиешінің мәртебесі биіктейді. Педагог еңбегінің шынайы болмысы, олардың жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі мен орны: жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, туған халқының мәдениеті мен салт дәстүріне құрметін қалыптастыру, жеке қабілетін дамыту және әлемдік көзқарасын айқындау секілді еселі еңбектерінің барысы,ғылыми жұмыстарын саралайтын жүйесіндегі жетістіктері.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев қабылдаған «Педагог мәртебесі туралы» заңда ұстаздарды қолдаудың кешенді шаралары қарастырылғанын, соның ішінде мұғалім жүктемесін азайту, абыройы мен беделін көтеру, материалдық жағдайын жақсарту белгіленгенін қадап айтты.

Рас, ұстаз мәртебесі туралы заң қоғамның барлық жігін де бейжай қалдырмады. Барлық жиында, басқосуда бұл тақырыпты айналып өткен адам аз. Біз мұның бәрін – жанашырлық пен жауапкершілік деп ұқтық. Осылай барлық шарада, бастамада халықтың береке-бірлігі арта бергей.

Мұғалімдік мамандық деген, біздің ұғымымша, шығармашылық жолды талап етеді. Себебі, әр баланың дамуына әртүрлі жол таңдай білу үшін де оған көп іздену, сол ізденуді сапалы түрде ұйымдастыру үшін бос уақыт керек.

Мұғалім мамандығын яғни менің мамандығымды таңдаған жанға айтарым, «Баланы суй жүрек жылыуын аяма, шуағыңа шомылдыр. Сонда сол нұрға кейін өзің де бөленесің. Еткен еңбегің, төккен терің сөзсіз ақталады». Абай атамыздың адамзатты алалама, олардың бәрін бауырым деп сүй деген пікірде айтылған сөзімізді толықтыра кетеді. Қорыта келгендегі айтарым да айқын. Ұстаз болуды қалаған екенсің алдыңда тынымсыз күндер мен ұйқысыз түндер күтіп тұр. Бәріне төзіп, баріне көнуің керек. Сонда ғана мен және менің мамандығым деп кеуде кере айтатын боласың.

Педагогтың сапасын ең жоғары деңгейге көтеру – уақыт талабы дейміз. «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген. Ал оны жүзеге асыратын – ұстанымы берік, білімді, мәртебесі биік педагог.

Ойымды қортындылай келе, бүгінгі мұғалім мына жылдам өзгеріп отырған қоғам мүддесіне сай қызмет етіп, кәсіби біліктілігін жетілдіріп, ұстазға тән қасиеттің барлығы бойынан табылып тұрса, ешкім ол мұғалімге негізсіз мін таға алмайтыны да анық. Олай болса, қоғамдағы мұғалімнің мәртебесі арттыру, мұғалімінің өз қолында екені анық. Ал мұғалімнің мәртебесі артса, білімді ұрпақ тәрбиелеу жолға қойылады. Шығыс ғұламасы «Орташа мұғалім айтып береді, жақсы мұғалім түсіндіреді, үздік мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім қанаттандырады, шабыттандырады» дейді. Ендеше, елімізде білімге негізделген инновациялық жетістіктерді елдің даму стратегиясымен сабақтастыратын, әрі оны жүзеге асыруына үлкен үлес қосатын ұстаздарымыздың мерейлі еңбектеріне шығармашылық табыс тілеймін!

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БЕКЕТ АТА МЕШІТІ МАҢЫН КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Т.Қ Тұрсынғали, Т.А. Ашимов

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Озеленения мечета «Бекет Ата» для развития туризма необходимо улучшить вокруг туристического объекта. Климатические условия Западного Казахстана резко континентальный по этому почвенный покров славо разбита. Необходимо окультурировать вокруг мечета. Для развития туризма в этих регионах необходимо озеленения однолетними и многолетними растениями одаптированных ботаническом саду г Актау.

Ключевые слова: Устюрт, климат, сортировка, физиология, дендрарий, стационар, флора, модель, озеленение, адаптация

Landscaping of the Becket Ata mosque for the development of tourism must be improved around the tourist object. Climatic conditions of western Kazakhstan sharply continental on this soil cover is gloriously broken. It is necessary to cultivate around the mosque. For the development of tourism in these regions, landscaping of annual and perennial plants adapted botanical garden in Aktau.

Key words: Superficial, climate, sorting, physiology, arboretum, hospital, flora, model, landscaping, adapt.

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін еліміздің ерте кезден Қазақ халқының дамуына және егемендік жолында және де өзінің территориясын сақтауда тарихи маңызды еңбек еткен және күрескен қазақ халқына белгілі ел басқарған және де оны қорғауда көп қызмет еткен азаматтарымыз өте көп.

Олар өздерінің ел алдында халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан беделді батырлар, әулиелер. Сол себептен де бұларға арнайы кешендер салынып еліміздің территориясында ескерткіштер ретінде мешіттер, кесенелер салынып халықтың есінде қалған.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа олардың еңбектерін және де шешен сөздерін батырлықтарын есте қалдыру үшін үкіметіміз үлкен бағдарлама жасап, көңіл бөлуде. Бұл да келесі ұрпаққа өте маңызды және мағыналы, қажетті, тәрбиелік маңызы зор бағдарлама болып саналады.

Ескіден келе жатқан Маңғыстау облысындағы Бекет ата жер асты мешіті. Осы мешітті келешекте туристтерді ол жаққа тарту үшін негізінен ол жерлерді мәденилендіріп және көгалдандырып, әлеуметтік жағдайын жақсартудың маңызы өте зор. Бұл облыстың ауа райы, топырақ жамылғылары өсімдіктердің және де ағаш тектес, бұта тектес өсімдіктердің өсуіне өте қолайсыз, сол себептен де осы климаттық зонада өсетін өсімдіктердің түрлері өте аз.

Кеңес өкіметі кезінде Қазақтың ғылым академиясына қарасты ботаникалық бағының филиалын Маңғыстау облысы Ақтау қаласында орналастырған болатын. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты сол облыстың ауа-райына, топырағына бейімделе алатын өсімдіктерді өсіріп, күтіп баптау технологиясын анықтау еді. Кеңес өкіметі тарағаннан кейін, ғылым академиясының тарауына байланысты, сонымен қатар республиканың экономикалық жағдайы Ақтау қаласындағы ботаникалық бақтың жұмысын тоқтатуға тура келген. Қазіргі кезде осы бақты қайта жандандыруды қолға алуда. Батыс өңіріндегі негізгі бір тарихи кешен туристтердің көп саяхат жасайтын жерлердің бірі Бекет атаның жер асты мешіті. Біздің жұмыстың негізгі мақсаты осы Бекет атаның мешітіне келетін туристтердің жағдайын жақсарту үшін, ол аймақта көгалдандыру жұмысын жүргізу қажет. Оның негізгі алғышарттары да бар. Көгалдандыру жұмысына пайдаланылатын өсімдіктер Ақтау қаласында орналасқан ботаникалық бақтың ішіндегі, жергілікті жердің топырағына, ауа-райына бейімделген өсімдіктерді пайдалану өте тиімді. Бекет атаның жер асты мешітіне келетін туристтердің жағдайын жасау үшін, олардың санын көбейтуде барныша көгалдандыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Бұл жерлерде негізінен мәдени формадағы ағаш тектес, бұта тектес өсімдіктерді пайдалана отырып, көп жылдық астық тұқымдас шөптесін өсімдіктерді пайдалану ескеріледі [4].

Осы облыстың жалпы экологиялық жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқаратын жасыл өсімдіктер болуына байланысты жергілікті ауа-райына бейімді өсімдіктерді биологиялық жағынан бейімдеу, сұрыптау және де олардың арасынан сол ортаға бейімді жаңа түрлерін алу үшін арнайы Ақтау қаласынан Кеңес үкіметі кезінде арнайы Алматы қаласындағы ботаникалық бақтың филиалы есебінде ботаникалық бақ ашылды. Оның негізгі міндеті ғылыми зерттеу мәдени ағарту, іс-тәжірибелік оқыту мақсаттары мен өсімдік өсіріп оны зерттейтін, ботаникалық білім насихаттайтын мекеме ашылды.

Негізгі ғылыми бағыттары: жергілікті және сырттан әкелінген өсімдіктерді өсіру, жерсіндіру, олардың биологиясын, экологиясы мен физиологиясын, өсіп-өнуін, селекциясын зерттеу;

ботаникалық ілімді дамыту, оның жетістіктерін жалпы халыққа тарату; республикамызда азайып бара жатқан, жойылу қаупі төнген өсімдіктерді қолдан өсіріп көбейту, биология, экология ерекшеліктерін зерттеу, оларды сақтап қалудың, табиғи таралған орталықтарына қайтарудың жолдарын қарастыру; қала, ауыл, елді мекендерді көгалдандыру; бақ өсіру; гүлзар салу бағыттарында ғылыми-ағарту жұмыстарын жүргізу; өсімдіктердің жаңа түрлерін іздестіру, олардың пайдалы қасиеттерін анықтап, адам қажетіне жарату; өсімдіктер әлемін қорғау, көркейту. Ботаникалық бақтың негізгі бөлігін шет жерлерден әкеліп отырғызылған өсімдіктер құрайды. Олар биологиялық ерекшеліктеріне қарай ашық далада, оранжереяда, жылыжайда өсіріледі. Ботаникалық бақта өсімдіктер жиынтығын қалыптастыру кезінде негізінен географиялық және жүйелік принциптер басшылыққа алынады. Ботаникалық бақ құрамында дендрарийлер, тау өсімдіктерінің жиынтығы (альпинарий), сирек кездесетін өсімдіктер, пайдалы өсімдіктер (дәрілік, тағамдық, техникалық, сәндік, т.б.) жиынтықтары болады. Ботаникалық бақта аяқталған зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда қорытылады. Қазір Қазақстанда әр түрлі табиғи-климаттық жағдайда орналасқан 6 ботаникалық бақ — Бас ботаникалық бақ (Алматы), Маңғыстау тәжірибелік ботаникалық бағы (Ақтау), Жезқазған ботаникалық бағы, Алтай ботаника бағы (Лениногор), Іле ботаникалық бағы (Бақанас), Қарағанды ботаникалық бағы бар.

60-жылдардың ортасында Маңғыстау облысы кең көлемде игеріле бастады. Өндіріс орындары ашылды. 1965 жылы өлкеге Н.Цициннің бастауымен ССР Ғылым академиясы Ботаникалық бақтар Кеңесінің көшпелі сессиясы келеді. Оның құрамында Ф.Русанов, Т.Славкина, В.Ткаченко, В.Рубаник сынды белгілі ғалымдар, ірі ботаникалық бақтардың басшылары, академиктер мен ғылым докторлары болған. Олар «өлкенің мүмкіндігі зор, болашақта өндіріс ошағына айналады, мұнда ботаникалық бақ ашу керек» деген шешімге келеді. Сөйтіп, 1971 жылы қаулы шығып, 1972 жылдың наурызында стационарлық экспедицияның базасында Маңғыстау эксперименталдық ботаникалық бағы ашылады. Соңғы жылдары еліміз тәуелсіз мемлекет болғалы бақ бірнеше рет құқықтық статусы өзгеріп, тіркеуден өтті. Соның бірі 1999 жылдан 2004 жылдар аралығында Маңғыстау эксперименталдық ботаникалық бағы «Ботаника және фитоинтродукция институтының» филиалы ретінде болып, 2004 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Биологиялық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ашылып, бақ оның филиалы ретінде қайта тіркеуден өтіп, «Ботаника және фитоинтродукция институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорын құрамына кірді. 2006 жылы наурыз айында ботаникалық бақ дербес еншілес мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылып, жеке құқықтық статусын алды. 2010 жылы орталық жабылып, барлық институттар қайтадан республикалық мемлекеттік кәсіпорынға айналдырылды.

Ботаникалық бақ алғашында қаланың 22-шағынауданынан 8 га жерді жалға алып отырған. Қазіргі орнына 90 жылдары көшіп келді. Яғни, бұл жердегі өсімдіктер – соңғы он бес-жиырма жылдағы жұмыстың нәтижесі. Маңғыстау тәжірибелік ботаникалық бағы Батыс Қазақстанда сирек кездесетін және жергілікті табиғат жағдайында өсетін өсімдік түрлерін зерттеу жұмысымен айналысады. Қазір бақта: ашықтұқымдылар, басқа аймақтан әкелінген жалпақ жапырақтылар, жергілікті флора, жеміс-жидек, шырмауық, гүлді-сәндік өсімдіктер, жем-шөп дақылдарының жаңа түрлері бөлімдері жұмыс істейді. Ботаника бағының негізгі ғылыми-зерттеу бағыттары: басқа жерлерден әкеліп отырғызылған өсімдіктерді жерсіндіру; қолайсыз климат жағдайында түрлердің өсуі мен олардың биоэкологиялық ерекшеліктерін анықтау; өсімдік өсірудің агротехникасы мен олардың көбею заңдылықтарына бақылау жүргізу; Маңғыстау өңіріндегі өсімдік жамылғысының қорын зерттеп, өте бағалы түрлерді шаруашылыққа пайдалану; бау-бақша және саябақ құрылыстарын ғылыми негізде ұйымдастыру, шығанақтағы елді мекендерді көгалдандыру. Бақта жоғары сатыдағы өсімдіктердің 79 тұқымдасына жататын 191 туысы бар. Мысалы, раушангүлділердің 18, күрделі гүлділердің 24, астық тұқымдасының 16, бұршақ тұқымдасының 12 туысын айтуға болады. Негізінен бақтағы өсетін өсімдіктердің 47%-ы бұталар, 22%-ы ағаштар, 24%-ы көп жылдық шөптесін өсімдіктер, 2,5%-ы бір жылдық өсімдіктер. Қазіргі кезде бақтың коллекциясында өте сирек кездесетін 51 түр бар. Соның ішіндегі 19-ы жалпақ жапырақты 14-і жеміс-жидекті (Ледебур баданы, Недзвецкий алмасы, т.б.); 12-сі қылқан жапырақты (Зеравшан аршасы, Түркістан аршасы, т.б.); 6-ы гүлді-сәндік (қыржуа, Коленати қоңыраугүлі, т.б.) өсімдіктер [2].

Ботаникалық бақ коллекциясында жабайы жеміс дақылдары бар, кәдімгі өрік жерсіндірілген. Жеміс ағаштарының 16 іріктемесі бар. Оның 12-сі – алма ағашы, алтауы – алмұрт іріктемелері. Қарақаттың бірнеше іріктемелері бар. Қазіргі кезде ғалымдар алмұрт ағашының Маңғыстау жағдайына бейімделушілігін зерттеуде. Сөйтіп, сұрыптау арқылы алмұрттың аудандастырылған іріктемелерін шығаруды жоспарлауда. Бақ аумағында қазіргі таңда өсімдіктердің 938 түрі өсірілуде, оның 281-і – жалпақ жапырақты, 40-тан астамы – қылқан жапырақтылар, 60-қа жуығы жабайы жемістер болса, 35-і – жергілікті флора өкілдері: долана, сексеуіл, қарағаш. Бақ

қызметкерлері қазіргі уақытта өсімдіктердің жаңа іріктемелерін шығару бағытында жұмыстануда. Бақта 300-ге жуық сәндік мақсатта өсірілетін гүлді өсімдіктер және раушангүлінің 118 іріктемесі бар. Айта кететін жай: Республикамызда жалғыз ғана розарий бар, ол біздің бағымызда.

Қазіргі уақытта Маңғыстау облысында өсетін сүректі шөл өсімдіктерінің 33 (соның ішінде 19-ы сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) түрі «Маңғыстау облысының жойылып бара жатқан және сирек кездесетін өсімдіктері санатына» (Қызыл кітапқа) тіркелген. Маңғыстау халқын қауіпсіз азықтық дақылдармен қамтамасыз ету мақсатында маңызды жеміс-жидек дақылдарының іріктемелерін зерттеу, оларды сұрыптау жұмыстары жүргізілуде. Қазақстан селекциясындағы маңызды жеміс-жидек дақылдары: өріктің, алмұрт пен алманың, алхорының 39 іріктемесі бойынша, соның ішінде 12-сі өріктің, 7-еуі алма ағашының іріктемелері бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Бекет Мырзағұлұлы (Бекет ата) (1750, Құлсары — 1813, Оғыланды) — қазақтың әйгілі батыры, ағартушы, сәулетші. Халық әулие тұтқан. Өзі тұрғызған Оғыланды мешітіне жерленген. Бекет жастайынан білмекке құмар болып, алғырлық зеректігімен көзге түскен. Ол ат жалын тартып мінген, оң-солын тани бастаған кездің жаугершілігі мол болған. Содан да ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ерте араласып, парасат-пайымымен, ерлік-табандылығымен жұрт көзіне ертерек түскен. Ол, әсіресе, медресе-мешіттер салдыртып, халықты имандылыққа, кісілікке, ауызбірлікке баулуға айрықша көңіл бөлген.

Бекет ата салдыртқан мешіттер күні бүгінге дейін біршама тәуір сақталған. Әсіресе, өзінің сүйегі қойылған Үстірттің Маңғыстау жақ ойысындағы Оғыланды мешіті үш бөлме етіп ойылған қалпы әлі тұр.

Бекет ата ескерткіштері — Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет ата есімімен байланысты жерасты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған.

XIX ғасырда Үстіртті зерттеген топограф Э. Эверсман, А. Дюгамель ғалымдар сол аңыз-әңгімелердің негізінде жинаған деректерін жазып қалдырған. Кеңес кезінде М. Меңдіқұлов, Ә. Кекілбаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдиықов т. б. зерттеушілер жазған.

